

индекс 75138



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ
КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ИНСТИТУТ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ТАРИХ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

№2
2006

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ИНСТИТУТ**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**ТАРИХ СЕРИЯСЫ
СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ

ҚЫЗПИ ХАБАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ИНСТИТУТ

ВЕСТНИК ЖенПИ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

№2

2006

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|--|
| Қазақстан Республикасының мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 08.08. 2005 жылы тіркелген №6204-Ж Бас редактор профессор Ш.К. Беркімбаева Бас редактордың орынбасары п.ғ.д., проф. Қожахметова К.Ж. Редакциялық алқа Қараев Ж.А. - п.ғ.д., профессор Шаханова Р.А. - п.ғ.д., профессор Сәтбекова А.А. – п.ғ.к., доцент Қожакеева Л.Т. – т.ғ.к., доцент Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., доцент м.а. Бурханова Ж.С. – т.ғ.к., доцент Құсайынова Р.Т. – аға оқытушы Жауапты редактор физика - математика ғылымдарының кандидаты А.Қ.Искакова Редактор тарих ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Р.Т.Айтбаева © Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты | Нұрпейіс К. ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХ ҒЫЛЫ- МЫНДА..... 6 Қойгелдиев М.Қ. АЛТЫН КИІМДІ БЕК- ЗАДА ЕЛІ (Ежелгі үйсін елі атты кітаптын жарық көруіне орай) 9 Тұрлығұл Т.Т. ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІС- ТЕМЕСІНДЕ ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚТАР БАР? 18 |
| | ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ |
| | Бакина Н.С. ТЮРКСКАЯ ЦИВИЛИЗА- ЦИЯ – ЭКОНОМИКА И ИДЕОЛОГИЯ 23 Бегімбаева Р.Х. ҚАРЛУҚ МЕМЛЕКЕ- ТІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ 29 Қабылшаев Қ.И. ЕЖЕЛГІ ҮЙСІНДЕРДІҢ АТА ҚОНЫСЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР 32 Меңілбаев Ғ.А. ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТО- РИЯСЫНДАҒЫ САҚТАР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 35 Онербаева Ш.Ө. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ КАЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ 39 |

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

| | |
|--|-----|
| Абдикадырова Х.С., Есильбаева А., Туменова С.М. СВОБОДА ВЕРОИСПОВЕДАНИЯ И НАЦИОНАЛЬНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ..... | 43 |
| Алтаев А.Ш. У ИСТОКОВ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ..... | 49 |
| Бегалиева А.А. “ҰЛЫ ДАЛА” ҰЛАГАТЫ..... | 57 |
| Берлібаев Е.Т. ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ..... | 65 |
| Бурханова Д.С., Туменова С.М. К ВОПРОСУ О МЕЖНАЦИОНАЛЬНОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ..... | 70 |
| КожакееваЛ.Т. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ УРОВЕНЬ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА ВО 2-ой ПОЛОВИНЕ 19 – НАЧАЛЕ 20 в. | 74 |
| Қаипбаева А.Т. ІЛИЯС ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА..... | 77 |
| Құдайбергенова А.И. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ХХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛІ..... | 85 |
| Мырзатаева З.Б. ХАНДЫҚ БИЛІКТІҢ РЕСЕЙ САЯСАТЫНА БӨГЕТ БОЛУЫ..... | 89 |
| Нұрпейіс К. АЛАШОРДА ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ КӨЗҚАРАСЫ..... | 94 |
| Нұрпейіс К. ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ – АСА КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ..... | 97 |
| Ташенов М.Ж. ОБ ОБЪЕКТИВНЫХ УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ РЫНОЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ..... | 102 |
| ТленоваТ.Т. ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН КЕҢЕСТІК ҚАЙТА ҚҰРУҒА КӨЗҚАРАСТАРЫ..... | 105 |
| Төлекова М.К. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (1926-1939)..... | 110 |
| Тортаев С.Е. Г.Н.ПОТАНИН КӨРНЕКТІ ТҮРКІ ТАҢУШЫ..... | 116 |
| Туменова Р.Н. МЕТОДИКА ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ ЛЕКЦИИ-ДИСПУТА..... | 119 |

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА

| | |
|---|-----|
| Абжаппарова Б.Ж. МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ (тарихнамалық талдау)..... | 121 |
| Айтбаева Р.Т. ТАРИХИ МҰРА: АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІ ТУЫНДЫЛАРЫ ХVІІІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА | 129 |

| | |
|---|-----|
| Қырқымбекова А.Т. З.В.ТОГАННЫҢ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ-СТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ..... | 133 |
|---|-----|

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

| | |
|--|-----|
| Аширбекова Ж.Б. ОСОБЕННОСТИ ЭТНИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ. | 139 |
| Исаева Ә.И. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ..... | 144 |
| Калыш А.Б. СЕМЕЙНАЯ ОБРЯДНОСТЬ КАЗАХОВ В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ф.А.ФИЕЛЬСТРУПА В 20-Х ГОДАХ ХХ ВЕКА..... | 149 |
| КартаеваТ.Е., ӘмірбековаЖ. АҢШЫЛЫҚ ПЕН САЯТШЫЛЫҚ: ҚАЛЫП-ТАСУЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ..... | 152 |

МАГИСТРАТУРА

| | |
|---|-----|
| Айтқожаева А. ГЕНРИХ VII – ОСНОВАТЕЛЬ МОНАРХИИ ТЮДОРОВ..... | 160 |
| Лаврова А.А. ОКОНЧАНИЕ «ИТАЛЬЯНСКИХ ВОЙН 1494-1559» В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ КОРОЛЯ ФРАНЦИИ ГЕНРИХА II ВАЛУА..... | 163 |
| Змельницкая Т.В. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ И ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ КАЗАХСТАНА В 80-е ГОДЫ ХХ ЗЕКА..... | 169 |



ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДА

Нұрпейіс Кеңес (Алматы қ., ҚР ҰҒА)

Көне дәуірлер мен орта ғасырлар кезінде Қазақ тарихы туралы зерттеулер мен жазба деректер қытай, парсы, араб тілдерінде, сол сияқты ортақ түрік тілі саналатын «шағатай» тілінде, орыс және тағы басқа шет тілдерде сақталған. Ал біздің төл тарихымыз бен мәдениетіміздің әр қилы кезеңдерінен мол мәлімет беретін Қадырғали Жалаиридің «Шежірелер жинағы», Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасын», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» («Хақ жолындағы тарихы»), Өтебойдақтың «Шипагерлік баяны» бірнеше ғасырлар бойы көпшілік қауымға белгісіз болып келді. Олар тек соңғы жылдарда ғана көне түрік, парсы және араб тілдерінен ана тілімізге аударылып, жекелеген кітаптар түрінде оқырмандармен қауышты.



Түбі басқаларды былай қойғанда, XIX ғасырда өмір сүрген Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов сынды талантты ғалымның отан тарихы жөніндегі еңбектерінің дені орыс тілінде жазылып, олардың біразы сол тілде жарық көрді. Қазақ тарихы мен этнографиясына байланысты жазылған ұлы педагог әрі жазушы Ыбырай Алтынсарин еңбектерінің де басым көпшілігі осы тілде жарық көрді немесе қолжазба күйінде мұрағат қорларында сақталған.

Бұл ретте дана Абай Құнанбайұлы дара тұр. Оның жарқын дәлелі Абайдың қарасөздеріндегі тарихқа байланысты ой-толғаныстары, ең алдымен оның «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны» деген еңбегі.

Ахмет Байтұрсыновтың, Мұқаметжан Сералиннің, Әлихан Бөкейхановтың, Жүсінбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың, тағы басқа санаулы қазақ зиялыларының 1911 жылдан бастап жарық көрген «Айқап» журналы мен 1913 жылы тұңғыш саны жарияланған «Қазақ» газетінде Отандық тарих мәселелері бойынша жарық көрген еңбектері Абай үлгісінде орындалған зерттеулер болды. Олар қазақ тілінің тарих ғылымының ғана емес, жалпы қоғамдық ғылымдар тіліне, қазақ қауымының әлеуметтік-экономикалық және саяси-рухани өмірін бейнелеу құралына айналдыруда маңызды рөл атқарды.

«Сөз» деген ұғымды «Тіл» деген ұғымның синонимі ретінде қолданған халқымыздың Ахаңы – Ахмет Байтұрсынов – «сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген қағиданы сол кезде қалыптастырды. Терең мағыналы мәні бар осы сөздер соңғы жылдары заңды түрде «Ана тілі» газетінің әр санының бірінші бетінде Ахаңның суреті және автографымен қатар жарияланатын болды...

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдарда саяси сахынадан шеттетілгенімен рухани өмірде еңбек ету мүмкіндігіне ие болған Алаш қайраткерлері мен социализм идеяларын қабылдаған жекелеген зиялы қауым өкілдері (Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Нәзір Төреқұлов, т.б.) белсенді араласуымен аргы-бергі қазақ тарихының өзекті мәселелері зерттеу нысандарына айналды. Ал мұның өзі зерттеулер нәтижелерін оқырманға жеткізетін жаңа қазақи терминдерге деген қоғамдық сұранысты туғызды. Осы сұранысты өтеуде өткен ғасырдың 20-шы жылдарындағы қазақ тіліндегі ағымды баспасөз, оны ұйымдастырушылары мен авторлары айтарлықтай еңбек етті. Осыған орай «Қызыл Қазақстан», «Жас қазақ», «Темір қазық», «Сана», «Шолпан», «Әйел теңдігі» журналдары, «Тілші», «Ақ жол», «Ауыл», «Кедей»,

«Қазақ тілі», «Қызыл ту», т.б. газеттердің оңды қызметін ризашылық сезіммен атауымыз қажет.

Қазақ тілін шын мәніндегі ғылым тіліне (оның ішінде тарих ғылымының да) айналдыруда сол жылдары ғылым мен білімнің әр саласында қажырлы еңбек етіп, халқымыздың мәдени өмірін байытуға қомақты үлес қосқан аға буын өкілдеріне бүгінгі ұрпақ қарыздар.

Сол кезде Халел Досмұхамедовтың зоология, биология, медицина, Жүсіпбек Аймауытовтың психология, Мағжан Жұмабаевтың педагогика, Ахмет Байтұрсыновтың тіл мен әдебиеттану, Қаныш Сәтбаевтың алгебра, Әлімхан Ермековтың математика, Мұхтар Әуезовтың әдебиет тарихы жөнінде жазған оқулықтары мен зерттеу еңбектері сол заманның рухани сұраныстарына жауап берген бағалы туындылар болды. Осы еңбектері арқылы жоғарыда есімдері аталған алыптар қазақ тілінде ғылыми терминдер қалыптастыруға қомақты үлес қосты.

Сол жылдары жарияланған Нәзір Төреқұловтың, Смағұл Сәдуақасовтың, Сәкен Сейфуллиннің, Тұрар Рысқұловтың, Орынбек Бековтың, Ғаббас Тоғжановтың, Нәзипа Құлжанованың, Көшке Кеменгеровтың, Молдағали Жолдыбаевтың, т.б. арыстардың еңбектерінде тарихи тақырыптар зерттеліп, бұл салада қазақ тілінде жаңа терминдер жасаудың мүмкін екендігі анық дәделденді.

Бұрын тар аяда, кішігірім жәйттарды бейнелейтін кейбір сөздер саяси, әлеуметтік ірі өзгерістерді түсіндіретін үлкен мағынаға ие бола бастады. Басқа сөзбен айтқанда, қазақ тілі табиғи сұрыптану негізінде тарихи зерттеу мен баяндау құралына айналу үрдісін бастан кешті. Сол кезде қалыптасқан көптеген терминдер рухани өмірде жаңа мазмұнда мықтап орнықса, олардың кейбіреуі кейін ғылыми айналымнан шығып қалды.

20-шы жылдарда тарихи мәселелерді бейнелеуде және баяндауда «Кіндік», «Ұя», «Құрылтай», «Кеңес», «Аймақ» сынды терминдер кеңінен қолданылды. Мәселен, «Кіндік» «центральный» деген орыс сөзінің қазақша баламасы ретінде қолданылып, нәтижесінде «кіндік комитеті» («центральный комитет»), «кіндік үкімет» («центральное правительство») сөз тіркестері кең қанат жайса, «ұя» сөзінің де қолдану ысы кеңейіп, «партия ұясы» (партиячейка), «комсомол ұясы» (комс.ячейка) деген сөз тіркестері пайдаланылды. Ал «кеңес» сөзі «совет» деген мағынада қолданылып, оның тайдалану деңгейі мен мәні өсті. Мәселен: «Кеңес үкіметі» («сов.правит.»), «Кеңес әкіметі» («сов. власть»), «Ауылдық кеңес» («аульный совет») т.т. Орысша «председатель» дегеннің орнына «төраға», «съезд» сөзінің орнына «Құрылтай» термин ретінде кең қолданылды. Сол сияқты «Мәжіліс төрағасы» («председатель собрания»), «Атқару комитетінің төрағасы» («председат.центрального комитета»), сонымен қатар «төңкеріс» сөзі «революция» мағынасында қолданылса, «Классовая борьба» - «Тап сүресі», «гражданская война» - «азамат соғысы» деген сөз тіркестері пайда болды.

Бұлардың біразы осы күнге дейін қоғамдық ғылымдар саласында орын алып келді, ал кейбіреулері (мәселен, «кіндік», «ұя» сынды сөздер) тарихи термин ретінде қолданылмайтын болды.

1920-30 жылдарда орын алған жаңа терминдерді қолдануға ұсынған зиялылар 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандары ретінде атылып, айдалып кеткен соң, көптеген терминдер де «қуғын-сүргінге» ұшырады. Олар ұзақ жылдар бойы ғылыми айналымнан термин ретінде түсіп қалды. Осындай идеологиялық тоқпақ нәтижесінде қолданыстан шығып қалған жекелеген терминдер Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін тарих ғылымы мен Республиканың саяси-мәдени өмірінде өздеріне лайықты орындарына қайтадан ие болуда. Осыған орай бұл күндері «кеңес», «төраға», «құрылтай», «жарғы», «бағдар-бағдарлама» сынды сөздерді терминдер ретінде қолдану ысының артып отырғандығына қолдау көрсеткен жөн, өйткені жазуымыздың (алфавит) 1929 және 1940 жылдары екі рет өзгеруі (алдымен арабшадан латыншаға, одан кейін латыншадан кириллицаға), 30-жылдары саяси қуғын-сүргіннің шырқау шегіне шығуы, 1980-жылдары жүзеге асырылған «адамдардың жаңа тарихи қауымдастығын – совет халқы» қалыптастыру жолындағы орысшыл (шовинистік) саясат 20-жылдарда табиғи

түрде қалыптасқан жаңа терминдердің қолдану аясын тарылтып, оны мүшкіл халге душар етті.

Мұндай жағдай, әсіресе, 60-80-ші жылдары үлкен дертке айналды. Тарих саласында, сол сияқты басқа да қоғамдық ғылымдар бойынша, қазақ тілінде кітап жазсаң, саған сенімсіздікпен қарайтын, тіпті сені екінші сортты зерттеуші деп есептейтін жекелеген әріптестер мен ғылым саласындағы чиновниктерді көрдік, олардың сарқыншақтарын қазір де көріп жүрміз. Сол кездерде ана тілінде жазып-сызу былай тұрсын, өз халқының рухани қазынасынан мақрұм қалған, оған жаны ашымайтын, өмірінде қазақ тілінде бірде-бір кітап оқымаған жекелеген көсемсымақтардың біразы әлі де билік жүйесінде баршылық.

Осындай көсемсымақтардың келеңсіздігінен осы уақытқа дейін кезінде орыс тілінде жазылып, Кеңес Одағы жылдарында бес том болып жарияланған Шоқан Уәлихановтың шығармалары, үш том болып жарық көрген Тұрар Рысқұловтың зерттеу еңбектері, 2 том болып оқырмандар қолына тиген Ораз Жандосовтың зерттеулері мен көсемсөздік (публикациялық) мұрасы, Мұқаметжан Тынышбаевтың қазақ тарихы мен шежіресіне арналған еңбектері осы күнге дейін ана тілімізге аударылмай келеді.

Жаңа тарихи сананы қалыптастыру мен тарихи-зерттеу жұмыстарына соңғы серпін беруде оңды рөл атқарып отырған «Мәдени мұра» бағдарламасына кезінде ұлттық құндылықтарымызға үлес болып қосылған жоғарыда есімдері аталған арыстарымыздың еңбектерін қазақ тіліне аудару ісі кірмей қалған. Бұған да ең алдымен билік жүйесіндегі ұлттық негізден айырылып қалған жекелеген чиновниктер кінәлі.

Сондықтан да Тәуелсіздік жағдайында бізге ұлттық рухани қазынамызды қастерлейтін, оның дамуына жан-жақты қамқорлық жасайтын биік парасатты басшылар билік жүйесіне де, ғылым мен білім жүйесіне де ауадай қажет.

Қазір қоғамымыздағы саяси және мәдени хал-ахуал сапалы өзгерістерге ұшырады. Оның маңызды құрамдас бөлігі ретінде тәуелсіздік берген мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қазақ тілі шын мәніндегі мемлекет тіліне, сол мемлекеттің ғылымы мен білімінің тіліне айналдыру ісіне баршамыз белсенді түрде ат салысуымыз керек. Бұл істе орта және аға буын ұстаздар қауымдастығы атқарар жұмыстар аса көлемді де жауапты. Біз келешегіне үлкен үміт артар жастарымызды ұлттық мүдде, ұлттық мақсат, Тәуелсіз Қазақстан идеясы кезінде ой мен әрекет батылдығына тәрбиелеуіміз қажет. Бұл тәрбие қазіргі өркениеттің жетістіктерін қабылдаған ұлттық негізде жүзеге асуға тиіс, ал оның өзегі - ана тіліміз болуы керек. Сонда ғана біз бұл күндері әлемде жүріп жатқан жаппай жаһандану тасқынына қарсы тұра аламыз, болашағымыздың тірегі – жастарымызды – батыл ой мен әрекет қайраткерлері ретінде қалыптастыра аламыз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ тілінің тарих ғылымындағы орны мен қызметі жайлы айтылған. Бұл мәселенің қысқаша тарихына тоқтала келіп, автор қазіргі күні тарих ғылымында қазақ тілі толық өз орнын алмағандығын көрсетеді. Қазақ тілін ғылым мен білімнің тіліне айналдыру жолдары жөнінде ой-пікірін білдіреді.

РЕЗЮМЕ

В статье показаны роль и место казахского языка в исторической науке, приводится краткая история развития казахского языка в историческом аспекте. Показаны пути совершенствования использования казахского языка в науке и образовании.

АЛТЫН КИІМДІ БЕКЗАДА ЕЛІ («ЕЖЕЛГІ ҮЙСІН ЕЛІ» АТТЫ КІТАПТЫҢ ЖАРЫҚ КӨРУІНЕ ОРАЙ)

Қойгелдиев М.Қ. (Алматы қ., ҚР ҰҒА)

Таяуда Қытай Халық Республикасы Ынжаң халық баспасынан «Ежелгі үйсін елі» аталатын көлемді кітап жарық көрді /1/. Кітапқа әзірленген алғы сөзде оның «Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы елшісі Жәнібек Кәріпжанов мырза мен оның орынбасары Әділ Қыдырбаев мырзаның сынысымен, сондай-ақ ҚХР Шыңжаң Ұйғыр Автономиялық Республикасы Қоғамдық Ғылымдар Академиясының мақұлдауымен» айындалғандығы және «Мұнай Тас» жабық акционерлік қоғамының қаржылай демеуінің нәтижесінде жарық көргендігі айтылған.

386 беттен тұратын кітаптың құрылымы өзіне оған енген материалдар мазмұндық жағынан негізгі ортақ, өзекті тақырыпқа бағындырылған. Яғни бес бөлімнен тұратын кітаптың алғашқы бөлімінде қытай ғалымдарының «Ежелгі үйсін жұртының тарихына арналған зерттеу мақалалары, екінші бөлімінде үйсін обаларында қазба жұмыстарын жүргізген археологтардың есептерінен үзінділер, үшінші бөлімінде қытай жылнамаларындағы ежелгі үйсін еліне қатысты дерек мәтіндері қазақ тілінде, төртінші бөлімінде тура осы деректік материалдардың қытай тіліндегі түпнұсқасы, бесінші, соңғы бөлімінде кітапқа анықтамалық қосымша материалдар әзірленген. Кітаптың жарық көруіне өзіміз құрмет тұтатын Нығмет Мыңжанұлы Қасақалдың бір топ шәкірттері атсалысқан. Алғы сөзді Жақып Мырзаханұлы жазған, ал оны құрастырушы Шадыман Ахметұлы ініміз.

Сонымен өмірге жаңа кітап келді. Ал енді осы аты қаншалықты салмақты болса, кітапты да соншалықты іштей жақындық жылы сезім тудыратын кітаптың еліміздің өткен тарихын қорыту ісінде алатын орны қандай? Әңгіме осы мәселе жөнінде болмақ.

Қытай дерек көздері жөнінде. Ғылымда өзін қайталау арқылы сол мезгілге дейін тарих шаңына көміліп, қалтарыста қалып келген құбылыстардың шынайы мәнін зерттеуге жарқыратып ашып көрсетіп, сол арқылы өзінің де адамзат мәдениетінде алатын аса зор орнына еріксіз назар аудартатын мысалдар өте сирек болса да кездеседі. Үлкен халықтарының көне тарихына байланысты қытай жылнамалары жөнінде осы кітапты айту әбден орынды сияқты. Мәселе мынада. XIX-XX ғ.ғ. көне түркі зерттеушілері, балбалдары жөнінде алғаш әңгіме бола бастаған сәтте олардың зерттеулеріне Радлов бастаған еуропалық ғалымдар үлкен күмәнділікпен қарады. Ал енді Томпсон Орхон жазуларының сырын ашқан соң да сезіктену бұлты сейілмеді. Осы арада қытай жазба деректері көмекке келді. Оларда Білге қаған (734 ж.) және оның балбалдарының (731 ж. қаза болған) есімдері аталып, қызметі баяндалғаны айтылған соң барып, ерте ортағасырлардағы түркілердің қуатты мемлекеттік құрылымы мен заманына лайық мәдениеті болғандығы бұлтартатпас ғылыми фактіге айналды. Енді міне бүгін жаңадан оқылған ежелгі қытай жылнамалары мен үйсін балбалдарына байланысты қытай ғалымдарының зерттеулері бұдан екі жарым мың жылға жуық еліміздің өткен тарихын жаңа сапа, мазмұнда қорытуға себепші болып отыр.

Мәселенің тарихы жөнінде. Орталық Азияны, Қазақстанды Шығыс Түркістанмен, одан ары Қытаймен жалғастырып жатқан Іле аңғары батысында алқаштың құмынан бастау алып, шығысында Құлжа қаласына дейін шамамен 600-



700 шақырымға созылып жатқан табиғи-географиялық тұрғыдан бөлін алғысыз тұтас бір өңір. Міне осы өңірде біздің эрамызға дейінгі мыңжылдықтың соңғы жартысында және біздің эрамыздың алғашқы ғасырларында артында жазба және археологиялық ескерткіштер арқылы терең із қалдырған Үйсін мемлекеті, оның мәдениеті қалыптасты. Қытай елінің, оның ұлы тарих жазу дәстүрі және басқа дерек көздері арқылы ғұн, қаңлы, үйсін сияқты көне этникалық құрылымдардың тарихын зерттеу отандық тарихнаманың іргелі міндеттерінің бірі болып табылады.

Жалпы Жетісу жерін мекендеген үйсіндер жөнінде мәлімет ғылымға бұрыннан белгілі, сондай-ақ бұл тақырыпқа қалам тартқан отан және шетел зерттеушілерінің тізімі де біраз. Соған қарамастан ежелгі үйсіндердің шынайы атына, этникалық тәндігіне, олардың қазақ тарихы және мәдениетімен сабақтастық байланысына қатысты әлі де болса айтыс-тартыс тудырып жататын ғылыми мәселелер баршылық. «Ежелгі үйсін елі» кітабы осы аталған ғылыми мәселелерге біршама нанымды жауап беретін кітап.

Тарихқа қатысты жасалған тұжырымның нанымдық деңгейі, ең бірінші кезекте, тартылған деректік материалдардың дәлдік сапасына тәуелді. Бұл тұрғыдан алғанда ежелгі үйсіндерге қатысты қытай жылнамаларында берілетін мәліметтердің орны ерекше мәнді екендігі дау туғызбаса керек. Оның мынадай себептері бар. Біздің эрамызға дейінгі мыңжылдықтың соңғы ғасырларында қазақ жерінде өмір сүрген халықтар жөнінде дерек көздері ретінде ирандық Бехустин жазбалары, антикалық Грек және Рим авторларының еңбектері, әсіресе Геродоттың «Тарихы» аталатындығы мәлім. Бехустин жазбалары белгілі себептерге байланысты мәліметтерге тым сараң болып келсе, Геродот еңбегінде берілген фактілік материалдардың аса маңыздылығына қарамастан «көшірмелік» сипатына (фактілік материалдарының парсылық дерек көздерінен алуына байланысты) назар аудармасқа лажымыз жоқ. Осы контексте алғанда көне қытай жылнамаларындағы фактілік материалдардың молдығы мен тарихи шындыққа жақындығын мойындау әділдік болмақ. Бұл ретте, тіптен, оларды ауыстыра алатын басқа дерек көздері жоқ десе де болады.

Көне Қытай жылнамаларына тән тағы да бір мынадай ерекшелікті атамай өтпеске болмас. Олардан әрине ұлыхандық тәкаппарлықтың табын аңғармау мүмкін емес. Хән мемлекетінің мүддесі бәрінен де жоғары қойылатындығы байқалады. Сонымен бірге жылнама авторларының сондай-ақ, көшпелі халықтарға хән үкіметінен тұңғыш рет елшілік сапармен барған Жаң Чянның Ғұн, Үйсін және басқа халықтардың өміріне қатысты фактілік материалдарды баяндауға келгенде мейлінше тарихи шындықтан ауытқымауға тырысқандықтары анық байқалады. Бұл тарихи кезеңге тән бірде-бір батыстық дерек көздерінен мұндай сападағы фактілік материалдарды кездестіру әрине мүмкін емес.

Қазақ тарихына қатысты деректік материалдар қытайдың «26 тарих» аталып кеткен жылнамаларында қамтылған. Соңғы жылдарға шейін ол материалдармен біз Н.Я.Бичуриннің (Иакинф) «Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена» (С-Петербург, 1851) аталатын 2 томдық және Кюнгердің «Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока» (1961) кітаптары арқылы танысып келдік. Өткен ғасырдың 80-ші жылдары қытай жылнамаларындағы қазақ тарихына қатысты деректік материалдарды қазақ тіліне аудару ісі қолға алына бастады. Оған қытай тілін жетік меңгерген қандас бауырларымыздың арасынан мамандардың шығуы негіз болды. 1987 жылы Байдәулет Аблаханұлы мен Ғо Уынчин мырзалар ежелгі қытайдың «Хәннама» атты жылнамасындағы «Батыс өңір баяны» аталатын бөлігіндегі үйсіндерге қатысты материалдарды қазақ тіліне аударып, «Батыс өңір және үйсін мемлекеті» деген атпен жариялайды. 1995 жылы Шығыс Түркістандағы Қоғамдық ғылымдар академиясының жанынан Жақып Мырзаханұлының жетекшілігінде ғылыми жұмыс тобы құрылып, жоғарыда аталған «26 тарихтағы» қазақ тарихына қатысты деректік материалдарды қазақ тіліне аудару ісі қолға алынады. Осы бағытта атқарылған жұмыстың нәтижесі «Жүнго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» деген атпен араб графикасында 1998 және 2002 жылдары 2 том болып Пекиндегі Ұлттар баспасынан

жарық көрді. Бұл екі кітап ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы бойынша келесі жылы елімізде баспадан шықпақ. Оларды Үрімшідегі Қоғамдық ғылымдар академиясының қызметкерлерімен шығармашылық бірлікте даярлаған Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының мамандары.

Қытайда өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап үйсіндер тарихын археологиялық ескерткіштер негізінде зерттеу ісі жолға қойыла бастаған. Оны Шыңжаң археология институтының ғылыми қызметкерлері жүргізеді. Олардың бұл қызметі Қазақстан археологтарының Бесшатыр және Есік обаларын зерттеу жұмысымен шамамен бір мезгілде басталған. «Ежелгі үйсін елінде» жалпы бұл ғылыми тақырыппен шұғылданған немесе бүгінде жұмыс жасап жүрген он бестен астам ғалымдардың аты-жөні аталады. Бұлардан тыс Шыңжаңда тұрып, еңбектерін қазақ тілінде жазып жүрген төрт-бес бауырластарымыз тағы бар. Археолог-ғалымдар Уаң Биңхуа мен Уаң Миңжы бірігіп жазған «Үйсін туралы зерттеу» атты монографиялық еңбек 1989 жылы Үрімшіде жарық көрді. Оны қазақ тіліне аударған Н.Мұхаметханұлы. Бұл айтылғандарға қосымша Іле өзенінің жоғарғы сағасындағы үйсін обаларын зерттеу ісімен айналысқан ғылыми экспедициялардың әлі жариялап үлгермеген есептері де бар көрінеді. Яғни қытай ғалымдарына мәлім үйсіндер жөніндегі фактілік материалдармен біз әлі толық таныс емеспіз.

Қорыта айтқанда, Қытайда «үйсінтану» аталатын ғылыми бағыт қалыптасқан, сондай-ақ бұл салада мамандардың екі-үш буыны қалам тартып үлгірген. Сондықтан да әңгіме арқауы болып отырған «Ежелгі Үйсін Елі» кітабы қытай тарихшы ғалымдарының ХІХ ғасырдан бергі ізденісінің қорытындысы есебінде қабылдануға әбден лайық. Бұл тұрғыдан алғанда отандық тарих ғылымында бүгінге дейін ғұн, үйсін, қаңлы, сақ және басқа ежелгі этникалық құрылымдардың тарихы бойынша мамандану ісінің бір арнаға түспегені өкініш туғызбай қоймайды.

Үйсін мемлекетінің өмір сүрген мезгілі Қытай жылнамаларының көрсетуіне қарағанда үйсіндердің ел болып, мемлекет құруы шамамен б.э.д. II-ғасырдың бас кезі. Жоғарғы билеушісі ретінде Нэнду би аталады. Ол көрші нүкіс, (ғұн, ұлы йүзілер деп те айтылады – авт.) тайпасымен болған шайқаста мерт болады да, халқы босып ғұндарды паналайды. Сөйтіп үйсіндер дербес елдік сипатынан айрылады. Нэнду бидің ұлы Елжау бидің (екінші аты Лапкөк) тұсында үйсін мемлекеттігі қайта жанданады. Н.Мыңжанұлы «б.з.б. 3-ғасырдан заманымыздың 10-ғасырына дейінгі 1200 жылдың Үйсін тарихында, Үйсін күнбилері әулетінің тек он ұрпағы жөнінде ғана нақты дерек сақталғанын» айтып, олардың шежіресін, өмір сүрген мезгілін береді [1/31].

Б.э.д. II-ші ғасырдың екінші жартысында үйсіндер мемлекеті қуатты күшке айналып, өзін төңірегіндегі елдерге, Хән және Ғұн патшалықтарына мойындатады. Кемеліне келген Үйсін мемлекетінде 120 мың түтін, 630 мың адам, 188 800 салт атты әскері болды. Археолог-ғалымдар Уаң Биңхуа мен Уаң Миңжы «мейлі халық саны жағынан болсын немесе әскер күші жағынан болсын, олар (яғни үйсіндер – М.Қ.) Хән әулеті дәуірінде өмір сүрген Батыс өңір жеріндегі басқа елдермен салыстырғанда, әр жақтан алда тұрады», - деп түйіндейді [1/16,45]. Үйсін билеушісі – күнбиге Хән мен Ғұн патша, ақсүйектері қыздарын беріп, туысады. Бұл сол тарихи кезеңде-ақ мемлекетаралық жақындасудың, ең жоғарғы дәрежеде мойындаудың көрінісі болатын.

Синолог профессор Н.Мұхаметханұлының дәлелді тұжырымдарына қарағанда кезінде Н.Я. Бичурин (Иакинф) Үйсіндерге байланысты “xing guo-көшпенді мемлекет” деген сөзді “кочевое владение” деп мағынасын өзгертіп аударған. Ғалымның әбден орынды айтылған пікірінше “төл деректегі “го”-“мемлекет” деген бір ғана иероглифтің аударылмай қалуы, Қазақстан тарихын зерттеу ісінің дамуына бір жарым ғасыр кедергі келтірді” [2/60]. Н. Мұхаметханұлының пайымдауынша Үйсін мемлекеті “Қазақстан территориясында құрылған ең алғашқы мемлекеттік құрылым.”

Біз өз тарапымыздан Н. Мұхаметханұлының ұстанымын қолдайтынымызды білдіре отырып, сонымен бірге үйсін мемлекеттігін қазақ жеріндегі ең алғашқы мемлекеттік құрылымдардың бірі ретінде қарауды ұсынамыз. Ойткені үйсіндердің оңтүстік бетіндегі, яғни Сыр бойындағы сақ елінде мемлекеттіктің айқын нышандары бұдан да бұрын (б.э.д. VI ғ.) байқалған еді. Ал Іле бойы, Жетісудағы үйсіндердің бұл

өңірде мемлекеттіктің алғашқы үлгі-өнегесін қалыптастырғандығы дау туғызбаса керек. Бұл ретте Н. Мұхаметханұлының тұжырымы толық негізді.

Ғалым Н. Мыңжанұлы кітапта берілген мақаласында б.з.д. 16 жылы солтүстік иеліктегі қытай билеушісі Уйжынжаң деген “Үйсін елін біріктіруге қарсы шығып, беделді үйсін күнбиі Силы биді өлтіреді. Міне бұл оқиғаға ішкі қырқыстар қосылып, “Үйсін елі бұрынғы күш-қуатынан айырылып, еңістей береді”,-деген тұжырым жасайды [2/,29].

Археологиялық зерттеулер неге мензейді? Іле өңірінде жүргізілген археологиялық экспедицияларға қатынасқан Жақып Мырзаханұлының көрсетуіне қарағанда 1988 жылы тек осы өңірде есепке алынған байырғы үйсін обаларының ұзын саны он мыңнан асады екен. Окінішке орай бұл обаларға байланысты даярланған Шынжаң археологиялық институтының сараптамалық баяндамалары әлі де толық күйінде жарық көрмеген. Дегенмен, үйсін жұртына тән саналатын бұл ескерткіштердің топографиялық ерекшеліктері, хронологиялық аясы, жерлеу ғұрпы антропологиялық кескін келбеті анықталған. Бір ескерерлік жағдай үйсін обаларының зерттеу ісімен тұрақты айналысып келе жатқан қытайлық археологиялық-ғалымдар мен Қазақстандағы Жетісу өңіріндегі Бесшатыр және Есік обаларын зерттеген Кемал Ақышевтің жасаған ғылыми талдаулары бұл тарихи ескерткіштердің тұтас бір мәдениетке тәндігін айғақтайды. Бірнеше мысал келтіріп көрелік.

Обалардың сыртқы сипаты мен орналасу тәртібіне байланысты Уаң Биңхуа мен Уаң Миңжы “мұндай байырғы қорымдардың пішіні негізінен дөңгелек келген топырақ төбешіктер саналады. Олар үш-бестен жиырма нешеге дейін қатарласып, оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеліп (үш-беске дейін бір жерге дейін шоғырланғандары да бар) маңғар (Маңғыз деп оқыңыз- М.Қ.) далада мен мұңдалап жатады”,- дейді [1/,158].

Енді бірде олар “...Тәңір таудың солтүстік баурайындағы саға-сағалардың сыртқы далаларында алып қорымдар төбе-төбе болып тізіліп жатыр. Бұлардың таған аумағы шамамен 200-300м., биіктігі 7-8 м. Олар сайын даланың кермаңғаз төсінде тау-төбе болып көркейе, айбындана көз тартады. Бұлардың Үйсіндердің жоғары жік ақсүйектерінің қорымы екендігі дау болмаса керек”,- деп көрсетеді [1/, 44,45].

Жетісу жеріндегі обаларға берілген тура осы мазмұндағы сипаттаманы Кемал Ақышев еңбектерінен де оқимыз. Ол: “Бесшатыр обалары солтүстіктен оңтүстікке қарай 2 км., шығыстан батысқа қарай 1 км. созылып жатқан 31 обадан тұрады. ...Обалар солтүстік және оңтүстік топ болып екі топқа бөлінеді. Солтүстік топ алты тас обадан тұрады. ...Оңтүстік топ солтүстік топтан оңтүстікке қарай 500 метр жерде орналасқан, ол бірімен бірі жалғасып жатқан төрт обадан тұрады”,-деп көрсетеді. Ал Есік қорғанына байланысты “топырақ қорғандармен ұнтасып жатқан зираттар солтүстіктен оңтүстікке қарай аумағы үш шаршы километрдей жерді алған. Басым көпшілігі патша қорғандары деп аталатын бұл қорғандардың бетіндегі топырақтың диаметрі 39-90м. биіктігі 4-15м.”-деп көрсетеді [3/,27].

Қытай археологы Хуаң Уынби Шынжаңның Моңғолкүре ауданындағы үйсін обаларының орналасуына байланысты К. Ақышев баяндаған жағдайда қайталайды. Ол: “Олар (яғни обалар –авт.) оңтүстіктен солтүстікке қарай бестен, үштен тізбектелген, сыртқы ормен төрткіл пішінді қоршалған. Солтүстік –батысында тағы екі қатар қорым бар, бір қатарында 11 оба, енді бір қатарында сегіз оба бар, олар сыртқы ормен дөңгелектене қоршалған”,-деп жазады [1/,151].

Үйсін обалары Іле аңғарының дерлік бүтін бойына таралып орналасқан. Қытай археологтары өз зерттеулерінде Үйсін ескерткіштері көбінесе Тәңіртау жотасынан Іле өзеніне дейінгі кең маңғар далалық белдемге, алайық Моңғолкүре, Текес, Күнес, Тоғызтарау, Нылқы аудандарына тараған.”-деп жазса, өз ретінде К. Ақышев “Бұл зираттар, Іле Алатауының солтүстік етегінен басталып, Іле өзеніне құятын тау өзенінің жағалауына орналасқан патша қорғандарының құрамына жататын зираттардың бірінен саналады”, -деген ойды білдіріп одан ары “Батысқа қарай Талғар өзенінің жағалауында Жаңа-Алексеевка зираты, онан әрі қарай осы бағытта Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің жағалауларында қорғанды зираттар (қазіргі уақытта бұлардан тек жекелеген ғана қорғандар сақталған) бар. Мұндай зираттар Қаскелең және Күрті

өзендерінің маңында да кездеседі; ал Іле өзенінің сол жақ жағалауында атақты Бесшатыр, Түрген өзенінің оң жақ жағалауында Қаракөмер зираттары орналасқан. Патша зираттары онан әрі шығыс және оңтүстік-шығысқа қарай Шелек, Шарын, Кеген, Қарқара өзендерінің жағалауларын, солтүстік-шығысқа таман Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз алқаптарын және белгілі Шілікті зираты (Зайсан қазан шұңқыры) және Пазырық қорғандарына дейінгі жерді алып жатады”, - дей түйіндейді [3/, 5,6].

Үрімшіде тұратын ғалым Жақып Мырзаханұлы ҚХР жеріндегі үйсін ескерткіштері қандай тұрғыдан алғанда да Қазақстандағы Жетісу өңіріндегі ежелгі үйсіндердің археологиялық мәдениетімен біртектес, біртұтас екендігіне баса назар аударып, бұл ескерткіштерде орналастырылған мәйіттердің “антропологиялық-нәсілдік бітімінің” де өзара жақындығын айтады.

Бұл тұжырымның негізді екендігін екі беттегі қорымдардың құрылымындағы өзара ұқсастық растай түседі. Мәселен, қабірдің төрт қабырғасы жұмыр бөренелерден қаланады, олардың ұшы бір-бірімен қиюластырылған. Сондықтан да олар орнықты әрі тегіс орналастырылған. Қабірдің төбесі 2-3 қат бөренелермен жабылған. Қабірдің табанына (астына) қабірдің бойымен ұзынынан жақсы өңделген қарағайдан еден төселген. Мәйіт еденге төселген матаның (немесе киіздің) үстіне шалқасынан жатқызылып, басы батысқа берілген. Киіз қабірдің ішкі қабырғаларына да ілінген [4/ 13,15,43,45; /1/, 48,56,165].

Үйсін обаларының осындай бітім-болмысын бағалай келіп, қытай археологтары “оба – тірінің өліге салған жер асты баспанасы” деген тұжырымға келеді [1/,48].

Ғалымдардың пікірінше Іле бойындағы обалардың құрылымы үйсіндердің “өз дәуірінде ағаш, тас пен қамыстан үлкен де, күрделі құрылыстар сала білгенін” айғақтайды [3/, 44,45].

Ежелгі Үйсін елі мен Түрік қағанаты: өзара сабақтастық. “Ежелгі Үйсін Елі” кітабы шығардан сәл бұрын Астанадағы “Күлтегін” баспасынан М. Жолдасбеков пен Сарткожаұлының “Орхон ескерткіштерінің толық атласы” аталатын көлемді (45,0 б.т.) кітап жарық көрді. Көтерген жүгі соншама салмақты да мәнді бұл екі іргелі еңбек мазмұндық тұрғыдан өзара жақын, тіптен ортақ озекті мәселеге арналған десе де болады. Өйткені Үйсін мемлекеті мен Түрік қағанаты түрлі тарихи мезгілдер мен өзара іргелес кеңістіктерде өмір сүріп, артында терең із қалдырған біртұтас түрік этносының даму сатылары ғана еді. Аталған басылымдар міне осы бүтін бір тарихи құбылысты өзара сабақтастықта әрі жаңа сапада қорытуға көмектеспек. Бұл еңбектердің бүгінгі тарихи таным үшін ең негізгі маңызы да осы атқарар міндетінде.

Ал, осы еңбектерде Үйсін қоғамы мен түрік қағанаты арасындағы тарихи байланыс қандай деңгей және мазмұнда көрініс тапқан, енді осы тақырыпқа көңіл аударайық. Мақала көлемінің шектеулілігіне байланысты мәселенің көзге ұрып тұрған кейбір қырларына ғана тоқталайық.

1. Ең алдымен, әрине, бұл аталған екі қоғамның да шаруашылық негізі бір болғандығы анық және ол дау туғызбайды. Б.з.б. II-ғасырдағы үйсін ауқаттыларының мал басы 4-5 мың жылқымен саналады [1/, 189]. Ал Күлтегінге ас берілгенде оның төрт мың жылқысын, қазынасын, дүние мүлкін таратқан [4/, 191].

Бір ғажабы арасында сегіз жүзге жуық мерзім бар бұл екі қоғамда да жылқы малы, арғымақ ат, тұлпар байлықтың, ерліктің, сұлулықтың, мәңгіліктің символы. Хан патшасына үйсіндер қалың малға мың жылқы айдатады. Ал қытай билеушісі үйсін жылқысын “Тәңір Тау сәйгүлігі” атайды. Күлтегін жазуында “Күлтегін Байыркудың ақ айғырын мініп опыра шапты”, “Күлтегін боз қасқа ат мініп шапты” деген ғажал тіркестер кездеседі [1/,188]. Үйсін қоғамы мен Түрік қағанатының шаруашылықтағы өзара сабақтастығы олардың материалдық және рухани мәдениетінен де анық байқалады. Үйсіндерде билеуші әулет қалыптасқан. Нығмет Мыңжанұлы “Ежелгі Үйсін Елінде” берілген көлемді мақаласында “Үйсін елінде бүкіл елді басқаратын өкіметтік ұйымы болды” деген тұжырым жасап, оның негізгі лауазым атауларын келтіріп, соңынан алғашқы күнбилер әулеті жөнінде мол мәлімет береді. Үйсіндерде жоғарғы билікте билер әулеті тұр. Би, билеу (властвовать) ұғымы осы үйсіндер заманында қалыптасқан. Сондай-ақ елін жинап, басын біріктіріп жақсы басқарған

жоғарғы билік иесіне “ел” деген ұғымды тіркеп айту дәстүрі де осы тарихи мезгілде қалыптасуы әбден мүмкін. Мәселен, Үйсіндер Нәнді бидің (б.з.б. 177 жылдан бұрын) баласын Елжау би (б.з.б. 177-б.з.б. 104 жылдар аралығы шамасында) атаған [1/, 31]. Аталмыш екі қоғамдағы ақсүйектерді жерлеу рәсімінде де ұқсастықтар байқалады. Үйсіндерде опат болған ақсүйекке Египет пирамидаларын еске салатын алып обалар тұрғызу салты қалыптасқан. Түрік қағанаты заманында алып обаларды алып тастарға қашалып жазылған жазулар (ұсқындар) мен балбалдар ауыстырды. Соңғысы, әрине, негізі бір мәдениеттің жаңа тарихи сатыдағы көрінісі еді. Сондай-ақ бұл екі тарихи кезеңдердегі ескерткіштердің айтар ойы да өзектес болатын, яғни ішіне сауытты жасырған алып обалар мен мағыналы да астарлы сөздер қашалған алып ұстындар бұл екі дәуірдегі қоғамдардың жасампаз өмірге, болашаққа, тұтастыққа ұмтылысын айғақтауға тиіс болды. Араға мыңдаған жылдар салып біз де бүгін олардың ішкі сырын осы тұрғыдан қабылдаймыз.

3. Бұл екі қоғамның дүниетанымында да ортақ өзек анық байқалады. Күлтегін мәтінінде “Күлтегін қой жылы (731-*авт.*) тоғызыншы айдың он жетісі ұшты”, ал Білге қаған мәтінінде “Әкем-қаған елін (төрін) орнатып, ұша барды”, “Әкем-қаған ит жылы оныншы айдың жиырма алтысында ұша барды” деген сөздер бар [4/, 190,191,257,261].

Кітап авторлары мәтіндерде берілген бұл көрсетулерге байланысты “бұл айғақтар байырғы түріктер түсінігінде адамның тәні Жер-Анада қалып, жаны ұшып кетеді дегеннің дәліне саяды”, деген тұжырымға келеді [4/, 29].

Адам өмірі мен өліміне қатысты осы көзқарас үйсіндерде де болғандығы байқалады. Үйсіндерден біз бұл көзқарастың, дүниетанымның бастапқы қалыптасу сәтін аңғарамыз. Жарық дүниеден қайтқан адаммен бірге оның мінер атының, жұмсар құлының, киер киім-кешегінің, сәнді бұйымдарының, тіптен ас ішер ыдыс-аяғының бірге жерленуі соның дәлелді көрінісі болса керек. Адам өмірден озды, бірақ бір жола кеткен жоқ, яғни оның жаны ғана тәнін тастап, ұшып ғайып болған. Ұшып кеткен жанның о дүниеде тәнге қайта оралуы әбден ықтимал. Олай болса опат болған құрметті кісінің екінші өмірінде керек болуы мүмкін көлігі, құлы мен қажетті түрлі заттары бірге жерленгені жөн.

4. Бұл екі қоғамның дүниетанымындағы ұқсастық, ортақ түсініктер олардың тотемдік сенімдерінен де көрінеді. Мәселен, Орхондағы Бұғыты кешеніндегі ұстынның бас жағына қасқырды еміп тұрған баланың кескіні бейнеленген. Бұл сюжет, әрине, үйсіндер заманынан, тіптен одан да арғы мезгілден бері келе жатқандығы даусыз [4/ 48,49; 1/ 201].

Көне түркілер қоғамын зерттеуші Ю.А.Зуевтің қытай дерек көздері мен зерттеушілерінің көрсетуіне сүйеніп 647 жылы Батыс Түрік қағаны Тан императорына алтыннан құйылған қарғаның мүсінін сыйлыққа тартады, ал б.з.б. 31 жылы Хан сарайы өзінің өкілі арқылы үйсіндерге Алтын Адамды (әрине, оның мүсінін-*авт.*) сыйлайды деген фактілерді келтіре отырып: “Подобное изображение найдено в районе города Иссык Алма-Атинской области и приобрело теперь мировую известность”, - деп тұжырым-дайды [5/].

Тарихи деректердің көрсетуіне сүйенсек Алтын сауытты адам бейнесі негізіне алынған тарихи тұлға түрік жұртын ауыр сәтте біржола жоқ болудан сақтап қалған аса ірі саяси қайраткер Елжау би болуы әбден мүмкін. Өйткені көне түрік аңызында аналық қасқырды еміп аман қалып, есейгенде елін қайта жинап, оны жаңа жайлы қонысқа жеткізген қайраткерлік іс осы қайраткердің қызметімен байланыстырылады.

5. “Орхон Атласы” авторлары кезінде С.Г. Кляшторный мен В.А. Лившинтің “соғды жазуы алғашқы Түрік қағанатының ресми алфавиті болған” деген тұжырымына қосыла алмайтындықтарын білдіріп, байырғы түріктер өздері құрған мемлекет пен оны тарихи тұлғалары жөнінде мәліметтерді кейінгі ұрпақтарына өздері жасаған алфавит арқылы қалдырғандығына назар аударады. Сондай-ақ байырғы түрік жазуы өзге мәдениеттерге тән алфавиттің көшірмесі емес, қайта байырғы түрік тілінің фонетикалық ерекшелігін негізге ала отырып жасалынған алфавит екендігіне тоқталады. Кітап авторлары “баба түріктердің философиялық жүйесінің қалыбына

салсақ, олар амал мен биліктің тізгінін тең ұстап, бірін-бірімен үйлестіре білген. Байырғы түрік графикасының ерекшелігі – осы” деген қорытынды жасайды [4/,30].

Ал осы Орхон ескерткіштеріндегі түрік әлінбиі қай мезгілде дүниеге келген? Бұл сұрауға әзірге жауап жоқ. Ал осы Атласта берілген Онгин кешеніндегі балбал тастағы жазу мен Есік қорғанынан табылған тостағандағы 26 әріптен тұратын жазудың өзара ұқсас, жақын екендігін аңғару тіптен қиын емес. Есік жазуына байланысты белгілі түріктанушы А.Аманжолов “Бұл жазу, негізінде, көне түркі руникалық таңбаларымен көне түркі тілінде жасалды деген пікірдеміз” – деп жазады [6/,78,79].

Үйсін бекзадасы және фараондар Египеті. Жетісу обаларын зерттеу арқылы есімін тарихта қалдырған К.Ақышев Бесшатыр қорғандарына байланысты “пирамидалар” деген сөзді пайдаланады [3/, 27].

Тәжірибелі ғалымның бұл арада фараондар құрметіне тұрғызылған Египет пирамидалары жөнінде айтып отырғаны дау туғызбаса керек. Міне бұл меңзеудің оқырманды “осы екі тарихи ескерткіштер арасында ұқсастық бар ма?” деген сауалға жетелеуі әбден мүмкін. Мен археология саласында маманданған зерттеуші емеспін. Кәсіби зерттеушінің бұл істі жоғарғы деңгейде атқарып шығары күмәнсіз. Сонымен бірге, географиялық тұрғыдан да, мерзімдік тұрғыдан да өзара алыс тұрған бұл тарихи ескерткіштердің бірден көзге ұратын ұқсас көріністерін елемей өте шығу да мүмкін емес. Сол ұқсастықтардың кейбіріне ғана назар аударайық.

Әрине, тарихтағы үйсіндер кезені мен фараондық Египет арасында ұзақ мерзім жатыр. Мәселен ұлы құрылыстар жүргізіп аты шыққан Рамсес I және II дәуіріндегі (б.э.д. 1320 ж. – б.э.д. 1100 ж.) Египет пен өріске мыңғырған мал өргізіп, сәйгүлік баптаған Өңғай және Силы күнбилер (б.э.д. I г.) басқарған Үйсін елі арасындағы мерзімдік қашықтық мың жыл төңірегінде. Дегенмен мынадай бір жағдайға көңіл аударуға болады. Мәселен, Рамсестер заманында балғындықтан кемелдікке сенімді қадам жасаған Египетте, яғни Ніл өңірінде егіншілік пен қолөнердің еркін қанат жаюына қолайлы сәт туған мезгіл еді. Соның нәтижесі, салдары ретінде Египетте ғажап шаһарлар салынды, көркем шығармалар жазылды, саяси трактаттар өмірге келді.

Осы тарихи құбылыстан титтей де кем емес ғажап жаңалықтар араға мың жыл салып Іле өңірін өз атамекені еткен Үйсін Елі өмірінде де орын алады. Ұзақ мерзімге созылған мұз құрсаудан соң, Алатаудың етегіндегі Жетісу өңірінде мал шаруашылығын өркендетуге аса тиімді жағдай туды. Бұл өңірде мал өсіру, мал шаруашылығының өнімдерін қоғам қажеттілігіне қызметке қою, сол арқылы табиғи ортамен өзара үйлесімділікте, келісімде өмір сүре алу мәдениеті адамзат тарихында бұрын болмаған дәрежеге көтерілді. Өмірге жаңа бай тіл, ғажап поэзия, рухани құндылықтарды жадта сақтап, ауызша жеткізу дәстүрі келді. Көшпелі және отырықшы тұрмысты ұштастыра өмір сүру өркениеті қалыптасты.

Қытай елінің “Тарихи жазбалар”, “Хәннама” атты жылынамаларынан үйсін, оған көрші әрі туыс Ғұн және басқа, көшпелілердің қалыптасқан өмір сүру салты, шаруашылық жүргізу дәстүрі, жалпы өркениеттік ерекшеліктері жөнінде біраз мағлұматтар алуға болады. Мәселен, «Хәннама» жылнамасының «Батыс өңір» тарауында үйсіндер жөнінде: «Жері ұлан-асыр жазық, ауа райы жаңбырлы, салқын келеді. Тауларында қарағай, самырсын көп өседі. Жер жыртып, егін екпейді. Халқы сулы, шүйгін қоныс қуалап көшпелі малшылықпен шұғылданады, әдет-ғұрпы ғұндарға ұқсайды. Елінде жылқы көп. Байларында 4-5 мың жылқы бар» деп көрсетеді [3/, 27].

Ал «Үйнама. Үйсін баяны» аталатын дерек көзінде Үйсін елі жөнінде «... қала ұстамай, малдың жағдайына қарай судың тұнығын, шөптің шүйгінін қуып көшіп жүреді», - деген мәліметті оқимыз [3/, 135,136].

Бұл берілген мәліметтерден Үйсін елінің негізгі байлығы мен берекесі шүйгінді өріс пен мыңғырған мал, әсіресе жылқы және қой болғандығын аңғарамыз. Үйсін Елжау күнби Қытай елінен Шижүн ханшаны айттырғанда қалыңдыққа мың жылқы айдатады [3/, 135,136]. Хән патшасы үйсіндерден сыйға алған асыл тұқымды арғымақтарды «тәңірім сәйгүлік» атайды.

Сондай-ақ үйсіндерге тән көшпелі өмірдің қатал, өз ішкі логикасы бар болғандығы да анық. Оны қытайлық археологтар Уаң Биңхуа мен Уаң Миңжы дәл

байқап, түсіне білген. Олар кітапта берілген мақалаларында қыстау, көктеу, жайлау және күзеудің көшпелі мал шаруашылық жүйесінде алатын орнына тоқталады. Сондай-ақ қытай археологтары үйсін және оның басқа көшпелі көршілері белгілі дәрежеде егіншілікпен де айналысқан, «үйсін қоғамында салыстырмалы түрдегі тұрақты қоныстар» болған, ал астанасы Чекүк қаласы бұл елдің саяси, экономикалық және мәдени орталығы деген ұстанымда [3/, 47].

Үйсіндер дәуірінде біржола қалыптасқан көшпелі малшылар өркениеті кейінгі тарихи кезеңдерде өзінің бастапқы негізгі белгі, көріністерін сақтап қалды. ХҮІ ғ. алғашқы жылдары Моғол ханы Сайд ханды өз елінде қонақ еткен Қасымхан қонағына көшпелілер өркениетінің басты ерекшеліктері жөнінде мынадай пікірді білдіреді: «Біз дала халқымыз, бұл жерде қымбат бұйымдар мен тағамдар жоқ. Ең қымбат байлығымыз – жылқы, ең дәмді тамағымыз оның еті, әрі ең сүйкімді сусынымыз – оның қымызы мен одан дайындалған тағамдар.

Біздің өлкемізде бау-бақша мен зәулім үйлер жоқ. Серуендейтін жеріміз – малдың жайлауы, сонда барып бәріміз бірге бой жазып, сайран салып жылқыларды қызықтаймыз. ... Менің екі арғымағым бар, екеуі бүкіл үйірге татиды», - дейді. Осы екі арғымақтың бірі «Оғылан Тұрұқты» сыйға алған Сайд хан, кейінірек мұндай көркем де сүйкімді жануарды өмірінде бұрынды-соңды кездестіргендігін, ал оны сыйға тартқан Қасым ханның мәрт және биік парасатты билеуші болғандығын сүйсіне баяндайды [7/,308,310]. Ежелгі Египет мәдениетінің білгірі Пьер Монтэ «Рамсестер Египеті» (М.,1989) аталатын еңбегінде фараондар салдырған харамдар мен қабірлердің ішкі сырына, пәлсапасына үңіледі. Жетісу жеріндегі ескерткіштерге байланысты әкелі-балалы К. және Ә. Ақышевтардың зерттеулерінде айтылған пікірлерді одан ары жетілдіре зерттеу ісі бүгінде қажет-ақ. Мәселен, үйсіндердің қорымдары көп ретте Алатау (Тәңіртау) тау сағаларынан ағып шыққан өзендерге таяу бөктерлерде немесе сулы, шүйгінді қолаттарда орналасқан. Төбе-төбе болып жатқан бұл қорымдар оларды тұрғызуға жұмсалған көп еңбектің және мол байлықтың көрінісі ғана емес, сонымен бірге белгілі бір дүниетанымының, пәлсапалық көзқарастың да белгісі скендігі даусыз.

Үйсін қорымдарынан шыққан жылқы, қой, ит және басқа жануарлар қаңқасы, түрлі қару жарақ, ыдыс-аяқ, әшекей бұйымдар, әрине, олардың о дүниедегі өмірге деген үмігін, сенімін айғақтайды. “Жерленген кісі бұл дүниеден озғанымен, оның өмірі аяқталған жоқ,яғни оның жер үстінде көрген және сезінген бар жақсылығы мен қызығы екінші дүниеде жалғасын табуы әбден мүмкін» деген ұғымды берсе керек. Мәселен, басқа жануарлармен бірге жерленген ит о дүниеде иесінің малын күзетіп, оны бәле-жаладан сақтауға тиіс болды. Сол сияқты кездіктің де өзінің заттық қызметіне байланысты қабірге қойылғандығы түсінікті. Тура осындай жерлеу салты үйсіндерден бұрын египеттіктерде болғандығын жоғарыда аталған П.Монтэ таратып жазады [7/, 307,312].

Үйсіндер қоғамына байланысты жасалған міне осы және басқа талдаулар мен тұжырымдар олардың өз заманы және табиғи-географиялық ортасына лайық қоғамдық құрылысы, шаруашылығы және мәдениеті болғандығын айғақтайды. Сондай-ақ мұндай ғылыми тұжырым жасау ісінде қытай жылнамалары мен археолог ғалымдарының зерттеу жұмыстарының ерекше орын алатындығын мойындауымыз қажет.

«Ежелгі үйсін елі» кітабының шығуына орай жазылып отырған бұл шағын пікір-мақалада Есік обасынан табылған алтын киімді бекзаданың қандай жұрттан бізге жеткен мұра екендігіне соқпай өту, әрине, мүмкін емес. Мақаланың, мүмкін, негізгі түйіні де осы мәселе болар. Ұлттық археология ғылымының негізін қалаушылардың бірі, бұл тарихи ескерткішті әлемге таныстырған Кемал Ақышев Есік қорғанын сақ-тиграхадтар мәдениетіне жатқызады.

Бұл ғылыми тұжырымға егер ол өмірге келген уақыт контекстінде, сондай-ақ сол тұста ғылымда үстемдік құрған ұстанымдармен байланыста қарар болсақ, әрине, К.Ақышевпен келісуге де болар. Солай болды да. Дегенмен, өмірдегі барлық құбылыстар сияқты ғылым да ылғи тынымсыз алға жылжымақ. Үрімшіде жарық көрген «Ежелгі Үйсін Елі» кітабы, оның ішінде берілген материалдар мен жасалған ғылыми тұжырымдар біздің өткен тарихқа деген көзқарасымыздың ылғи да толығып, жетілу

жолында тұратындығының нақты дәлелі. Олай болса, Есік қорғанында, яғни өз ата-мекенінде мәңгі тыныштық тапқан алтын киімді Бекзада Үйсін қоғамына тән адам, ал Есік қорғаны тарихи ескерткіш ретінде Үйсін Елінен бізге жеткен мәдени мұра. Ол біздің эрамызға дейінгі III-I ғасырларда Жетісу жерін мекендеген үйсіндер қоғамының өз уақытында экономикалық және мәдени өрлеу кезеңін басынан кешіргендігін айғақтайды. Ал үйсіндер болса біздің ұлы ата тегіміз еді.

Ежелгі Үйсін қоғамы, оның мелекеттік, саяси-әлеуметтік құрылымы, рухани және мәдени өмірі жөнінде мәлімет беретін қытай жазба, археологиялық материалдары ұлттық тарихымызды саралауда (әсіресе оның көне және ортағасырлық кезеңдерін) үстем алып келген бұлыңғырлықтан, үзік-үзік берекесіздіктен арылуға көмектесе алатын дерек көздері болып табылады. Аталған деректердегі фактілік материалдар арқылы үйсін, онымен іргелес және тағдырлас ежелгі ғұн және қаңлы қоғамдарының өмірінен біз бүгінгі қазақ қоғамының мемлекеттік, саяси-экономикалық және мәдени бастау көздерін көргендей боламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ежелгі Үйсін Елі. Қытай деректері мен зерттеулер. Үрімші, 2005 .
2. Мұхаметханұлы. Үйсін мемлекеті //Алаш. Тарихи-этнологиялық ғылыми журнал. 2005, № 1.
3. Ақышев К. Ертедегі ескерткіштер елесі. - А., 1976.
4. Жолдасбеков М., Сатқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің атласы. “Күлтегін”баспасы, 2005.
5. Зуев Ю.А. Ранние тюрки. Очерки истории и идеологии. - А., 2002.
6. Аманжолов А. Түрік филологиясы және жазу тарихы. - А., 1996.
7. Мұхамед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. - А., 2003.

РЕЗЮМЕ

В статье освещается история государства Уйсуней и анализируются исторические источники. Автор сопоставляет свои взгляды с данными китайских источников и приходит к заключению, что государство Уйсун является древним кочевым государством на территории Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ежелгі Үйсін мемлекетінің өмір сүрген мезгілі, деректері жайлы айтылады. Шыңжаннан шыққан «Ежелгі үйсін елі» атты деректер жинағына автор өз көзқарасын білдіреді.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ ҚАНДАЙ ЖАҢАЛЫҚТАР БАР?

Тұрлығұл Т.Т. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазір дүние жүзі бойынша халыққа білім берудің (жоғары, орта) сапасын жақсартуға ерекше назар аударылып отыр. Бұл бағытта айтарлықтай табысқа жеткен мемлекеттер де бар. Дүние жүзінде екі жүзге жуық мемлекеттер мен елдер болса, солардың 15 пайызында ғана білім беру ісі ойдағыдай жолға қойылған. Бірақ көптеген мемлекеттерде білім берудің сапасы төмен. Олардың арасында ТМД елдері, солардың бірі Қазақстан да бар. Мысалы, 2004 жылы біздің Республикамызда 230 мыңнан аса ұл мен қыз мектеп бітірді. Олардың 179874-і, яғни 79,3%-ы жоғары оқу орындары мен колледждерге түсуге тілек білдірген /1/. Солардың 14,7 пайызы ғана "4" пен "5-ке" лайық білім дәрежесін көрсеткен. Ал, 43509 түлек (24,3 пайыз) 0-39 аралығында балл жинады /2/. Бұған жоғарыда айтқанымыздай 50 мыңнан астам мектеп бітірушінің жоғары оқу орнына не колледждерге түсуге талаптанбағанын ескеріп, олардың да білім сапасы төмен деп есептесек, жүз мыңға жуық оқушының білімі қанағаттанғысыз деген қорытынды шығады.



Осы мәселені зерттеуші ғалымдардың пікіріне сүйенсек проблеманың тамыры тереңге кетеді. Дүние жүзі бойынша мәдениет пен халық ағарту саласын зерттеп отырған БҰҰ-ның арнайы Комитеті ЮНЕСКО 1967 жылы білім мәселесіне арналған халықаралық конференция өткізін, қазір білім беру дағдарысынан бір де бір ел сау емес деген қорытынды жасайды /3/.

Осыған байланысты өткен ғасырдың 60-70 жылдары бір қатар даму жөнінен алдыңғы қатарлы елдер білім сапасын жақсартуға бағытталған реформалар қабылдады. Солардың бірі – АҚШ. Бірақ та ол реформалар да айтарлықтай нәтиже бермеген. Осы мәселені арнайы зерттеумен шұғылданған комиссия Конгреске, АҚШ Президентіне және жұртшылыққа арнап «Халыққа білім беру құрдымға кету шегінде» (1983 ж.) деген мәлімдеме жасайды. Онда білім беру саласында орын алған кемшіліктер нақты көрсетіледі және 2000 жылға дейін оларды түгел жойып, саланы жақсартатын іс-шаралар айқындалады.

Арада сегіз жыл өткеннен кейін, 1991 ж. АҚШ-тың экс-президенті Дж. Буш Мэн штатының педагогикалық жұртшылығы алдында сөйлеген сөзінде білім беруде орын алған кемшіліктерді айта келіп, «Америка мектептеріне қауіп төнді» /4/ деген қорытынды жасайды.

Сөйтіп, өткен ғасырдың соңғы ширегінің орта кезінде ЮНЕСКО-ның берген бағасы бойынша, білім беру орасан зор дағдарысқа ұшырады. Ал КСРО-ның ыдырау қарсаңында оның мектептері «өскелең ұрпақты жан-жақты және үйлесімді дамыту міндеттерін» атқара алмады /5/.

Қазақстандық ғалым Ғ.М. Құсайынов орта, жоғары оқу орындарында оқыту – білім беру үрдісінің дағдарысқа ұшырау себептерін, оны түбірінен өзгертіп, білім сапасын жақсарту тәсілдерін ғылыми-педагогикалық тұрғыда негіздеп, соңғы 15 жылда бірнеше монографиялар (В.К. Дьяченкомен бірігіп), еңбектер жазып жүрген автор. Оның «Педагогическая технология: теория, история, практика» атты еңбегінің 108-121-беттерінде білім беру саласында орын алған әлемдік проблемалар, олардың себептері жан-жақты талданып, шешу жолдары ғылыми тұрғыда дәлелденеді (153-214-беттер).

Ғалымдар мен жеке-дара озат мұғалімдердің, оқытушылардың айтқандарына, тәжірибелеріне назар аударсақ, білім беру сапасын жақсартудың бірден-бір жолы – жаңа педагогикалық технологияларды қолдану екен.

70-жылдардан бері қарай дүниежүзілік оқыту теориясында (дидактикада) және тәжірибе жүзінде педагогикалық технологиялар толық қолданыла бастады. Бұл дегеніміз, төмендегі талаптардың орындалуы: оқыту мақсатын дәл анықтау, оларды барынша нақты көрсету; бұл оқытып үйрету үрдісінің оқыту мақсаттарын орындауға тікелей бағдарлануы; оқыту бағдарлары мен барлық оқытып-үйрету тәсілдерінің нәтижеге жетуге кепілдік бере алуы; кезекті қол жеткен нәтижелерді тексеріп, бағалап отыру, жоспарланған мақсатқа ойдағыдай жетуге қажетті түзетулер жасау; жеткен нәтижені қорытындылап бағалау /6/.

Өткен ғасырдың соңына қарай, қазір де жаңа педагогикалық технологиялар туралы жарияланған еңбектер өте көп. Оларда осы жаңалық жан-жақты, әрі түрлі қырынан баяндалады. Жалпы «технология» грек сөзі, бізше өнер, шеберлік дегенге келеді. Жаңа педагогикалық технологияны жеке оқыту әдісі деуге келе бермейді, өйткені көбіне бір технологияны жүзеге асыру бірнеше әдісті, не топ әдісті қамтиды. Қазір қолданыстағы осындай топтар саны – бірнеше он. «Педагогикалық технология» ұғымының қазір 300-ден астам балама анықтамалары бар. Мәселен, осы проблеманы көптен зерттеп жүрген белгілі педагог және т.б. ғалымдар оған төмендегідей анықтамалар береді.

«Педагогикалық технология дегеніміз – оқытуды жоспарланған нәтижесіне жеткізетін қағазға жазылған барысы» (И.П. Волков).

«Педагогикалық технология дегеніміз – оқушы мен мұғалім үшін барлық жағынан өте қолайлы жағдайлар жасай отырып, оқыту үрдісін жобалаудың, оны ұйымдастырудың және өткізудің бүге-шігесіне дейін ойластырылған, әрі бірлесіп жүзеге асырылатын педагогикалық қызметтің моделі» (В.М. Монахов).

«Педагогикалық технология дегеніміз – педагогикалық мақсаттарға жету үшін қолданылатын тұлғалық, инструменталдық, методологиялық құралдардың жүйеленген жиынтығы және олардың ретімен қызмет етуі» (М.В. Кларин) /6, 7/.

Жоғарыда келтірілгендерді және басқаларды жинақтасақ, оқыту (педагогикалық) технологиясы жүйелі категория екен, ол төмендегідей құрылымдардан тұрады. Олар: оқытудың мақсаты; оқыту мазмұны; педагогикалық әрекет етудің құралдары; оқыту үрдісін ұйымдастыру; оқушы, мұғалім; жасалған қызметтің (іс әрекеттің) нәтижесі. Жоспарланған нәтижеге, мақсатқа жетудің басты шарты – оқытылатын тақырыптың, сабақтың мақсатын дәл, әрі нақты анықтау, оған нәтижеге жетудің жолдарын жобалап қолданылатын әдіс-тәсілдері, құралдарды барынша тиімді іріктеу және дәл көрсету, нәтижені тексеру не тексеріп отыру. Осы жоба қағазға түсіріледі, оны жасауға да, жүзеге асыруға да барлық оқушылар белсене қатысады.

Педагогикалық технологияларға арналған кейінірек шыққан және көлемді еңбектердің бірінде /7,46/ оларды сараптап, жеке-жеке былайша атап шығады: ұжымдық оқыту; программалап (бағдарлап) оқыту; проблемалық оқыту; оқытудың белсенді әдістерін пайдалану; ойынды пайдалану; оқушының жеке басының дамуы ерекшеліктерін ескере оқыту және педагогтік ынтымақтастық; интегративтік оқыту; модульдік оқыту; Р.Штайнердің Вальдорфтік оқытуы; дамыта оқыту; витагендік оқыту; авторлық мектептердегі оқыту; этнопедагогикалық оқыту; алыстан оқыту; ақпараттық технологиялар және т.б.

90 жылдардың екінші жартысынан бастан Республика мектептері тарихшы мұғалімдерінің жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану барысындағы тәжірибелерін зерттеген уақытта, олардың көбіне төмендегі технологияларды көбірек пайдаланатындығы анықталды. Мұндай технологияларды құр тізіп шықбай, ұстаздардың неліктен көбірек пайдаланатындығы жөніндегі пікірлерін де келтіріп отырамыз.

Жаңа педагогикалық технологиялардың маңыздыларының бірі – **педагогикалық ынтымақтастық**. Бұл ынтымақтастық мұғалім мен оқушы, оқушы мен мұғалім, мұғалім мен ата-ана, ата-ана мен оқушы, оқушы мен қоршаған орта және онда

кездесетін адамдар арасындағы ынтымақтастық. Шын мәнінде осындай ынтымақтастық орнамаса, мұғалім оқушы жүрегіне жол таппаса жақсы нәтижеге жету қиын.

Ұстаздың педагогтік шеберлік – технологиясы. Мұнсыз – сыныпта, сабақта, одан тыс жерлерде де шәкірттерді баулу, соңынан ерту қиын.

Проблемалық оқыту технологиясы дұрыс, тиімді қолданылған жағдайда оқушылардың ойлау-таным қызметін дамытуға, өздігінше жұмыс істеу біліктерін қалыптастыруға, қоршаған ортада болып жататын қоғамдық-саяси өзгерістерге өздігінше баға беруге жаттықтырады.

Интерактивті әдістер технологиясы – оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас барынша белсенді дәрежеге жеткенде жүзеге асады.

Оқытудың белсенді әдістері – технологиялары туралы тоқталғанда орынды да тиімді қолданылған жағдайда оқытудың барлық әдістерінің де белсенді әдістер бола алатынын ескертуіміз керек. Оқушылардың белсенділігін арттыратын әдістерді педагогикалық технологиялар дәрежесіне жеткізу үшін, олар оқыту үрдісіне оқушылардың ойлау қызметін дамытатындай, проблемалық, зерттеушілік, ізденушілік сипат беруі және оқушыларды жоспарланған нәтижеге жетуге ынтымақпен, қызыға кірісетіндей шығармашылық жағдайға келтіруі тиіс.

Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігі – оқулықтағы оқу материалының құрылымы үнемі сәтті бола бермейді, соның салдарынан тақырыптың оқу мақсатын жобалауда, нәтижеге жету де қиындық туғызады. Мұндай тақырыпты (3-5, 6-7 сағаттық) мұғалім оқушыларды қатыстыра отырып өздігінше жоспарлайды: құрылымын өзгертеді, мазмұнының логикалық байланыстарын күшейтеді, тақырыпты бірнеше ірі бөліктерге бөліп, әр бөлікке сәйкес келетін оқытудың ұйымдастыру формалары мен әдіс-тәсілдерін белгілейді. Бір модульде дәстүрлі сабақ, лекция, семинар, қорытып-қайталау сабағы болуы мүмкін. Басты дидактикалық мақсат - әрбір оқушының жоспарланған нәтижеге жетуін қамтамасыз ету.

Дамыта оқыту технологиялары да тарихты оқытуда көп уақыттан бері (XX ғ. 60-жылдарынан) пайдаланылып келеді. Оларды дұрыс, тиімді пайдаланған уақытта оқушылардың ойлау, таным қызметін ойдағыдай дамытуға, шығармашылықпен өздігінше жұмыс істеу біліктерін жетілдіруге мүмкіндік туады. Алдымен оқушылардың зерделілігі, қабылдаушылығы, ойланып-қиялданушылығы, есінде берік сақтаушылығы дамитын болады. **Мұғалімдер көп пайдаланатын технологиялар: пікір алысу, пікір таластыру, дебат. Ой түрткі, миға шабуыл, сыни көзқарас** технологиялары да олармен қатар пайдаланылады.

Этнопедагогикалық мәліметтерді пайдалану технологияларына келетін болсақ, алдымен тарих пәнінің бүкіл адамзаттың тарихы екенін, оның көп қырлы, жан-жақты ғылым екенін ескеруіміз керек. Сондықтан, жеке елдердің, мемлекеттердің тарихын оқытып үйрету барысында сол мемлекетті көптен мекендеп отырған ұлттардың, халықтардың тарихынан мәліметтер келтіру жатады.

Тарих пәні **ойын технологиясын, баспасөз материалын, туған өлке материалын пайдалануға, сондай-ақ кіріктірілген сабақтар** ұйымдастыруға да мүмкіндік береді.

Сөйтіп, 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, бірқатар тарихшы мұғалімдер өздерінің тарихты оқыту әдістемесіне оқыту үрдісіндегі белгілі жаңалық – жаңа педагогикалық технологияларды енгізе бастады. Бірақ оларды енгізудегі басты міндет – оқытудың мақсатында нақты белгіленген күтілетін нәтижеге жету талабы үнемі орындала бермейді. Ол нәтижеге апаратын тіке жол – оқытуды оқушыларды жұпқа, топқа (4-6 оқушы) бөлу арқылы ұйымдастырып, ең соңында жаңа оқу материалын бүкіл ұжым – сынып оқушыларын түгел қатыстыра отырып талқылау.

Оқыту мақсатында белгіленген күтілетін нәтижеге жету талабына сай еңбек етіп жүрген жеке-дара мұғалімдер бар. Олардың қатарына Алматы қаласындағы №159 мектептің мұғалімі Г.С. Асанбекова, Шымкент қаласындағы №23 мектеп-лицейдің мұғалімі О.В. Воронянская, Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Абай

атындағы орта мектеп мұғалімі Ә.Х. Қисымова т.б. қосуға болады. **Жаңа технологияларды пайдаланудағы ендігі міндет – күтілетін нәтижеге жету.**

Осы проблеманы зерттеген ғалымдардың еңбектеріне /5, 6, 7/ және озат мұғалімдердің тәжірибесіне сүйенсек күтілетін нәтижеге жету үшін алдымен мынандай әдістемелік шарттарды орындау қажет:

- Оқу жылының басында осындай әдістеме мен жұмыс істеуді жоспарлаған мұғалім, шәкірттеріне мұның өте пайдалы екенін, егер ықыластанып, қызыға жұмыс істесек бәріміз де «4» пен «5»-ке сай келетін білім алып, бағдарламада көрсетілген біліктерді толық меңгеретінін «миларына құяды». Оқушыларға оқулықтың мазмұнын аштырады. Өзінің күн бұрын дайындап келген тест сұрақтарына оқулық тарауларынан дәл жауап беру тәсілін түсіндіреді.

- Келесі міндет сол курстың, оның жеке тақырыптарының мақсатын анықтау, әрбір тақырып бойынша күтілетін нәтижелерді тізіп көрсету, осының негізінде әр тақырып бойынша тест сұрақтары дайындалады.

- Мұғалім оқулық материалын сын елегінен өткізеді, өте көлемді тақырып болса және құрылымында қисынсыздық байқалса, оның құрылымын өзгертіп, мазмұнына қарай жеке бөліктерге бөліп, модульін жасайды. Әрбір модуль бойынша оқыту нәтижесі көрсетіліп, оны тексеретін аралық тест сұрақтары дайындалады. Жеке модуль-тақырыпша бойынша оқыту нәтижесі тексеріліп, әзірге жеке сұрақтардың бағасы «меңгерді», «меңгермеді» деп қана белгіленеді. Негізгі білім тексеру тұтас алынған көлемді тақырып оқылып болғаннан кейін (2-3 апта шамасында), оның соңғы сабағында жүргізіледі.

- Осы жаңа әдіс-тәсілмен оқытуды шәкірттеріне жете түсіндіру үшін мұғалім сызбаларды пайдаланады. Онда тақырыпты оқытудың мақсаты, күтілетін нақты нәтижелер, оған жетудің әдістемелік жолдары, пайдаланылатын құралдар т.б. көрсетіледі және оқушылардың белсене қатысуымен толтырылады.

- Оқушылар білімін аралық, тақырып аяқталғаннан кейін және курсты оқып болғаннан кейін тексеру аса маңызды. Екі сағаттық тақырыпты өтін болып мұғалім келесі сабақтың басында тест сұрақтары арқылы білім тексереді де, оқушылардың «4» пен «5»-ке үлгірген тобына жаңа оқу материалымен жұмыс істеуді тапсырады, ал өзі қалған оқушылардың жақсы үлгірмеген сұрақтары бойынша жұмыс істейді және бұрын қолданған әдістерінен басқа әдіс, тәсілдерді пайдаланады. Ал, көлемді тақырып (бөлім), не бүкіл курс бойынша қорытынды тексеру жүргізіледі. Оқушылар тапсырмаларды орындаған соң, тексеру бланкаларын толтырады да, оларды бір-біріне беріп тексертеді, кіліттерімен салыстырылады, сосын егелеріне қайтарылады. Осыдан кейін мұғалім тақтаға толық меңгеру эталонын (білім элементтерін) іледі. Бұл эталондар бойынша оқу материалын толық меңгергендер кемі 40-50 пайыз болады. Осыдан кейін мұғалім тақтаға екінші эталонды іледі. Бұл бойынша қалған оқушылар өз жауаптарының «3» пен «4»-ке сәйкес келетінін анықтайды. Мұғалім тест жауаптарын талдай келе, барлық оқушының оқу материалын неліктен толық меңгере алмағанын, яғни неге бәрінің «4» пен «5»-тік дәрежеге жете алмаған себептеріне назар аударады және ол кемшіліктерді келешекте болдырмау жолдарын түсіндіреді.

Оқу материалын толық меңгерту жүйесін тиімді пайдаланған мұғалімдердің бірі шымкенттік О.В. Воронянская. Ол 1999-2003 жылдары осы проблема бойынша біздің жетекшілігімізбен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, кандидаттық диссертация дайындады. Енді Оксана Витальевнаның 9-сыныпта (1991-2003 жж. Бағдарлама бойынша) «ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мәдениеті» /8/ тақырыбын өту тәжірибесіне қысқаша тоқталайық. Мұғалімнің пайдаланған сызбаларын келтіруге осы мақаланың көлемін көтермеді. Сондықтан мақаланың толық нұсқасына сілтеме жасадық /9/.

Оқу бағдарламасында бұл тақырыпқа 5 сағат уақыт бөлінген, осыған сәйкес оқулықта да тақырып бес параграфқа (§§ 25-29) бөлінген. Мұғалім де оны оқытып меңгертуге бес сабақ арнаған, бірақ оқу материалы оқулықтан басқаша топтастырылған.

1-панорамалы сабақ. Тақырыптың маңызы қысқаша, ал мақсаты нақты баяндалады. 4-5 сұрақ қойылып өтілген материал бойынша әнгімелесіледі. Жаңа оқу материалын түсіндіру барысында оқушылар ұстаз әнгімесін тыңдай отырып, тірек сигналдар мен сызба үлгісінде жасалған құрылымдық сызбаның орталық бөлігін толтырады. Үйге тапсырмаға оқулықтағы §§ 25, 26 бойынша логикалық сызбаны толтыру тапсырылады, баяндамалар мен рефераттар дайындау үшін оқушыларға тақырыптар бөлінін беріледі.

2-сабақ. Үй тапсырмасы тексеріледі: оқушылар дәптердің сызба орындалған бетін ашып, партаның шетіне қояды, мұғалім аралап көріп, жақсы орындалған жұмыстарды таңдап алады. Өте жақсы орындаған 2-3 оқушы жұмыстарын тақтаға сызады, оны бүкіл оқушы талқылайды.

Жаңа тақырыпша Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасын ашып көрсетуге және Ресейдің азаттық қозғалысының Қазақстандағы өкілдеріне арналады. Оқушылар сызбадағы «Әсер етуші факторлар» графасын толтырады, берілген нақты материалды талдайды.

Сабақтың келесі буынында Ш.Уәлиханов туралы баяндама тыңдалады, тыңдай отырып, ұсынылған сұрақтар бойынша түсіпгендеріңді жазып отырыңдар деген тапсырма беріледі. Баяндама талқыланып, тапсырманың орындалуы тексеріледі. Одан әрі оқулықтағы «§26. Халық ағарту ісі» бойынша қысқаша сызба жасандар деген тапсырма беріледі, ол үшін үш сұрақ ұсынылады. Сызбалар талқыланып, бағалар қойылып, сабақ қорытылады.

3-сабақ. Ұлы ағартушылар және XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда мәдениеттің дамуы оқытылады. Үй тапсырмасы тексеріледі, өткен сабақта басталған сызбаны толтыру жалғасады, ол әдебиет туралы мәліметтермен толықтырылады. Сабақтың екінші буынында Ыбырай, Абай туралы хабарлар тыңдалып, қорытындылар жасалады. Үйге §27 және сызбаның барлық бөлімдерін толтыру тапсырылады.

4-сабақ. Үй тапсырмасын талдаудан басталады. Жаңа оқу материалын түсіндірер алдында оқушылар шағын топтарға бөлінеді (4 оқушыдан 5-6 топ). Әр топқа жеке-жеке тапсырмалар беріледі. Орындау қорытындысы алдымен әр топтың өз ішінде, сосын топтар арасында талданады. Жауаптар жинақталып, қорытылып, бағалар қойылады, бүкіл тақырыпта берілген негізгі материал талданады. Үй тапсырмасына §§25-29, бүкіл тақырып бойынша проблеманы анықтау, рефераттарды қорғауға дайындау тапсырылады.

5-сабақ. I кезеңде бүкіл тақырып бойынша әсер етуші факторлар анықталып, тұжырымдалады (топтық жұмыс). II кезеңде рефераттар қорғалып, сұрақтар шешіледі. Рефераттарда тақырып бойынша оқушылардың барлық жүргізген зерттеу жұмыстарының жиынтығы қорытылып баяндалады. III кезең тестіге арналады, (10 минутқа 20 сұрақ), оқушының өзі, не бірін-бірі бақылап тексереді. IV кезең тақырып бойынша қорытынды жасауға, баға қоюға арналады.

Осы тақырыптың оқытылу барысына зер салсақ, өзіміз жоғарыда атап өткен жаңа педагогикалық технологиялардың көбінің тиімді пайдаланылғанын, олардың арасында әсіресе оқытудың қолайлы формалары – топқа бөліп оқыту, ұжымдық оқыту сияқты күрделірек формаларының да бар екенін аңғарамыз.

Қорыта келгенде тарихты оқыту әдістемесіне, оның тәжірибесіне ене бастаған осы жаңалықтар жоғары оқу орындарында тарихты оқыту теориясы мен әдістемесінен сабақ беретін оқытушылардың да, мектептің тарихшы мұғалімдерінің де үнемі назарында болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүлеймен Мәмет. Биыл үміткерлер былтырғыдан көп //Егемен Қазақстан, 2004, 21 мамыр.
2. Жәнісұлы Есей. Мақсат және 43 509 үлгермеуші //Жас алаш, 2004, 17 маусым.
3. Кумс Ф.Г. Кризис образования в современном мире. Системный анализ. М., Прогресс, 1970, 260 с.

4. Малькова З.А. Тринадцать лет спустя: американская школа //Педагогика. 1996, №5, С.102-110.
5. Кусаинов Г.М. Педагогическая технология: теория, история, практика. Усть-Каменогорск, 2000. - С.324.
6. Кларин М.В. Технология учебного процесса в зарубежной дидактике. /Сб.статей «Современная дидактика: теория-практика». М., 1994. - С.215-230.
7. Педагогические технологии (под общ. ред., проф. В.С. Кукушина). - Ростов-на-Дону, 2002.
8. Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы. 9 сынып. Алматы, Рауан, 1998. 148-179 б.
9. Тұрлығұл Тотай, Вороньянская Оксана. Жүйелілік-құрылымдық тәсіл қалай қолданылады? // Қазақ тарихы. 2001. №3. - 69-74 б.

РЕЗЮМЕ

В статье «Что нового в методике обучения истории?» раскрываются методические пути достижения полного усвоения учебного материала путем использования новых педагогических технологий.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада оқу материалдарын жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы игерудің әдістері ашып көрсетілген.

УДК 517.946

ТЮРКСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ: ЭКОНОМИКА И ИДЕОЛОГИЯ

Бакина Н.С. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Во второй половине VI в. создается огромная кочевая империя тюрков, охватившая пространство от Кореи до Черного моря.

Первой хозяйственной деятельностью, с которой тюрки вышли на арену всемирной истории, было добывание железа. Их легендарный предок Ашина, бежал на север и “добывал железо для жужаньцев”. Археологами обнаружены памятники тюркской металлургии V-IX вв. Железо, которое получали тюрки, было высокого качества, содержало до 99,45% чистого металла, было весьма ковким и прочным. На Алтае часто встречаются следы древних железоплавлен, причем добывалось не только железо, но и золото, серебро, олово и медь.

Из высококачественного железа тюрки изготавливали панцирные доспехи, ножи, тесла-топоры, стремена, удила, детали конской сбруи, мечи, сабли с небольшим изгибом и массивным клинком, наконечники копий и стрел, а также железные котлы двух типов: круглые - подвесные и стоячие - на конической ножке.

В найденных захоронениях тюркского периода, обычно до нас доходят металлические части предметов, которые отличаются необычайным единообразием размеров и форм. Стандартизация металлических предметов V-IX вв. характерна для тюрков. Изменение типов железных вещей происходило всюду почти одновременно. Все это позволяет заключить, что было хорошо налажено кузнечное производство.

Стандартные шашки, пики, кольчуги, сбруи, центры кузнечного дела говорят о промышленном производстве и заставляют признать, что у тюрков царствовала культура, отличная от всех иных культур мира той эпохи.

Промышленная добыча железа позволила тюркам обеспечить себя панцирной конницей, что и объясняет их быстрые военные успехи. В дотюркский период бои решали конные стрелки из лука, появление панциря свело их значение на нет.

Тюрки выступили на арену мировой истории как народ, впервые в Азии освоивший промышленную добычу железа, они ввели его в массовое употребление и благодаря этому поставили себя в независимое положение столь необходимое для успеха военных предприятий.

Путем удачных войн тюркам удалось установить господство от Китая до Дона и от Сибири до Ирана.

Если силу тюркские каганы черпали у степных племен, то богатство притекало в их руки из оседлых владений. В начале VII века тюркская империя была на гребне своего экономического и культурного расцвета; торговля, земледелие и ремесла развивались быстро; религиозные культы мирно уживались друг с другом; шелк, переливаясь из Китая в Византию, по пути оседал в городах каганата. Все это благополучие было результатом подчинения подвластных народов тюркскому кагану.

Тюрки стали хозяевами значительной части торгового пути из Китая в страны Средиземноморья - Великого Шелкового пути.

Именно в тюркский период наблюдается оживление на трассах Великого пути, который проходил из Китая на запад через Семиречье и Юг Казахстана. Это объясняется тем, что в Семиречье находились ставки тюркских каганов, которые контролировали торговые пути, к тому же богатая тюркская знать и их окружение стали крупными потребителями заморских товаров. Так этот путь стал главным и основное число посольских и торговых караванов в VI - XIV вв. шло здесь.

Оживление тюркского участка Шелкового пути сыграло важную роль в развитии здесь городской культуры. В Семиречье и на юге Казахстана оно стимулировало возникновение целого ряда новых городских центров, способствовало быстрому росту тех городов, которые оказались либо на трассе, либо были связаны с ней торговыми ответвлениями. Вполне естественно, что шелк и часть товаров, провозимых по Шелковому пути, оседали в этих городах. Благотворное воздействие оказал Шелковый путь на культуру тюркских народов, оказавшихся на стыке двух цивилизаций - азиатской и европейской. По Шелковому пути распространялись религиозные учения и идеи, различные миссионеры переносили свою веру в заморские страны. Из Индии через Среднюю Азию и Восточный Туркестан пришел буддизм, из Сирии, Ирана и Аравии распространялись христианство, а затем и ислам.

Большую роль в жизни тюрков играла охота, в особенности облавная, которая требовала специальной выучки, своего рода это была подготовка к военным маневрам и подвигам. Средневековые авторы говорят о степных просторах с разнообразными животными, на которых охотились кочевники. «Все пустынные степи той многоблагословенной страны полны дичи. Сайгаки от изобилия луговых пастбищ той степи, подобно жирным коровам, не в силах бегать и охотник в той области, преследуя дичь, никогда не погонял коня старания».

Охотились на конях, дичь били на скаку булавами или секирами. Существовало несколько видов охоты: с ловчими птицами, охота с борзыми собаками, охота загоном и т.п. Из охотничьих птиц использовались ястребы, беркуты, кречеты, соколы и др. Охота с ловчими птицами широко практиковалась вплоть до начала XX в.

Развита была соколиная охота. Сок-кол, эти «припадающие к рукам» или «навещающие руку» птицы, поражали всех европейских послов прибывавших к тюркам тем, что они после охоты возвращались на руку хозяина. Однако у тюрков охота не составляла самостоятельного занятия, а была лишь подспорьем скотоводству, хотя в натуральном хозяйстве степняков имела немалое значение.

Основным занятием кочевых тюрков было пастбищное скотоводство. Скот доставлял им продукты питания, материал для одежды и жилища, служил им транспортом, а также был средством обмена на предметы первой необходимости.

Кочевники разводили в основном овец, лошадей и верблюдов; крупный рогатый скот занимал в хозяйстве незначительное место, так как он не приспособлен к условиям круглогодичного выпаса и особенно к добыванию кормов зимой из-под снега. При этом ведущее место по хозяйственному значению занимали лошади и овцы.

Скот был частно-семейной собственностью. Зато право общинного пользования пастбищами принадлежало всем свободным членам кочевого общества. Однако общинное пользование территорией выпасов не нарушало обычаев потомственного владения пастбищами родов и племен. Кочевое скотоводство весьма затруднительно для

больших стад, поэтому каждая семья перегоняла свой скот порознь на свои определенные места зимовок и летовок. Как говорит источник “Постоянного местопребывания нет, но каждый имеет свой участок земли”. Эта система землепользования диктуется самой природой кочевого скотоводства: ограниченностью пастбищных угодий и воды. Раздел угодий и строгое соблюдение границ - это единственное средство удержать кочевников от жестоких стычек за водопои и пастбища.

Но в период ослабления центральной власти и обострения межплеменных войн велась в основном куренная система хозяйствования: при ней целый ряд семей кочуют совместно и на ночь огораживают ставку телегами и дозорами. Эта система связана с требованиями безопасности.

Значительное место в хозяйстве кочевников занимали различные ремесла и домашние промыслы, большинство из которых было связано с обработкой продуктов скотоводства. Они выделывали кожу и войлок и окрашивали их в разные цвета. Искусно владели кочевники техникой теснения, аппликаций и узорного шитья. По свидетельству Ибн Рузбихана, “производили разноцветные войлоки с необыкновенными узорами и нарезные ремни, очень красивые и изящные».

Выделка кожи, стояла на высокой ступени развития: “...Их кафтаны сделаны из овечьей кожи, они окрашиваются в разные цвета и становятся похожими на атлас. Их привозят в Бухару, где продают по той же цене, что и кафтаны из атласа, настолько они изящны и красивы. У них есть также удивительные накидки, сделанные из той же овечьей кожи. Они совершенно непромокаемы и не боятся сырости; это происходит от свойства некоторых растущих там трав, которые служат для обработки кожи».

Кочевые турки домов не строили. Однако никем не доказано, что каменная лачуга есть высшая форма жилища по сравнению с юртой- теплым, просторным и легко переносимым с места на место жилищем. Для кочевников, тесно связанных с природой, жизнь в юрте не прихоть, а необходимость. Летом степь выгорает, и скот должен пастись на джайлау, которые располагаются на склонах гор. Зимой же, когда на горах выпадает много снега, стада возвращаются в равнины, где снежный покров тонок и скот добывает из-под него весьма питательную траву.

При таком быте переносное жилище является наилучшим. Что же касается удобств юрты, то можно предоставить слово китайскому поэту Бо Цзюй-и, посвятившему юрте стихотворное описание.

В северной прозрачной синеве
Воин юрту ставил на траве,
Круглый остов из прибрежных ив
Прочен, свеж, удобен и красив.
Юрту вихрь не может покачнуть,
От дождя ее твердеет грудь.
Нет в ней ни застенок, ни углов,
Но внутри уютно и тепло.
Князь свои дворцы покрыл резьбой,-
Что они пред юртой голубой!
Я вельможным княжеским родам
Юрту за дворцы их не отдам.

Китайский поэт описывает обыкновенное жилище, в каком мог жить кочевник среднего достатка.

Ханская юрта, вмещавшая до 900 человек поразила воображение даже Менандра, придворного византийского императора. Он описывает юрту с золотым тронem, другую юрту - “испещренная шелковыми покровами”, третью - где стояли позолоченные столбы и золотые павлины, поддерживали ложе кагана. Вся эта роскошь не могла дойти до нас. Дерево и меха истлели, золото и серебро перелиты. Но письменные источники, заслуживающие большого доверия, пронесли сквозь века сведения о богатой и неповторимой культуре тюрков.

зеленого атласа, голова его была не покрыта, только узкая шелковая лента перехватывала лоб, и удерживала волосы, ниспадавшие на плечи. Кагана окружала свита из двухсот всадников, одетых в парчовые халаты. Их волосы были заплетены в косы. Прочие войны были одеты в меховые и полотняные одежды и вооружены длинными копьями с флажками и прямыми луками. Их было так много, что конца войску не было видно».

Эта картина дает возможность представить себе внешний вид богатого и роскошного двора западнотюркского каганата. В колорите нет ничего серого: переливаются атлас и шелка, горит на солнце парча, мягко поблескивают меха, играют сытые заводные кони. Все празднично и разнообразно, даже прически, которые строго определяются племенными обычаями и вместе с тем трогательное уважение к интеллекту. Нищего монаха встречают, кормят, слушают со вниманием и дают ему возможность добраться в Индию, откуда он обещает привести крупицу мудрости.

Византийский посол Менандр описывает богатство и роскошный прием послов в ставке кагана. «Истеми-хан сидел на ложе, которое было все из золота. На середине помещения были золотые сосуды и кропильницы и бочки также золотые. Они опять пировали, поговорили за попойкой о чем было нужно и разошлись. В следующий день они пришли в другую комнату. Где были столбы деревянные, покрытые золотом, так же и ложе вызолоченное, поддерживаемое четырьмя золотыми павлинами. Перед комнатой на большом пространстве в длину были расставлены телеги, на которых было множество серебра, блюда и корзины и многие изображения четвероногих, сделанные из серебра, ничем не уступающие тем, которые делают у нас. В этом состоит роскошь тюркского князя».

Тюркские монархи демонстрировали не только свое богатство и боевую силу, но и свои познания в географии, знание сил неприятеля. Вот что было сказано Византийскому послу Валентину в 576 году: «Не вы ли те самые римляне, употребляющие десять языков и один обман? ... Ваш царь в надлежащее время получит наказание за то, что он со мной ведет речи дружественные, а с вархонитами (аварами), рабами моими, бежавшими от господ своих, заключил договор. Но вархониты как подданные тюрков придут ко мне, когда я захочу... Зачем вы, римляне, отправляющихся в Византию посланников моих ведете через Кавказ, уверяя меня, что нет другой дороги, по которой бы им ехать? Вы для того это делаете, чтоб я по трудности этой дороги отказался от нападения на римские области. Однако мне в точности известно, где река Данапр, куда впадает Истр, где течет Эвр и какими путями мои рабы вархониты пришли в Римскую империю. Небезызвестна мне и сила ваша. Мне же преклоняется вся земля, начиная от первых лучей солнца и оканчиваясь пределами запада...».

Победа тюрков, в результате которой они стали господами полумира, была не случайной. Они создали экономику, идеологию, армию и систему управления настолько высокую, что можно сказать с уверенностью: они были достойны победы.

ЛИТЕРАТУРА

1. Абуль-Гази Багадур хан. Родословное древо тюрков. Москва. - Ташкент-Бишкек, 1996. -186с.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки.- М.: Наука, 1967.
3. Еремеев Д.Е. Роль кочевников в этнической истории // Расы и народы. Ежегодник. - Вып. XII.- М.: Наука, 1982. - С.19-42.
4. Клейн Л.С. Генераторы народов //Бронзовый и железный век Сибири. - Новосибирск, Наука, 1974. - С.126-134.
5. Кляшторный С.Г. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992 -245с.
6. Потанин Г. Восточные мотивы в западноевропейском эпосе. - СПб, 1899.
7. Литвинский Б.А. Этногенез и этническая история народов Средней Азии и Казахстана в древности и средневековье: теоретический аспект // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. - Вып. 1. - Общие проблемы. - М., 1990. -С.21-41.
8. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М., Л., 1951.

9. Немет Ю. Два кипчакских географических названия в Венгрии. //В сб. "Исследования по тюркологии". Алма-Ата, 1969. -С.11- 40.
10. Франкфор А.П. Существовал ли Великий шелковый путь во 2-1 тысяч. до н.э. // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций.- Алма-Ата, Наука КазССР, 1989. С.203-217.
11. Фурсов А.И. Нашествие кочевников и проблемы отставания Востока. //Взаимодействие и взаимовлияние цивилизаций и культур на Востоке. - Т.1., - М.,1988.
12. Харузин Н. История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России // ЭО. - 1896. - № 1.
13. Худяков Ю.С. Вооружение средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии. Новосибирск. 1986. -266с.
14. Чулошников А. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1. – Оренбург, 1924.-291 с.

РЕЗЮМЕ

В статье автор пишет о культурно-исторической общности тюрков, которая, являясь вариантом общечеловеческой культуры, имела огромное влияние на мировую цивилизацию.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жалпы адамзаттық мәдениеттің бір нұсқасы бола отырып, әлемдік өркениетке орасан зор ықпал еткен түркілердің мәдени-тарихи орталығы туралы жазылған. Түркілер Азияда темір өндіру өнеркәсібін тұңғыш меңгерген халық ретінде тарих сахнасына шыққаны, соның арқасында оздерін тәуелсіз жағдайға жеткізіп, Қытайдан Донға дейін үстемдік орнатқаны көрсетілген.

ҚАРЛҰҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Бегімбаева Р. Х. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қытайдың Таң әулетінің шежіресінде «Түркі үйінен шыққан гэлolu (гэло, гэлу) деп келтірілген қарлұқтар оғыз бірлестігіне енетін көп тайпалардың бірі болып табылады. Қытай тарихшыларының айтуы бойынша қарлұқ тайпалары Шығыс Түркі қағандығы мен Ұйғыр қағандығының өмірінде зор саяси рөл атқарған /1/. Қарлұқтар VIII ғ. Орталық Азиядағы ең үлкен саяси күш болып танылған ұйғырлардың да ең басты қарсыластары еді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде «Үш қарлық» деп аталған тайпалық бірлестік Қытай деректерінде осы VIII ғ. бірінші жартысындағы саяси оқиғаларға байланысты айтылады және олардың территориясы Моңғол Алтайы мен Балқаш көлінің аралығында, Тарбағатайдың оңтүстігі мен солтүстігі жағындағы аумақта орналасқан делінеді.

Қарлұқтар туралы алғашқы деректер Орхон жазба ескерткіштерінде де келтіріледі. Орхан жазуларында қарлұқтардың жалпы басшысы «Елтебер» деген беріледі.

VII ғасырдың соңынан бастап Шығыс Түркі қағанатына саяси тәуелді бола отырып, қарлұқтар өз тәуелсіздігі үшін күресін тоқтатпады. Деректерде VIII ғ. бастында Білге Қаған мен Күлтегін қарлұқтарға қарсы үш рет әскери жорық жасаған делінген.

734 жылдан бастап қарлұқтар тарихи аренаға ең бір басым әскери күш ретінде шығып, ұйғырлармен, басмылдармен одақтасып Шығыс Түркі қағандығына қарсы жорық жасайды. Ақырында осы одақтың күші Шығыс Түркі қағандығын құлатып, оның орнына 744 ж. Ұйғыр қағанаты орнайды. Олардың басшысы Түн ябғу - қаған

аталынды да, қарлұқтардың басшысы ябғу деп аталына бастады. Жалпы, қарлұқтар Түрік қағанаты күшейген кезде оларға амалсыз бағынып, әлсіреген кезде тәуелсіздік алуға ұмтылып отырған. Қарлұқтардың ел ретінде еленін, тарихқа танылған кезі Түрік қағанатының әлсіреген кезі еді /2/.

Басында басмыл, ұйғыр одағының құрамында болған қарлұқтар Ұйғыр қағанаты құрылған кезде олардың үстемдігін мойындағысы келмейді. Жаңадан құрылған Ұйғыр қағанатының алдында енді тоғыз-оғыз тайпаларымен қоса, өзінің бұрынғы одақтастарымен де күрес тұрды. Қарлұқтар тоғыз-оғыз тайпаларымен бірігіп ұйғырлармен соғысқа түседі. Дегенмен де, Сырдария-Алтай аралығындағы саяси - әскери жағдайдың өзгеруіне байланысты қарлұқтар күресті тоқтатып, Жетісу бағытына ойысты. «Таң патшалығы тарихы. Ұйғырлар және қарлық тарауында» былай дейді: «Қарлұқтар күшейіп, ұйғырлармен үзеңгі соғыстырып мүйізdestі де он тайпа қағандығының ежелгі жеріне көшіп кетті. Ақырында олар Суяб, Тараз жерлеріне орналасты» /3/. Бұл жерде оларды Жетісу жерін Бірінші Түрік қағанаты кезінен бастап мекендеп, басқарып тұрған оғыз тайпаларының қарсылығы күтіп тұр еді. Оғыз тайпаларының қарлұқтармен Жетісу жері үшін күресі жөнінде деректер аз, бізге белгілісі - оғыздардың Жетісу жерінен бастап Сырдарияның төменгі ағысына қоныс аударуы. Кейін Арал маңында оғыздар өз мемлекетін құрып, олардың басшылары ябғу деген атақ алды.

Осы кезең екі империялық күш - арабтар мен қытайлардың Жетісу жеріне ықпал ету күресінің күшейіп тұрған кезі болатын. Қытайлардың Жетісу жеріндегі ықпалы арабтар мен қарлұқтарға ұнамады.

751 жылы Талас маңында күллі Азия мен қазіргі Қазақстан жерінің тағдырына түбірлі өзгеріс әкелген әйгілі қанды шайқас Қытай мен арабтар арасында болды. Атлах шайқасы бес күнге созылды, «қарлұқтар жаппай бет бұрып кетті де, арабтарға болысып, екі жақтап Тан армиясын қыспаққа алды» деп жазылған Қытай дерек көздерінде /4/. Қарлұқтар Қытайдың тылынан шабуыл жасап, Тан империясының армиясын шегінуге мәжбүр етті. Бұл деректерден байқайтынымыз Атлах шайқасында арабтардың жеңіске жетуінде қарлұқтардың шешуші рөл атқарғандығы. Осы шайқаста арабтар мен қарлұқтар соғыстың мол табысын олжа етті. Талас шайқасы Тан империясының ортаазиялық «істерге» араласуынан бас тартқызды. Атлах шайқасының ең бір тарихи маңызы да осында еді. Қытай экспансиясы тоқтатылды, түркі дүниесі Ислам әлемімен рухани тұтастыққа қол жеткізді.

Атлах шайқасының Тан армиясы үшін сәтсіз болуына өз үлесін қосқан қарлұқтар дегенмен де Тан империясымен байланысын үзбеді. Кейін, 752 жылы – ақ Қытай империясына қарлұқ елшілігі келеді. Бұл елшіліктің себебі – Қытай империясын да, қарлұқтарды да мазалап, қауіптендіріп тұрған Ұйғыр қағанатының күшеюі еді. Осы жылы қарлұқтар ұйғырлармен соғысын қайта жандандырды. Қарлұқ жабғуы басмылдармен және Енисей қырғыздарымен бірігіп Өтікенде билік басына келемін деп дәмеленді. Дегенмен, қарлұқтардың бұл әрекетінен ештеңе шықпайды. Қағандықтан мүлдем күдерін үзуге мәжбүр болған қарлұқтар енді бар күшін Жетісуды бағындыруға аударды. Жетісу жеріндегі қарлұқтардың билігі 756 жылы Тараз, Суяб қалаларын өзіне қаратумен толық бекіді. Жетісудағы саяси және әлеуметтік билік қарлұқ көсемдерінің қолына көшті. Олар өздеріне бағынышты жерлердің аумағын үлкейтуге тырысты. 756-775 жылдары қарлұқтардың бір тармағы Қашқарияны басып алды.

ҮІІІ-Х ғасырларда Алакөл аймағы мен Сырдарияның орта ағысы аралығы қарлұқ тайпаларының әскери-тайпалық ақсүйектерінің билігінде болды. Қарлұқтардың билеп-төстеуші шонжарлары жайылымдық жерлерді ғана емес, қалалық орталықтарды да иемденді. Қарлұқтар қоныстанған аймақ түріктер иеленген жерлердегі ең бір көп қоныстанған және шұрайлы жерлер болатын. «Худуд әл-алам» авторының мәліметтеріне қарағанда қарлұқтар елінде 25 қалалар мен қоныстар болған. Қарлұқ хақанының қаласы Өл-Идрисидің айтуы бойынша «көп адам тұратын, сансыз көп әскері бар» қала. Қарлұқтардың астанасы мен көптеген қалалары дипломатиялық және сауда жолы ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени және рухани негізде зор мәні болған Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан болатын.

Қарлұқ мемлекеті туралы деректерді қарастыра отырып VIII ғасырдың ортасында Жетісу жерінде құрылған кезінен бастап Қарлұқ мемлекетінің сыртқы саясатының үш бағытын байқауға болады. Қарлұқтардың Жетісу жерінде жүргізген сыртқы саясатының бірінші қадамы – оғыздармен күрес, оларды Жетісу жерінен ығыстыруға ұмтылуы. Осы күрестің нәтижесінде қарлұқтар «он оқ елінің» территориясын түгел иемденді.

«Худуд әл-алам» шығармасында айтылғандай қарлұқтар шығысында Тибет және яғмалармен, тоғыз-оғыздардың жерімен, батыста гуздардың, оңтүстікте яғманың біраз жерімен және Мәуереннахрмен, солтүстікте шігілдердің жерімен шектеседі.

Суба, Тараз қалаларын алып Жетісуде әбден бекіген қарлұқтардың ұйғырлармен Шығыс Түркістан үшін күресі – қарлұқтардың сыртқы саясатының ең бір негізгі кезеңі, бағыты болып табылады. Бірақ бұл күрес сәтсіз аяқталады. 791 жылы ұйғырлар Бесбалық түбінде қарлұқтар мен тибеттіктердің әскерін жеңеді, ал 812 жылы ұйғырлар қарлұқтарды толық жеңеді.

Ұйғырлардың билеп-төстеуіне қарсы болған Енисей қырғыздары болды. Енисей қырғыздарының 20 жылға созылған күресінің нәтижесінде Ұйғыр қағанаты құлайды. Ішкі Азия даласында болған бұл үлкен оқиға туралы Гардизи былай дейді: «Түркістандықтар хақан халқына шабуыл жасады, олар бұл халықтың беделді деген он екі бастығын семсермен турады. Хакандықтың бар билігі Чунпан мен халлугтардың қолдарында қалды». Ал ұйғырлардың біразы Жоңғар-Тарбағатайдың солтүстік-батыс бөлігіне ығыстырылды, көп бөлігі Шығыс Түркістанға және Ганьсудың батыс жағына қоныстанды.

Қашаннан қарлұқтардың саяси қарсыласы болып келген Ұйғыр қағандығының құлауы, әрине, қарлұқтардың саяси өміріне біршама өзгерістер енгізді. Соның бірі - Ашина руынан шыққанмын деп санаған қарлұқ жабғуы Білге Құл Қадыр-ханның өзін қағанмын деп жариялауы.

IX ғасырдың бас кезінде бай Жетісу қалаларына ие болған Қарлұқ мемлекетінің жағдайы жаман емес еді. Арабтардың оларды ығыстыру әрекетіне қарамастан қарлұқтардың Ферғана жеріне де бекініп алып еді. X ғасырда Қарлұқ тайпаларының бір бөлігі Отырар төңірегіне де орналасты. Ибн Хордабек Фараб қаласында қарлұқ-түріктердің отрядтары бар деп атап өтеді. Қарлұқтардың кейбір топтары Шаш пен Исфиджаб аймақтарын мекендеген. Ибн Хаукальдың айтуы бойынша Шаш аймағын ислам дінін қабылдаған оғыз және қарлұқ тайпалары қоныстанған. Исфиджаб қарлұқ пен оғыздардың арасындағы шекара іспетті болды. Бұл жерде қарлұқтар Саманилермен шектесіп жатты. «Мауараннахр шекарасының өн бойында соғыс шайқастары болып жатады. Хорезмнен Исфиджабқа дейін жейінгі аумақта оғыз-түріктермен, Исфиджабтан Ферғананың ең шалғай жеріне дейін қарлұқ-түріктермен шайқастар болып тұрады» деп хабарлайды әл-Истахри /4/. Бірақ осы кездегі қарлұқтар үшін ең ауыр жағдай - Халиф әл-Мамунның қолдаушысы, Зу-р-рийасатайн деген лауазыммен белгілі болған Фадл ибн Сахланың 812-817 жылдардағы Отырарға жасаған жорығы болды. Осы жорықта қарлұқтардың шекаралық отрядының жеңілуі қарлұқ жабғуы үшін батыс шекарада шиеленіскен жағдай туғызды /5/. Осы кезде Саманилер әулеті де өз шекарасын және исламның таралу аймағын кеңейту мақсатымен Исфиджабты басып алады. Дегенмен Исфиджаб Саманилерге тек сөз жүзінде ғана тәуелді болды. Солтүстік-батыста Сауранға дейінгі жерді, шығысында Талас аңғарын мекендеп жатқан Исфиджабты түрік әулеті басқарды. Исфиджабтың ықпалы Жетісу қарлұқтарына да жүріп тұрды. Қарлұқтардың Талас пен Шу өзендерінің арасында орналасқан Орду қаласының билеушілері Исфиджабқа сыйлық жіберіп тұрды.

Исфиджаб қаласы көшпелі түрік тайпаларына ислам дінін тарату орталығына айналды. Саманилер өздерінің ықпалын бүкіл Исфиджаб аймағына таратуға тырысты. 893 жылы Тараз билеушісі ислам дінін қабылдады және Саманилердің әулетіне жартылай вассалдық тәуелділікте болды.

Жетісу түріктері Саманилер мемлекетінің өзіне де жорық жасап тұрды. Мысалы, 904 жылы түріктің көп әскері Мауараннахрга басып кіреді, бірақ бұл жорық сәтсіз аяқталады.

Қарлұқтардың үлкен қалаларының билеуші шонжар топтарының қолында мыңдаған әскер күші шоғырланып тұрды. Қарлұқ қағандығындағы үлестік-тайпалық басқару жүйесі орталық билікті мойындамай, билік жолындағы күрестің күшеюіне себеп болды, яғни қарлұқтардың билеуші әулетін жойған күштер олардың өз іштерінен өсіп шықты.

Ру басшыларының өзара билікке таласуы Қарлұқ мемлекетінің әлсіреуіне әкеліп соқты, 170 жылдан астам өмір сүріп 940 жылы Қарлұқ мемлекеті құлады. Кешікпей Қарлұқ мемлекетінің орнына Орта Азия мен Қашғардағы жаңа түрік империясы – Қарахан мемлекеті орнады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бартольд В.В. Қарлуки. - М., 1968. - С.547-548.
2. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы. - А., 1992. 140 б.
3. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. - А., 1994. 136 б.
4. Дәулетхан Ә. Атлах-Талас шайқасына – 1250 жыл. //Қазақ тарихы. 2001.14 б.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). А., 1996. 1 т. 310 б.
6. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И.Казахстан. Летопись трех тысячелетий. А., 1992. С.111-112.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада VIII-X ғ.ғ. Жетісудегі Қарлұқ мемлекетінің сыртқы саясатының негізгі бағыттары, көрші мемлекеттермен саяси қарым-қатынастары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные направления внешней политики Карлукского государства, существовавшего на территории Семиречья.

ӘӨК 930.2:811.34

ЕЖЕЛГІ ҮЙСІНДЕРДІҢ АТА ҚОНЫСЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

Қабылшаев Қ.И. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Үйсіндердің ата қонысы және оның батысқа қоныс аударуы жөнінде әркім әр түрлі көзқарас айтып жүр. Оның түпкі себебі – деректер мәселесі, қытай тарихшысы Сыма-Цянь мен Бан Гудың “Ханьнамасы” мен “Тарихи жазбаларда” мынандай деректер бар: “Үйсін мемлекетінің жері ... ұлан-байтақ кең, әрі жазық, жауын-шашыны көп, ауа райы суық, тауларда қалың қарағай өседі. Егіншілікпен шұғылданбайды. Малмен бірге жайылым-суат жағдайымен көшіп жүреді. Әдет-ғұрпы хундарға ұқсайды. Бұл елде жылқы көп, байларында 4-5 мың жылқы болды. Халқы қайсар, батыл келеді. Сенімсіздік істерге де қатты өшігеді, ұры-қарысы көп. Ең күшті мемлекет. Бұрын хунға бағынышты болған, кейін күшейді де, оның бұғауынан құтылып, оған бағынбайтын болған. Шығыс жағы хундармен, солтүстігі қаңлымен, батыс жағы Ферғанамен, оңтүстігі қалалық мемлекеттермен шектеседі...”.

Қазақтардың ең арғы ата-бабаларының қазіргі Қазақстан жерінде және оған көршілес аймақтарда құрған алғашқы көшпелі мемлекеттік бірлестіктері туралы мәліметтерді біз әуелі көне Қытайдың тарихи жазба деректерінен табамыз. Көне Қытайдың “ші-жи” (тарихи жазбалар), “Хань-шу” (Ханьнаме), “Хоу-Хань-шу” (соңғы Ханьнаме) қатарлы тарихи жылнама деректері бойынша б.з.д. III ғасырдан бастап қазіргі Қазақстан жерінде, атап айтқанда, Каспийдің шығысы мен солтүстігі және Аралдың солтүстігінде Ян-Цай ұлысы (Алшын немесе Алан, Адай ұлысы болуы да мүмкін – авт.); оңтүстік Қазақстан, Сырдария, Талас аңғарлары мен Қаратау төңірегінде

қаң-жүн (қаңлы) мемлекеті; Шығыс және Оңтүстік Қазақстан мен Ыстықкөл төңірегі және Шығыс Түркістанның ұлысы; Шығыс Қазақстан мен Алтай төңірегінде Ху-жие (қыпшақ) ұлысы сияқты көшпелі мемлекеттердің (көне қытай тілінде “Көшпелі мемлекет” деген сөз “Шин-Го” деп жазылған, “Шин” - қозғалмалы, көшпелі, “Го” – мемлекет, ұлыс болғандығы белгілі) /1/.

Қытай жазбаларына сүйенсек, үйсін және юзчилер (ұлы жүз) тайпалары сонау қиыр Шығыстағы ата мекендерінен біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда Тәңірі (Гималай) тауынан кейін Ерен қабырғаның терістігіне келіп мекендеген.

Қытай жазбаларында алғаш ежелгі Қазақстан жерінде құрылған мемлекеттердің шаруашылығы, қоғамдық және мемлекеттік құрылымы, тәлім-тәрбиесі, діні мен әдет-ғұрпы жөнінде бағалы мәліметтер бар. Олар көшпенді халық болған, жермен айналысуды білсе де, негізінен мал бағумен шұғылданған. Үйсін мен Кангюйдің өз астанасы болды. Қытай деректерінде үйсін халқында сақ пен юзчилердің қаны араласқан делінеді.

Қазақстан жеріндегі ертеде құрылған (б.д.д. II ғ.) Кангюй, Яньций, Үйсін мемлекеттері туралы Қытай деректерінің “Шиңзи” жылнамасында (б.д.д. I ғ.) “Үйсін Даваннан” (Ферғана) солтүстік-шығысқа қарай 2000 ли (1000 ли = 400 - 500 км) қашықтықта жатыр. Олар мал үшін бір орыннан екінші орынға көшіп жүре беретін көшпенді халық. Жайшылықта хундармен араласады. Үйсіндердің жаужүрек бірнеше мыңдаған әскерлері болды. Олар бұрын хундарға тәуелді болып еді дейді.

Көне Қытайдың тарихи жазбаларына жүгінсек, б.з.д. қытайлық ұғымдағы “Батыс өңіріндегі” күллі мемлекеттер ішінде “Үйсіндер ең күшті мемлекет. Үйсін ұлысында 120 мың түтін, 630 мың жан саны, 188 мың 800 сайлаулы әскер ұстаған. Ең үлкен билеушілері Күнби деп атаған /2/. Ол елдегі тұтас және әкімшілік құқықтарды басқаратын болған”.

Үйсін тайпасы жөніндегі ежелгі қытай жазбаларында мәліметтер мен деректер олардың бір кездерде Іле өңіріне келін қоныстанғаннан кейінгі уақытта аса күшті тайпалық мемлекет ретінде тарих сахнасына шығып, өз тұсында едәуір ықпалды болғанын баян етеді. Енді біз сол жөнінде жазылған кейбір тарихи деректерге тоқталайық. Осы орайда ежелгі Қытай деректеріне үңілер болсақ, үйсін тайпасы Қытай жазбаларының ескі дәуіріндегі кітаптарында өте жиі кездеседі. Соның ең бастылары, мәселен, ертедегі қытай хандары кезеңінде (б.з.д. 475-221 жылдары), Чин хандығы құрған тұста (б.з.б. 221-206 жылдары), Хан хандығы билік құрып тұрған уақытта (б.з.б. 206 жылдан бері қарай) жазылған қытайлық терістігі мен батыс өңірлерінен мағлұмат беретін тарихи жазба деректерден табуға болады. Онда үйсіндер ұлы жүз тайпаларын талқандап, олардың елін бастырып, жерін тартып алғаннан кейін, Іле және Ыстықкөл өңіріне келіп мекендейді. Қытай жазба деректерінің анықтауына қарағанда, сол тұстағы үйсін тайпасының қоныстанған және өздеріне бағынышты етін алған аумақтың көлемі батыста Шу, Талас өзендерінен бастап, шығысы Ерен қабырғаның сілемі болған Богда тауына дейін созылып жатқан. Ал солтүстігі Балқаш көліне жетіп, Ыстықкөлге дейінгі аралықты қамтыған /3/.

Бұл жөнінде жазба деректер мен тарихи мәліметтер Қытайдың “Тарихи естеліктер” және “Хань хандығының тарихы” атты шежіре-кітаптарда кездеседі. Мысалы, “Хань хандығының тарихы” атты кітабының “Үйсіндер” деген тарауында әрі қысқа, әрі нұсқа үлгімен былай делінген: “Үйсіндер тайпасы тегінде Ұлы жүздер мен бірлікте Дун Хуанда жасайтын еді. Сол себепті, алғашында олар хуандарға бағынған болса да, келе-келе өз алдына билік құрып, әбден күшейген соң хуандарға бой ұсынғысы келмей, олардан аулақтанып кетті”. Дәл осындай мәлімет “Тарихи естеліктер” атты кітаптың “Ферғана” деген бөлімінде де бар. Онда үйсіндер тайпасының Хандыби атты көсемін хундар өлтірді десе, екіншісі Хандыбиді Ұлы жүздер тайпасы өлтірді дегенге саяды. Кейін келе үйсіндер Ұлы жүздерді жеңіліске ұшыратады. Ұлы жүз тайпасы Батысқа қоныс аударып барып, Бактрияны басып алады. Ал, үйсін Күнби олардың жерін мекендейді. Сондықтан үйсін тайпаларының ішінде сақ тайпалары мен Ұлы жүз тайпаларының тұқымы бар делінеді. Алғашында оншалықты іргелі ел болмаған үшін тайпасы сол жеңісінен кейін Ұлы жүз тайпасы мен сақ

тайпаларының бірталайын өздерінің құрамына енгізіп алған соң жаны, саны бірден артып, көбейген көрінеді /4/. Мұны біз тарихтағы үйсін тайпаларының тәуелсіз тайпалық бір мемлекетке айналуына басты себеп болған жағдай деп қараймыз. Бұл жөнінде “Хань хандығының тарихы” атты кітабының “Ферғана” тарауында былай деп жазылған: Үйсін Ферғананың Шығыс-Солтүстіктегі екі мың шақырымдай келетін өңірде орналасқан. Олар мал бағып, көшпелі тұрмыс кешкен Хун тайпаларымен салтас келеді, әрі он мыңдаған сайлаулы әскер ұстаған жауынгер елі. Ол тегінде Хун тайпаларына бағынышты болған. Кейін келе күшейіп, өз тізгінін өзі алғаннан кейін Хун тайпасына сәлемде бермейтін болған. Бұдан аңғарылып отырғандай, үйсін тайпасы Іле және Ыстықкөл өңірлеріне келіп орналасқаннан кейін қандас тайпалар одағы болған Хундар одағынан іргесін бөліп алып, өз алдына билік құрған көрінеді. Алайда, қытай деректері осы тұстағы жазбаларда қандас тайпаларды ыдыратудың қаскүнемдік айла-шарғыларын өз билеушілерінің іс-әрекеттерін де жасырмайды. Олар үйсіндерді желіктіріп, Хундардың тайпалық одағына қарсы тұруға итермелеген. Бұл мақсаттарын жүзеге асыру үшін қытайлар қыздарын үйсіндерге ұзатып, ондағы ел басқарған атқамінерлер мен елеулі адамдарды тарту-таралғымен өздеріне тартқан. Бұл жөнінде Қытай жазбаларындағы “Хань хандығының тарихы” атты кітаптың “Үйсіндер” атты тарауында: “Үйсіндер Шығыстағы атамекендеріне қайтадан көшіп келіп қоныстанатын болса, Хань хандығы қыздарын беріп, құданалы жекжат болып, хундар бірлігіне қарсы тұрмақшы” деген сөзін арнайы түрде жеткізген. Бұл жөніндегі соңғы мәліметтер “Хань хандығының тарихы” атты кітабының “Үйсіндер” деген тарауында бар. Онда қытайлықтардың сол тұстағы Жян Ду бектігінің қызы Ши Жунді “хан қызы” деп үйсіндерге өтірік айтып, олардың Күнбиіне ұзатып жібергендігі анық та айқын жазылған /5/.

Ескі қытай деректемелерінде Үйсін ұлысында мемлекеттіліктің көрінісі ретінде қайнаған саяси өмір туралы мол мәліметтер бар. Біздің заманымыздан бұрынғы 53-жылдары үйсін тайпасы ішінде алауыздықтар мен таққа таласу басталды. Күнбидің қытай әйелінен туған балалары мен хун әйелінен туған балалары арасында жаулық өршіп, өзді-өзі соғысты. Соның салдарынан үйсін тайпасының оңтүстігіндегі өңірлері қытай әйелінен туған балалардың билігіне, ал терістігі хун әйелінен туған балаларының билігіне өтеді.

Хундардың Шөже тәңір құты қаңлы тайпасымен бірлесе отырып, үйсіндерді ойсырата жеңді. Біздің заманымыздан бұрынғы 44-жылдың екінші жартысында жасаған шабуылында хундар мен қаңлы тайпалары үйсіндердің астанасы болған Цегу қаласын басып алады. Халқын тонап, малын олжалайды. Сонымен үйсіндердің батысындағы мың шақырымдай жер құлазып бос қалады.

Деректемелерде Үйсін қоғамында жер мен мал-мүлікке жеке меншіктің мықтап орнағаны туралы айқын жазылған. Үйсін байларында төрт-бес мыңнан жылқы болған, олар жылқыларына өз ру-тайпаларының таңбаларын басқан, жылқы байлықтың өлшемі саналған. Деректемелерде тағы да Үйсін билеушілерінде алтыннан және күмістен жасалған мөр-таңбаларының болғандығы туралы жазылған. ол – лауазымды кісілердің қолындағы биліктің символы есепті, Жетісудағы Үйсін молаларынан балшық мөрлерінің табылуы Үйсін қоғамында мөрдің ақсүйектерде ғана емес, қарапайым адамдарда да болғандығын көрсетеді /6/. Демек, Үйсіндер ұлысында біршама күрделі әлеуметтік қатынастар орнаған және үйсін қоғамы жоғары мемлекеттік деңгейде өмір сүрген.

Қазіргі қазақ, жапон, қытай тарихнамасында ежелгі Үйсіндердің шығу тегінің түркілік екендігі және оның бүгінгі қазақ халқының этникалық қайнар бастауының бірі екендігі туралы пікір орнығуда.

“Ежелгі Үйсін жері” деген тіркес (көне қытай тілінде “У-Сунь-Гу-Ди” немесе “У-Сунь-Жю-Ди”) қытайдың тарихи жылнамаларында жиі қайталанады. ол геотрафиялық жағынан Жетісу өлкесі мен Ыстықкөл маңы және Шығыс Түркістанның Солтүстігі мен батысын меңзейді. қытай жылнамаларында Естеми (Естемес) қаған Батыс Түрік қағанатының ордасын “Ежелгі Үйсін жерінде құрды” деген естеліктер көп жерден кездеседі /7/. Осынау “Ежелгі Үйсін жері” сонау қола, сақ заманынан бері көшпелілер

мәдениеті мен өмір салтының және шаруашылық түрінің пайда болып, қалыптасқан құтты бесіктерінің бірі. қорыта келгенде, біздің заманымыздан бұрынғы III-I ғасырда іргелі ел болған үйсін мемлекеті түркі халықтарының түп қазығы екендігіне күмән болмаса керек.

Үйсіндердің тайпалық рулары ұлан-ғайыр жерді өздеріне қаратып, нәсілдік жағынан туыстас тайпалардың қуатты одағын құрады. Үйсіндер одағы көршілес тайпалардың экономикалық жаңа саяси өміріне де зор ықпал етеді. Мысалы, үйсіндер Шығыс Қазақстандағы, Солтүстік Қытайдағы, Моңғолия мен Қазақстандағы Хунну, Хрезмдегі Кангүй, Памирдегі Кушан тайпаларымен араласады. Үйсіндер жартылай отырықшы ел болған. Кіші Алматы өзенінің сағасынан табылған үйсін қыстауы да бар. “Горный гигант” совхозының тұрған жерінен үйсіндер тұрағы табылды. Оны осы жерден аршылған түрлі ыдыс-аяқтар дәлелдеп отыр. Үйсіндер сақтармен қандас, туыстас болып келеді. Үйсіндер монголоид нәсілімен араласқан еуропейдер деген болжам бар. Сақтарға қарағанда үйсіндерде мұндай белгілер көбірек. Мұның өзі хундардың көшіп-қонып араласуына байланысты болса керек.

ОДЕБИЕТТЕР

1. Таным тармақтары (қытай тарихшыларының көне тарихымыз жөніндегі пайымдаулары). А., 1998. 87 б.
2. Хань-Шу, Ше-Иүй-Жуань (Ханьнаме. Батыс өңір шежіресі). II бөлім; Прошлое Казахстана в источниках и материалах (V в до н.э. XVIII в.н.э.). А., Т. 1, 1939. С. 19-20.
3. Мұхтархан Оразбай. Үйсін тайпасы жөніндегі тарихи деректер. //Қазақстан Коммунисті. 1991, № 8, 49-56б.
4. Ежелгі үйсін елі (қытай деректері мен зерттеулер). Үрімші, 2005, 76б.
5. Ван Минжы, Ван Бинхуа: У-Сунь Сн-Жю (Үйсін туралы зерттеулер). - Үрімші, 1983. 47 б.
6. Максимова А.Г. Цепочка курганов из могильника. Қараша 1. //По следам древних культур Казахстана. А., 1970. 121 с.; Акишев К.Н., Кушаев Г.А. Древняя культура саков усунней долины реки Или. А., 1963. 271 с.
7. Сун империясының тарихы. Батыс түріктердің шежіресі. – А.,1998.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются историографические и источниковедческие проблемы родины древних уйсуней, сопоставляются китайские источники с существующими ныне мнениями.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала ежелгі үйсіндердің ата қонысы жайлы тарихнамалық және деректанулық мәселелерге арналған. Қытай деректеріндегі мәліметтер қалыптасқан пікірлермен салыстырыла отырып қарастырылған.

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ САҚТАР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Меңлібаев Ғ.А (Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бастап тарихқа деген көзқарас өзгеріп, енді шынайы тарих жазыла басталды. Жаңа ғасырда мемлекетіміздің тарихи-мәдени мұраларын толық зерттеу мен қайта қалпына келтіру мақсатымен «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асырылу барысында археологиялық зерттеулер қарқынды жүріп, көптеген ескерткіштер зерттеліп, есепке алынады. Осындай маңызды зертеулердің көбеюіне қарамастан Жетісу сақтарының материалдық мәдениеті аз зерттелген. Кеңес заманында жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде Алматы қаласының жанындағы Есік

қаласынан табылған «Алтын адамнан» кейінгі зерттеулер мүлдем тоқтап қалды деп айтса да болады. Жаңа бетбұрыс кезеңінде қазақ халқының төл тарихы заңдылықтарға лайықталып, жаңаша баяндалып жатқанда ежелгі тарих тілі – археологиялық ескерткіштердің бүгінгі күнге дейінгі зерттеліну деңгейін айқындау өте қажетті іс.

Батысында Жаулы ойпатынан, шығысында Жоңғар Алатауына дейінгі, солтүстігінде Мойынқұм шөлі, Балқаш және Алакөл көлдерінен, оңтүстігінде Талас, қырғыз және Теріскей Алатауына дейінгі аумақты қамтитын Жетісудың заттай мәдениетін тануға деген ынтызарлық XIX ғасырдың 60 – жылдары оянғаны белгілі.

Қазақстанның Кеңестік Республика болып орнағаннан кейінгі жылдардағы кең көлемдегі жазба жұмыстарын жасау және табылған олжаларды салыстыра талдау жұмысының басталуы КСРО-ға Тарих және заттай мәдениетті зерттеу институты мен КСРО-ға Қазақ бөлімінің қосыла ұйымдастырған археологиялық экспедициясын басқарған А.Н.Бернштамның есімімен тікелей байланысты. Ол 1936 – 52 жылдары аралығында Талас өңірін, Шу мен Іле аңғарын, Оңтүстік Қазақстанды және Памир – Ферғана аймақтарын зерттеді.

Бұдан кейін құнды, кең көлемдегі ерте темір дәуірі бойынша жұмыстар әлі жасалынбай келеді. Кейінгі уақыттарда Жуантөбе I, Қадырбай III, Бесшатыр, Қалауыз I, Алтынемел I сияқты қорымдардан б.з.д. VIII- IV ғасырларға жататын елу шақты оба қазылды.

Зерттеу материалы ретінде Жетісудың ерте темір дәуіріне жататын археологиялық ескерткіштер алынады.

Жетісу сақтарының археологиялық мәдениеті еліміздің тарихын толық зерттеудегі алатын орны зор. Кеңес үкіметі кезеңіндегі археологиялық зерттеулердің ең маңызды нәтижелерінің бірі - әлемге әйгілі болған «Алтын адамның» табылуы. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеулер деңгейі жаңа қарқынға ие болды, Жетісудың ерте темір дәуірі туралы жаңа мәліметтер жиналды. Осы жұмыстардың нәтижелерінің басым бөлігі әлі де жарыққа шыққан жоқ, сондықтан қарастырып отырған өлкенің ежелгі тарихы толық зерттеліп бітпеген мәселердің бірі болып табылады.

Оңтүстікте сақтар ескерткіштері жерлеу ғұрпы мен жерлеу кешендерімен ерекшеленеді. Оңтүстік Қазақстанның сақ археологиялық мәдениетінің басты бір ерекшелігі ретінде суармалы егістіктің, қалалардың болғандығын айта кеткен жөн. Адамдарды құмнан үйілген обаларда жерлеген. Жерлеген кезде басын шығысқа және оңтүстік – шығысқа қаратуы, аяқтарын бүгіп, атқа салт мінгендей қоюы Қазақстанның басқа аймақтарынан сирек кездеседі. Сонымен қатар, мұндай ерекше белгілер табылатын заттардан да байқалады. Оларға ат әбзелдерін жатқызуға болады. Ауыздықтары тікбұрышты үзенгі тәріздес ұштықпен аяқталады. Ауыздықтың бұл түрі негізінен қарастырып отырған өңірде ғана пайдаланылған, ал басқа жерлерде тек бірен – саран болып кездеседі.

Орталық Қазақстан. Орталық Қазақстан ескерткіштердің басым бөлігі Шығыс өлкелерде тығыз орналасқан, сол себепті зертеулер де негізінен осы өңірлерде жүргізілген. Орталық Қазақстанның ең көрнекті сақ ескерткіштерінің бірі - «Мұртты обалар». Олардың қазіргі уақытқа дейін тек бірнешеуі ғана зерттелген. «Мұртты обалар» көп кездесетін қорымдар Ұлытау, Шет, Қарқаралы және Ақтоғай аудандарында кең кездеседі. Аталмыш обалар тасмолалықтардың өзіне ғана тән болып табылады, яғни Тасмола мәдениетін басқа мәдениеттерден ерекшелейтін факторлардың бірі.

Солтүстік Қазақстан. Солтүстік Қазақстанды зерттеуде негізгі дерек база ретінде жерлеу ескерткіштері мен одан табылатын заттар алынады. Қарастырып отырған өңірдің жерлеу ескерткіштері бірнеше элементтерден тұрады: жерлеу конструкциясы – қорған тас аралас топырақ немесе құмнан салынған және одан бөлек конструкциялар: обаны айналдыра қазылған ор, қоршаулар, тас жолақтар. Обалар орналасу топографиясы жағынан әр түрлі; өзеннің бойымен тізбектеліп немесе бір алаңға топтасып орналасқан. Солтүстік Қазақстанның жерлеу ескерткіштерінің басты бір ерекшелігі – обада тек бір ғана адамның жерленуі. Жерлегенде адамның басын батыс, солтүстік – батысқа қаратып жерлеген.

Шығыс Қазақстан. Шығыс Қазақстанда археологиялық экспедициясының көп жылдық зертеулері нәтижесінде көшпелі ақсүйектер жерленген обалары мен олардан табылған ежелгі өнер туындыларының негізінде дүниежүзіне белгілі болған – Берел қорымы. Аталмыш қорым Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданының Берел ауылынан 7 км жерде орналасқан. Қазіргі уақытқа дейін 70 обаның 15-і зерттелді. Тастан бірнеше қабат жер үсті құрылысын тұрғызу, қабірдің оңтүстігіне қойылған қиманың ішіндегі табытқа адамның басын шығысқа бағыттап жатқызу, жылқыларды солтүстігіне орналастыру, жылқылармен қиманы бірнеше қабат қайыңның қабығымен жабу, міне осының бәрі осы өлкенің жерлеу ғұрпының Алтай сақтарына ұқсастығын көрсетеді. Бірақ жергілікті жерлеу кешенінің өзгешелігі – тас үйіндісі сопақша пішінді, солтүстік – шығыстан оңтүстік – батысқа қарай орналасқан. Жүргізілген зерттеулер арқасында Берел даласының сақтары адамды бальзамдаудың әдістерін білгендіктері анықталады. Шығыс Қазақстанның оңтүстік далалық өңірлерінің ескерткіштері Жетісу мен Орталық Қазақстанға ұқсас.

Осының бәрін қорыта келе Қазақстан территориясында орналасқан көне сақ тайпаларының мәдениеттері кейбір ерекшеліктеріне қарамастан, негізінен ұқсас, яғни, біріншіден жерлеу ғұрыптары бір және жерлеу кешендерінен табылған заттай деректерге сүйене, олардың күнделікті өмірде пайдаланған заттары ұқсас деген қорытындыға келуге болады. Бұл ұқсастықтарды қарастырып отырған тайпалардың туыстық, сауда - саттық, саяси қатынастардың өзара байланысы, қарқынды түрде жүрумен түсіндіруге болады.

Жетісу сақтарының тарихы мен археологиялық мәдениетінің алғашқы зерттелуі А. Н. Бернштамның атымен тығыз байланысты. Ең алдымен Жетісу сақтарының жерлеу ескерткіштерінен қарастырайық. Оба қорымдарының топографиясы және олардың көп болуы ерте кезде Қазақстан аумағының оңтүстік – шығысының толық игерілгендігін көрсетеді. Жерлеу ескерткіштерін негізінен биіктігі 20 метрге жететін «патша» обалары құрайды. Осындай обалардың көп жинақталуы жөнiшeн Жетісуге Орта Азияда және Қазақстанның басқа аудандарында тең келетіндері жоқ. Б.з.д. I ғасырға жататын, Жетісудің ең көрікті обаларының бірі – Бесшатыр қорымы. Бір қорымда 50-ден 300-ге дейін обалар топтасады, олар көбінесе солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеліп, кей кезде шашыраңқы да болып орналасады. Бесшатыр обаларының архитектурасы мен көлемдері және маңыздылығы жағынан Қара таңіз жағасындағы Скиф патшаларының жерлеу ескерткіштерінен кем түспейді.

Обалардың жер үсті құрылыстары ірі тастардан және тас аралас топырақтан үйілген. Үйіндінің астына бөренелерден жасалған торбұрышты, шығыс жағынан дәліз қалдырылған жерлеу кешені тұрғызылған. Архитектурасы жағынан әрбір Бесшатыр обасын жер үсті және жер асты құрылыстарына бөліп қарастыруға болады. Жер үсті құрылысы – үйінді, менгир және үлкен тастардан құралған қоршау; жер асты құрылысы – бөренелерден өрілген жерлеу камерасы мен катокмбалар. Осы қорымдағы бөренелерден тұрғызылған ірі жерлеу құрылыстары тамаша сақталған күйінде табылды, олар Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы жер бетіне ағаштан салынған ең ежелгі сәулет өнерінің бірегей ескерткіштері болып табылады.

Маңыздылығы мен көрнектілігімен Бесшатырдан кем түспейтін Жетісудағы тағы бір оба әрине «Алтын адам» табылған Есік қорғаны. Алматы облысы, Есік қаласында орналасқан. Есік обасындағы жерленген сақтың қабірі жерлеу ғұрпының байлығымен қайран қалдырады. Оның киімі түгелімен алтыннан жасалған 4000-ға жуық алтын қапсырмалар мен қалақша арқылы әшекейленіп, безендірілген. Егер Есік обасынан табылған заттай деректерге сүйенсек, зергер тек сәндік бұйымдардың жасаушы шебері ғана емес, сонымен қатар ол өз заманының ойшыл суреткері, тамаша мүсінші, суретшісі. Есік қабірінен табылған күміс тостағанының маңызы ерекше, оның түбіндегі 26 таңбадан тұратын жазу сақтарда әліпбилік жазба болуы мүмкіндігін көрсетеді.

Өзінің тарихы маңыздылығымен Есік қорымы Бесшатырдан кем түспесе де, қайткенімен де Бесшатыр қорымын басқа Жетісу өлкесіндегі қорымдарынан ерекшелейтін факторлардың ең негізгісі – Бесшатыр кешен Іле өзенінің аңғарында

VI ғасырларда қалыптасып, Қазақстанның басқа аудандарына қарағанда Жетісу өлкесінде кең қанат жайған аң стилі деп аталатын өнер болды. Аң үрдісінде жәдігерлерді зерттеуші ғалымдардың ғұрыптық, алуан түрлі таңбалары бар жартастар да кездеседі. Осындай петроглифтердің Жетісу жерінен табылған ең көрнектісі – Таңбалы тас. Таңбалы тас ескерткіші Алматы қаласынан 170 шақырым, қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданы Қарақұдық ауылынан әрі Шу – Іле тауларының оңтүстік – шығысында орналасқан. Оны 1957 жылы Ш. Уалиханов атындағы тарих, археология және этнология институтының экспедициясы «Қазақстанның археологиялық картасы» бағдарламасы аясында барлау жұмыстарын жүргізу кезіне ашқан болатын. Бұл ескерткіште көбінесе маралдың бейнесі, аң аулаудағы адамдар, салт атты адам бейнесі мен статикалық бейнедегі аңдар қашалып салынған. Демек, көне сақтар аң стилін тасқа бейнелеу арқылы, өз өмірлерінің кейбір көріністерін бейнелеп, ұрпақтарына мәңгі мұра етіп қалдырған.

Жоғарыда айтылған барлық деректерді қорыта келсек, біз ерте темір дәуірінде өмір сүрген көне сақтардың өзінің мәдениетінде дала мен қала өркениетін жетік меңгеріп, оны дамытқанын, сонымен қатар дербес, мемлекеттік дәрежеге көтерілген тайпалар бірлестігі болғандығына көзіміз жетті. Халқымыздың осындай көне өркениетін болашақта сақтап, оны тереңдей зерттеу арқасында әлем танитындай дәрежеге жеткізуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Марғұлан А., Қадырбаев М., Акишев А. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966.
2. Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.
3. Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. А., 1963.
4. Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. А., 1970.
5. Акишев К. А. Курган Иссык. М., 1978.
6. Акишев К. А. Искусство и мифология саков. А., 1983.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена культуре саков на территории Казахстана. Автор показал отличительные особенности археологических памятников южного, центрального, северного Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала Қазақстан аумағындағы сақтар мәдениетіне арналған. Автор Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан және Жетісу өңіріндегі археологиялық ескерткіштерге, олардың ерекшеліктеріне тоқталған.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Онербаева Ш.Ө. (Алматы қ., ҚазҚызМемГИИ)

Ұлы Жібек жолы – ежелгі және орта ғасырда Шығыс пен Батысты айналыстырып, Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны қақ жарып өтетін Керуен жолдарының тоғысқан тоқсан торабы болды. Ұлы Жібек жолының тарихи ролі тек сауда жолы болуымен ғана шектелмейді, көне керуен жолдары арқылы бейбітшілік және руендерімен қатар елшілер де, саяхатшылар да, гүлденген қалаларды тып-типыл құрған шапқыншылар да өткен, әлемдік діндердің қатарына енетін ислам мен христиан, буддизм тараған. Сондай-ақ, қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер Еуразия халықтарының мәдениетін дамытуда аса маңызды қызмет атқарғанын дәлелдейді.

Ұлы жолдың исламға дейінгі тарихы Орта Азия жайындағы азын-аулақ деректермен шектеліп, грек, латын жылнамаларында сақталған. VIII ғасырда ислам дінінің жан-жаққа

мекендеген Жетісу сақтарының киелі орны болса керек. Орасан зор Бесшатыр патшалық обалары орналасқан жерге сақтар ғасырлар бойы келіп табынып, сансыз көп құрбандықтар әкелген, ас еріп, бата қылған, әр түрлі діни жоралғылар жасаған. Бұдан бөлек Бесшатыр қорымындағы зерттеулер Жетісудың сақ тайпаларының мәдениеті туралы түсінікті байыта түседі. Олар көпжылдық тәжірибенің жерлеу қабірлерін салу кезінде ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлер салу кезінде де жинақталғанын дәлелдейді. Демек, бұл дерек арқылы біз Жетісу сақтары «таза» көшпелі болмағандығын, олар жылдың маусымдарында ғана көшіп, суық түсісімен қыстайтын жерлеріне барған да, қысқы тұрғын үйлерінде қыстаған деген қорытынды шығады. Тұрғын үй салғанда ағаш, тас, қамыс, бұта сияқты құрылыс материалдарын қолданған.

1956 жылы қазба жұмыстарын жүргізу нәтижесінде Жуантөбе және Биже өзенінің бойындағы қорғандар зерттеледі. Олардан ат әбзелдері, күнделікті өмірде пайдаланатын заттар, әшекей бұйымдар табылған. Бижені зерттеу барысында одан маңызды заттай дерек – қола қанжар – ақинақ табылды. Бұл қанжар жергілікті сақ мәдениетінің Пазырақ мәдениетімен байланысты деген болжамның дәйегі болса керек. Ал Жуантөбеге келетін болсақ, ол да сақ мәдениетінің алдыңғы кезеңіне жатады. Жерлегендердің жанынан табылған қола ауыздықтары, пышақтар, сүйек пен ағаштан жасалған тарақтар, моншақтар, тартпалардың қола айылбастары және керамикалық ыдыстар Жуантөбе мерзімін б.з.д. VI – V ғасыр деп мерзімдейді. Аталмыш қорымда обалар топтасып орналасқан. Міне, жоғарыда айтылып кеткен қорымдардан табылған заттар сақ тайпаларының материалдық мәдениетінің тарихы жөнінде жарқын деректемелер болып табылады. Жетісу қазандары, құрбандық шалатын орындары, шырағандары сақтардың құю тәжірибесі мен жетік техникасын және көркемдік талғамын дәлелдейтін аса көрнекті мәдениет ескерткіштері болып табылады. Сақтардың көркемдік қола бұйымдарының көптеп табылуы Жетісу тайпаларында құю ісі өнерінің барынша дамығандығын және олардың мәдениетінің төлтумалығын көрсетеді. Көркемдігі жоғары қола олжалар мен көмбелердің саны жөнінен мәдениеті дамыған басқа аудандардан Жетісуға тең келетіні жоқ.

Қоныстар. Жетісудің ерте темір дәуірінде мекен еткен көне тұрғындар – сақ тайпалары мен олардың қандай сипатта өмір сүргендіктері мен айналысқан шаруашылығы туралы мол деректік база ретінде қоныстарды қарастырған жөн. Дүниежүзілік жоба болып табылатын Қазақстан – Америка экспедициясының жүргізген зерттеу жұмыстары арқасында Жетісудің Талғар секілді Түзусай, Цыганка, Асы – 2 және Цыганка – 8 көне қоныстары 1998 жылы есепке алынып, зерттелінген еді. Бұл қоныстардың әрқайсысын сақтардың тұрмыс тіршілігін сипаттайтын түрлі деректер береді. Мысалға, Талғар қонысының өзі ерте темір дәуірінде қалыптасқан жер шаруашылығы негізінде дамыды. Түзусайдың экономикасының өзегі үйсіндерге сай мал шаруашылығы және жер өңдеу шаруашылығынан құралған. Демек, Түзусаймен Талғар қонысының тұрғындары жер шаруашылығымен айналысқан, дәлірек айтсақ отырықшы сипатта өмір сүрді. Келесі қарастыратын қоныстарымыз, ол Цыганка мен Талды – Бұлақ. Негізінен Цыганка қонысы үйсін кезеңіне жататын қорғандардан құралған. Ондағы зерттеулер нәтижесінде өсімдік қалдықтарының Түзусайдікінен өзгеше екендігі айқындалады. Бұл қоныста бидай аз, тары басым. Бірақ мал сүйектері Түзусайдікіндей: қой, ешкі сүйектері көп кездеседі, ал ірі қара, жылқы, түйе, және ит сүйектері сиректеу. Яғни, ерте темір сақтары бақташы мал шаруашылығымен айналысқандығы көрінеді. Оған қосымша Цыганка тұрғындарының мәдениеті Ферғана даласының қола мәдениетіне ұқсас, бұл оны басқа қоныстардан ерекшелендіріледі. Жетісу өлкесінің сақтары отырықшы өмір сүргендігімен, егіншілік әлі де төмен болған. Оны Талды – Бұлақ қонысынан табылған жабайы өсімдік қалдықтарынан көруге болады. Мұнда бидай, тары аз табылған. Жалпы сипаты бойынша Талды – Бұлақ Цыганка қонысына ұқсас. Бірақ, Талдыбұлақ мәдениетінің араласымен ерекшеленеді. Осы қоныста темір заттардың бөлшектері, қола шамдар, үш қанатты жебе ұштары, тас қайрақтар, сүйек тескіш және тас дәнүккіштер табылды.

Сақ тайпаларының мәдени шығармашылығының ең жарқын көріністері арасында қолданбалы өнер ерекше орын алады. Оның басты компоненті, б.з.д. VII –

VI ғасырларда қалыптасып, Қазақстанның басқа аудандарына қарағанда Жетісу өлкесінде кең қанат жайған аң стилі деп аталатын өнер болды. Аң үрдісінде жәдігерлерді зерттеуші ғалымдардың ғұрыптық, алуан түрлі таңбалары бар жартастар да кездеседі. Осындай петроглифтердің Жетісу жерінен табылған ең көрнектісі – Таңбалы тас. Таңбалы тас ескерткіші Алматы қаласынан 170 шақырым, қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданы Қарақұдық ауылынан әрі Шу – Іле тауларының оңтүстік – шығысында орналасқан. Оны 1957 жылы Ш. Уалиханов атындағы тарих, археология және этнология институтының экспедициясы «Қазақстанның археологиялық картасы» бағдарламасы аясында барлау жұмыстарын жүргізу кезіне ашқан болатын. Бұл ескерткіште көбінесе маралдың бейнесі, аң аулаудағы адамдар, салт атты адам бейнесі мен статикалық бейнедегі аңдар қашалып салынған. Демек, көне сақтар аң стилін тасқа бейнелеу арқылы, өз өмірлерінің кейбір көріністерін бейнелеп, ұрпақтарына мәңгі мұра етін қалдырған.

Жоғарыда айтылған барлық деректерді қорыта келсек, біз ерте темір дәуірінде өмір сүрген көне сақтардың өзінің мәдениетінде дала мен қала өркениетін жетік меңгерін, оны дамытқанын, сонымен қатар дербес, мемлекеттік дәрежеге көтерілген тайпалар бірлестігі болғандығына көзіміз жетті. Халқымыздың осындай көне өркениетін болашақта сақтап, оны тереңдей зерттеу арқасында әлем танитындай дәрежеге жеткізуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Марғұлан А., Қадырбаев М., Акишев А. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966.
2. Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962.
3. Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. А., 1963.
4. Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. А., 1970.
5. Акишев К. А. Курган Иссык. М., 1978.
6. Акишев К. А. Искусство и мифология саков. А., 1983.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена культуре саков на территории Казахстана. Автор показал отличительные особенности археологических памятников южного, центрального, северного Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала Қазақстан аумағындағы сақтар мәдениетіне арналған. Автор Орталық, Солтүстік, Шығыс Қазақстан және Жетісу өңіріндегі археологиялық ескерткіштерге, олардың ерекшеліктеріне тоқталған.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ

Өнербаева Ш.Ө. (Алматы қ., ҚазҚызМемПИ)

Ұлы Жібек жолы – ежелгі және орта ғасырда Шығыс пен Батысты байланыстырып, Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуразияны қақ жарып өтетін Керуен жолдарының тоғысқан тоқсан торабы болды. Ұлы Жібек жолының тарихи ролі тек басты сауда жолы болуымен ғана шектелмейді, көне керуен жолдары арқылы бейбіт керуендерімен қатар елшілер де, саяхатшылар да, гүлденген қалаларды тып-типыл еткен шапқыншылар да өткен, әлемдік діндердің қатарына енетін ислам мен христиан, буддизм тараған. Сондай-ақ, қазіргі кездегі ғылыми зерттеулер Еуразия халықтарының рухани мәдениетін дамытуда аса маңызды қызмет атқарғанын дәлелдейді.

Ұлы жолдың исламға дейінгі тарихы Орта Азия жайындағы азын-аулақ деректер қытай, грек, латын жылнамаларында сақталған. VIII ғасырда ислам дінінің жан-жаққа

таралуына байланысты Ұлы Жібек жолы бойымен жүріп отырып, Оңтүстік Қазақстан жерінде болған араб саяхатшылары мен ғұламалары жазып қалдырса, ал XII-XIII ғасырларда осы жол тармақтары арқылы шығыс елдеріне саяхат жасаған еуропа миссионерлері де құнды географиялық мәліметтер қалдырған. Көрнекті шығыстанушы В.В.Бартольд бұл туралы өз еңбектерінде атап өткен /1/.

Қазіргі кезде Қазақстан жерінің Жібек жолы бойындағы қалаларына археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, көптеген архитектуралық ескерткіштер қалпына келтірілген. Бұл жайында монографиялар мен көптеген мақалалар жарық көрді /2/.

Жібек жолы бойымен қатынастар мен зат алмасу байланыстары б.з.д. III-II мыңжылдықта басталған. Мұндай байланыстар Бадахшан тауынан лазурит (көк лағыл) кені, ал Хотон аймағындағы Жаркент – Дарияның жоғарғы ағысынан нефрит (көк минерал) кені ашылуына орай жолға қойылды.

Бадахшаннан шығарылған лазурит көптеген елдерге шығарылып жатты, ол 1 мыңжылдықтың ортасында Қытайға да жеткізіле бастады.

Орта Азия мен Орта Шығысты Жерорта теңізімен, Үндімен жалғастырып жатқан «Лазурит жолымен» қатар дүниеге келген «Нефрит жолы» Шығыс Түркістанды Қытаймен жалғастырды.

Біздің дәуіріміздің 1 мыңжылдығының орта кезінен тарих атасы Герододтың жазбалары бойынша «Дала жолы» пайда болды. Бұл жол Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі Орал – Ертіс – Алтайға барып, жоғарғы Ертіс пен Зайсан көліне дейін жеткен.

Жібек жолы тұрақты дипломатия мен сауданың күре тамырына біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың орта шенінен бастап айналады. Бұл жол II – V ғасырларда, егер Шығыстан бастасақ ертедегі Қытай астанасы Чаньниден басталып, Ланчжоу ауданындағы Хуанхэ өткеліне беттейді, одан әрі Нань-Шаньның Солтүстік сілемдерін қуалай Ұлы Қытай қорғанының батыс беткейіне «Яшма қақпалары заставасына» жетеді. Ол жерде жалғыз жол Такла-Макан шөлін солтүстігі мен оңтүстігін орап өтіп, үшке айырылады, солтүстік, орта, оңтүстік болып. Солтүстік тармағы Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо алқаптары арқылы Іле өзені бойына жетеді. Ортаңғы жол тармағы Чаочаннан Қарашәрге, Ақсуға және Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауына жетеді. Оңтүстік тармағы Дунхан, Хотон, Яркент арқылы Бактрияға, Үнді мен. Жерорта теңізіне жетіп, «Оңтүстік жолы» аталады. «Солтүстік жолы» Қашқардан Ферғанаға, одан әрі Самарқанд, Бұхара, Мерв арқылы Сирияға жеткен /3/.

VI – VII ғасырларда Қытайдан Батысқа Ферғананың үстінен өтіп баратын осы қысқа қолайлы жолға қарағанда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жері арқылы өтетін жаңа жол жандана түсті. Жолдардың бұлайша алмасуы біріншіден, Жетісуда Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарын түрік қағандары қадағалап отырды, екіншіден, Ферғана жолы VII ғасырда өзара қырқысулар салдарынан қауіпті жолға айналды. Үшіншіден, түрік ауқаттылары теңіздің арғы бетінен әкелінетін тауарларға құштар ірі тұтынушыларға айналды /4/.

VII ғасырда Жібек жолы орталығы Жетісу, астанасы Суяб қаласы болған Батыс Түрік қағанаты кезінде гүлденіп, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы феодалдық мәдениеттің өркендеуінде маңызды роль атқарды. Жетісуда бұл жол талай қалалардың қалануына, Қазақстанның Оңтүстігінде тікелей осы жолдың ұзына бойында тұрған немесе онымен сауда-сараптарымен байланысып жатқан қалалардың тез өсіп өркендеуіне септігін тигізді.

Өзара талас-тартыстар мен соғыстар, Қытайда теңіз жолдарының игерілуі XIV ғасырда бұл жердегі қалалық мәдениетті тұйықтатып, күйреуге жеткізген. Ал бұған дейін Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан, Жетісу арқылы өтетін бұл жолдан керуен арылған емес.

Ұлы Жібек жолы және оның бойындағы қалалар туралы алғашқы мәліметті біз будда діндары Сюань-Цзяннің қол жазбаларынан білеміз. Ол 629 жылы буддизмді тарату мақсатымен Орта Азияны басып Үндістанға дейін барып, кейін сол жолмен

қайтып оралған. Ол өз қолжазбасында Ыстықкөл, Тоқмақ, Мерке, Әулие Ата, Шымкент арқылы Ташкентте болғандығын жазады.

Ұлы Жібек жолы бойында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерінде көптеген Қазақстанның қалалары пайда болды. Қазақстанның оңтүстігінен 25 қала орны табылды: Испиджаб, Будахкет, Отырар, Шауғар т.б. Жетісудың оңтүстік батысында 27 қала болған: Тараз, Құлан, Атлах, Жамукет, Мерке т.б. Жетісудың солтүстік-шығысында IX-X ғасырларда 12 қала, XI-XII ғасырларда 70 қала болған.

Оңтүстік Қазақстандағы ең ірі және сауда, діни орталық болған қала – Испиджаб (Сайрам) қаласы. Бұл қалада 1103 жылы атақты ақын, суфий Қожа Ахмет Яссауи дүниеге келген. Анасы Қарашаш-ана мен әкесі Ибрахим-ата мазарлары осы күнге дейін қазіргі Шымкент маңындағы Сайрам қалашығында сақталған бұл ескерткіштер мемлекет қамқорлығында.

Алғаш рет қазақ даласына араб мәдениеті осы Сайрам арқылы ауысқан. Мұсылман дінінің қазақтарға таралуы да осы қалаға тікелей байланысты. 840 жылы Испиджабты араб қолбасшысы Нух ибн-Асад басып алып, оның халқын мұсылман дініне кіргізеді. Қазақ жеріндегі қалалардың ішінде кезінде базары мен мешіті көп болған да Испиджаб - Сайрам қаласы болды. Бұл қала жөнінде араб тарихшылары арасында: Испиджабқа жұма қонған адам басына сәлде орап шығады деген мақал болған. Сайрам ертеректе буддизмді таратушы орталықтардың бірі болса, енді IX ғасырдан бастап ислам дінін уағыздайтын орталыққа айналды. Араб жазуы сол кезден бастап қолданыла бастады.

Испиджаб туралы деректер сонау VII ғасырдың бас кезінен белгілі. Сюань – Цзяннің жолжазбасында «Ақ өзендегі қала» деп еске алынған. XI ғасырда Испиджаб атауы Махмуд Қашқаридың деректері арқылы айқындала түседі. «Сайрам – деп жазды ол, - Испиджаб аталып жүрген ақ қаланың атауы. Оны Сайрам деп те атайды» /5/. Испиджаб X ғасыр мен XIII ғасырдың бас кезінде Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі қалаға айналды. Қаланың орталығы медине деп аталды. Мединенің төрт қақпасы болды – Нуджкент қақпасы, Фархан қақпасы, Шавкан қақпасы және Бұқара қақпасы. Бұл қақпаларда шығыс, батыс, елдерінен келген тауарлар, жергілікті жердің еті мен малының саудасы жүргізілді. Бұлармен қатар, қаланың төрт бұрышында да қақпалары болған. Солтүстік қақпасы Бел қақпа – Белдарбоза, оңтүстіктегі қақпалар – Базар дарбоза, шығыс жағында – Қарамұрт дарбоза және батыстағы – Шымкент дарбоза аталған. Қаланың 1700 рабады (керуен сарайлары) мен көптеген базарлары болған. Бұлар Нахшебу, Самарқант, Бұхара көпестерінің иелігінде болды.

Испиджаб аса ірі әкімшілік орталығы ғана болып қалған жоқ, өтпелі сауда орталығы ретінде де маңызы жоғары болды.

Түрлі елдердің саудагерлері осы қалаға тоқтап, сауда жасайтын. Испиджаб көпестері Мерв, Бұқара, Балх, Хорезм көпестерімен бірге Бағдат базарларында саудасаттық орындарын ұстады. Испиджабтан сыртқа тұтқынға түскен құлдар, ақ маталар, қару-жарақ, қылыштар, мыс пен темір сатылатын.

Испиджаб қаласы алтын, күміс, металл өндіру орталығы болды. Қала маңындағы кен байлықтары оның даңқын талай жерге апарды.

Қалада қолөнер кәсібі жоғары дәрежеде дамыды. IX-X ғасырларда Испиджабта және Оңтүстік Қазақстан жеріндегі басқа қалаларда да керамика, қыш кезе, шыны ыдыстар жасаумен, ұсталық, зергерлік жұмыстарымен айналысты. Қалада Тибет емшілерінен кем түспейтін дәрігерлер болды. Испиджаб шеберлері мыстан құмыралар, әшекей ұсақ-түйек сақтайтан қобдишалар, шырақтар, киімдерге, қару-жарақтарға, аттың әбзелдеріне әшекей бұйымдар жасады. Бұл нәзікте, әдемі, үлкен шеберлікпен жасалынған бұйымдар жер бетінің көптеген жерлеріне тарады.

Қала тұрғындары егіншілікпен де айналысып, қысқа жеміс-жидектер дайындап алды, ірі қара мен мал ұстап, қолда қой өсірді. Қала өз теңгесін шығарып отырды.

Сайрам халқының этникалық құрамы әртүрлі болды. Қалалықтар құрамында иранша да, түрікше де сөйлей алатын ежелгі қалалық тұрғындар әулеті де, сондай-ақ, қалада тұрақты отырықшылана бастаған көшпенділер (қыпшақтар кейіннен қазақтар) да бар еді және олардың саны тұрақты түрде өсіп отырған.

Испиджабтың гүлденіп коркейуі XIII ғасырдың бас кезіне дейін, яғни Оңтүстік Қазақстан, Орта Азия мәдениетінің өрлеу үстіндегі қарқынын күрт үзген татар-моңғол шабуылына ұласқан оқиғалар болғанға дейін созылды. Қазіргі кезде Испиджабтың – Сайрам аты Шымкент іргесіндегі ортағасырлық ірі қаланың қалдықтары қалған қалашықта сақталған. XIV-XV ғасырларда Сайрамға жақын маңда орналасқан Шымкент қаласы қауырт өсіп, бас қала рөлі бірте-бірте соған ауыса берді.

Керуен жолы Испиджабтан Арыс жағалауындағы Арсубаникетке, Отырар-Фарабқа одан әрі Сырдария өзенін қуалай отырып Арал теңізі алқабына кетеді.

Сырдарияны жағалай созылған керуен жолындағы ірі қалалар Отырар-Фараб пен Шауғар болды. Отырар-Фараб атауы Арыстың Сырдарияға құяр сағасындағы қираған қаланың аты арқылы осы күнге дейін сақталып келеді. Фараб сөзі «арғы беттегі қала» деген ұғым береді, ал мұның өзі Сырдария өзенінің арғы бетінде тұрған қала атауына сәйкес келеді.

Отырардың пайда болуы біздің дәуіріміздің I ғасырына жатады, яғни, қазақ жеріндегі ең бірінші дүниеге келген қала. Қазақстан территориясындағы сол кездегі ең ірі қала болды, оның көлемі 2000 гектар жерді алып жатты. Қалада су қоймалары, арықтар, бау-бақшалар мен су құбырлары болды. Қала халқына арналған моншалар жұмыс істеді. Қалада құмыра, әйнек жасау, қолонер, ұсталық пен зергерлік дамыды. X-XII ғасырларда қала маңындағы жерлерде халық ірі суармалы егін шаруашылығымен айналысты.

Отырар көптеген керуен жолдары тоғысқан жер еді. Бір жол осы жерден Шауғарға кетсе, екінші жол Сырдария өткелі арқылы Отырардан 20 км-дей қашықтықта орналасқан Басиджа қаласына барды. Басиджа шығыстың көрнекті гұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің алтын бесігі болды. Әл-Фарабидің әкесі осы қаланың билеушісі болған. Жібек жолы одан әрі Сырдарияны жоғары бойлап, оғыз қаласы – Сүткент арқылы Шашқа (Ташкентке), ал одан төмен қарай Жентке барады. Осы жерден жол Қызылқұм арқылы Хорезм мен Үргенішке, одан Еділ жағалауы мен Кавказға кетеді. Жібек жолының бұл бөлігі XIII ғасырда, яғни Еділдің төменгі ағысы сағасында алтынордалық Сарай қаласы салынған кезде қатты жанданады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы Тараз, Испиджаб, Құланның тағдыры сауда керуендеріне байланысты болса, Отырардың сауда керуендерінен бөлек жергілікті халық үшін маңыздылығы жоғары болды.

Отырар көшпелі-дала тұрғындарының өз қаласы болған, өйткені қала қорғанының ар жағында оларға жақын және түсінікті тілде сөйлейтін туыстары, достары, халқы тұрған. Егер өткір семсерлер айқасса, зуылдаған садақтар оғы атылса, сарайлар мен жер үйлер өртенсе, онда көшпелілер үшін де, қала тұрғындары үшін де қауіпті жаудың келгені еді /6/. 1219 жылы моңғол шапқыншылығына байланысты қала халқы 6 ай бойы ерлікпен қорғанады. Моңғолдар талқандағаннан кейін, қала өмірі бұрынғы дәрежесіне көтеріле алмай бірте-бірте елсіз төбеге айналады. Қазіргі кезде Отырар төбеге көптеген археологиялық жұмыстар жүргізілген, жанынан Отырар музейі ашылған. Кеңес дәуірі кезінде Отырарды қазақтың белгілі археологі Кемал Ақышев жан-жақты және толық зерттеп, көптеген ғылыми еңбектер жазды.

Отырар маңында, X ғасырда Отырардың көгал алқабында болған басты қаланың бірі – Кедер. Ол «әр елден келген көпестер мекені» ретінде белгілі.

Шауғар қаласы VIII ғасырдағы деректерден белгілі, ол осы күнгі Түркістан маңындағы қираған ескі Шайтөбе қаласына сәйкес келеді. Шауғар атауы «Қаратау қаласы» деген мағына береді, ал бұл Қаратау бөктерінде орналасқан қалаға сайма-сай келеді. Түркістанмен қарайлас Шауғарға жақын маңнан Яссы қаласы ірге тепті. Бұл ұлы жиһангер Әмір Темірдің бұйрығымен моласының басына мазар (мавзолей) орнатылған атақты ақын Қожа Ахмет Яссауи өмір сүріп, өз ілімін уағыздаған қала еді.

Жібек жолы Шауғардан оғыздың астанасы болған Янгикентке (Жаңакент) баратын. Жол бұл жерден де Қызылқұм арқылы Хорезмге, одан әрі Поволжье мен Кавказға баратын.

XIII ғасырда оңтүстік-батысқа таман орналасқан Сығанақ қаласы қыпшақ мемлекетінің орталығы болды.

Керуен Испиджабтан шығып шығысқа қарай бет алып Тараз қаласына кететін.

Тараз – тарихқа VI ғасырдан белгілі. 568 жылы дәл осы жерде түрік қағаны Византия императоры II Юстинианның жіберген Земарх басқарған дипломатиялық елшілігін қабылдаған. Тараз қаласы ең ірі саяси, экономикалық, мәдени орталық болған. «Көпестер қаласы» деп аталған. Шығыс пен Батысты байланыстырған сауда жолы осы Тараз қаласы арқылы өткен. X-XII ғасырларда дамудың жоғарғы дәрежесінде болды. Өзінің биік құрылыстарымен, әдемі түзу көшелерімен, керуен сарайларымен, теңге шығаратын сарайларымен, сауда және қолөнерімен әлемге белгілі болды. Қалада су құбырлары мен моншалар жұмыс істеді. Керемет сәулет өнері үлгілері пайда болды. Бұны біз Қарахан, Айша-бибі, Бабаджа-хатун мавзолейлерінен көре аламыз.

893 жылы арабтар Таразды жаулап алады. Қалада осы кезден бастап оның бұрынғы сауда-саттық ісімен қатар исламды уағыздау, мешіттер, медреселер салу жұмыстары қызу жүргізіледі.

Археологиялық қазбалардан табылған қыш, әйнек ыдыстары, қола, күміс, мыс бұйымдарынан қаланың мәдени өркендегенін байқаймыз. Тараздан алыс емес жерде Дех Нуджикес және Адахкет қалалары болған. Сауда жолы Тараздан шығып осы қалалар арқылы Ертіс жағалауындағы кимақ хандығы мен Енесейдегі қырғыздарға барған. X-XII ғасырларда Қазақстан жерінде қалалар көптеп өсіп, қала халқының саны артты. Атап айтсақ – Қарашық, Қарпақ, Қоялық, Екі-оғыз, Ашнас, Баршыныкент қалалары. Сонымен, қорыта келсек, Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы жоғары болған. Ұлы Жібек жолы әртүрлі сауда, мәдениет, көптеген жаңалықтар мен жаңа ойларды тарату жолына айналды. Евразиядағы көшпенділер мен отырықшы халықтардың дамуы мен өркеніетті жолы болды.

Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан жерін басып өтетін бөлігі мен оның бұтақтарының жалпы бағыты осындай болған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бартольд В.В. Отчет о командировке в Среднюю Азию. Соч. Т. IV. М., 1966.
2. Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана. (Отрарский оазис). Алма-Ата, 1990.
3. Байпақов К.М., Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және Ортағасырлық қалалар. А., 1992.
4. Кляшторный С.Т., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. А., 1992.
5. Байтонаев Б.А. Древний Испиджаб. Шымкент. А., 2003.
6. Ақышев Қ. Ертедегі ескерткіштер елесі. Алма-Ата, 1976.

РЕЗЮМЕ

В статье показаны основные направления Великого Шелкового пути, проходящие через Южный Казахстан.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін бағыттары жайлы айтылған.

УДК 323. 11 (573)

СВОБОДА ВЕРОИСПОВЕДАНИЯ И НАЦИОНАЛЬНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ

Абдикадырова Х.С., Есильбаева А. (г. Алматы, УМОиМЯ им. Аблайхана),
Туменова С.М. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

К проблеме распространения религиозного экстремизма приковано сегодня внимание всего мира. И это неслучайно. Данное явление, как и его производное – терроризм, способно выступить в качестве катализатора нарушения и подрыва стабильности не только в отдельных государствах, но и целых регионах. Причем это

зло может коснуться любой страны, вне зависимости от уровня ее развития и положения в мировом сообществе. Все мы знаем о религиозной подоплеке многолетнего конфликта в Северной Ирландии, мусульманско – индуистском конфликте в Индии, да и тех же США действует большое число христианских ультраправых фундаменталистов, пропагандирующих расизм и национализм. Безусловно, эта возможная угроза актуальна и для Казахстана. К чему может привести распространение в поликонфессиональном и многонациональном государстве различных религиозно – экстремистских и иных радикальных идей и лозунгов, нетрудно догадаться.

В начале 90-х гг. в бывших советских республиках Центральной Азии роль государства в вопросах взаимодействия с религиозными институтами ослабла, что моментально дало о себе знать. Традиционные религиозные институты начали терять свое влияние на прихожан, поскольку зарубежные эmissары были гораздо активнее, более мобильны и обладали широкими финансовыми возможностями – такими, как оплата поездок за рубеж, оказание гуманитарной помощи и т.д.

Поэтому неслучайно Нурсултан Назарбаев в книге «Критическое десятилетие» пишет: «...в целях противодействия импорту экстремизма в Казахстан возникает крайняя и насущная необходимость правового регулирования миссионерской деятельности религиозных зарубежных проповедников. Особенно это касается более четкой и грамотно поставленной работы по проведению компетентной литературы, особенно той, которая касается неклассических интерпретаций и толковании Корана и Шариата» / 1/.

В эпоху раннего Средневековья на Ближнем и Среднем Востоке произошли не менее серьезные перемены, чем в Европе, еще не оправившейся от крушения Рима. За считанные десятилетия образовалось централизованное, с единой религией государство, территория которого была больше, чем Римская империя. Самая молодая из мировых религий породил название «исламский мир». Именно из этого времени пришли к нам выражение «калиф на час», слова «арабеска», «арсенал», «шахматы», «астролябия», арабские цифры, названия звезд, а также сказки о Гаруне–ар–Рашиде, Синбаде – мореходе. Современные мореходы бороздят Гибралтарский пролив и Черное море, названные так арабами, руководствуясь картами, созданными первоначально арабами.

Еще в 6 в.н.э. Аравийский полуостров воспринимался в Европе как «край света». На большей части «каменной Аравии» кочевали племена арабов бедуинов, живших в шатрах и пивших верблюжье молоко. Лишь на юге, в Йемене, - «счастливой Аравии» – существовало древнее Сабейское государство с процветающими торговыми городами. В западной части Аравии также было несколько городов, в которых правило купечество. Среди них выделялись Ястриб (Медина) и Мекка – центр территории, занятой племенем курейша (курейшитов). Эти земли назывались хиджаз.

Дальнейшая история арабов связана с именем Мухаммеда, выходца из знатной купеческой семьи, известного прежде всего в качестве основателя новой религии – ислама (ислам – «покорность богу») или мусульманства (от араб. «муслим» - «уверовавший»).

Имя Мухаммеда стало в один ряд с именами Будды, Моисея, Христа. Пророк ислама – абсолютно реальное и конкретное историческое лицо. Мусульманство оказалось последней по времени возникновения мировой религией. Оно сразу же было приспособлено к нуждам зарождавшегося государства и с самого своего возникновения оказалось очень конкретной религией, начиная с его проповеди Мухаммедом. В отличие от предшествовавших религий ислам устанавливал, прежде всего, правила жизни на этом свете, а уж только потом сулил праведникам рай, а грешникам геенну огненную. В то же время ислам многое почерпнул из иудаизма, христианства и аравийских древних верований, имевших распространение в Аравии.

Мухаммед начал прилюдно проповедовать открывшиеся ему истины, свод которых назвал Кораном (от араб. «ал-куран» - чтение вслух наизусть). В отличие от Библии с её рассказами о мироздании и древних людях Коран представляет собой проповедь от имени Аллаха. Провозглашается вера в единого Бога – Аллаха,

сотворившего мир правящего им. Главными ценностями признается покорность Богу, частная собственность, определенные нравственные заповеди.

Межнациональные отношения в полиэтнической стране – сфера весьма деликатная и чуткая. И оттого, какое внимание уделяется данному вопросу государством, зависит будущее самого государства, его поступательное развитие. В этом отношении Казахстан на редкость удивительная страна, пожалуй, единственная на просторах СНГ, которую после распада Союза не затронули конфликты на этнической почве. С одной стороны, это результат проводимой в Казахстане Президентом страны политики межнациональных отношений, направленной на поиск точек соприкосновения разных культур в пределах одного государства, расширение зон доверия и согласия между народами. С другой стороны, в этом большая заслуга наций и народностей, проживающих в республике, а их сегодня более ста тридцати. Благодаря атмосфере дружбы и согласия, исторически установившейся между ними, Казахстан для многих стран стал позитивным примером создания реальной стабильности в условиях многокрасочной этнической мозаики.

Но с начала нового тысячелетия человечество вступило в крайне сложную, во многом противоречивую эпоху своего существования. Глобализация и научно – этнический прогресс, интеграционные процессы и унификация культур одновременно сопровождают геополитической локализацией и разделением, усилением новых вызовов и угроз стабильности и безопасности мирового сообщества, в число которых входит и религиозный экстремизм.

Экстремизм как феномен имеет давнюю историю и в самом общем виде может быть охарактеризован как приверженность к крайним взглядам и действиям, радикально отрицающим принятые в обществе нормы и правила. Особенностью его существования в последние десятилетия стало то обстоятельство, что все труднее становится отделить чисто религиозный экстремизм от политического. И связано это с истинным желанием определенной части общества использовать религию в политической сфере социума для достижения целей, направленных на насильственное изменение государственного строя или захват власти, нарушение суверенитета и территориальной целостности государства, на возбуждение религиозной вражды и ненависти.

Близость Казахстана к очагам распространения экстремизма и терроризма, процессы глобализации обуславливают возможность проникновения и распространения на территории республики различных псевдо религиозных течений и радикальных идей, создавая тем самым угрозу внутривнутриполитической стабильности, сохранению межнационального и межконфессионального согласия.

Фактором подрыва стабильности в обществе и даже прохождения психоза может послужить также однобокое освещение проблем, связанных с религиозным экстремизмом. Даже в том случае, если реальных предпосылок для таких настроений все не существует. По большому счету, главное для террористов – не сами разрушения и жертвы, а возможность посеять страх и вызвать панику среди возможно большего числа людей и тем самым дестабилизировать обстановку. Можно сказать, что, впадая в такие настроения, мы лишь убеждаем экстремистов в эффективности применения террора.

На фоне происходящих в мире событий казахстанцы, конечно же, тоже беспокоены проблемой распространения религиозного экстремизма. Но в то же время в нашем обществе отсутствует какой – либо ажиотаж. Это позволяют утверждать и результаты социологического опроса, проведенного экспертным институтом. Целью социологического исследования является анализ взглядов казахстанцев относительно проблемы распространения религиозного экстремизма и угрозы его распространения на территории республики.

Более половины опрошенных (55.9%) респондентов, как показали результаты исследования, не разделяют точку зрения о том, что в республике сегодня существует роза распространения религиозного экстремизма.

Но, безусловно несмотря на то, что в Казахстане сохраняются мир и спокойствие, а наш опыт в сфере межконфессионального и межнационального согласия признается и изучается международным сообществом, мы не можем сегодня говорить об абсолютной невозможности возникновения в республике противоречий, имеющих религиозную подоплеку.

В современных условиях в Казахстане потенциальной причиной возникновения экстремизма может стать распространение нетрадиционных религий и новых вероучений. Так считают 26,8% опрошенных, вместе с тем 17,5% высказались за то, что в настоящее время данные факторы в Казахстане отсутствуют. В том, что угроза обусловлена влиянием международной обстановки, уверены 12,1% респондентов.

Экспертами в большинстве своем была поддержана и мера, направленная на ограничение деятельности иностранных миссионеров в республике. То, что это необходимая мера, считают 43,0% опрошенных, возможная мера 28,3%/2/.

Таким образом, изучение отношения респондентов к предложенному утверждению о существовании в Казахстане угрозы распространения религиозного экстремизма выявило, что в Казахстане на сегодняшний день такой угрозы не существует.

По данным официальной статистики, в Казахстане действуют 2300 религиозных объединений, из них зарегистрированных 1375; культовых зданий 2005, из них 1275 мусульманских. Религиозные центры Казахстана имеют в своем распоряжении 847 молитвенных здания, из которых 43 являются памятниками истории и культур, 46 переданы в последнее время верующим, 104 находятся в стадии строительства. Если учесть, что глава государства уделяет особое внимание достижению межконфессионального мира, имеет хорошие отношения с высшими иерархами католической и православной церковью, при его деятельном участии стал возможным диалог между представителями ислама и иудаизма, то можно заключить, что у религиозных экстремистов в ряде случаев была перехвачена инициатива для разжигания межэтнической и межрелигиозной вражды.

XII ғ. қыпшақтар бүкіл араб, парсы, славян, роман-герман халықтарының үрейін ұшырған күдіретке айналды. Ежелгі Оғыз даласы (Мафазатғүз), ал енді Дешті-Қыпшақ даласы атанды. 1055 жылы олар орыс шекарасына жетті. Кешікпей қыпшақ ұландары Еділден Донға, одан Днепр мен Днестрге өтті. 1071 жылы Кіші Азияны, Анадоны жаулап алған қыпшақтар Осман түріктерінің негізін қалады. Небәрі 30 жыл ішінде олардың қалың қолы Карпатқа, Дунайдың темір қақпасымен Балқан тауына барып тіреледі. Шын мәнінде ұлы ақын Мағжанның “От” деген туындысында

Талай заулап ұшқанмын,
Әлніге барғам Алтайдан
Балқанға барғам Қытайдан,

- деген ғұндардан кейін Европаға заулап барған қыпшақтарды да еске алса керек. Шын мәнінде XI-XII ғ. аралығында қыпшақ халқы қалыптасты.

XI-XII ғасырда қыпшақ халқы мен “қазақ” атаулары қатар шықты. Қытай, парсы, араб, үндістан, орыс деректерінде айтылады. Қорыта айтқанда, қыпшақ атауымен халық болып танылған қазақ барша түркі әулетінің қара шаңырағы болды.

“Қазақ” деген сөзді ер жүрек батыр, батыл, сері деген Ш.Уәлиханұлы, В.В.Радлов бұл ұғымды “тәуелсіз, еркін, ерікті адам” деп мағыналайды. Шәкәрім қажы “Қазақ шежіресінде” “қазақ” дегеннің мағынасы “өз алдына ел болып жүрген халық” деген сөз деп таниды. “Қазақ” атауының төркіні туралы көптен белгілі ғалымдар қалам тартқанын атап өткені абзал /9/.

Қазақтың қалың тобы қыпшақпен етене қабаттасып, барлық туысқан этностардың, ноғайлардың, башқұрттардың, өзбектердің, түркмендердің, қырғыздардың, бұлғарлардың, татарлардың, мажарлардың, Қап тауы халықтарының құрамына енді. Қорыта айтқанда, қыпшақ атауымен халық болып танылған қазақ барша түркі әулетінің кара шаңырағы болды.

Ү. Мұңғыл үстемдігі

Мұңғыл империясы барша қазақ жерін біріктіріп, оң қанат (Батый – Алтын Орда), орта (Шайбани,Әбілхайыр), Көк Орда сол қанат (Орда Ежен), Ақ Ордаға бөліп ту тікті. Қыпшақ этносына керей, найман, оңғыт пен барғы, қоңырат пен меркіт сияқты тайпалар қосылды. Аз ғана уақытта татарлар қыпшақтармен қандасып кетті. Дешті Қыпшақ даласын жайлаған түркі тайпаларының мәдениеті шапқыншылардан жоғары еді. Біз өз халқымыздың өркениетке хал-қадірінше үлес қосқанын орынды мақтан етуге құқылымыз. Қорқыт ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Яссауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри секілді шығыстың даналары осы “Ұлы даланың” перзенттері еді /10/.

Мұңғылдардың қыпшақтарды қатты қырғанына қарамастан ең далада еркін өскен, өжет, ерен далалықтардың этно-мәдени бірлігі ғасырлар бойы қалыптасқан қыпшақ халқының тұтастығы, ата тегінен келе жатқан қасиеттері сақталды.

Жеті атасына дейін қан араластырмай, ата-баба салтын, дінін, тілін сақтап қалған қыпшақ елі мұңғыл шапқыншылығы сынынан да өтіп, мың қырылып, мың бірінші рет тағы тірілді /11/.

ҮІ. Қазақ халқы мемлекетінің дәуірі

Алтын Орда құлап, әжелгі түркі Дешті Қыпшақ даласында Өзбек, Ноғай хандықтары пайда болды. Өзбек хандығына Жошының Шайбани баласының тұқымы Әбілхайыр өктемдік етті.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди” атты еңбегінде көрсетілгендей, 1465-1466 жж. Жошының Тоқай-Темір атты баласының ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар Өзбек хандығынан бөлініп, ат құйрығын шарт кесісіп, Моғолстандағы Шудың солтүстік қапталында Қозыбас деген жерде Қазақ хандығының ордасын тікті /12/.

Қазақ халқының саны жарты ғасыр ішінде 200 мыңнан 1 млн-ға жетті. Қазақ халқы Евразияның Орталық даласында қалыптасты. Бас бостандығын, ата-мекені, жері мен малын өмірбақи қорғады. Ортақ тіл, Қасым хан салған қасқа жол, Есім хан салған ескі жол, Тәуке ханның “Жеті жарғысы”, бүкіл халықтық құрылтай, хан сайлау, жылдық миграция жолын бекіту, осының бәрі біртектілікті, тұтастықты, баршаға ортақ заңдылықты, әдет-ғұрыпты іске асырды. Бір сөзбен айтқанда, супер-этнос қыпшақ халқы үш ғасыр бойы мұңғыл тектес тайпаларды бойына сіңіріп, енді өзінің ұлы шаңырағынан қазаққа, өзбекке, ноғайға, башқұртқа т.б. түркі тектес халықтарға енші берді: Бұрынғы қыпшақ халқы болып біріккен үштулы этнотерриториялық ел үш жүзден тұратын қазақ халқы болып туды осылай көтерді /13/.

Қазақ хандығымен қатар Шыңғысхан ордасының сол қанаты түркі тектес салт атты көшпенділер - Жоңғар (ойрат) мемлекеті ірге көтерді. Батыста империяға айналған Ресей ХҮІ ғ. қазақ сахарасының шетінен бір-ақ шықты. Бірінші Петр “Азияның кілті мен құлпы” санаған қазақ сахарасының ертелі-кеш Ресейге қосылуы, бодан болуы мемлекеттік саясат дәрежесінде қалыптасты. Қос бүйірден екіге бөлінген жоңғар-қалмақ Ресейдің, одан қалды Қытайдың айдауымен қазақ даласына 1599-1750 жылдар арасында үздіксіз ойран салды. ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. жоңғарлардың қаһары қазақ елінің шымбайына батты. Абылай ханның айтуы бойынша “ХҮІІІ ғ. басында 40 жыл ішінде халықтың үштен екідейі қырылды”. Қазақ “Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұламаға” ұшырады. Осы тарихи кезеңде қазақ халқының тарихи сахнадан құрып кетуі

қаупі ғажап та емес еді. Міне, осы тұста қазақ халқы бірліктің керегін түсінді. Топ ішінен суырылып сөйлейтін шешендер, көпті бастар көсемдер, ту ұстар батырлар сол тарихи кезеңде айбынды елдің айдынды азаматын іздеді, ол болса “жыртылғанға жамау, шаршағанға демеу”, “қалың елдің ары”, “жау-дұшпанның кәрі”, “ауырғанға дәрі, өз елінің нәрі” болуы шарт еді. Дәл осындай ел тілегінен шыққан елдің елеулісі, халықтың қалаулысы, жасынан жетім қалып, үйсін Төле бидің түйесін баққан Әбілмансұр (Абылай) болды. Ол халық алдына үш бірдей мақсат қойды. Біріншіден, өз алдына ерікті ел болып, өзін - өзі меңгеруі; екіншіден, ата қонысына жайғасып, бейбіт еңбек етіп, шаруашылығын шалқыту; үшіншіден, бір ауызды, ынтымақты болып, Отанын, елдігін қорғау. Алты алаштың Абылайы үш жүздің билерін, дана шешендерін, жаужүрек батырларын төңірегіне жинап, хандық билікті, даналықты қаһарман халық күшін біріктірді. Қазақ елін бүкіл Евразия қуатты мемлекет дәрежесіне көтерді. Міне, осы сәтте желкілдеген ту көрініп, жер қайысқан қол келіп, қазақ еліне жау ойран салғанда, Бұхар баба айтқандай “Қиядан қиқу төгілсе, қорқып жаудан қайтпаған, батыр шыққан даңқыңнан, қазақ деген халқыңнан. Шын мәнінде, осылайша халықтық жиындар осы заманға лайық парламент болатын. Ерлік – ұранымызға, бірлік – құрамымызға осылай айналды”. Ел басына күн туған кезеңде ұлттық сана қалыптасты. Тәуке ханның “Жеті жарғысы”, Ұлытауда үш жүздің өкілдері қол қойған “Таңбалы тас” шын мәнінде Қазақтың тұңғыш конституциясы болды.

Қазақ бүкілхалықтық мүддені түсінер – іргелі ұлт санатына осылай жетті.

ҮІІ. Отаршылдық бұғауында

Батыс отаршыларынан Ресей отаршыларының бірнеше озіндік өзгешілігі болды. Біріншіден, Ресей отарлық бұғауды көршілес халықтарға салды. Екіншіден, ол отар елге қоғамның небір азғын, шеттен шыққан топтарын үзбей жіберді, елді, халықты, нашакорлыққа, сатқындыққа, екіжүзділікке итермеледі, жұқпалы аурулар таратты. Үшіншіден, орыс елі отар елге ендеп, Астрахан, Орал-Сібір, Жетісу әскери шептерін салып қоршап алды. Төртіншіден, отар елге өзінің езгісі аздай, Ресей кәсіпкерлері шетелдік шонжарлармен ауыз жаласты.

Кейбір ғалымдар Әбілхайыр өз еркімен бодан болды дегенді бетке басады. Шын мәнінде бұл іс қанды Жармақ (Ермак) жорығынан бастап бағдарланды. Ерте ме, кеш пе – Қазақ елі Ресейге қалай да қосылуы ақиқат болатын. Әбілхайырды осындай шешім қабылдауға орыс мемлекетінің ғасырлық саясаты мәжбүр етті. Орыс елі Қазақ елін 1731 жылдан емес, 1580-ші жылдардан бастап шапты. Ендеше, Қазақ елінің Ресейлік отарлық бұғауға іліге бастағанына 400 жыл болды /14/.

Қазан төңкерісі алдында Дала өлкесіндегі халықтың 42%-ы орыс болды. Қазақ елі орыс мемлекетінің губернияларының құрамына енді. Хандық билік жойылды.

Орынбар өлкесінде қоныстанған 553 мың, Оралда 235 мың, Сібір шебінде 164 мың, Жетісуда 59 мың казактар қанды семсерін қазақтың үстіне төндірді. Қазақ елі 45 миллион десятина құнарлы жерінен айрылды. Қазақ халқының басына күн туды. Сонау ХҮІ ғ. аяғынан 1916 ж. дейін 300-ге жуық ұлт-азаттық қотерілістер өрбіді. Тарих сахарасында Сырымдай, Махамбеттей, Кенесарыдай, Садықтай, Бекболаттай айбынды да айдынды, қаһарлы да, қайырымды тегереуінді де екпінді, сүйікті де сүйкімді, қайғылы да мұнды, сегіз қырлы бір сырлы ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері шықты.

XIX ғ. II жартысы – XX ғ. I ширегінде Шоқан, Абай, Ыбырай озық елдер қатарына қалыспауға, білімге шақырса, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Алихан Ермек, Жақып Ақпай, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбай, Мағжан Жұмабай, Мұхамеджан Сералы сияқты Алаштың туы көтерген реформатор ұлдар ұлттық санасын оятты, елім деп еңіреді, халық деп қайысты, құрығы ұзын ақ патшамен де, билікке таласқан дәуекес большевиктермен де сайысты. Демократиялық күрес әдісі мен саяси және мәдени автономия үшін күресті. Ғасыр басында “Көзінді аш, оян қазақ, қотер басты,” – деп басталатын Міржақып Дулатовтың – “Оян қазағы” – күрес әліппесіне айналды. Сол шақта қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі Ахмет Байтұрсынның

Қазағым, елім?
 Қайқайып белің,
 Сынуға тұр таянып,
 Талауда малың,
 Қамауда жаның,
 Аш көзіңді оянып!

– деген жалынды үндеуі түйсігі бар қазақты дүр сілкіндірді. Халық арасында, Алаш алдында ары таза жандар, ерен еңбегі бар қаһармандар осылардай – ақ болар! /15/

ҮІІІ. Қазақ халқы кеңес империясы уысында

Бұл бір 70-тен астам жыл ғажайып шытырман қайшылықтарға толы жылдар. Тек, 1921-1932 жылдардағы аштықтарда үш миллионға жуық адам қырылып, халқымыз құрып кетудің аз-ақ алдында қалды. Сол бір жылдары қазақ халқы тағы да босқындыққа ұшырады. Бұл күні Қытай, Ауған, Иран, Түрік елдерінде жүрген ағайындардың 400 мыңға жуық ата-бабалары күштеп коллективтендіру, тәркілендіру кезінде босып кеткендерді 30 мыңнан астам асыл ерлер кінәсіз атылды, мыңдаған жандар кеңестік лагерьлердің тозығынан өтті, екінші жағынан халық білімге, өнерге құнықты, Қаныштай, Мұхтардай, Жүсіпбек Аймауыттай, Бейімбеттей, Ілияс Жансүгірдей, Сәкен Сейфолладай, Ғабиттей, Сәбиттей, Марғұландай, Күләштай, Қасым Аманжолдай, Мұқан Төлебайдай, Санжар Аспандиярдай алып перзенттерін шығарды. Бауыржандай, Талғаттай, Мәншүк пен Әлиядай, Ыбырай Жақайдай батыр ұл-қыздарын танытты. Қазақ ұлттық академиясы, академиялық театрлары, университеттері бар елге айналды. Осымен қатар оның басына діннен, тілінен айрылу қатері туды. Жер полигонға, лагерьлерге толды. Қансыраған Семей, қансыған Арал, шерлі Нарын, қасіретті Балхаш, шаңы аспанға шыққан тың жерлер, аққу-қазысынан айырылған көлдер – осының айғағы. Петр І-ден бастап отаршыл орталық осы тұста елеміздің кенді, дәнді алқабын, жылы жұмсасын аямай-ақ сорады. Өз елінде жалтақ болып, азшылыққа айналды. Қиыр шығыста 100 мыңнан астам корейлер, Еділдің өңірінен 361 мың неміс, Солтүстік Кавказдан 507 мың карачай-балкар, чечен-ингуш, Месхетиядан – ауған, күрд, түрік, одан қалды қалмақ, қырым татарлары қазақтың кең шапанының астына кіріп паналады. Бұл аздай тың көтереді, құрылыс салады деп осы қазақ даласына сырттан қаншама адамды қапталтты. Осының нәтижесінде қайран қазақ бабалары ту тіккен елінде аз санды халыққа айналды. Патша жасап үлгере алмаған отаршылдықтың сорақысынан кеңес империясы осылай жасады. Кеңестік Орталық большевизм жүргізген геноцид-этноцид отаршылдықтың шыңы болды /16/. Міне, осындай сәтте 1986 жылы Желтоқсан оқиғасы өрбіді, ол тек Колбин сияқты кеңес империясының озбыр, жебір, сауаты дүмбілез, алпауыт, апайтөс әміршісіне ғана қарсы туған наразылық емес еді. Ол кеңестік империяның орыстандыруға, полигондарға, лагерьлерге, экологиялық апатқа қарсы туған наразылығы болатын /17/.

ІХ. Қазақ елі егеменді алған шағында .

Міне, осы кезден бастап коммунистік партияның билеуші тобы өздері аялап өсірген империяны құлатып тынды. Қазақ елі бостандық алды, Қазақстан егемен, қазақ тәуелсіз мемлекет болып, Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі болды. Қазақ елі тұңғыш рет өзінің Президенті етіп Н.Ә.Назарбаевты сайлады. Дархан ел, батыр халық көпті жарып шыққан шешен, қалың қолды бастаған көсем етіп Нұрсұлтан Әбішұлын тарихи аренаға шығарып отыр. Жәй ғана шығарып отырған жоқ, бүгінгі қазақ халқының, Қазақстан халықтарының, түркі тілдес халықтардың, Түркістанның жоғын жоқтайды, мұнын мұндайды, елдің дауын асырады, дұшпанның құтын қашырады деп үміт артып 1999 жылы қайта сайланды. Тәңірге шүкіршілік, Елбасы он бес жыл ішінде елді даңғыл жолмен әкеле жатыр. Оның даму перспективасы айқын да анық елдің рухы біртіндеп көтеріліп келеді /18/.

2006 жылдың 4-і желтоқсанында Қазақстан халқы тағы да Н.Ә.Назарбаевқа үміт артып бірауыздан дауыс беріп сайлады.

Қазақстан Республикасының Ата Заңына сай республика азаматының кез-келгені президенттікке үміткер бола алады. Бірақ ол орын Елбасының киелі тағы алдында ант бере алатын, сөзінде тұрып, елін мұратқа жеткізудің жолдарын толық меңгерген, елдің

тілегі мен жүрегі бола алатын бір туар Азаматқа қана бұйыратын орын. Сондықтан Елбасының қолында ел тағдыры десек, елдің жанын ұғатын, жалпыға пана болатын, қандай қиындық болмасын халқын аман еткіземін қайраткер ел тізгініне ие болуға тиіс. Ешкім ел тағдырын көрінгеннің қолына ұстатқысы келмейді.

Олай болса Қазақстан халқы тағы да Нұрсұлтан Назарбаевқа үміт артып отыр. Өйткені Н.Назарбаев біз өткен жолдарда халық көңілінен шықты, халық алдында берген сөздерін адал орындап келеді, Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттігі қалыптасты, экономика жыл сайын өрлеу үстінде, демократия орнықты, елдің бірлігі нығаюда. Ең маңыздысы Н.Ә. Назарбаев қоғамды тығырықтан, дағдарыстан аман алып шықты. Осының бәрі әлем танып мойындаған ақиқат.

Қазақстан халқына қандай Президент керек?

Елімізге дарынды ұйымдастырушы, көсем қайраткер, көреген басшы, табанды саясаткер батыр тұлға керек. Н.Ә. Назарбаев дәл осындай саяси қайраткер. Н.Ә.Назарбаевтың бойында Елбасына тән қасиеттердің бәрі бар.

Атап айтсақ:

-Өл қазіргі заманға сай халықаралық мәселелерді терең меңгерген, төселген саясаткер;

- Нарықтық экономика білгірі, ғалым;
- Айтқан сөзінде тұрып, берген дәлелдерін орындау арқылы, халық сеніміне ие болған, адал ниетті, ақкөңіл азамат;
- Нұрсұлтан Назарбаев адамзат тарихын терең білетіндігімен ерекшеленеді;
- Әлемнің озық тәжірбиесін ұтымды пайдаланып, ата-бабадан қалған асыл мұрамен шебер үлестіріп басқаратын стратег;
- Тәуелсіз Қазақстанның бірнеше ұрпағын өсіріп тәрбиелген тәлімгер;
- Н.Назарбаев әлем мойындаған жер бетінде сөзі сыйлы бүгінгі заманның ұлы саясаткері.

Қазақ тарихында не бір көсем мен кеменгер, шешен мен дана ғұламалар өмір сүрді, олардың талайы мақсаттарына жете алмады. Сан ұрпақ жете алмаған асыл арманға Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен халқымыз қол жеткізді. Ел басшысы жас тәуелсіз мемлекетті тез түзеп, әлемдік қауымдастыққа қосты. Тәуелсіз еліміздің әлауқатымен биік экономикасын өзімізге де, шетелдерге де танытып тұрған Ақ Ордамыз – Астананы тұрғызды.

Президент осы мезгілге дейін жалған сөйлеген емес, қиында болса шындығын айтумен келеді. Азиядағы ынтымақтастық шаралар, Евразия ТМД елдерімен қарым-қатынас бағымындағы ұсыныстары Н.Назарбаевтың халықаралық беделін биікке көтеріп отыр.

Тарихта тұнғыш рет әр түрлі дін өкілдері жетекшілерін Астанада бас қостырып, әлем жұртшылығының сеніміне ие болды Президентті мақтағанымыз елді мақтағанымыз –бұл ұлттық мақтаныш...

Бүгінгі күрделі мәселелерді шешу қиындықтан шығу ердің ерінің қолынан келетін іс. Ата-бабамыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған алып далада қазіргі заманға сай дамыған мемлекет құру қиынның қиыны. Қырғызстандағы, Өзбекстандағы, Ауғаныстандағы, Ирактағы т.б. шет елдердегі шиеленіскен жағдайлар ел басының жауапкершілігінің дәрежесін көрсетеді. Мемлекеттің, халықтың тағдыры басшыға байланысты. Ендеше, жеткен жетістіктеріміз бен ел басының атқарған істерін қорытындылай келе, ел тізгінін Нұрсұлтан Әбішұлына сеніп тапсырды.

Әдіс, эволюциялық үрдіс негізінде ата тарихымыз қайта сарапталып жазыла бастады. Отан тарихы дүниежүзілік тарихтың аясына енді, өркениет тарихынан алар орын тапты, кіндік Азиямен байланысын іздеуде. Тарихтың методологиясы, деректемесі, тарихнамасы, өлкетану саласы, археология, этнология т.б. салалары жаңғыруда. Ұзақ жылдарға созылатын бұл ізденіс аясын барған сайын кеңейте түсуде. Тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы мемлекеттік статус алды. Жошы ханның, Сарайшық қаласындағы хандардың басына ескерткіш тұрғызылып, киелі Түркістандағы Ахмет Яссауи кесенесі жаңғырды. Қазақ сахарасында бостандық рухы, парасат рухы, тәуелсіздік рухы қалықтады /19/.

Біз қазақ ғасырлар бойы жоқ іздеген халықпыз, Біздің жоғалтқанымыз ең асылымыз – тәуелсіздік еді. Біз тәуелсіздікті іздеп соқпақпен де, сүрлеумен де жүрдік, кейде жолға да түскендей болдық, бірақ тығырыққа тіреле бердік. Осыдан он жыл бұрын түскен жолымыз даңғыл болды. Ол тәуелсіздік даңғылы. Біз тәуекел қайығына міндік, тәуелсіздік даңғылына түстік, 15 жылда басқа халықтар ғасырлар бойы өткен жолдан өттік. Абай бабамыз айтқандай, жол ұзақ, өмір қысқа. Ұзақ жолдың қандай межелері артта қалды, зиялы қауым?

Монғолдардың теңеуірінді тепкісіне, ойраттардың 370 жылға созылған ойранына, орыстардың үш ғасырдай отаршылдығына, қытайлықтардың жымысқы зымияндығына, Орта Азиядағы феодалдық хандықтардың сатқындық қанішерлігіне төтеп беріп, ұлттық мемлекеттік дәстүрін қалтарыста қалдырмады, ұлт болмысын ешбір жауға алдырмады қазақ. Бұл болса ұлтымыздың екінші мыңжылдықтағы нәтижесі, ұлы олжасы еді.

Біздің тәуелсіз ел болғанымызға – 15 жыл. Тарихқа ол уақыт қас қағымдай. Өйткені, ғасырларды құшақтап, аясына алған уақыт талай халықтың, талай ұлы империялардың тәуелсіздігін көрген. Солай бола тұрса да бізге біздің өз тәуелсіздігіміз қымбат.

Ол бізге қымбат – ата- бабаның рухын көтергені үшін!

Ол бізге қымбат – сөнген мемлекетіміздің отын маздатып,
жандырғаны үшін!

Ол бізге қымбат – елімізді қатарға қосып, әлемдік қауымға
ендіргені үшін!

Ол бізге қымбат – ата тарихымызды, ана тілімізді, дінімізді,
ділімізді қаз-қаз тұрғызып, қазақ деген атауға қан мен жан
кіргізгені үшін!

Ол қымбат – “Отан” деп жүрегімізді қақтырғаны үшін!

Елім деп елендетіп, “Жерім” деп желпінтіп, барша б

амырымызды игізіп, ата жұртын сүйдіргені үшін!

Жаңа жарқ еткен дәуірде ерікті де, еркін дәурен сүруге жазсын, жаңа ғасырда замана қасіретін молынан шеккен халқымыздың ырысы асын, Отанымыздың бағы жансын! /20/

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и уйсуней долины реки Или. А., 1963.
2. Қазақстан тарихы I-Көне заманнан бүгінге дейін. - А., 1996. 245-250 б.
3. Қорқыт ата кітабы. - А., 1986.
4. Гумилев Л.Н. Хунну. - М., 1960
5. Жұмабаев М. “Пайғамбар”. - А., 1990.
6. Қазақстан тарихы. I том. - А., 1996.296-338 бб.
7. Гумилев Л. Көне түркілер. - А., 1994.
8. Қозыбаев М.Қ. Ата тарихы туралы сыр. // Егемен Қазақстан. - 3 қазан. - 1992.
9. Көмеков Б.К. Государство кимаков в IX-XI вв. 1990
10. Салғараұлы Қ. Қазақтың қилы тарихы. А., 1992.
11. Салғараұлы К. Татары-монғолы в Азии и в Европе. // Сб.статей. - М., 1977
12. Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарихи Рашиди”. - Т.1. кн.1-2. – М. – Л.,1952.
13. Қазақстан тарихы II т. - А., 1998. 121-128, 182-194 бб.
14. Қазақстан тарихы III т. - А., 2002. 96-104, 125, 135, 250 б.
15. Алаш-Орда // Сб.док. - А., 1992.
16. Қозыбаев М.Қ. Қазақтар және азаттық қозғалыс. // “Ақиқат”. 1990. № 5.
17. Қозыбаев М.Қ. Голощекин және Қазақстан. Сталин және Қазақстан // Ақтандақтар ақиқаты-А., 1992.
18. Назарбаев Н.Ә. Әділеттің ақ жолы. -А., 1991.

19. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. - А., 1992.
20. Қозыбаев М.Қ. История и современность. А. 1991.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақаланың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының көне дәуірден бүгінге дейін жүріп өткен жолының тоғыз белестері, кезеңдері мен бағыттарын саралап жазу. Қазақстан тарихындағы нақтылы оқиғалармен, қазақ халқының ғасырлар бойы өз дербестігі, қоғамда демократиялық құрылысты құру, осы міндеттерді мемлекет дамуының қазіргі кезеңде жүзеге асыру жолындағы күресін толығымен көрсеткен. Евразия құрлығындағы ежелгі түркілер заманынан, қазақ елінің әлемдік тарихтағы орнын және Қазақстанның тәуелсіз мемлекетіне дейінгі аралықты мақалада автор ғылыми тарихи әдеби тілмен түсінекті баяндаған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье автор дает общий обзор истории Казахстана, начиная с древнейших времен до наших дней. Автор делит всю историю края на девять периодов, при этом выделяет основные моменты каждого периода, подчеркивая особенности древнего Казахстана, освещая роль тюрков не только в создании древних государств на территории Казахстана, но и всего Евразийского пространства. В статье в сжатом виде описана история независимости республики.

ӘОК 316.346: 316.343.652 (574)

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ

Берлібаев Е.Т. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

1985 жылы Кеңес Одағы терең экономикалық әлеуметтік саяси дағдарыстың табалдырығында тұрды. Әкімшілдік әміршілдік жүйе қазіргі заманның талаптарына жауап бере алмайтын еді.

Бір өкініштісі Кеңес тұсындағы интеллигенттердің көпшілігі коммунистік адамгершілік, әділдік мұратына беріле сенгендері сонша, сол қауіпті саяси науқанды барынша дәріптеп бақты.

Бірақ Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1990 жылғы 17 тамыздағы қаулысында (Протокол №2): Бұған дейін ресми түрде айтылып келген кемелденген социализм концепциясының нақты өмір сүруге сәйкес келмейтіндігін мәлімдеді. Аталған кезеңде ұлттық табыс 10,3% - тен 1% -ке дейін құлдыраған болатын [1/,81]. Өкінішке орай партия басшылығы сын керек дей отырып өздеріне еш сынды қабылдамайтын. Қалыптасқан саяси экономикалық әлеуметтік жағдай рухани саланы жаңартудың қажеттілігін айқындады. Сын айтатын, сын тұрғысында ойлай алатын интеллигенциясыз дамыған индустриалды қоғам жолына түсу мүмкін емес екенін дамыған елдер тәжірибесі көрсетті. Дегенмен Республика интеллигенциясы Горбачевтың қайта құру ұрандарынан көп үміт артты. Сондықтан “Қайта құру қуатын еселей түсейік! – деген атпен Қазақстанның творчестволық және ғылыми интеллигенциясы өкілдерінің республика тұрғындарына үндеуі жарияланды. Үндеуден ... қайта құру ... демократиялылықтық, партиялылықтың нағыз мектебіне айналды ... нақты іске қуатты серпін берді” - деген жолдарды оқуға болады [2/. Горбачевтың әрекеті де өзіне дейінгі басшылардың билікке жетісімен өздерін іскер де, реформатор етіп көрсеткісі келген айла – шарғыларының жалғасы болатын. Олай дейтініміз сөз жүзінде 1986 жылғы демократиялық қозғалыстың жазықсыз жазалануына нақ осы Горбачев себепкер болған болатын.

Бұл оқиға тоталитарлық режимге КСРО- дағы наразылықтың бастамасы болды. Бұдан кейін Балтық бойы елдерінде, грузиндердегі наразылық отымен ұштасты.

Дағдарыстың шегіне жетуі империяның Ордасындағы (Мәскеу) 1991 жылғы тамыз төңкерісінің оқиғаларына алып келді.

Сол кезеңдегі егемен республикалардың тағдыры алма ғайып заманда адамгершілігін ту етіп ұстаған интеллигенция өкілдерінің қызметі әр қилы қалыптасты. Олар әр түрлі бюрократ чиновниктердің, істі бұрмалаушылардың әділетсіз істеріне қарсы шықты. Желтоқсан оқиғасы жүздеген, мыңдаған адамдардың тағдырын күйретті. Тамаша патриот ақын Жұбан Молдағалиев сынды азаматтардың түбіне жетті. Рухани биік интеллектуалдық тұрғыдағы тұлға болып өткен ол, халқын қорлаған жалған айыпқа, жалаға шыдай алмай қаза болды. Көптеген интеллигенттер қызметтерінен қуылды, бірақ олар азаматтық бағыттарынан еш шегінген жоқ. Қоғамда жазушы, ғалым, артист т.б. интеллигенция өкілдерінің сөзінің беделі жоғары екені белгілі. Ал мемлекеттік рухани жай күйі өркениет деңгейі нақ сол ғалым, мәдениет, өнер қайраткерлерінің қызметіне байланысты жариялылық пен демократия жағдайында Колбин республикадан кеткен соң республика интеллигенциясының әлеуметтік саяси белсенділігі кең өріс ала бастады. 1989 жылы мамыр пленумында Н.Ә. Назарбаевты республиканың бірінші басшылығына ұсынғаннан кейін елдігіміз таныла бастады. Бұл тұста ең қауіптісі ұлттық тілімізге қауіп төніп, ұлт ретінде жойылудың шақ алдында қалғанымыз анық еді. Осыған орай тіл мәселесі Қазақстан интеллигенциясының алдындағы ең күрделі мәселеге айналды. Сондықтан жаңа жариялылықпен мүмкіндіктерді пайдаланған еліміздің парасатты ел қамын ойлар шығармашылық және ғылыми интеллигенция өкілдерінің бір тобы Республика тұрғындарына арналған үндеуі жарияланды: “Халық үшін шын мәніндегі бостандық тілден басталады. Тіл болмаса халық өзінің ойын, сезімін дүниеге деген көзқарасын жеткізуге дәрменсіз... Бірақ бізді түрлі ұлт өкілдерінің республикаға есімі берілген қазақ тілінің тағдыры ерекше алаңдатады. Оны қолдану аясы біртіндеп тарыла түсуде. Ғалымдардың деректеріне қарағанда бүгінде қазақ тілі қоғамдық өмірдің 10 саласында ғана белсенді қызмет атқарады. Біздерге бұл мәселелерді дұрыс шешудің жолы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәселесін беру болып көрінеді” /2/ - деп Қазақстандағы тіл мәселесінің өте ауыр жай-күйін бүкіл елге білдірді. Кезінде патша идеологтары: “Оларды жазу сызуы бар тілге ие етсек, . . . оны мектеп өміріне енгізуіне мүмкіндік туғызсақ сол арқылы олардың белгілі бір халық болып қалыптасып дамуына жағдай жасадық дей бер” – деп үрейі ұша жазған екен /3/. Тоталитарлық социализм жылдарында Мәскеудегі Орталық осы принциптен таймаған. Тіл мәдениетіне деген теріс көзқарас қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдебиетіне тарихына, салт дәстүріне салқынын тигізді. Қазақстан интеллигенциясы жұртшылықтың талап етуімен “Тіл туралы заң” жобасын жасап 1989 жылы қыркүйектің 22-сінде ҚазКСР –інің тілдер және тіл саясаты туралы” заңды даярлап бекіттірді /4/. Кезінде шығыстанушы ғалым В.В.Радлов: Мемлекеттік тілді білмейтін адам елдің танымал белсенді азаматы бола алмайды /5/ деп әділ баға берген. Осыған орай халқымыздың біртуар ұлдарының бірі М.Әуезов: Өз тілін, әдебиетін білмеген қадірлемеген интеллигент толық мәнді интеллигент емес, - деген болатын /6/.

Осындай шаралардың жүргізілгеніне қарамастан 1995 жылдардың өзінде көптеген оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту шет тілдерін оқытудан да қиындыққа түскенін мұрағат материалдарынан молынан кездестірдік /7/. Тәуелсіздік қарсаңында Қазақстан интеллигенциясының әр түрлі бағыттарын анықтайтын еңбектермен мақалалар аз жазылған жоқ. Жаңа жағдайға байланысты Қазақстанда 1986 жылы республика интеллигенциясының әлеуметтік саяси белсенділігін айқындайтын экологиялық клубтар қозғалысы пайда болды. Осы танымал қоғамдық ұйымдар негізінде 1987 жылы тамызда Алматыда “Инициатива” (Бастама) бірлестігі құрылды. 1987 жылғы қарашада “Арал Балқаш” мәселесі жөніндегі қоғамдық комитет құрылды. Бұл ұйым 1995 жылы. “Арал – Азия - Қазақстан” қоғамдық комитеті болып өзгерді. Қазақстан халқының тоталитаризмге қарсы санасының оянуына қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар ерекше роль атқарды.

Экологиялық қозғалыстар өздеріне халықтың әлеуметтік белсенділігін көтеру, азаматтардың жаңа бастамаларына құқықтық консультациялық, хабарлық эксперименттік қолдау көрсету мақсатын қойды. Интеллигенция өкілдерінің

белсенділігі нәтижесінде құрылған “Арал-Азия-Қазақстан” халықаралық қоғамдық комитеті комиссиясы бактериологиялық қару сынақтан өткізіліп келген Арал теңізіндегі құпия қала Возраждениеде болуға қол жеткізді. Комиссия құрамында негізінен ғалымдар болды. Комиссия қала әкімдерімен, әскери адамдармен кездесіп алғаш рет мәселенің мәнін анықтау жұмыстарын жүргізді /8/.

Нәтижесінде соңғы 5 жылда Арал аймағында адамдардың өмір сүруінде күрт өзгеріс бар екені анықталды. Мысалы түрлі аурулар 3 есе, әскерге шақырылған жас жігіттердің арасында әскерге жарамайтындар саны 3 есе, сәбилер өлімі 5 есе өскен. Ал осы аймақта әлі адам тұрып жатқанын ескеруіміз керек. Арал өз деңгейінен 17 метрге төмендеп қасіретке ұшыраған 1980 –1985 жылдары Республика бойынша 3,5 мың жоғары білімді 3,1 мың орта білімді су шаруашылығына қатысты түрлі мамандар даярланыпты /9/.

Айнала қоршаған табиғи ортадағы осындай шешуі қиын күрделі жағдайларға байланысты жаңа пайда бола бастаған ұйымдар, топтар “көкті” тірек ете отырып әкімшілік әміршілік тоталитарлық режимге тура қарсыласа бастады. Бір ғана коммунистік партия жүйесі тұсында оппозиция ашық түрде мүмкін болмаған кезеңде жазушылар одағының бастамасымен құрылған әлеуметтік-экологиялық бірлестік біртіндеп саяси бағыт ала бастады.

“Жасылдар” қозғалысы ретінде таныла бастаған клубтың қызметі пікір-талас түрінде кең сипат ала бастады. Қозғалыс алғашқы кезеңде студент жастарды, жұмысшыларды біріктіре алды. Қоршаған айналаны қорғау әлеуметтік қамсыздандыру сияқты қоғамдық мүдделі топтар жеке мүдделерін қорғайтын топтарға қарағанда қайырымды саналы болды. Бұл пікірлерді сол тұстары жазылған партия архиві құжаттарынан алынған деректер растайды. Өздерін демократиялық деп атайтын бірлестіктер тоталитарлық социализмінің қолайсыз жақтарын ашық айта бастады.

Жалпы халықтық сипатта бұқараның көп бөлігін өзіне тарта білген басында экологиялық біртіндеп саяси қозғалысқа ие болған “Невада Семей” антиядролық қозғалысын ерекше атап өтуіміз керек. 1989 жылы ақпан айында құрылған бұл ұйым кең халықаралық қолдау тапты. Қозғалыстың белсенді ұйымдастырушысы бүгіндері қазақ халқына, шет елдерге адамзатқа сіңірген еңбегі үшін ерекше беделге ие болған Олжас Сүлейменов болды. Қозғалыстың алдына қойған мақсатына жетуі үшін оған мүше Қазақстан интеллигенциясы аса зор белсенділік көрсетті. Халықаралық антиядролық қозғалысының экологияның радиациялануын сараптау кеңесінің төрағасы академик И.Я.Часниковтың зерттеу мәлімдемесі бойынша Қазақстан жерінде 498 ядролық жарылыс жасалған. Мұның 25-і жер үстінде, 82-сі ауада, 6-биіктіктегі (высотных), 343 жер асты жарылысы ұлы Абайды өмірге әкелген Семейдегі табиғат аясында жасалыпты /10/.

Ядролық жарылыс халықтың денсаулығын нашарлатып, табиғат ортаның тепе-теңдігін бұзды. Планетада барлығы 2 мыңға жуық жарылыс жасалынса оның 500-і жер бетінде және ауада жасалынған. Мұның әр төртіншісі Қазақстанда сынақтан өткізіліпті.

1990 жылдардың қарсаңында Қазақстандағы компартия комитеттері интеллигенцияның белсенділігі нәтижесінде кең бұқаралық сипат алып бара жатқан “Невада Семей”, “Әділет” т.б. экологиялық бағыттағы топтармен келісіп талаптарын қолдауға мәжбүр болды. Себебі бұл кезеңде, біріншіден, Орталықтың саяси өктемдігі әлсірей бастаған, екіншіден, “Невада Семей” талаптары бүкіл қазақ халқының тіпті бейбітшілік сүйгіш бүкіл дүние жүзі халықтарының талабына айналып отырғандықтан онымен келіспеске шара қалмады, үшіншіден осы кезге дейін Қазақстан басшыларының көпшілігі коммунистік идеяларға сенген, енді оның күш қолдану құралы екеніне көздері жете бастады. “Невада Семей” қозғалысы радиацияға ұшыраған аймақтарға 40 жылдан бергі компенсация толенбегенін анықтап толеуді талап етті. Сонымен қатар АҚШ өкіметінің “Невада” штатында жылына 1 млрд доллар компенсация төлеп келгенін хабарлады. О.Сүлейменов: “... егер полигон жабылса, ол бірінші рет халық еркі бойынша орындалған іс болатын еді” – деп баға берді /11/. 1990 ж. Алатыда ядролық қаруға қарсы конгресс өткізілді. Қазақстанда млн –даған адам қолтаңбасы жиналып Горбачев пен Д.Бушқа ядролық сынауға бірлесіп мораторий

жасау жөнінде үндеу қабылдады /12/. Сөйтіп 1991 жылы Семей полигонында ядролық сынаққа тиым салу жөнінде Республика президенті қаулысы жарияланды.

Қазақстан интеллигенциясының саяси белсенділігінің 1990 жылдары өрбігенін байқауға болады. Партия архивінде мынадай деректер бар. Қазақстан Коммунистік партиясы орталық комитетінің идеология бөлімінің мәлімдемесінде 1990 жылы Қазақстанда 100-ге жуық саяси ерікті қоғамдық топтар есепке алынса, оның 30-ы Алматыда республиканың басқа орталықтарында Кентау, Шевченко, Жаңа өзен, Теміртау, Жетіғара, Рудный, Степногорск қалаларында құрылған. Егер 1989 жылы 39 саяси акциялар, митинг, жиналыс, наразылық, конференция, ереуіл өткізілсе, 1990 жылдың 7 айында 60-қа жуық осындай қозғалыстар болды (мұның ішінде аштық жариялаушылар бар. Бақылау ұйымдары 1990 жылдың қыркүйек, желтоқсан айында саяси ұйымдардың белсенділігі күшейе түседі деп қорытынды жасаған [1/1,86].

1990 жылға дейін “Желтоқсан”, “Жерұйық”, “Ақиқат”, “Азамат”, “Форм”, “Алтай” қозғалысы “Арал қазақтары” т.б. 20-ға жуық бағытта құрылған саяси ұйымдар жұмыс жасады. 1991 жылы көктемде 120-ға жуық саяси қоғамдық ұйымдар тіркелген.

Негізгі ұйтқысы интеллигенция болып отырған бұл ұйымдар саяси, мәдени, ағарту, тарихи экологиялық т.б. салалар бойынша жұмыс жасады. Бұлардың ішінде “Алаш”, “желтоқсан”, т.б. осы кезеңде сын айтумен қатар Қазақстан Компартиясымен қатынасты мүлде үзіп, оның мүшелігінен жаппай шығуды жақтап ашық үгіт насихат жүргізді. Мұның өзі мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (КГБ) ішкі істер бөлімі (МВД) тарапынан қақтығыстар туғызып отырды [1/1,24].

Интеллигенцияның саяси белсенділігі әр түрлі сипат алды. 1991 жылы 28 тамызда ҚазКСР-інің соңғы пленумында Республикада Коммунистік партия қызметін тоқтатты.

1991 жылдың желтоқсаны адамзат тарихында 1917 жылы басталған большевиктік эксперименттің аяқталған айы болумен қатар, ұлы Ресейлік империясында аяқталған жылы болды.

Тоталитаризмді талқандауда зиялы қауым аз еңбек сіңірген жоқ. Бірақ экономикалық тұтқаларды реттейтін демократиялық мемлекет орнай қалған жоқ өкінішке орай бізге оны әміршілдік әкімшіл жүйенің қирандысы үстінде орнатуға тура келді.

Сөйтіп 1991 жылы КСРО-ның құлауымен өрмекшінің торындай шырмаған империялық саясат аяқталды. Бұл процесс өзінен-өзі жүзеге аса салған жоқ. Демократиялық күштердің әлеуметтік саяси белсенділігінің нәтижесінде іске асты. Бұл күрделі саяси процесте Қазақстан интеллигенциясының орны ерекше.

1991 жылы 25 қазанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы заңның қабылдануы мыңдаған жылдар бойы көптеген ұрпақтардың аңсаған арман мақсатының жүзеге асуы. Президент Н.Ә.Назарбаев 1992 жылы мамырда жарық көрген “Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы” деген еңбегінде егеменді мемлекет болуымыздың стратегиялық мақсат жолдарын анықтады. Қазақстан қандай мемлекет болады? – деген сұрақ күн тәртібінде тұрса Н.Ә.Назарбаев аталған еңбекте “Қазақстан либералдық немесе халықтық капитализм шынайы жаңғырған социализм емес тек қана көп укладты нарықтық экономикасы бар демократиялық қоғам болады” деп жауап берді.

Кезінде саясаттың қыр – сырын жетік білген киелі билердің бірі: “Ел билеуші қоғамда ел арасынан шыққан айбатты әрі ақылды адамдарды жанына жинаса, абыройға бөленеді. Олардан сақтанып сыртқа тепсе өзіне бітіспес жау әзірлейді. Ондай адамдардың бірі мыңға татиды. Жаныңа ақылсыз мыңды ұстанғаннан гөрі, ақылды бірді ұста” – деп кейінге өсиет қалдырған.

Ел президентіне қиын-қыстау тұста өз айналасына интеллигенция арасынан ел басқару кадрларын іріктеу оңайға түскен жоқ.

Америка демократиясының атасы саналған Томас Джефферсон 1801 жылы: “Менің ойым әкімшіліктің айналасына елге, жұртқа беделді, қабілетті адамдарды көбірек топтастыру. Екінші топтағы адамдардың ешқайсысына мемлекеттік қызметті ұсынбау. Әкімшіліктің саясаты әділ ақылға негізделген принциптерге негізделсе мемлекеттің азаматтары, оның айналасына топтаса түседі. Нақ осындай басшыларды біз

қолдауымыз керек”/13/ деген сөздерімен қазақ билерінің айтқан сөздерінде бір байланыс жатқан жоқ па. Бір өкініштісі билердің ұлағатты өсиеттерін тоталитарлық идеология жылдарында ескінің қалдығы деп мойындамай келгенбіз. Билік басындағыларға өткір сын айтып, ұсыныс жоба бере алатын партиялар орын алса кемшіліктер дер кезінде жойылады. Қазақта “сын түзелмей мін түзелмейді” – деген сөз осындай жайларға айтылса керек. Олжас Сүлейменов “Халық кеңесінде жасаған баяндамасында сол тұста осы партияның лидері ретінде Республика Президентінің реформаторлық қызметіне принципті баға бере келе, өткір сынға алды. Атап айтқанда Отандық өнеркәсіптің көп бөлігінің тоқтап тұруы, өндірістің құлдырауын жұмысшылармен қызметкерлердің еңбек ақысын өз уақытында төлемей дағдарыстан шығуға әрекеттенушілік, қаржының ретсіз пайдалануы ашық айтылды. Халық күші оның интеллигенциясында. Ел ішіндегі бұра тартушылық жөнге салушыларды осылар болуға тиіс”. Қазақстан интеллигенциясының негізгі міндеттерінің бірі көп ұлтты жағдайлардағы ынтымақтастық, саяси бірлікті нығайту болып табылады.

Келесі негізгі міндет рухани байлықтарды сақтап оны дамытуға тиісінше үлес қосу. Қоғамда тарихи, рухани, мәдени байланысты қамтамасыз ететін интеллигенциядан басқа топ жоқ. Мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші зиялы қауым. Қоғамдық ой-пікірдегі сыншылдық оппозициялық бағыт негізінен зиялы қауымға тән нәрсе. Кез-келген қоғамда ұлттық мүддені жеткізуші зиялы қауым болып табылады.

Түрмеде, жер аудару, азаптау т.б. қысымның неіне түрін басынан өткізседе қазақ интеллигенттері ұлттық азаматтық құндылықтарды сақтап қалу, дамыту бағытынан таймаған. Бұған Т.Рысқұлов, А.Байтұрсынов, Е.Бекмаханов, Мұстафа Шоқай т.б. асылдарымыздың есімін айтсақта жеткілікті. Тарихтағы ең қолайсыз жағдайдың өзінде интеллигенция өз қызметін тоқтатпаған, зиялылық ешқашан жойылып кетуге тиіс емес. Ең қиын минуттарда ел үшін істі қолға алатын адамдар ғана шын мәніндегі интеллигенттер бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. К.Р.П.А. 708 қор, 139 – тізбе, 2339 іс, 81 парақ.
2. Социалистік Қазақстан. - 12 шілде. - 1989.
3. Егемен Қазақстан. 1993. - 8 қаңтар.
4. ҚР: ақпараттық төлқұжат – А.: Жеті жарғы, 1989. - 101 б.
5. В.В.Радлов Речь на уфимский учительской школы. – Казан, 1972. - №10. - С. 742.
6. Әуезов М. Шығар. жин. 19 том – А.: 1985. - 411 бет
7. ҚРОМА, 2255 қор, тізбе, 397А – іс 2-парақ.
8. Казахстанская правда. 22 тамыз. - 1992.
9. ҚРПА 708 қор, 121 тізбе, 44-іс, 2 парақ.
10. Частников И.Я. Эхо ядерных взрывов А., 1996 С. 9.
11. Казахстанская правда. - 24 маусым. - 1990.
12. Социалистік Қазақстан. 12 сәуір. - 1990.
13. Рес Гуман Томас Джефферсон. О демократий .СПб., 1992. - С. 65.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала тәуелсіздік қарсаңындағы Қазақстан интеллигенциясының әлеуметтік, экономикалық, саяси белсенділігіне арналған. Бір ғана коммунистік партия үстемдігі тұсында да Қазақстан интеллигенциясы өз дәрежесінде әлеуметтік саяси белсенділік көрсетті. Осы процестерді ескере отырып, мақалада әр түрлі тың фактілерді салыстырып, тәуелсіздік қарсаңындағы Қазақстан интеллигенциясының ролі көрсетілді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вопрос становления просвещенной казахстанской интеллигенции в период перестройки и на современном этапе. Раскрываются основные направления развития интеллигенции в областях экономики, политики и культуры, раскрывается их роль в развитии демократического общества, в политическом устройстве государства.

УДК 323.11(574)

К ВОПРОСУ О МЕЖНАЦИОНАЛЬНОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ

Бурханова Д.С., Туменова С.М. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Состояние и развитие межнациональных отношений, представляющих собой сложное явление, связанное с мировоззрением людей, их мышлением, в значительной степени зависит от уровня толерантности населения в стране. Одним из ее существенных аспектов является межнациональная толерантность.

Современный мир - это пестрое этнокультурное сообщество, в котором культура каждого этноса уникальна и носит исторический характер. Она постигается и передается из поколения в поколение. При этом выступает как живое современное воплощение традиций эволюционирующих под влиянием новых исторических контекстов. Глобализация как мы знаем, явление не однозначное, способствующее унификации жизни народов мира, что, в свою очередь, вызывает сопротивление, стремление каждого народа защитить и сохранить уникальность своей собственной культуры, что зачастую приводит к конфликтам и войнам. Это определяется, прежде всего, тем, что национальные культуры и традиции и сегодня имеют жизненно важное значение и для большинства людей являются главным компонентом их чувств идентичности и принадлежности к тому или иному сообществу.

В многонациональном Казахстане проблемы культуры толерантности имеют свою конкретно-историческую особенность. Истоки, состояние и последствия происходящих перемен в республике во многом отличаются от соседних стран, что требует к себе внимания и специального изучения. В силу этой назревшей потребности авторы данной статьи предприняли попытку изучить отдельные моменты исторических истоков формирования межнациональной толерантности в Казахстане и современное состояние. Прежде, всего, хотелось бы понять, что же такое толерантность, какой смысл сегодня вкладывается в это понятие? Толерантность – понятие сложное и многоаспектное и у исследователей нет однозначного взгляда. В научной литературе значение толерантности раскрывается различными учеными посредством категориального аппарата философии, этики, социологии, политологии, культурологи, права, психологии, истории и других гуманитарных наук.

Слово толерантность происходит от латинского – *tolerantia*, что означает терпение. Словарь иностранных слов трактует одно из значения понятия толерантности как терпимость, снисходительность к кому-либо, чему-либо. Новый энциклопедический словарь рассматривает три значения этого понятия, одно из которых объясняет смысл термина толерантность как терпимость к чужим мнениям, верованиям, поведению /1/.

Ученый В.А.Тишков формулирует следующее определение: «Терпимость – это свойство открытости и свободного мышления. Это личностная или общественная характеристика, которая предполагает осознание того, что мир и социальная среда являются многомерным, а значит и взгляды на этот мир различны. И не могут и не должны сводиться к единообразию или в чью-то пользу» /2/. Для толерантности считают исследователи, характерно активное неприятие расизма, ксенофобии, религиозной нетерпимости, терроризма, различного рода экстремизма. При этом толерантность должны проявлять как отдельные граждане, так и народы, и государства.

Опираясь на исторический опыт, на современное понимание толерантности, первоначально важной задачей является донести все это до сознания жителей Казахстана, прежде всего, подрастающего поколения. Толерантное, миролюбивое, гуманное отношение к другим людям должно стать естественной повседневной нормой отношений между людьми. Не случайно Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев подчеркивает, что: «История оставила нам непростое наследство. А времени для точного и быстрого ответа на новые вопросы остается все меньше. И среди таких вопросов едва ли не самый важный – это внутри национальная консолидация...

Однако в данном случае нас интересует несколько иная материя, а именно – сфера национального сознания, то, что происходит в национальной душе» /3/.

В силу темы данного исследования необходимо обратить внимание на определение этнической толерантности. Этническая толерантность понимается, формулирует Н.М. Лебедев, "как отсутствие негативного отношения к иной этнической культуре, а точнее – наличие позитивного образа иной культуры при сохранении позитивного восприятия своей собственной. Это значит, что этническая толерантность не является следствием ассимиляции как отказа от собственной культуры. А является характерной межэтнической интеграцией, для которой характерно "принятие" или позитивное отношение к своей этнической культуре и к этнической культуре групп, с которыми данная группа вступает в контакт. Такое понимание адекватно группового восприятия базируется на постулате ценностного равенства этнических культур и отсутствие в этом плане преимущества одной культуры над другой" /4 /.

Толерантность приобретает сегодня исключительно большую актуальность в связи с необходимостью активизации борьбы с международным терроризмом и экстремизмом, имеет исторические духовные истоки. Исторические корни толерантности непосредственно связаны с такими факторами, как развитие культурных и экономических отношений, развитие древних путей и возникновение центров цивилизации. Казахстан является одной из колыбелей мировой цивилизации. Её природные условия способствовали расселению древнейших людей. Благодаря особому географическому положению здесь имелись условия для развития сложных этнических процессов, для взаимовлияния культур. Казахстан издревле являлся зоной соприкосновения, сосуществования и взаимовлияния различных культурных традиций.

Исследования показывают, что цивилизации в Казахстане формировались и развивались в непосредственной связи с цивилизациями Востока, она имела большое значение в экономическом и культурном обмене народов и в развитии отношений между ними. Хотя войны сопровождали всю историю человечества, тем не менее, во все времена развития человеческого общества прогрессивные экономические, политические и культурные взаимоотношения между различными народами, этносами и территориями основывались на принципах мирного соседства, доброты. Отсюда следует, что исторические корни толерантности тесно связывались, в первую очередь, с созидательной деятельностью народов.

Территория современного Казахстана на протяжении многих веков была полиэтничной и поликонфессиональной что выдвигало особые требования к толерантности проживающих на ней народов. Особенно бурно эти процессы проходили в XX веке. В конце октября 1924 года произошло национально-территориальное размежевание республик Средней Азии. В соответствии с ним районы исторически сложившегося компактного расселения казахов переходили под юрисдикцию и управление КазАССР. "Республике передавались 40% территории бывших Туркестанской, Хорезмской и Хивинской республики с населением около 1,5 млн. человек. Территория Казахстана увеличилась с 2 млн. кв.км. в 1920 году до 2,8 млн. кв.м. 1925 г. По размеру республика стала занимать второе место в СССР, уступая лишь Российской Федерации. После присоединения к КазАССР южных районов ее население выросло с 4,8 млн. человек в 1920 г. до 6,5 млн. в 1925 году, титульный народ при этом составлял лишь 59,9% /5/. По данным первой Всесоюзной переписи населения 1926 года в Казахстане зафиксировано 19,68% русских, 13, 23% украинцев, 3,28% узбеков, 1,24% татаров, 0,97% уйгур, 0,78% немцев и другие народы. Большая часть казахов проживала на юге и востоке республики, русские, украинцы, немцы и татары были сосредоточены в основном на северо-востоке края. Узбеки почти полностью проживали на юге Казахстана.

Серьезные сдвиги в размещении населения произошли в Казахстане лишь во второй половине 30-х годов. Если за 1926-1939 гг. все население республики увеличилось на 2,6%, то городское население на 2,8%. Сельских же жителей стало меньше на 21,9%. Переходу в города и рабочие поселки сельского населения повлияло принятые в эти годы Правительством СССР постановления, направленные на

стимулирование отходничества среди сельских жителей. Они ставили задачу обеспечения заводов и фабрик рабочими кадрами, перераспределяя трудовые ресурсы из села в город. В эти годы в республике возникло 7 городов и 29 рабочих поселков. В конце 20-х годов появляются национальные районы и национальные сельсоветы как форма политического устройства и суверинитета национальных меньшинств. В эти годы национальная жизнь шла довольно активно. Начиная осуществляться политика коренизации аппарата, расширилось издание литературы на национальных языках и т.д. Однако, уже в 30-е годы эта работа начала сворачиваться. В 30-40 годы ликвидируются практически все формы автономии национальных меньшинств, усиливается невилирующее воздействие господствующей идеологии, развиваются тенденции к насильственному стиранию этнических особенностей, усиливается политика ассимиляции. Иллюстрацией к этому является уменьшение числа нации, народностей, этнических групп, называемых в официальных документах. Эта тенденция заметна по документам переписей населения. Так, если в первых переписях советского периода учитывались и кипчаки, и тюрки и т.д., то в последующих среди коренных народов наряду с казахами учитывались лишь туркмены, узбеки, каракалпаки. Такие этнические группы как карлуки, чагатаи, кипчаки перестали упоминаться.

Провозглашенная в 30-е годы, теория слияния наций определяла всю национальную политику. Выразилось это и в языковой политике. Если в первые годы советской власти в республиках национальные языки пользовались равными с русским языком правами, то теперь на первое место вышла пропаганда и изучение русского языка. Решение правительства об обязательном изучении русского языка в национальных республиках создало ему исключительное условие. Негативное влияние на развитие казахского языка оказала и двойная смена алфавита (в 1929 году латиницей, а в 1940 году кириллицей). О состоянии казахского языка Н.А.Назарбаев пишет: "Ключевые характеристики национального бытия, такие как язык, этнокультурная идентификация оказались под вопросом... На массовом уровне емкий и пластичный язык, язык великих философов и прекрасных поэтов. Язык вообравший в себя весь многовековой и многообразный опыт номадической жизни с ее космической темой одиночества человека перед картиной звездного неба и вечным циклом жизни, воспроизводящейся в органической слитности кочевника и природы, оказался на грани функциональной деградации" / 6/.

Вершиной национального давления стала политика депортации целых народов. Со второй половины 30-х годов стала осуществляться политика насильственного переселения людей по этническому признаку. Были насильственно перемещены без права возвращения на Родину, лишены гражданских прав, имущества, унижены поляки, корейцы, немцы, калмыки, карачаевцы, чеченцы, ингуши, турки-месхетинцы, крымские татары и другие народы. Значительная часть их была переселена на территорию Казахстана и Средней Азии. "В 1931 году в Казахстан было выслано более 150 тыс. кулаков. 1935-38 годы началась депортация народов, в республику прибыло: около 100 тыс. корейцев, 104 тыс. поляков, 444 тыс. немцев, около 5 тыс. крымских татар, более 530 тыс. народов с Северного Кавказа. В годы войны отмечались в комендатуре 1 млн. 200 тыс. режимных-интернированных. Репрессии обрушились и на иностранных подданных, среди которых были иранцы, румыны, греки, болгары, японцы, англичане, французы и многие другие" /7/. Как свидетельствуют архивные материалы, а также рассказы очевидцев и информаторов, переселение народов сопровождалось и массовыми незаконными арестами. Они были поселены в малообжитые и малопригодные для жизни районы. Первые годы после переселения были отмечены голодом и высокой детской смертностью. Переселение стало началом трагической цепи событий. В этот тяжелейший период для всех народов сказалась исконная толерантность местного населения, которое встретило переселенцев доброжелательно и поддерживало, по мере возможности, оказывала посильную помощь вновь прибывшим, но проблемы на новом месте жительства были колоссальными. Смена природно-климатических условий, трудности хозяйственного обустройства на

местах расселений, новая национально-этническая, языковая среда, лишение ряда гражданских прав, невозможность воссоединения разобренных семей привели к значительному ухудшению качества жизни депортированных народов и к прямому вымиранию части переселенцев.

Не лучшие времена переживал в этот период сам казахский народ. К середине 1932 года в Казахстане было коллективизировано около 70% индивидуальных хозяйств, по уровню обобществления посевных площадей крестьянского сектора республика вышла на первое место в стране. Скот обобществлялся административными методами. Не было возможности обеспечить собранных в одно место животных кормами и помещениями. Скот массово погибал. Например, " в июне 1933 года на пленуме Казкрайкома были приведены данные о том, что если в конце 20-х годов в республике насчитывалось 36-40 млн. голов всех видов скота , то в феврале 1933 года осталось не более 4 млн. голов. За очень короткий срок было фактически уничтожено около 90% всего поголовья скота.Самое страшное, что жертвами разразившегося в результате обобществления скота и голода,который унес жизни многих казахстанцев,стал почти 50% общей численности казахского населения.Часть казахов бежали в соседние республики, значительное число казахов было насильственно сослано. Последствия голода и депортации еще долгие годы будут сказываться на демографической структуре казахстанского, и прежде всего, казахского народа" /8/.

Краткий взгляд на небольшой отрезок истории края позволяет отметить, что межнациональная толерантность имела место во все времена, что на протяжении веков на территории Казахстана существовало сотрудничество народов, отсутствовало какое-либо уже утвердившееся, скроенное по этническому признаку деление, существовала свобода передвижения и общения. Такое положение приводило к фактической открытости, к отсутствию изоляционных стереотипов в ментальности населения, к гармоничным отношениям с окружающим миром, в привычках толерантности, восприимчивости и доверительности.

В Казахстане межнациональная толерантность достигла определенной гармонии, способствующей сохранению стабильности в обществе. Её нарушение может вызвать деструктивные процессы, разрушить стабильность, привести к внутригосударственным конфликтам. В силу этого формирование и укрепление установок толерантного сознания и поведения, веротерпимости и миролюбия приобретают особую актуальность, поднимаясь на уровень государственной задачи. В этом контексте программа толерантности, иницируемая в рамках национальной стратегии развития гражданского общества, должна служить сохранению в нем стабильности. Она должна быть направлена на восстановление и укрепление величайших культурных, исторических и моральных ценностей страны в противовес этнической, религиозной и политической нетерпимости. Воспитание толерантности, наряду с формированием критического мышления, гражданской активности, навыков разрешения конфликтов, сотрудничества является необходимой характеристикой гражданина современного демократического общества. В свете вышесказанного как для всего человечества, так и для отдельной личности первостепенно важна толерантность, в том числе и в сфере межнациональных отношений.

ЛИТЕРАТУРА

1. Новый энциклопедический словарь. – М.: 2004. - С.1216.
2. Тишков В.А. О толерантности. Толерантность и согласие. Материалы международной конференции. М: 1997. С.19.
3. Назарбаев Н.А. В потоке истории. А., Атамұра, 1999. - С.54.
4. Лебедева Н.М. Теоретико-методологические основы исследования этнической идентичности и толерантности в поликультурных регионах России и СНГ. Идентичность и толерантность. М.: 2002, - С.26.
5. Давоскин Б.Я. Экономико-географическое районирование Казахстана. А., 1986. - С.86.
6. Назарбаев Н.А. В потоке истории. А., Атамұра. 1999. - С.60.

7. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. кн.2. А., 2000. - С.202.
8. История Казахстана народы и культуры. А., 2001. - С.375.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада авторлар қазақ елі өздерінің қиын тағдырына қарамастан қайырымдылық көрсетіп, көптеген ұлттарды қабылдап, қазіргі кезде ұлтаралық келісім жағдайында өмір сүріп отырғандығының маңызын ғылыми негізде талдаған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются состояние и развитие межнациональных отношений в республике. Авторы приходят к выводу, что межнациональная толерантность достигла определенной гармонии, способствующей сохранению стабильности в обществе.

УДК 323. 11(574)

ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ УРОВЕНЬ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА ВО 2-ой ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX в.в.

Кожакеева Л.Т. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Одной из актуальных задач современной науки представляется анализ уровня образования как одного из факторов развития духовно-культурной жизни народа Казахстана во 2-ой половине XIX века, когда российское самодержавие продолжило осуществлять мероприятия по закреплению своего господства. В Казахстане, процесс присоединения которого к империи завершился к середине 60-х гг., политическая и экономическая экспансия сопровождалась принудительным навязыванием культуры поработителя, подавлением казахской культуры, принудительной ассимиляцией, что наиболее отчетливо прослеживается в области народного образования Казахстана.

Царская империя проводила колониальную политику, основной целью которой было слияние всех национальных окраин в единое государство с насильственной русификацией всех нерусских народов, в том числе и казахского. В среде колониальной администрации Казахстана господствовали принципиальные представления о том, что просвещение казахов достаточно ограничить лишь начальным образованием. Опасение появления национальной интеллигенции, роста национального самосознания толкало к тому, что представители местной власти стремились отгородить казахов от получения среднего образования. Отсутствие национальных средних учебных заведений в дореволюционном Казахстане вынуждало казахов отдавать своих детей в русские средние учебные заведения, в учебном процессе которых ретранслировалась русская культура и господствовал русский язык. В мусульманских школах в обязательном порядке праздновали дни рождения императора, членов его семьи и т.д.

Колониальная власть создавала начальные школы вовсе не для того, чтобы казахи могли получить полное и всестороннее образование, а для того, чтобы дать им немного знаний, достаточных для работы в качестве толмачей при волостном управителе, султанских письмоводителей и т.д. Основной задачей начальной школы являлась подготовка учащихся-казахов к тому, чтобы быть верноподданными Российской империи. Содержание и учебные программы начального образования были приспособлены к нуждам и потребностям колониальной администрации, а не исходили из интересов экономического и духовно-культурного развития жителей региона. Особую роль в русификации и христианизации казахов играли начальные русско-казахские школы в аулах, казачьи школы в станицах казачьих войск, городские училища, гимназии, семинарии и другие учебные заведения, которые из обучавшихся казахских детей в основном готовили чиновников колониальной администрации - проводников политики царизма.

Важнейшей социальной характеристикой населения является уровень его образования, который резко отличался в зависимости от принадлежности людей к этническим и социальным группам, возраста, пола, вероисповедания, места жительства (город, село и т.д.) и других характеристик. По переписи 1897 г. только 6,08 % населения края были грамотными. Среди них только 2,8 % или всего 7234 лица получили образование выше начального. Высшее образование на весь край получили только 396 человек. Среди городского населения удельный вес грамотных достигал 25,76 %, а сельского – всего 4,74 %. При этом среди горожан одну треть – 33,24 % составляли грамотные мужчины, а женщины – всего 17,03 % . По сельскому же населению этот показатель был значительно ниже: грамотных мужчин было 7,45 % , а женщин – 1,7 %. В результате представители городского населения по сравнению с сельчанами были более грамотными, а мужчины – грамотнее, чем женщины [1/, 95].

Первое место по уровню грамотности занимала Уральская область, далее шли Акмолинская, Семипалатинская, Тургайская и Семиреченская области. В целом, отличия по уровню грамотности населения в областях были незначительными, общие характеристики также были схожими. Сложным является определение уровня образования казахов, т.к. нет достоверных данных о грамотности, составе учителей и учащихся, размерах выделенных на просвещение средств как в целом по краю, так и на одного его жителя. Такое положение осложнялось ещё тем, что в переписном бланке первым стоял вопрос о грамотности по-русски, а после него на других языках. Исследователи допускают что причина этому имперский подход организаторов переписи населения к другим языкам, преуменьшение уровня грамотности некоторых народов, как и казахов, обучавшихся по своей письменности (на базе арабского алфавита) казахов, использовавших арабский алфавит, относили к народам, не имевшим своей письменности.

На рубеже XIX-XX вв. народное образование Казахстана развивалось по двум направлениям: религиозному и светскому. Религиозное направление представляли мектебы и медресе, содержащиеся на средства родителей. В медресе готовили мулл, преподавателей мектебов, которые функционировали при мечетях. В зависимости от типа определялись срок обучения – от трех до четырех лет. Кроме того, учащиеся получали знания по философии, астрономии, истории, лингвистике, медицине, математике. Все медресе, мектебы и другие мусульманские школы, содержащиеся как за счет казны и местных средств, так и занимавшиеся домашним и частным обучением, подчинялись местному учебному начальству ведомства Министерства Народного просвещения. В системе светского образования готовили чиновников для колониального аппарата, переводчиков, учителей, медиков.

Среди конфессиональных групп удельный вес грамотных был выше у последователей иудаизма. Среди христиан – у протестантов и у католиков, а также у старообрядцев и других ветвей православия и наиболее низок у православных и единоверцев. Среди всех вероисповеданий самый низкий уровень грамотности наблюдался у последователей ислама, которые составляли 80,84 % всего населения края и только 3,35 % грамотного.

В начале XX века в Казахстане существовала определенная сеть учебных заведений, в которых обучались казахские дети. В оседлых и кочевых местностях действовали мусульманские школы и училища (мектебы, медресе и т.д.), часть из них содержались за счет казны или местных средств, а некоторые занимались домашним и частным обучением. На рубеже XIX и XX веков мусульманские учебные заведения стали ареной реформаторского движения джадитов, которые выступали за модернизацию ислама и введения светского образования. Помимо изучения ислама, они обогащали содержание учебных программ общеобразовательными предметами. Такие школы, в отличие от старых мусульманских учебных заведений, назывались новометодными. Их к началу века в Казахстане было более 100. Казахские дети обучались в начальных так называемых русско-туземных школах, начальных войсковых и станичных школах Сибирского казачьего войска, а также в городских училищах с шестилетним обучением.

В 1901 г. в Казахстане было 22 городских училища, которые в последствии были преобразованы в высшеначальные училища. Их к 1917 г. насчитывалось 47. Сеть среднего образования края состояла в 1914 г. из 17 учебных заведений: 4 реальных училищ и 13 гимназии с 5880 учащимися, среди которых было 217 казахов (76 девочек и 139 мальчиков), т.е. более 3, или 6 % [2/, 107].

Некоторые казахские дети получали и профессиональное образование, сеть которого представляли учительские семинарии, сельскохозяйственные школы, ремесленные училища.

Таким образом, в конце XIX века в Казахстане начали функционировать городские училища, приходские училища, прогимназии, русско-казахские и русско-туземные училища и школы, аульные школы и школы первоначальной грамотности. Они содержались за счет государства, выполняя роль начальных учебных заведений. Кроме того, расширялась сеть средних учебных заведений – реальных училищ, мужских и женских гимназий. Расширялась сеть специальных средних учебных заведений, то есть профессиональных школ трех типов: педагогических, сельскохозяйственных, ремесленных.

Изменения социально-экономической ситуации в Казахстане, вызванные проникновением капиталистических отношений требовали времени решения вопроса подготовки кадровых специалистов. В Казахстане первыми средними профессиональными учебными заведениями были Туркестанская учительская семинария, основанная в 1879 г., и Оренбургская казахская учительская школа, открывшаяся в 1883 г. Далее начали функционировать учительские семинарии в городах Верном, Актюбинске, Семипалатинске, Уральске и другие. Подготовка учительских кадров из казахов осуществлялась в учительских семинариях г. Омска, Ташкента, Оренбурга, Казани и других городов. В Туркестанской учительской семинарии (г. Ташкент) в 1879-1904 гг. обучались 54 казаха, которые составляли 13 % ее контингента. За весь колониальный период было подготовлено свыше 300 учителей-казахов [3/, 97]. Со средним профессиональным образованием выходили специалисты, окончившие сельскохозяйственные и фельдшерские школы.

В течении всего колониального периода в Казахстане не было открыто ни одного высшего учебного заведения. В связи с чем, одаренная казахская молодежь получала высшее образование за пределами края – в университетах метрополии, например, в Петербурге (А. Букейханов, М.Тынышпаев, М.Шокаев, Я.Акпаев, Б.Каратаев, С.Асфендияров, Х. Бекмухамедов), Москве (С.Аппасов, Б. и А. Ниязовы, С.Нурлыханов, С.Саботаев), Казани (Б. Кулманов, Д. Чуваков, М. Бекимов и другие) и в других городах Российской империи.

Уровень образования казахов был низким не только по сравнению с населением европейской части России, но и других этнических групп самого края. По переписи 1897 г. из 3392,7 казахов края грамотных было всего 96333 чел., т.е. 3,52 %, тогда как среди русских этот показатель был почти в 10 раз выше – 26,6 %. Среди казахов сравнительно более высокой грамотностью отличались жители Уральской области, где их удельный вес едва не достигал 5 %, а по городам области – 9,3 %, в самом городе Уральске 20,0 %, а в городе Гурьеве – 40,9 % [4/, 55].

Грамотность казахов – горожан резко отличалось от её уровня у их же сельских собратьев, что, в первую очередь, связано с преимущественным сосредоточением представителей малочисленной национальной интеллигенции в городах, где они служили в аппарате колониальной администрации, работали учителями, переводчиками, врачами и т.д., занимались предпринимательской деятельностью.

Таким образом, анализ численности и состава населения Казахстана в конце XIX- начале XX вв. свидетельствует о ряде негативных тенденций в этнодемографическом развитии этой колониальной окраины Российской империи. Из-за стихийной и непродуманной переселенческой политики царизма здесь усиливалась многонациональность населения, что привело к уменьшению удельного веса и снижению естественного прироста казахов, увеличению удельного веса у русских, украинцев, белорусов и т.д. Слабое развитие промышленности, торговли, транспорта,

преобладание сельского хозяйства вообще, кочевого скотоводства среди коренных жителей края, в особенности, тормозили не только рост городов и их населения, но и народного образования, здравоохранения и культуры. Населению Казахстана, вовлеченному в водоворот крупных политических и социально-экономических перемен в начале XX века предстояли трудные и длительные, но великие испытания в борьбе за свободу и демократию, социальный прогресс и национальное возрождение.

ЛИТЕРАТУРА

1. Первая Всеобщая перепись населения Российской империи. –СПб: Слово, 1904.
2. Материалы по истории политического строя Казахстана, т.1, А-Ата: Изд. АН КазССР, 1960.
3. Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М., 1986.
4. Асфендияров С. История Казахстана (с древнейших времен).- А-Ата, 1935.
5. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение и состав, 1870-1914 гг.), А-Ата, 1979.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақала 19 ғасырдың 2-ші жартысы 20-шы ғасырдың басындағы Қазақстандағы халық ағарту саласы жайында. Патша үкіметінің жергілікті халыққа білім беруді мақсат етпегендігін деректер негізінде корсеткен..

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы всеобщего образования народов Казахстана на рубеже 19-20 веков. Приводятся данные свидетельствующие о негативных тенденциях в этнодемографическом развитии Казахстана как окраине Российской империи.

ӘОЖ 008:316.42 (092)

ІЛІЯС ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА

Қаипбаева А.Т. (Алматы қ., ҚазМемҚызПІ)

Кез-келген мемлекет тәуелсіздікке қол жеткізген сәтте, бодандық кезеңдегі бұрмаланып келген тарихтың ақтандақ беттерін қайта қарап, оның ақиқатын корсетуге ұмтылады. Тәуелсіз Қазақстан Республикасында Отандық тарих ғылымы қоғамдағы жаңа, терең өзгерістер туғызған қажеттіліктерге сәйкес өзінің зерттеу жұмыстарын жан-жақты жүргізуде. Осы үрдіс негізінде халқымыздың өткен тарихында ұлт жанашыры болған тұлғаларды зерттеу объектілеріне айналдыру бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Ойткені, қазақ халқының сан ғасырлық тарихында әрбір дәуір кезеңінде ел намысын қорғайтын рухани қазынасына ауқымды үлес қосып, көш бастайтын ірі тұлғалары болған. Ұлттық негізде басқа халықпен терезесі тең, мәдени өрісі кең, жоғары өркениетті ел ретінде даму үшін осындай тұлғалар қатары үзілмей, желідей жалғасып өткен. 1940-1960 жж. желі тартқан қазақ халқының ірі тұлғалар қатарында жұлдыздай жарқырап Ілияс Омаров та тұрды.

І.Омаров – қазақ халқының ұлттық тарихы мен мәдениетін галамдық деңгейге жеткізуді өзінің саналы ғұмырына өзек еткен азамат. Ол бұл мәселені мақсат етіп қана қойған жоқ, оны іс жүзіне асыруда білімін, тәжірибесін сарқа жұмсаған қайраткер. Сондықтан да І.Омаровтың тоталитарлық жүйе құрсауында қоңыраулатып көтерген ұлттық мәдениет, ұлттық өнер, ұлттық тарихты дамыту мәселесі бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жойған жоқ. Бұл, біріншіден, тарихи сабақтастықтың үлгісі болса, екіншіден, І.Омаровтың жан айқайының қазіргі тарихи шындықпен үндестігін айқындап тұрса керек.

І.Омаровтың соңғы демі бітерде жазған «Қоштасу хатында» елтаным мәселесі үшін өте өзекті ойларын білдіреді: «... Басымда айтылмаған ойларым бар еді. Олардың бәрі - өз қолыммен, өз басыммен орындай алмай кетіп бара жатқан – ел, халық

алдындағы азаматтық, перзенттік парызым. Оның ең бастысы – туған халқымның мәдени өрісі, өскелең жолы және оның ғасырлар бойы сақтаған аса бай мұрасын байланыстыра зерттеу еді. Мен бұл салада көп уақыт қызмет еткенімді еске алғаныммен, ол істердің атқарылуға тиістісінен әлдеқайда аз болғанына өкінемін»-деп, өзінің идеология мен мәдениет саласының тұтқасын ұстаған уақыттағы атқарған қызметтеріне сын көзімен қарап, жіберген олқылықтарын ой елегінен өткізді. Одан әрі: «Халық мұрасы дегенім - әсіресе, сан дәуір, замандар көшінде өзінің қайталанбас, тозбас, өшпес қасиетімен бізге дейін жасап келген ән, күй, музыка мұрасы, дастандар, жырлар түйдегі. Осыларды жаңғырта, жаңарта, осы өз дәуіріміздің қажет-мұқтажына бар бояу, кестесімен жеткізе жарату міндеті алдымызда тұра береді. Өйту үшін бізде қазір қаншама мүмкіндіктер бар. Соларды пайдалану, пайдалануды ұйымдастыру – қандай абыройлы іс дер ем! Бұл менің өтеп жеткізе алмаған, бірақ өзге азаматтар жеткізеді деген үлкен парыз екенін тағы да айтып жатырмын. Шынында, ойлаңыздаршы, біздің осы қазынамызды дүние көлемінде қай өнерпаз халықпен болса да жарастыра, жарқырата көрсеткен біздің бай тарихымыз аян да анық болмас па еді? Сонда ғана аса бай көне мұра мен жаңа өнердің құшақтаса қабысып, ұласа өркендегенін көрер едік», - деп жазады /1/.

Жоғарыда хаттан келтірілген үзіндіде бұл міндеттер алдымызда тұра береді деуі бүгінгі күнді болжап айтқан көрегенді ойы деп қабылдауымыз қажет. Аталған мәселе әлі күнге дейін көкейкесті болып отыр. Қазіргі тәуелсіздік алғаннан бері ұлттық мәдени мұраны жаңғыртып насихаттауда біршама істердің басы қайырылғанымен, атқарылар жұмыстың ұшы-қиыры көрінбейді. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен 2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, оны үкімет қаржыландырып отыр. Бұл болашақта атқарылатын жүйелі әрі кешенді жұмыстың бастамасы, іргетасы ғана.

І. Омаров қазақ қоғамының Кеңес үкіметінің саясатына байланысты қол жеткізген жетістіктеріне қуанды, оны өзінің мақалаларында да әрдайым атап көрсетіп отырды. Бірақ дәл осы қазақ қоғамының рухани әлемі орыстандырылып бара жатқанын сезбеді, көрмеді десек, қатты қателесер едік. Соны сезіп, түсінгеннен кейін рухсыздануға, мәдени ерекшеліктерімізден ажырамауымызға қарсы тосқауыл болудың жолдарын жанталаса іздеді. Бұл ізденісте І.Омаров жалғыз болған жоқ, әрине. Бірақ ұлттық мәдени мұраны сақтау үшін күрескен азаматтардың, зиялы қауымның үркердей тобының көшбасшысы болғаны анық еді. Өйткені І.Омаров, академик М.Қозыбаев атап көрсеткендей, алыптар сенімін арқалап, ұлттық мүддені алтын қазық еткен ХХ ғ. басында қазақ халқын өркениеттің жаңа көкжиегіне жеткіземін деп алысқан Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсын, М.Дулат, Ж.Аймауыт дәстүрін бір қиын күнде қалыптасқан ұлы шоғырдың мұрагерлері арасында, Ғабекен айтқандай, «ұйытқысы» болды. Ендеше Ілекең ұлттық деңгейді одақтық, әлемдік деңгеймен теңестіруге күш салып, мәдениеттің сан саладағы байланысын қиыннан қиыстырып, бүгінгісін даралап, ертеңгісін саралап отыратын ғажайып бір координатор, бағдарламашы, бағыт беруші болды /2/. Өзі тәлім-тәрбие алған М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ғ.Мүсірепов аманатын, нарком Т.Жүргеновтың үлгілі істерін өмірінің соңғы күніне дейін өз деңгейінде атқарды. Біз бұл жерде І.Омаровтың қызметі мен іс-әрекетін абсолюттендіруден аулақпыз. Оның қоғамдық-саяси қызметіне де біржақты қарауға болмайды. Ол өз дәуірінің талаптарына сай жұмыс жүргізді, өйткені ағынға қарсы жүзе де алмайтын еді. Тоталитарлық жүйе оған еш мүмкіндік бермейтін де. Репрессия, қуғын-сүргін, моральдық-психологиялық қысымның неше түрін бастарынан дүркін-дүркін өткізген қазақ зиялыларына «сен ашық күреспедің», «ашық жазбадың» деп кінә қою ағаттық деп ойлаймыз.

Қазақ халқының кеңес заманындағы мәдениетіне талдау жасаған ғалымдар А.Сейдімбек, Х.Әбжановтар тұжырымдарында: «Ел мен жер жаттың қол астында болып, өктем күштің отаршыл ындыны билік құрған кезде ешқашан ұлттық идеал орындалмайды, орындалған да емес. Ол ғана емес, ұлттық идеалдың біртұтас болуы да мүмкін емес. Алайда, ұлт құрып біткенше оның бауырынан ел қамын ойлайтын адал перзенттер дүниеге келуін тоқтатпайды. Олар замана талқысына орай әр жолды

таңдағанымен, ұлы мақсаттары біреу болады. Ол – ел-жұртының бақыты, азаттығы және рухани кемелдігі», -деп жазады /3/.

Елінің бағына берген осындай адал перзенттердің бірі – І.Омаров болды. Оның атқарған қызметтері мен мақалаларына, ой-толғамдарына тереңірек үңілетін болсақ, қазақ руханиятына қатысты мәселелерді ашық түрде батыл қоя білген және эвфемистік (Эвфемизм – грек сөзі. Ол белгілі себептермен тыйымдалған ұғым-түсінікті, немесе сөзді астарлап жеткізуді білдіреді – А.Қ.) жолды да ұстанған деген тұжырым жасауға негіз бар.

І.Омаров ұлттық мәдени мұра төңірегінде сөз қозғағанда ана тілімізді қызғыштай қорғауға үлкен мән берген. «Ана тіліміз жөнінде» деген шағын мақаласында қазақ тілінің мәселелеріне тоқтала келіп, былай деп жазады: «... көбінесе жаңа сөздер орысша не басқа тілден алынады. Олардың кейбірі тіпті одағайлау. Телефонмен хабарласуды біреулер «звондау» деп алыпты. Осында қандай әдемілік бар? Бізде басқа халықтардан, әсіресе, орыстардан кірген сөздер көп-ақ. Олардың көбі әлдеқашан төл сөз болып кеткен. Құлаққа жат сезілмейді. Осы арада айта кететін аса керекті бір жай бар. Ол – сол кірме сөздердің қалайша төл сөзге айналу қамы. Әр тілдің өсіп-өну заңы бар. Ол заң ең алдымен оның грамматикалық бітіміне байланысты. Кірме сөздер қабылдаушы тілдің грамматика заңдарына міндетті түрде бағыну керек. Өйтпегенде ол одағайлықтан арыла алмайды, «мен бөтенмін» деп айғайлап тұрады» [/4/,163]. І.Омаров тіл маманы болмаса да қазақ тілінің өмірдің барлық саласынан ығыстырылып бара жатқанына бей-жай қарай алмаған. Жоғарыда айтылған ойлары бүгінгі күні де өзінің өміршеңдігін жойған жоқ. Өйткені қазақ тіліне орыс тілімен бірге ағылшын тілінің ықпалы күшейіп келеді. Ал, М.Әуезовтың туғанына 70 жыл толуы қарсаңында «Сөз қадірі» атты мақаласында «Сөзімізден қадір кетсе, өзімізден де қадір кететінін ескере бермейміз» деген ойына жете мән берген адам оның қандай емеурінмен айтылғанын түсінсе керек. Ол тілінен айрылған халық ұлт болудан да қалады деген ой еді.

Бұл жерде І.Омаровтан басқалары қазақ тілінің мәселелеріне көңіл бөлмеді деген пікір туындамаса керек. Мәселен, әйгілі жазушы С.Мұқанов қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері мен оны дамытудың бағдарламасын ұсынған. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде еліміздің алыс аудандарын аралап, қалыптасқан жағдайды өз көзімен көріп танысқан. Әсіресе, республиканың солтүстік аудандарында қазақ тіліне деген көзқарастың мүлде сын көтермейгіндігіне баса назар аудартады. 1956 жылы Жоғарғы Кеңестің сессиясында С.Мұқанов қазақ тілінің төңірегінде қалыптасқан ахуал туралы сөз сөйлейді. Онда: «Республикалық деңгейдегі кейбір басшылар қазақ тілін тек қазақ тұрғындары тұратын аудандарда ғана қолдануға болады деп ойлайды, қазақ тілін берген садақа ретінде қолдануға ешкімнің құқы жоқ. Қазақтар жалпы халықтың қанша пайызын құрайтынына қарамастан, олар өздерінің ана тілінде сөйлеулері тиіс», -деп ашына айтқан. Бірақ мұнан еш нәтиже шықпағаннан кейін осы мәселе бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне хат жолдайды. С.Мұқановтың хаты 1957 жылы 11 сәуірде қаралып, халқының мұнын жеткіземін, жоғын жоқтаймын деген жазушының өзін кінәлі етіп, ұлтшыл деген айдар тағып, тауын шақты [/5/,30].

Сонымен бірге, Шығыс Қазақстандық майдангер, қарапайым мектеп мұғалімі М.Елікбаевтың жеке адам құқықтарының бұзылу фактілері, ұлттық саясаттағы заң бұзушылықтар туралы, атап айтқанда, қазақ тілінде оқытатын мектептердің жабылуына қатысты наразылықтарын білдіріп Н.Хрущевтың атына жазған хаты ерекше орын алады. Өзінің азаматтық көзқарасын білдірген М.Елікбаевқа қарсы жазалау шарасы бірден іске қосылды. Шығыс Қазақстан облысы, Күршім аудандық партия комитеті оны партия қатарынан шығарды. Одан кейін М.Елікбаевты психикалық аурумен ауыратын адамдарды емдейтін орынға жабады.

КСРО Денсаулық Сақтау министрлігінің мәліметтеріне қарағанда бүкіл Кеңестер Одағына «өзгеше ойлайтын» 90 мыңнан астам адамды психиатриялық емдеу мекемелерінен зорлап өткізген екен [/5/, 30].

Міне, осындай келеңсіз оқиғалардан кейін зиялы қауымда эвфемистік жолды таңдамасқа лажы қалмаған еді.

Тіл мәселесінен кейін І.Омаровтың ұлттық мұра ретінде насихаттау, дамытуды қолға алғаны – айтыс өнері болды. 1942-1945 жж. Қазақ КСР Сауда халық комиссары қызметіндегі қыруар жұмыстарына қарамастан республиканың мәдениетін, өнерін, ғылымын өте бір қиын-қыстау кезеңде алға бастыруға ұмтылды. 1944 ж. желтоқсан айында айтысты қайта жаңғыртуды мақсат етіп, Алматы қаласында республикалық ақындар айтысының ұйымдастырылуына ұйытқы болды және баспасөз бетінде айтыс өнерін насихаттауға да атсалысты. І.Омаровтың ұлттық руханияттарға қырғидай тиген коммунистік насихаттың қазаны қайнап тұрған тұста бүгіндері тұрмыс-салтымыздағы орнын мықтап айқындай бастаған ақындар айтысы туралы, оны жандандырып, қайта оралту жайында сол кездің өзінде-ақ тоқтамды сөз айтып, оның келешекте ортамызға оралатындығына шүбәсіз сенгендігі «Ескі мұра жаңа мазмұнда» атты мақаласында айқындала түседі: «Айтыс өнерін халық аса жоғары бағалайды, айтыс ақынын ынтамен тыңдайды, оған қошамет көрсетеді. Солай болса, осы әдістің күшті құралы болу – айтыстың қадірін, дәрежесін көтереді. Екіншіден, айтыстар әділ, тура, нақты сынның құралы және айтыстағы сындар сынның өткірі, тез тарайтын әйгілі түрі. Үшіншіден, айтыстар тілді байытуға, тапқыр теңеулер мен әдебиет тілін байытуға себепкер болады. Сондықтан да, бүгін біз үзілді-кесілді айтыстар керек және оларды жандандыру шарт деген нақты пікірге тоқтауымыз керек»-деп, өзінің үзілді-кесілді пікірін білдіреді [4,117].

Шын мәніндегі жанашырлық, ұлы мұраға деген сүйіспеншілік осындай болса керек. Міне, Ілияс Омаровтың жоғарыдағы інісі бұл күнде расталып отыр. Аға ұрпақтың ісі, идеология құралы болып табылатын – айтыс өнерін бұл күнде ақын Жүрсін Ерман желідей жалғастырып, дүркін-дүркін өткізін келеді.

Бүгінде әруақтың рухын көтеріп, қоғамда саяси үрдістің дұрысы мен бұрысын салмақтай таразылап, халықтың алдында дуалы сөз айтып, жүрегі халықпен бірге тіл қататын, шешен ақындарымыздың қатары өсуде. Егер бүгінгі күні айтыс өнері өзінің қайта өрлеу кезеңін басынан өткізіп жатқан болса, осы І.Омаров сынды аға буын өкілдерінің жанашырлығының, өнерді өркендету жолындағы үздіксіз ізденістерінің нәтижесі деп білуіміз керек.

Сонымен бірге, І.Омаров ақындардың жырлайтын тақырыптарына дейін айқындауға тырысқан. І.Омаровтың «Ақын Сараның әдебиетіміздегі орны» деген ғылыми мақаласы да назар аударарлық: «Сараның атын білмейтін адам жоқ. Бірақ сол Сара жөнінде ғылыми – зерттеулер жоқтың қасы еді. Жұрттың көпшілігі Сараның тарихта болған адам екеніне күдіктенбесе де, қалдырған еңбектері болмағандықтан шүбәланатын. Осындай жағдайдың боларын тегі зерек Сараның өзі де алдын ала білген сияқты. «Қош бол елім» деген ұзақ өлеңінде Сара: «Қағазға жалғыз сөзім түспегенсін,

Ұмытылып қалар Сара құр аңыз боп...» деп, І.Омаров қазақтың дарынды ақын қызы туралы қолда бар деректері арқылы біраз мәліметтер бере келіп, мақаласын былай деп түйіндейді: «...Кейде біз ел арасында іздену экспедицияларын жіберуді мезгілі өткен іс деп санаймыз. Әрине, Академия маңында жиналған заттар көп шығар, бірақ та ертеде қағазға түскен мәдени мұрасы аз елдердің ел адамының ісіндегі мәдени мұра толық жиналды деп айта алмаймыз. Біздіңше Академия болып, Жазушылар Одағы болып, тағы басқа ұйымдар осы жағдайды ескергені жөн» /5/. І.Омаровтың айтқан этнографиялық экспедицияларды елдің ішіне шығару бүгінгі күні де ғылыми әдіс ретінде қолданылып келе жатқаны бәрімізге аян. Жалпы І.Омаровтың айтыс әлеміне қатысты ой-пікірлерін жинақтай келе және оларды іс жүзіне асырудағы нақты әрекеттеріне талдау жасай отырып, біз оның айтыс өнерін жаңғыртуға сүбелі үлес қосты деп есептейміз.

І.Омаров қазақ халқының би өнеріне де ұлттық мәдени мұра ретінде қарады. «Би туралы» және «Проблемы казахской хореографии» атты мақалаларын жариялап, қазақ халқында би өнерінің тарихына шолу жасай келе, оны жоғары сатыға көтерудің жолдарын көрсетеді. Би өнеріне ән-күй және әсем қимыл қажет десек, бұл екеуі халқымыз үшін қай ұлттан болмасын кем түспейтін қасиет болатын. Кең дала төсінде еркін желмен жарысып, ат құлағында ойнаған ел азаматтарының қимылында, жүріс-

тұрысында, әдет-салтында би үшін қажетті элементтер жеткілікті болатын. Қазақ музыкасының жүйелі әуені, күй ырғағы мен тұрмыс-салт жырының шарттылықтары – ұлттық хореография үшін бұлақ көзі еді. Яғни, би өнерінің қалыптасқан озық дәстүрі жадаулау болғанымен сол өнердің бұрқ етіп дамып кетуі үшін қажетті алғышарттар жеткілікті еді,- деген ойларын білдіреді. Одан әрі: «Опера, драма, хор өнері, симфониялық шығармалар, қазіргі эстраданың тек советтік заманда, айналасы елу жыл ішінде осыншалық биікке көтерілуі тегін емес»-деп, би өнерінің тереңнен алатын дәстүрінің негізсіз еместігін дәлелдей түседі [4/190-191]. І.Омаров бұл жетістіктерінің бәрін Кеңес үкіметінің мәдениет саласындағы іс-шаралардың нәтижесі ретінде қарастырады. Алайда, «тақырға гүл шықпайды» деген мәтелді тілге тиек ете отырып, өнердің ұлттық қайнар көзіне маңыз береді.

Шара Жиенқұлова қойған жеке билер, жас шеберлер әзірлеген би үзінділері тәуір баға ала бастады. «Біржан мен Сара» операсындағы Д.Әбиров қойған би, Ш.Жиенқұлова мен Б.Аюханов әзірлеген «Балбырауын» би көріністері кез-келген спектакльге көрік берерліктей»-деп, халықтық биден кәсіби қазақ би өнерінің мектебі қалыптасқандығын мақтаныш сезіммен жазады. Өйткені оның көздеген мақсаты ұлттық мәдени мұрамызды өз ішімізде болсын, шет елдерде болсын насихаттап, тыныстырғанда ғылыми негізінің берік болып, дәлелді етіп шығару еді. Осыған сәйкес І.Омаров: «...өнердің осы бір нәзік тұсын зерттейтін шеберхана біздің Ғылым Академиямыздың зор шаңырағына керек-ақ. Еңбек, тұрмыс-салт, этнографиялық сәттерді ұлт өміріне байланыстыра зерттеу – көркемөнерге келіп құятын қайнар іспеттес. Өған қоса, балет өнерінің мазмұны ертегі мен аңыз сюжетінен шығатын кезі болды. Өмір өзі ұсынып отырған оқиғалар көркем ой дарыны үшін жаңа жағалауға меңзейді»-деп, өте маңызды пікірін білдіреді [4/194].

Өзің тікелей айналыспағаннан кейін би өнері туралы пікір айту, мақала жазу қаншалықты қиын екені түсінікті. Енді І.Омаровтың хореография мәселесіне қатысты төмендегідей сыни пікірлеріне еріксіз назар аударамыз: «Балет шығармасының негізгі екі авторы болады: композитор мен либреттист. Жарты ғасырлық жасампаз жылдарды басымыздан өткеріп отырып, күні бүгінге дейін балет өнері үшін композитор мен драматург жоқ деу ұят сөз екен, бірақ, шындығы сол. Кейбір композиторлардың бұған өресі жетпейді, кейбірі балет туралы тарап кеткен өсектен қорқады. Ол өсек – «балеттің әлі жоқтығы, қиындығы. Балет өнеріне қанық жолдастар жәрдемін, «сараңның сандығында» ұстап, білгенін бұлдаумен болады да, жәрдемін жасырып қалады. Барды қармап, біз Ғазиза, Құддыс, Нұрғиса шығармаларын ғана көреміз. Бар бәле – біздің балетмейстерімізде, кәдімгі көркем ой фантазиясы жүдеу-ақ және де балетмейстерлеріміздің бір әлсіздігі – олардың қазақтың би фольклорын зерттемеуі, ән әуеніндегі, күй ырғағындағы көркем қимылды көре алмай қоюында жатады. (Терме, айтыс өнерінен хабарсыз болғанды былай қоялық)», -деп сәтсіздіктердің себептерін ашып береді. Одан әрі ойын былайша сабақтай түседі: «Менің әсіресе, күй мен әнді үзіп-жұлып, берекесін кетіріп, әндегі ұлттық мазмұн бірлігін бұзған шығармаларға қарным ашады. Мазмұн мен түр бірлігін бұзбаған, яғни халықтық музыканы тұтас, бұзбай алып, гармония жағын күшейткен Е.Брусиловский опералары, Шара мен Болат қойған спектакльдердің өмірі – соңғы кезде бұл тәжірибенің дұрыс екенін дәлелдеді»-деп, өнердегі ұлттық, халықтық атты қасиетті ұғымдарға үстірт қарамайтынын және соны басқалардан талап ететінін баяндайды [4/192-193].

І.Омаровтың пайымдауы бойынша ұлттық өнерде маңызды орын алуы тиіс келесі саланың бірі – қазақтың кино өнері. Бұл салыстырмалы түрде алғанда дәстүрге бай емес, жас өнер түрі – кино индустриясымен І.Омаров тікелей айналысқан. 1959-1961 жылдары Алматы киностудиясының директоры қызметін атқарғаны мәлім. Одан кейін де кино өнері І.Омаровтың назарынан тыс қалып көрген жоқ. І.Омаров өз қызметінде қазақ жазушыларының арасында кино сценарийге арналған конкурс жариялады; екіншіден, кәсіби сценаристер тобын даярлау мақсатында сценаристік шеберхананы жетілдіріп, күшейтуді қолға алды; студия жанынан сценаристер даярлайтын курс ашқызды және киностудияда негізінен Қазақстандық сценаристердің фильмдері экранға шығу қажеттігін қатаң талап етті; үшіншіден, Қазақстан Компартиясы Орталық

Комитетінің Бюросының Алматы киностудиясын қайта жабдықтау туралы шешім қабылдауына мұрындық болды. [6/, 5-23].

Сонымен бірге кино өнерін өркендетуге қатысты ойларын ортаға салды. Мысалы, «Үлкен творчестволық міндеттер алдында» деген мақаласында: «... ұлттық киностудияның өзіне тән ұлттық ерекшелігі болу керек. Басқа ұғымдар сияқты ұлттық дегеннің өзін дамумен, қозғалыспен байланыстыра қарауымыз шарт», -деп жазады [4/6164].

І.Өмаров кино өнерін әр ұлттың өзінің ерекше қасиеттерін, мәдениеті мен тарихын басқа халықтарға танытудың, насихаттаудың тиімді әдісі ретінде қарастырады. Сондықтан Қазақстанда түсірілген әрбір кино фильмде ұлттық рең көзге айқын көрінуі тиіс деген ұстанымда болды.

Өзі киностудияның тізгінін ұстаған аз ғана уақыт ішінде Ленин сыйлығының лауреаты М.Әуезовтың «Абай» эпопеясы негізінде қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбаев туралы көркем фильм түсіруді жүзеге асырды. Оған режиссер етіп жетекші маман ретінде танылған И.Луковскийді бекіттірді. 1960 жылы Қазақстан өзінің 40 жылдық мерейтойын атап өтетіндіктен қазақ халқының әйгілі ұлдарының бірі, революционер Әліби Жангелдин жайлы фильм түсіруді жоспарға енгізіп, сценарий авторлығына Ғабит Мүсіреповты бекіттірді. І.Омаров бұл көркем фильмдерді жылдық жоспардағы 5 фильмнен тыс қосымша енгіздірген [6/,4-26].

І.Омаровты толғандырған тағы бір мәселе актерлер даярлау ісі болды. Бұл күрделі кадр мәселесі бойынша оның ішкі заңдылықтарына терең үңіліп, оны шешудің нақты жолдарын ұсынады. «Республикамызда кино өнерінің өсуінің тағы бір шарты – актерлер мәселесі. Жылына бір-екі фильм шығарып жүрген кезде мұнда ешбір қиыншылық жоқ сияқты еді. Ал бүгін студия жылына бес-алты, таяу жылдарының ішінде 8-10 фильм шығарумен байланысты бұл да бір күрделі мәселеге айналып тұр. Киноға байланысты әртістердің белгілі бір тобынан айырылмаудың екі түрлі келіспейтін жолы бар. Біріншіден, бұл театр жұмысына ептеп кедергі келтіретіндіктен, екіншіден, бір артистің ылығы түсе беруі кино көрушілерді жалықтырады дегендіктен. Осы жағдаймен байланысты бұдан былайғы жұмысында студия жоғары топтағы сахна шеберлерін әлі де тиісінше пайдалана отырып, оларға қоса көптеген жастарды киноактерлік жұмысқа тартпақ. Оның екі жолы бар: бірі – киностудияның жанында киноактерлер даярлайтын мастерской ашу, оған көркемөнер үйірмесінен талапты жастарды тату. Мұнымыз негізгі жол деп санаймыз. Екінші, облыстық, аудандық жердегі театрлардан да, халық театрларынан да әртістер іріктеп алу, әлі де өнері көпке көрінбей, ескерусіз жүрген жас таланттар кино арқылы өз өнерлерін көпке танытып, халықтық ісімізге үлес қосар деген үмітіміз зор» [4/,168]. Осы ұсынылған екінші жол бойынша «Қыз Жібек» көркем фильміндегі Жібектің рөліне әлі көпке таныла қоймаған жас талант – Меруерт Өтекешованың таңдап алынғаны мәлім. Бүгінгі күні «Қыз Жібек» фильмінің 35 жылдық мерейтойы республика көлемінде аталып өтуде.

Сондай-ақ І.Өмаров Мәдениет министрі кезінде осы «Қыз Жібек» фильмінің түсірілуіне бас-көз болғандығына, қазақ кино өнерін өркендету бағытында жүйелі жұмыс жүргізгендігіне куә боламыз.

Театр және кино актерлерінің шығармашылығы, өсу жолы үнемі І.Омаровтың қырағы назарында болды. Ол осы өнер қайраткерлерінің халық алдындағы жемісті еңбектері жайында да қалам тартты. Олардың еңбек жолы мен өнердегі ізденістері, жетістіктерін халыққа жеткізіп, жастарға үлгі етті. Мысалы, дарынды актер, талантты режиссер, КСРО халық әртісі Ш.Аймановтың 50 жылдық мерейтойына орай І.Омаров «Өнерпаз жолы» деген мақаласын жариялады. Өнда Ш.Аймановтың шығармашылық өсу жолына, театрда сомдаған рөлдеріне, қайраткерлігіне жан-жақты талдау жасаған [4/,169]. Ал, қазақ өнерінің тағы бір сахна тарланы С.Қожамқұлов 70 жасқа келгенде І.Омаров оның өнегелі өмір жолымен өнердегі қайталанбас келбетін үлгі ету мақсатында «Халқының төл баласы» атты мақала жазып, баспасөзде жариялады [7/].

Кино өнерінде І.Омаровтың тағы бір көтерген мәні зор мәселе - кинода қолданатын музыка туралы болды. Ол: «Музыканың киноға, киноның музыкаға

тигізетін пайдасы көп. Бірі - картинаның көркемдік жағын күшейтсе, екіншісі музыканы халыққа насихаттауға себепші болады [4/, 171].

Міне, осы бір ғана кино өнерінің төңірегінде ұлттық өнердің бірнеше бағытына дем беріп, үйлесімді дамыту жолын ұсынған. І.Омаров өзінің кең ойлайтын қызметкер екенін ғана емес, ұлттық мәдениетті дамытуды мақсат еткен саясаткер екенін дәлелдеді. Әр сөзіне іспен жауап беретін І.Омаров Алматы киностудиясының 1959 жылғы жоспарына «Степной соловушка» деген фильмді қалдырған. Бұл музыкалық көркем фильмнің желісіне ауылдан шыққан талантты әнші қыздың кәсіби әртіс болғанға дейінгі өсу жолы негіз етіп алынған. Ал фильмнің өн бойында қазақтың халық әндері насихатталады деп қысқаша сипаттама берілген. Фильмнің сценарийінің авторы – К.Сатыбалдин, ал қоюшы режиссері – Д.Тналина мен А.Қарсақбаев болды [6/,4-26].

Қазақтың ұлттық кино өндірісін дамытуға қатысты І.Омаровтың айтқан ой-пікірлері бүгінгі күнге дейін өміршеңдігін жойған жоқ деп ойлаймыз. Қазіргі қазақ кино өнерінің тізгінін ұстап жүрген өнер қайраткерлері мен «Қазақфильм» жетекшілері кинофильмдер түсіруде І.Омаров атап көрсеткендей, ұлттық құндылықтарымызды негізге ала отырып, әлемдік кино деңгейіне көтерілу жұмысын жетекшілікке алуы керек деген ой көкейге еріксіз оралады.

І.Омаровтың ерекше ықыласын аударған өнер саласы – қазақ халқының ұлттық музыкалық дәстүрі болды. І.Омаровтың ұлттық музыка өнеріне қатысты толғандырар тақырып айдарымен баспасөзде басылған «Халықтың ән мұрасын құрметтеу хақында» және «Қайнар бұлақтың көзі көп» атты мақалаларының маңызы ерекше. Ал, сонау 1948 жылы «Өскен елдің өзіне лайық музыкасы болсын» деген еңбегі ән мұрасын насихаттауға қосылған зор үлес болып табылады.

І.Омаров қазақтың музыка тарихында Абайға, оның музыкалық мұрасына ерекше орын береді. Ол Абайды музыка қайраткері деп бағалайды: «Абай өлеңіндегі өршілдігі жалпы Абай өнеріне тән өнімді өршілдікпен үндес. Абай әндерінде орыс, украин музыкасының әсері, ізі сайрап жатыр. Бірақ Абай әсерленуінің шеберлігі сонша, Абай әндерінен халық жатырқаулық, бірде-бір бөтендік сезбейді. Халық құлағынан өтетін дөрекі жамау-жасқауы жоқ, табиғи, әдемі әндер. Сондықтан да Абай өлеңдері елге тез тарап, ел жүрегіне қона қалды»-деген ойын білдірген [4/,195].

Жалпы, І.Омаровты толғандырған мәселе музыкалық мұраның қаншалықты бай екенін ғана жеткізу емес, осы бай мұраны халық игілігіне айналдырып, әлемдік музыканың алтын қорына қосудың жолдарын іздестіру еді. «Халық өнері қазір көптеген жанрлармен байып отыр. ...Вокальды өнердің өркендеуі, ең алдымен, опера негізінде туды. Операға еркін енген халық әндері мен әуендері жаңа жанрда орыс және Европа музыкалық мәдениетімен үндесті. Симфониялық шығармалар көбейді. Оны орындайтын коллективтер туды. ...Өнерімізге кантата, оратория, романс, сияқты өнердің жаңа түрлері енді. Қазақ халқының музыкалық өнері қазір жанр жағынан алып қарағанда өрлеу сатысында тұр. Шын мәнінде, жаңа жанрлардың бәрінің де ұлттық негізі бар екенін, музыкалық дәстүріміздің тереңдігіне көз жеткізеді. Бұл жанрларды классикалық үлгіге салып енгізгенде, егер ешбір негізі болмаса өркендеп, дамитын ба еді деген сауал еріксіз көңілге оралады. Халықтың ән-жырлар мұрасы қай жанрға да берік негіз болып, оны жандандырып жіберуге ішкі мүмкіндігі жетерлік» -деп мақтаншыпен жеткізеді.

Дегенмен, І.Омаровты осынау қазақтың ұлттық музыкалық бай дүниесіне мақтаншы сезімнен гөрі, оны игеріп, өнер айналымына енгізу мәселесі алаңдатқан еді. Ол алаңдаушылығын қазақ композиторларына, өнер қайраткерлері мен әншілерге, музыка зерттеушілеріне айтқан қатал сынымен білдірді: «...қолымызда бар халықтық бай фольклорды біз дұрыстап пайдалана алмай келеміз. А.В.Затаевич жинаған екі мыңнан астам, Ғылым Академиясы жазып алған алты мың өлең мен күйлер бар. Солардың бәрі бүгінгі композиторларымыздың творчествосында қалай пайдаланылып келеді? –деп, сұрау тастай отырып, оған жауапты ащы да болса әділ сынмен І.Омаров өзі береді: «Бұған жауап беру өте қиын. Бас-аяғы он шақты халық әуендері бір шығармадан екінші шығармаға ауысып көшеді де жүреді. «Япурайдан» бастап «Балбырауынға» дейінгі тар өріс қана. Біздің композиторларымыз осы төңіректі ғана

шарлай береді. Шын мәнісінде әлі де бізге белгісіз, құлағымызға сарыны жетпеген ән-күйлер көп. Соны аша білуіміз керек. Тіпті, А.В.Затаевич жазып алған екі мыңнан астам халық әндері мен әуендерінің осы күнге дейін игілікке асуына шалалық жасап келеміз». Осы сыннан кейін І.Омаров қазақ халқының музыкалық мұрасын жинастыру мен насихаттаудың жүйелі әрі кешенді жұмыс бағыттарын ұсынады: «Барлық ән-күйді жинап, оны жеке кітап етіп шығару – жұмыстың бірінші сатысы ғана. Көп жағдайларда ән мен күйлерді жүйеге келтіру жұмысы асығыс жүргізіледі, кейде тіпті көптеген шығармалар жөндеусіз жинаққа кіргізіле салады. Олай болса Затаевичтен бұрынғы ән-күй жинаушылар, тіпті А.В.Затаевичтің өзі, одан кейінгі мамандар жасаған жөнделулерінің ішінен қай ән-күйді алып, қай ән-күйге қайтадан жөндеу жүргізуге болатынын сұрыптағанымыз жөн.

Венгрияда венгер халқының ән-хоры жиырма том болып шықты. Ал біздің қолымыздағы небәрі А.В.Затаевичтің жинағы және оның қайта басылған түрі. Бұл халықтық ән-күй мәдениетіміздің бір тамшысына ғана тең. Менің ойымша, ән «энциклопедиясын» шығаратын уақыт жетті. Шығарғанда тек әндерді ғана енгізбей, оған олардың жөнделген түрін де енгізген дұрыс болар еді. Тек осы шараларды жақын уақытта іске асыра алсақ қана халық әндерін, халқымыздың бай қазынасын құрметтеу жөніндегі өзіміздің азаматтық борышымызды аз да болса атқарғанымыз болып саналар еді». Бұдан кейін І.Омаров музыкалық мұраны ғылыми тұрғыда зерттеу мәселесіне ойысады: «Әрбір мәдени мұра өз дәуіріне тығыз байланысты. Олармен үндесіп жататын тарихи оқиғалар өздеріне сәйкес музыкалық мұра қалдырмады десек, тарих алдында қате басқандық болар еді. Біздің атақты музыкалық археологымыз Б.Сарыбаев бір ғана домбыраның қырық шақты түрін тапты. Ол дәлелдеген қобыздың да түрлері көп. Дауылпаз, аса таяқ, кселофон сияқты толып жатқан музыкалық аспаптар да болғандығын дәлелдеп берді. Әл-Фарабидің музыкалық трактаттары әлі күнге дейін зерттеусіз келеді. Шамасы, біз музыкалық мұраны тек беріден ғана іздейміз. Көбінесе век арта беретініміз А.В.Затаевичтің еңбегі ғана. Тек халық әні деп шығармаларға айдап кетіріліпсіз. Ғылым жүзінде бұл әлі талдау таппаған қазына», - дейді /8/.

І.Омаров осыдан 40 жыл бұрын көтеріп, дабыл қағып кеткен мәселелер толық шешімін тапты деп айту өте қиын. Бірқатар маңызды істер жасалғанын да жоққа шығаруға болмас. Дегенмен егер шешімін тапса, І.Омаров көтерген өзекті мәселелер бүгінгі күні күн тәртібінде тұрмас еді және «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қандай қажеттігі болған болар еді?

І.Омаровтың қайраткер ретіндегі көрегендігі осында болатын. І.Омаров өзі көтерген мәселелерін пәрмендірек жүзеге асыра алмады. Оған қол байлау болған, біріншіден, денсаулығының нашарлап кетуі болса, екіншіден, кеңестік – тоталитарлық жүйе артық адым жасауына мүмкіндік бермеді. Социалистік идеология заманында коммунистік партия қатарында болу - өмір сүрудің, қажет болса тірі қалудың кепілі болды. Мұндай тоталды (жойдасыз) жүйеде ұлтқа шапағатын тигізетін іс тындыру – арыстанның аузынан жем алғандай шаруа еді. Осындай ахуалда әйгілі, дарынды тұлғалар жалғыз ғана тәсіл қолданды. Ол - өктем идеологияның сойылын соққансып, ішкі қабілетін сыртқа шығарар саңылау іздеді. Яғни, кеңестік өктемшіл заманда туындаған рухани дәулетіміздің бәрі де астарлы, емеуірінді, тыйымдалған мәдениет еді», - деп түйіндеуге болады. Шындығында да бұл сол тарихи кезеңге тән қоғамдық құбылыс еді. Алайда, «эвфемистік мәдениет» өкілдерінен І.Омаровтың бір ерекшелігі – ұлттық өнер мен мәдениет төңірегінде мәселе көтерілгенде өзінің ой-пікірін батыл да ашық білдіруінде болды деген қорытынды жасауға толық негіз бар деп ойлаймыз.

ӨДЕБИЕТТЕР

1. Омаров І. Парыз. //Қазақ әдебиеті. 1970. - 14 июнь. 3 б.
2. Қозыбаев М. Халықтың аяулы перзенті. // Омаров Ілияс. А., 2003. - 184 б.
3. Сейдімбек А., Әбжанов Х. Қара тақтаға жазуға асықпайық //Егемен Қазақстан. 2004, 29 қыркүйек.
4. Омаров І. Таңдамалы. Избранное. А., 2001.
5. Нұрпейісов К. История Казахстана. А., 1993.

6. ҚР ОММ 2066-қор, 1-тізбе, 91-іс.
7. Омаров І. Халқының төл баласы. // Қазақ әдебиеті. 1966, 14 қазан.
8. Омаров І. Халықтың ән мұрасын құрметтеу хақында. // Қазақ әдебиеті. 1969. 7 желтоқсан.

ТҮЙІНДЕМЕ

Аталған мақалада Кеңестік дәуірде ұлттық мәдени мұрамызды одақтық, әлемдік деңгейде жаңғыртуға қомақты үлес қосқан, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Илияс Омаровтың еңбегіне ғылыми талдау жасалады.

РЕЗЮМЕ

В статье подвергнуты научному анализу работы видного общественного и государственного деятеля Ильяса Омарова, внесшего большой вклад в развитие национального культурного наследия на всесоюзном и мировом уровнях в советское время.

ӘОЖ 94 (574.1) «21»

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ХХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

Құдайбергенова А.И. (Алматы қ., Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ТЭИ)

Президент Н.Назарбаевтың 2006ж. 1-наурызында Қазақстан халқына жолдауында мемлекеттілігіміздің, тәуелсіздігіміздің негізін қалап, қуатты нарықтық экономика құрған соң алдымызға өмір сапасы жоғары, бәсекеге барынша қабілетті ең дамыған 50 елдің қатарына қосылу міндеті қойылды. Бірақ бұл міндетті жүзеге асыру - халық санын өсіру мақсатымен тығыз байланысты екендігіне назар аударуымыз керек. Себебі, еліміздің экономикалық дамуы мен ұлттық біртұтастығымызды, еркіндігімізді сақтар негізгі потенциал – халық болып табылады.

1989-1999 жж. арасында республикадағы халық саны 1,2 млн адамға кемігені белгілі. Тек, 2002ж. 1 қаңтарындағы есеп (14878,4 мың адам) 1992ж. кейінгі республикада халық санының алғаш рет өскенін байқатты. 2003 ж. 1 қаңтарда, Қазақстандағы халық саны 14862,5 мың адам болып, 2002 ж. 1 қаңтарымен салыстырғанда 15,9 мың адамға көбейді. 2006ж. 1 қаңтарында еліміздегі халық саны(15217,7 мың адам) 1992 жылмен салыстырғанда 339,3 мың адамға өсті.

Үкімет тууды, өсіруді, денсаулық сақтауды жақсарту есебінен өлім-жітімді кемітуді, ең алдымен еңбекке жарамды жастағы бұрынғы қазақстандықтар есебінен оралушыларды қабылдауды ұлғайтуды қарастыратын шаралар жүргізуде.

Халқымыздың санын көбейту үшін, ең алдымен, табиғи өсімге жағдай жасау керек. Елдің экономикалық дамуындағы жағымды өзгерістер табиғи өсімге де оң әсерін тигізе бастады. Табиғи өсім 2002ж. 78,1 мың адам (2001ж. – 73,2 мың, 2004 ж. - 119,6 мың адам) болса, 2005ж. 120,8 мың адамдық көрсеткішті көрсетті. Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында туылғандарға қарағанда өлгендер саны 680 және 108 адамға көп. Табиғи өсімнің коэффициенті 2004 ж. деңгейде қалды – 1000 адамға шаққанда 8 адамға өсті.

Дені сау бала дені сау анадан туады. Демек, мемлекетіміз бен денсаулық сақтау мекемелері ең әуелі болашақ ананың денсаулығын жақсартуға баса назар аударғандары дұрыс.

2001ж. бала туған 220748 ананың 107-сі қайтыс болған. Оның 29%-нің өліміне жүктілік және бала туу кезінде науқасының асқынуы, ал 23,2%-не аборт жасату себепші болған. Бүгінгі таңда жүкті болған әр 100 әйелдің 62-сі аборт жасатады. Қазақстанда аборт жасату Еуропа Одағы елдерімен салыстырғанда орташа үш есе көп.

өкінішке орай, біздің еліміздегі әйелдер отбасын реттеудің осындай ең қауіпті әдісін қолданып келеді.

2000ж. босанар алдындағы клиникаларда тексеруден өткен жүкті әйелдердің 60% - анемия екендігі айқындалды. Ең жоғары көрсеткіш Маңғыстау облысы (90%) мен Ақтөбе облысында (80%). Аналар денсаулығына қатысты осы жәйттер баса назар аударуды талап етеді. Олардың негізгі дені – қазақтар. Ал қазақтардың иноғырланған жері – ауыл. Ауыл – халқымыздың өсіп-өнетін, ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің қаймағы бұзылмай сақталатын, ұрпақтан ұрпаққа берілетін алтын бесігі. Жергілікті халықтың басым бөлігі шөл-шөлейт, топырағы құнарсыз жерде орналасқан. Ауыл халқының 40% - қазақтар болса, олардың 20-25% - денсаулыққа зиян ауыз су пайдаланып отыр. Бұл жерде сау ұрпақ дүниеге келмейді. Яғни, қазақ ұлтының гендік қорының дамуы өзекті мәселе деген сөз. Сондықтан, ең алдымен, ауылдық жерлердегі, экономикалық дағдарыс жылдарында жабылып қалған акушерлік-фельдшерлік пункттер мен ауыл ауруханаларын ашу керек. Елге көрсететін көмекті ауылға жақындату арқылы өмірге бала әкелетін қабілетті жастағы аналар мен жаңа туған нәрестелердің денсаулығын жақсартуға, өлім -жітімді азайтуға қол жеткізуге болады.

Ауылдағы ауыз су мәселесін, екіқабат әйелдер мен сәбилердің жәрдемақыларын ғана емес, тынығуы мен дұрыс тамақтануын қадағалау – мемлекеттік іс деп қарап, арнайы шаралар ойластыру керек.

XX ғасырдың соңынан аз балалық отбасылық түрге көшкен Қазақстанда көп балалы отбасылар санының өсуі қалыпты жағдайға айналуы үшін қолайлы жағдайлар жасалуы керек. Отбасын бір-екі баламен шектеуге көшкен аз балалық принциптен айрылуымыз керек. Жамбыл облысындағы көп балалы аналардың республиканың барлық әйелдеріне (Егеменді Қазақстан, 5 мамыр 2003ж.) үндеуінде көрсетілгендей, төрт немесе одан да көп бала тәрбиелеудің ел, мемлекет мүддесі үшін қаншалықты қымбат екенін түсіну керек. Бұл үшін, ең алдымен мемлекет тарапынан әйел мен баланы, некені, отбасын, жаңа үйленушілердің әлеуметтік жағдайын жақсартатын шаралары керек.

АХАТ бөлімінің есебі бойынша 2005ж. 278584 адам туылды. Бұл 2004ж. (272002 адам) есептен 2,4%-ға артық. Қалалардағы туу көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 5,8%-ға артық (164381 адам), ауылды жерлерде 2,1%-ға кеміген (114203). Жыл ішінде 143 259 ұл мен 135 325 қыз туылған, немесе 106 ұлға 100 қыздан.

2004 ж салыстырғанда 2005 ж. ұлдар - 2,2%-ға, қыздар – 2,7% көп туылды. 1000 адамға шаққандағы коэффициенті 18,4 адам (2004ж. – 18,1 болатын).

2005 ж. елде 157805 адам өлген (2004 ж. 98200 болатын): қалаларда – 101688 (2004-98200 еді), ауылда – 56117 (2004 ж - 54156 адам). Осы мерзім ішінде 89452 ер, 68353 әйел қайтыс болды немесе 100 өйелге 131 еркек. Өлгендер ішіндегі еңбек етуге қабілеттілердің үлесі – 41,6% болды. Еңбек жасындағылар ішіндегіерлер өлімі осы жастағы әйелдер өлімінен 3 есе көп. 1000 адамға шаққандағы өлгендер коэффициенті - 10,4 адам. Өлім-жітім себептерінің ішінде қан айналым жүйесінің ауруларына байланыстысы өлім барлығының 51,6% құрайды.

Кісі қолынан және өзіне-өзі қол жұмсау арқылы өлгендер саны 2004ж. салыстырғында азайған: 2005ж. 2190 және 3918 (2004ж. - 2445 және 4438 болатын), немесе 2005ж. - 9,7% және 17,3% (2004ж. - 11% және 20%).

Соңғы жылдары жастар арасында ішімдікке салыну, нашақорлыққа бой ұру, жезөкшелік жолға түсін тәнін сату секілді жиіркенішті, лас әрекеттер етек алып кетті. Соның салдарынан жастар арасында жыныс қатынасы арқылы берілетін жұқпалы аурулар тарай бастады. Ауруханалар мен жетімдер үйінде тастанды нәрестелер саны өсуде. Олардың көпшілігі аналарынан науқас ақыл-естері кем болып тууда.

Отбасы тәрбиесіндегі жүйеліліктің болмауы, әсіресе, қала қазақтары арасында өз тілін, ділін, дінін, дәстүрін сыйламайтын бойкүйез ұрпақтың қалыптасуына әкелуде. Қарапайым отбасылық өмірдің өзі «терминатордың» жетегіндегі американдық үлгіге көшіп бара жатқан тәрізді. Коммунистік моральдың құрсауынан шыққан бізге біраз уақыт бойына европалық үлгідегі американдық адамгершілік, мораль азық болғаны рас. Ендігі жерде, рухани кеңістіктен озбырлық иісі тұмшаланған американдық, сыналап

енудегі қытайлық патриотизмді шығарып, қазақстандық патриотизмді енгізу керек. Ең алдымен, қантөгіс пен жезөкшелікті насихаттайтын киноиндустрияға майдан жариялау керек. Оның орнына ұлттық ұлы құндылықтарды дер кезінде қастерлей білу арқылы қиыншылықтарды жеңуге және инабаттылық пен ұяттылыққа, ибалық пен сыйластыққа бейімдейтін қазақтың әдет-ғұрпы мен діни тәрбиенің озық үлгілерін енгізу керек. Идеологиясынан айрылған халық, сыналап енген жау идеологияның шырмауына байланып халық болудан қалады.

Бүгінгі ұрпақтың отбасын ынтымақтың ұйтқысына балаған бабалар дәстүрінен алшақтауын жою үшін ұлттық және шығыс құндылықтарының озық үрдістерін жастар арасында, БАҚ, білім беру орындарында насихаттау ісін жандандыра түсу керек.

Жасы ұлғайып «қартайған» шақта үйлену үрдісін де тоқтату шараларын қолға алу керек. Жас отбасыларды еңбекпен қамтамасыз ету, пәтер бөлу, салықтан босату т.б. әлеуметтік көмек көрсету мәселелерін жолға қою керек. Себебі, отау құратын қыздар саны азайып барады, олардың 75% бала туатын жастағылар.

Бүгінде еңбекке жарамды Қазақстандықтардың саны 8 млн, оның 51% - әйелдер. Ал, кезінде мәретінде көтерілгендей, 2015 ж. 20 миллионға жету үшін, төрт миллион әйелдің екі миллионы жыл сайын сәбилі болуы керек екен. Басқаша айтқанда еңбек етуге қабілетті жастағы және фертильді кезеңдегі әйелдердің сәбилі болуы ғана халық санының күрт өсуіне әкелуі керек. Ал, бұл ерекше дайындалған бағдарлама жағдайында ғана жүзеге асуы мүмкін дұдамал жағдай.

2002 жылы 228,8 мың нәресте (278,5 мың) дүниеге келді. Туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 15,4-тен (2005ж. - 18,4) болды. Туудың ең жоғарғы деңгейі Өңтүстік Қазақстан облысында (23,1), ең төменгі деңгейі Астана қаласында (11).

2002 жылы өлгендердің саны 150,7 мың адам болды, бұл 2001 жылғымен салыстырғанда 3,1 мың адамға көп. Осы кезеңде өлімнің жалпы коэффициенті республика бойынша 1000 адамға 10,0-ден келген. Өлімнің ең жоғары деңгейі Солтүстік Қазақстан облысында (13,2), ең төменгі деңгейі Астана қаласында (6,8).

Республикада өмірдің ұзақтығы орташа 65,5 жас мөлшерінде деп күтілуде. Ерлер өмірінің ұзақтығы – 59,8 жас, әйелдер – 71,3 жас, демек Қазақстанда ерлердің өмірі әйелдерге қарағанда он бір жарым жылға қысқа.

Сәбилер мен аналар өлімінің төмендемегені байқалады. 2002 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында республикада бір жасқа дейінгі 3858 баланың шетінегендігі тіркелген, бұл тірі туған 1000 баланың 17-сі деген сөз (2001 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 19,2 промилле). 2005ж. республикада бір жасқа дейінгі балалардың 4192 (2004ж. - 3903), с.і. ұлдар 2401 (2004ж. - 2278), қыздар – 1798 (2004ж.-1625) шетінегені байқалды. 1000 туылғанға 15,1 шетінеген. 2005 ж. некеге отырғандар мен ажырасу саны өсті – 123045 және 32377 (2004ж. – 114685 және 31492). Некеге тұрғандар коэффициенті 8,1 (7,6-2004ж.), ажырасу екі жылда қатар 1000 адамға 2,1 ажырасу есптелінді.

Сәбилер өлімі Маңғыстау облысында (21), Павлодар облысында (21,5) және Қызылорда облысында (24,1) көп. Салыстырмалы түрде алғанда Алматы облысында сәбилер өлімі аз, дүниеге келген 1000 нәрестенің – 11,3-і, Ақмола облысында 12,9-ы шетінеген. ұл балалардың өлімі қыздарға қарағанда 36 пайыз көп. Демек, ана мен бала өлімі жылдан жылға азайып келе жатса да, бұл әлі де күрделі демографиялық проблема күйінде қалып отыр. Салауатты қоғам қалыптастыру үшін ең алдымен әйелдердің, әсіресе бала туатын жастағы әйелдердің салауатты өмір сүруіне жағдай жасауымыз керек. Ана мен баланың денсулығына ерекше назар аудару қажет. Бұл өз кезегінде елімізде халық санының өсуіне елеулі ықпал етеді.

Табиғи өсімнің көздеген санға жеткізуі дүдәмәл екені көрініп тұр. Демек, табиғи өсіммен бірге көші-қон мәселесінің – сабырлы саясаттың тұрақты экономиканың, құқықтың, ұлтаралық достық пен келісімнің негізгі тіректерінің бірі ретіндегі рөлін анықтаймыз. Еліміздегі демографиялық ахуалда оң өзгерістерге қол жеткізу үшін көші-қон мәселесіне басымдылық беріп, табиғи өсімді ынталандыра түсуіміз керек.

Соның ішінде ішкі көші-қон экономикалық апат аймағындағы тұрғындарды тіршілікке қолайлы, көлік қатынасына жақын жерлерге орналастыру қажеттілігі мен

қоныс аударушылар үшін жағдай жасауды Президент ескерткен болатын. Бұл мәселе әлі шешімін таппауда. Ал, экономиканың даму ырығын қазіргі күйде сақтай отырып, табиғи өсімге жағдай жасау арқылы, сыртқы көші-қон арқылы оралмандар санын ұлғайтсақ, механикалық өсім мен ішкі табиғи өсім мен оралмандардың келуі негізінде көтерілетін табиғи өсім Қазақстан халқының санын өсіруі әбден мүмкін.

Дүние жүзі қазақтар қауымдастығының бірінші орынбасары болған Қалдарбек Найманбаев сырт елдердегі қазақтардың 2 млн. жуығы көшіп келуге дайын отыр деген болатын. Өзбекстан мен Қытайдың өзінен 1 миллионнан қазақ елге көшуге әзір отырғанға ұқсайды. Бұдан кейінгі шешуді қажет ететін мәселе оралмандарды жерге орналастыру, жермен қамтамасыз ету мәселесі. Жер сатылар болса, келген қазақтарды кім өзінің жеке меншігіндегі жерге қайырымдылық жасап орналастырады. Бұл жерде де үкімет саясаты керек. Нақтылағанда көшін келген оралмандардың жан басына бөлініп, мөлшерленін берілетін жер қоры жасалынуы қажет.

Халық санының өсімін сақтап отыру – мақсат, атқарылар істер көп, зерттеуге тұрарлық отандық және халықаралық тәжірибе де көп.

Ол үшін, біріншіден, тууды ынталандыру мақсатында бірінші, екінші, үшінші және кезекті сәбидің дүниеге келуіне орай айлық көрсеткіш белгілеу шеңберін нақтылау керек.

Екіншіден, көші-қон квотасы 2004 жылы 10 мың отбасы болса, одан кейіегі жылдары бұл санды кемінде 50%-ға өсіру керек. Сонда 2005-2015 жылдары 1 миллионнан аса оралман келеді деген сөз.

Үшіншіден, табиғи өсімді тұрақтату керек. Ол үшін адамдардың өмір сүру деңгейін ұзартуға, ана мен баланың денсаулығын жақсартуға ден қою керек.

Елде көшіп қонуда жағымды құбылыстар жалғасуда: 2005 ж. 22140 адамдық (2004ж.-3381) өсім байқалды. Жақын шет елдермен республика арасындағы айырым 2005ж. - 24712 (2004ж. -15466) адамдық оң айырым берді.

2005 ж. Астанада өткен Дүние жүзі қазақтарының III құрылтайына қолдарынан іс келетін, оқыған, шетелде көшікерлікпен айналысатын біраз отандастарымыз шақырылып, олардың атамекенге келіп жұмыс жасауына, инвестиция тартуына, жалға ғимарт алуына, кедендік жеңілдіктерге қол жеткізуіне қатысты біраз мәселе көтерілді. Ал, бұндай мәселелердің жүзеге асырылуы өз кезегінде көшіп келушілер санының өсуі мен әлеуметтік жағдайдың жөнделуі негізінде табиғи өсімге игі әсерін тигізери сөзсіз. Яғни, реэмигранттар да халық өсіміне өзіндік үлес қосады деп есептейміз.

2006 ж. 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша ҚР халық саны 15217,7 мың адам болды., соның ішінде қалада – 8744,1 мың (57,5%), ауылда - 6473,6 мың (42,5%) адам 2005 ж. қаңтар-желтоқсан айларындағы өсім - 142,9 мың адам болды. Халықтың жалпы өсіміндегі табиғи өсімнің үлесі 85% (2004 ж. 97% болатын), көшіп қонушылар арқасында - 15% - ға (2004 ж. - 3 %) өсті.

2005 ж бойына Қазақстанның төмендегі аймақтарында халық өсімі байқалды: ең жоғарға көрсеткіш - Оңтүстік Қазақстан облысында – 39,7 мың және Алматы қаласында –37,9 мың адам. Ал, Шығыс Қазақстан облысында 11,2 мың адамға кеміді. Сонымен, дәйекті демократиялық өзгерістер мен елді саяси жаңғыртуды көздеп отырған еліміздің қазіргі демографиялық ахуалы біздің көп ұлтты және көп конфессиялы қоғамымыздың дәстүрлерімен үйлесімді үйлеседі.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XXI ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан халқының құрамындағы өзгерістер, жастық – жыныстық ерекшеліктерге байланысты елдегі демографиялық ахуал сөз болады.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе статистических данных анализируется изменения в составе населения Казахстана. На основе поло-возрастного состава населения исследуется демографическое состояние в Казахстане начала XX века.

ӘОК 94 (574)

ХАНДЫҚ БИЛІКТІҢ РЕСЕЙ САЯСАТЫНА БӨГЕТ БОЛУЫ

Мырзатаева З.Б. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақ хандығы құрылып, оның құқықтық негіздері қалыптасқан кезеңнен бастап, мемлекетті басқару Шыңғыстан тараған қазақ ақсүйектерінің қолына шоғырланды. Елді - хан басқарды. Сахара жұрты арасында хан беделі, жоғарғы құрметке ие болды. «Хан ұлы көпір болса, басып өтпе» - деген осиеет, қазақ бұқарасының ел басына деген ізгі ілтипатынан туындаған болса керек. Қазақ қоғамы орыс отаршылдарының ықпалына дейін өзіндік дәстүрлі, ұлттық бай руханиятымен ерекшеленеді. Ресей империализмі, отаршылдық мақсатқа қол жеткізуде, сұрыпталып қалыптасқан мемлекеттіліктің тұғырын шайқап, ел арасына өзара алауыздық тудырып, дұшпандықтың отын жақты. Хан билігін жою жолында, орыс патшалары барлық айла – тәсілдер мен орасан зор қарулы күш қолданып бақты.

Қазақ хандығы тарихта болғанымен, кейбір буржуазиялық тарихшылар еңбегінде, ол, мемлекет ретінде танылмай: «Қазақтарда мемлекеттік саяси жүйе ешқашан болған емес» /1/, - деген секілді, дәрекі қателіктерге, басым болған еді. Бірақ та, қазақ хандығының мемлекет болғандығын мойындай келе ол туралы дұрыс ой – пікірлер айтушылар да болды. Мәселен, патша әкімшілігінің белсенді чиновнигі подполковник Броневский Орта жүз қазақтары жөніндегі жазбаларында, Арқа елін басқарған Есім, Қасым, Шығай, Абылай секілді хандардың есімін ерекше атап көрсетіп, олардың мемлекет басқарудағы қызметтеріне объективті баға берді. Сондай – ақ, хандықты мемлекет ретінде танытатын рәміздері: туы, ел таңбасы, ұраны болғандығын жазды /2/.

Қазақ хандығы туралы және оның қандай жағдай болмасын саяси тәуелсіздікке ұдайы ұмтылғаны жөнінде ағылшын тарихшысы, Мартин Брилл Олкотт әділ тұжырым жасайды. «Қазақтардың басты мақсаты өз қоғамдастығы мен өз билігіндегі территориялар ішінде тұрақтылықты, біркелкілікті нығайта түсу еді. Өз алдына бөлек Қазақ хандығы құрылып, қазақтар дербес халық ретінде танылған бір жарым ғасыр ішінде олар тарихтың үлкен асуларынан өтті... Қаншама қиын – қыстау кезеңдерді бастан кешірсе де қазақтар ұлттық ерекшеліктерін сақтай білді» [/3/, 70, 240] - деген болатын.

Тарихта қазақ мемлекеттілік статусын айғақтайтын тағы бірден бір дерек, ол, ХҮІІ ғасырдағы конституциялық құжат — «Жеті жарғы». Онда – хандықтың саяси құрылымы жүйелі түрде бекітілді. Оның әкімшілік құрылысы болімінде: «Өрбір рудың өз таңбасы болсын. Өрбір хан өзі барлық сұлтандар мен ақсақалдар және ру басшылары күзгі мезгілде халықтық істерді талқылау үшін бас қосып жиналып тұрсын» - делінді. «Жеті жарғы» заңдылығы ХҮІІІ ғасырда қолданылғанымен, уақыт өте әрбір қазақ ханы оны ептеп өзгертіп, заман талабына сай өңдеп пайдаланып келді. Сонымен, қазақ қоғамында жүйелі мемлекеттік құқықтық нормативтердің болғандығында күмән болмауы тиіс.

Патша агрессиялық саясатына үлкен бөгет болған хан қолында қандай билік болған еді? Хан - өз ордасына тиесілі бүкіл жерді сыртқы жаудан сақтап қалуды ұйымдастырды. Сондай – ақ, өзге мемлекеттермен келіссөздер жүргізіп, соғыс пен бейбітшілікті жариялады, кейде бітімге де келіп отырды. Қоғамдық қатынастардың тәртібі тек хан жарлықтары және билер кеңесінің шешімдері арқылы іске асырылды. Хан – бүкіл қазақ ұлыстарының жайлауын, көші – қон жолдарын, су көздерін және әскери қауіпсіздігін ұйымдастыру, жалпыға бірдей жарлық шығару, өлім жазасына кесу, немесе кешірім жасау құқықтарына ие болды. Жалпы алғанда хандар жергілікті дәстүрлерді сақтай отырып, бүкіл өмір бойы хандық құрды, оны алғашқы кезекте інісі, ол болмаса баласы ғана алмастырды. Хан билігінің күші ресми басқару сатыларына емес, жекелеген адамдарға көбірек ықпал етті, сондықтан жеке алғандағы қазақ ханының билігі оның жеке басының ел басқаруға ыңғайлылығының көрінісі болып қала

АҚШ дипломаты Ю. Скайлердің мәлімдеуінше, қазақтар өз «ақсүйектеріне» үлкен құрметпен қарайтын, «ақсүйектерге» жататын халық бұқарасы хан тұқымдары мен билеуші әулетті көсемдеріндей көретін, олар өз тарапында әр рудың мерейі мен қауіпсіздігін қорғауға ұмтылатын [3/, 77].

ХҮІІІ ғасырдан бастап, орыс агрессиялық саясатының жоспарлы түрде қазақ даласына жүргізіле бастауына байланысты хандық билік елеулі түрде өзгерістерге ұшырай бастады. Қазақ хандықтары, ХҮІІІ ғасырдың ішінде ауыр алапат кезеңді бастан өткерді. Қазақ Шығыстан Жоңғарияның жаугершілігінен қатты қысым көрді. 30 – шы жылдары Әбілқайыр хан Кіші жүз қазақтарын бодан етті. Осы тұстан бастап, Ресей кіші жүзде хандарды өзі тағайындайтын дәстүр шығарды және оны басқа жүздерге де таратуға тырысты. Былайша айтқанда, Ресей, қазақ хандарын бір тізгінде ұстап, саяси тәуелсіздіктен айыруға талпыныс жасай бастады. Мұндай, қазақ басына күн туған, ауыр заманда, тарих сахнасында, Абылай хан келді.

Абылайдың тарихи тұлғасы мен іс - әрекетін белгілі бір ауқымға сыйғызу мүмкін емес. Абылай туралы ХVІІІ ғасырдың соңғы ширегінде Қазақ даласына саяхат жасаған, не жұмыс бабымен Орта жүзде тұрған капитан Андреев және Г.Волконскийден кейінірек жазған Вельяминов – Зернов, А. Левшиннің күнделіктері мен еңбектерінде біршама мәліметтер сақталған. Көптеген деректердің мәлімдеуінше, Абылай хан Тәуке, тіпті Қасым дәстүріндегі ұлы қазақтық іс – қимыл көрсете білді, қазақтың соңғы тәуелсіз ханы болды, өзін орыстардың ықпалынан тәуелсіз ұстауда өз халқына табан тіреді. Іс жүзінде ол орыстардан және олардың даладағы мақсаттарынан аулақ тұрды, өз халқын аман сақтап қалу үшін, амалсыздан орыс мемлекетімен одақтастыққа барып, өзінің азияттық көршілерімен тату болудың амалдарын қарастырды.

Өзінің өмір сүрген уақытында және бүкіл он тоғызыншы ғасырдың да өзінде Абылай рухы қазақ халқының шаруашылығы мен тұрмыс салтын орыстардың отаршылдық саясатының ықпалына көндіруге қарсы тұруына дем беріп келді. Абылай бәйбіесі қазақтың ауыз әдебиетінен үлкен орын алды, өйткені, ол тәуелсіз қазақ мемлекеті үшін күресті. Абылай Ресейдің жымсық саясатының түпкі сырын жете түсінді. Ол, патша «ағзамға» әрдайым бодандық – ант қабылдап тұрудан бас тартып, саяси тәуелсіздіктің байрағын берік ұстады.

Кез – келген империя әлсіз елді жаулап алу үшін, қандай жолмен болсын ең алдымен саяси билікті жоюға тырысады. Ресей империясы да, қазақ елін өзіне бағынышты провинцияға айналдыру үшін хандық билікті жоюға күш салды. Ел ішінде Абылай беделінің және Орта жүздің саяси қуатының күшейе түсуі, Ресейді «қобалжытып» отырды. Өсіресе, отаршылдар Орта жүздің Қытаймен және Жоңғариямен бірігіп кетуінен қорықты. Сондықтан да, ХVІІІ ғасырдың ІІ жартысында орыс тыңшылары мен мемлекет елшілерінің Арқа даласына келуі жиілеп кетті. 1758 жылы өкімет сенатының 807 құпия жарлығында қазақтардың Қытаймен қарым – қатынасына бөгет болу жөнінде мәселе айтылды. Қазына қорынан қаншалықты шығын шықса, яғни 3000 сом көлемінде қазақтарға арналып салық алынып, барлық айла тәсілмен көздеген мақсатқа қол жеткізу керек делінді /4/. Алайда, орыс әкімшілігінің алдау құрығына қазақ сұлтандары түспеуге тырысты. 1771 жылы Әбілмәмбет дүние салғаннан кейін, орыс билеушілері Абылайға, хандық белгілер тағып, үлкен лауазымыңды бекітеміз деген сауалдарына, ол: «Мені халқым сайлады, басқаша ресми мереке маған қажет емес» /5/ - деп, орыс ұсынған силықтардан бас тартқан – тын.

Үш жүзге бірдей хан атанған Абылайдың билігін жоюға Ресей, құлшына кірісе бастады. Сөйтіп, Орта жүз хандарына Жоңғария мемлекеті тынымсыз шабуылдаумен болғанда, орыс әкімшілігі Сібір шекарасындағы бекіністерінен қазақтарды отарлауға қызу дайындық жүргізді. Патшалық Ресей хандық билікті жойып, Арқа даласына бекіну мақсатында, бұл жағынан өлкенің Солтүстігінен өзі қысым көрсете, екінші жағынан, Жоңғар мемлекетін қару жарақпен жабдықтап жоңғарлардың қазақ жеріне оңтүстіктен басып кіруін ұйымдастырып отырды /6/.

1752 жылы Жоңғар қонтайшысы Лама Доржының, Абылай қол астында жасырынған Дауациді сұрап келгені тарихтан мәлім. Лама Доржы өтінішінің

қанағаттандырылмауы себепті, бүкіл керей, найман ауылдарын қиратып, 3000 қазақты тұтқынға алып кеткен еді. Орыстар осы аласапыран кезеңді пайдаланып, Абылайға орыс боданы болуын ұсынады. Абылай үзілді – кесілді қарсылығын айтып, келесі жылы жер қайысқан сап түзеп Жоңғарияға шабуылға әзірленетінін хабарлайды /7/. Қабарлы, ержүрек Абылай, үрейлі, қанды – қисап кезеңінде киелі қазақ жеріне көзалартқан барлық дұшпаннан өшпенділікпен қанды кек алып отырды.

1754 – 1755 ж.ж. Арқа халқы патшалықтың тиым салғанына қарамастан Ертістің оң жағалауына барлық мал – мүлкін айдап өтіп, қоныс тепті. Орыстың қысымшылығынан ашуга булыққан қазақ сарбаздары, өздерін қудаламақ боған орыс – қазақ әскері мен офицерлерін өлімші етін сабап, кейін ысырып тастайды. Сондай – ақ олар (қазақтар автор) Ертіске орыстарды жолатпайтынын, тіпті өзеннен су алуына тиым салатынын айтады /8/.

Ресей әкімшілігі, ендігі жерде ел ішіндегі оқиғалар жөнінде хабарларды тыңшылары арқылы алып отырды. Әсіресе, ел ішіндегі хабарды қазақ тұтқынынан қашқан башқұрттар мен жоңғарлықтар жеткізін тұрды. 1755 жылы Жоңғар тұтқыны, Абылай ханның 10 000 қолмен Жоңғарияға кек алу үшін аттанғанын, ал келесі жылы орыс бекіністеріне аямай соққы бермек болғанын айтып келеді /9/. Мұны естіген орыс офицерлері бүкіл бекіністерін Европалық отрядтар санымен күшейте түскен еді. Бұл жылы жазда Пресногорьковск, Ертіс, Калывано – Кузнецк Сібір шекарасы шебінде мынадай бекіністер салынды: Басты бекіністер – 18, редуттар – 31, форпост – 13, станиця – 23, қорғаныс – 1 барлығы – 111 бекініс пункттер. Барлық шептің ұзындығы 2991 шақырым болды /10/.

Шекара бекіністеріне, жасалынған қазақ сарбаздарының жекелеген шабуылдары да орыс - әкімшілігін қорқыта түсті. Мұндайда отаршыл өкімет өзге халықтарды айдап салу немесе қазақтарды аяусыз, қатыгездікпен басып – жаншу секілді сан – салалы әдістер қолданды. Мәселен, Крафт еңбегінен алынған мына құпия жарлықта былай делінеді: «Қырғыз – қайсақтардың үздіксіз шабуылдарын мүлдем басып – жаншу үшін, олардың кезекті ұрыстарының бірін, барлық күшпен талқандап тіпті жас сәбилеріне дейін олтіру керек» /11/. Ежелден осыншама, зорлық – зомбылық жасаған, қарулы күшке сүйеніп, дұшпандық саясат жүргізген империяны қазақтармен достық қатынаста болған деп шатастыруға болмайды. Міне, ойды дәлелдей түсетін мына бір құжатты келтірейік, «біздің пайдамыз үшін, сапты әскерді қолданбай қазақтарды жазалау еркін қалмақтарға, жайық казактарына, башқұрттарға, меңгерлерге және Сібір губерниясындағы орыстар мен басқа да бұратана халыққа беруге болмас па екен?» - делінген еді, сыртқы істер коллегиясының № 220 құпия жарғысында /12/.

Дегенмен, орыстар қаншама әдіс- тәсіл қолданып, үркіткенімен, қорқытқанымен, қазақтардың қарсылығын баса алған жоқ. Қазақтар қокан – локқы көрсеткен Ертіс және Жайық бойындағы казак содырларын жүздеп, мыңдап тұтқындап, Хиуа мен Бұқар базарларында сатты /13/. 1774 жылы 18 қазанда 3000 қарулы қазақ сарбаздары Пресногорьковск шебіндегі Степной редутына шабуыл жасап орыс- казактардың табын жылқыларын айдап әкетті. Олардың бірнешеуін тұтқындады, 12 – сін өлімші етіп жарақаттады. Қазақтардың мұндай шабуылы Степной редутына да жасалынып, 6 казак өлтірілді, олардың көптеген қару – жарақ, қорғаныс, жарылғыш заттарды тартып алынды /14/. Қазақтардың шабуылы, орыстарға қарсы күресі әсіресе, сауда жолындағы керуендерді зор шығынға ұшыратты. Бұл жөнінде орыс керуені құрамында болған дәрігер С. Большой жазбасында: «1803 ж. Тамыздың 9–нан 10–на караган түні орыс керуені (керуенге 100 түйе, дәрі-дәрмек, емдік құралдар, оқулықтар, бағалы киімдер, 200 мың сомдық тауар болатын) 1500 шамалас қазақтар қоршауында қалып қойдық. Ертеңіне ыстық күн астында ұзақ уақыт қоршауда қалған қазақтар, шөлге шыдамағандықтан күрессіз тұтқынға берілді» - деп жазады /15/.

Қазақ тарихында ғұмыр бойы, жан-тәнімен барлық күш-жігерімен ұлттық тәуелсіздікті сақтап өткен хан Абылай 1781 жылы дүние салды. Тәуелсіздік жолында, тіпті, өзінен бұрын салынып қойған Батыс Сібірдегі мықты бекіністерді ол жоюға барынша талпынып баққан еді. Абылай орнына, оның заңды мирасқоры Уәли келді. Қазақта қайсібір хан болмасын жері мен елін өзге елдің басып алу саясатынан сақтауды

көздеді. Сондықтан Уәли де әкесі Абылайдың екі жақты айлалау саясатын жалғастыруға ұмтылды. Ол, елдің тәуелсіздігін сақтау үшін, патшалықтың отарлық әрекеттерімен барынша күресті: орыс – казактардың қазақ жерлерінен шөп шапқаны үшін, саудагер көпестердің Орта жүз жері арқылы өткені үшін баж салығын төлеуді талап етті. Ал, керісінше жағдайда, керуендерге тосқауыл қойып, адамдарын аямастан жазалайтынын айтты. Сондай – ақ, хан шеп бекіністеріне шапқыншылық жасаған қазақтарды соттап, оларға үкім шығару құқын өз қолында қалдырылуын, патшалық әкімшіліктің бұл іске араласпауын және қысқы уақытта шептің арғы бетіне өткізілетін, малға төленетін баж салығын жоюды талап етті /16/.

Уәли қойған талаптар империялық саясатқа қайшы келгендіктен оның бірде – бірі орындалмады. Керісінше, залым патша II Екатерина патша үкіметінің жергілікті өкілдеріне арналған жарлықтарында «Бөлін ал да, билей бер» деген секілді ұранды жасырмай, ашықтан – ашық хандықты тас – талқан етуді мақсат етті. Сондықтан да Уәли сарбаздарының, орыс керуендеріне, шекара әкімшілігіне шабуылдары отарлық езгіге қарсы бас көтеруі үдей түсті.

Генерал Штрадман 1801 жылы 15 желтоқсанда Александр I императорға қазақ жерінде отарлық әкімшілік аппараттың орнатылу қажеттілігі жөнінде хат жолдайды. Ол бұған дейін Петропавл мен Бийскіден ашылған шекара сотының тиімділігін баса айтып, орыстың басқарманың Арқа даласында екі жерден: Ямышевск дистанциясы мен Өскемен дистанциясына қарама – қарсы беттен орнатуын ұсынады. Осындай жолдармен сауда керуенінің қауіпсіздігін шешу мүмкін деп есептейді. Бұл ұсыныстарды Уәли хан қолдаған жағдайда Уәли ханға жыл сайын 50 сом айлық, старшындардың әрқайсысына 50 пұт ұн тарату көзделініп отырғанын айтады /17/. Әрине, Уәли хан бұндай ұсынысты қабылдаған жоқ. Керісінше – Уәли хан өз саясатын іске асыруға барлық күш салды. Ол, Қытай мен Бұқарадан көмек сұрауға мәжбүр болды.

Осыдан соң, Уәли билігін шектеу үшін, оған қарсы, өш болып жүрген сұлтандар тобын әзіміне тартып, оларды ханға айдап салу керек /18/ - деген сымиян патшаның бұйрығы, генерал – губернатор Глазенапқа жеткізілді. Осындай арам пиғылдың түрткі болуымен Глазенап Орта жүзде Абылай ұрпағына жатпайтын сұлтандардың біреуін, екінші хан етіп сайлауды ойлап табады. 1816 жылы 150 қазақтардың тұрақты отряды 4 зеңбірекпен Бөкей сұлтанды екінші хан етіп тағайындау үшін аттанды. Сөйтіп, 1748 жылы Әбілхайыр ханды өлтірген, әйгілі Барақ сұлтанның ұрпағы Бөкейді Орта жүздің екінші ханы етіп тағайындады. Мұндағы көздеген мақсатын генерал – лейтенант Глазенап, Петербург үкіметіне жолдаған хатында ашық айтады:

«Орта жүзде Бөкейді II хан етіп сайлау – хандық биліктің әлсіреп, жойылуына жол ашады» /19/.

Орыс саясаты үшін, дәстүрлі хандық билік жүйесі аса бөгет болды. XIX ғасыр басында хан билігін жоюдың қажеттілігі, әсіресе, Ресей қазынасын толықтырып тұратын сауда жолын, мейлінше бағынышты ету еді. Қазақ жерінің транзиттік маңызын ерекше орынға қоя отырып, өлкеден отарлық тірек пункттерін орнату патшалық тонаушылардың аңсаған арманы болды.

Арқа халқының тәуелсіздігін жою жолында орыс әкімшілігі әсіресе, керуенді «қорғаудың» амал – шараларын қарастыра бастады. Бұл бағыттағы алғашқы отарлық бұғаулаудың бір түрі, керуенерді талқандауда ешқандай қатысы жоқ адамдарды бейбіт халықты, жазықсыздан жазықсыз тұтқындау болды. Оларды босатудың туыстары үшін бір – ақ жолы: төлем төлеу, не керуен заттарын толықтай қайтарып беру арқылы мүмкін болды. Мұндай, құйтырқы саясатымен олар көздеген мақсатына жете алмады. Керісінше, қазақтардың ашу – ызасын күшейтіп, олардың қарсылығы үдей түсті.

1819 жылы Уәлидің өліміне байланысты Батыс Сібір бас басқармасының жазба журналында: «Орта жүзде жаңа хан сайлау ісі кейінге қалдырылсын. Сұлтандар мен старшындарға өз еріктерімен хан тағайындауға қатаң түрде рұқсат берілмесін» / 19 /, - делініп, хандықтың іргетасын шайқалту іске аса бастады.

Уәлиден соң Орта жүзде хан сайланған жоқ. Әйтсе де, тарих сахнасынан хандықты ысырып тастау Ресей әкімшілігі үшін оңайға соққан жоқ. Ханның заңды мирасқорлары, ұлттық еркіндік жолында ұзақ жылдар бой шайқасты.

Патша өкіметі Қазақстанда хан билігін жою процесін бастаған кезден ханды өзі бекітіп, оны ресми түрде грамоталармен белгілеп, қазақтардың империяға тәуелді екендігін «ескертін» отырды. Ресей әкімшілігі ол кезде, қазақтарды қанша өзінің боданы деп есептегенімен, шын мәнінде олар тәуелсіз өмір сүрді. Ал, ХҮІІІ ғасырдың аяғында, Азия елдерімен экономикалық қарым – қатынасының күрделене түсуіне байланысты, шекара шебінің маңындағы қазақтардың казак содырларының қыспағына жауап ретінде, бекіністерге күшті соққы берулеріне байланысты Орта жүз елшедегі саяси тәуелсіздікті мүлдем жоюға кіріскен – тін.

ӘДБИЕТТЕР

1. Красовский М. Область Сибирских киргизов. СПб. 1868. С.9.
2. Броневский С. Записки о киргиз-кайсаках средней орды // Отечественные записки. 1830. С. 165 – 192.
3. Есмағанбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. – А.; Атамұра – Қазақстан, 1994. 70, 240 б.
4. Крафт И. Сборник узаконений сибирских степных областей. – Оренбург.-1898.- С.532.
5. Уәлихан Ш.Ы. Ес жию. Тәуелсіздік жолында. // Тарихи жырлар. – А., 1995. 24 б.
6. Қазақ совет энциклопедиясы. IV том, 476 б.
7. Вяткин М. Очерки по истории КазССР. Т1. – Л., 1941. - С.89.
8. Крафт И. Сборник узаконений сибирских степных областей. – Оренбург. – 1898.- С.532.
9. Крафт И. Сборник узаконений сибирских степных областей.- Оренбург.-1898.- С 532.
10. ПутинцевА. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения Западно-сибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. -Омск, 1891. -С.256.
11. КрафтИ. Сборник узаконений сибирских степных областей.–Оренбург.1898. -С.532.
12. Қазақ халық әдебиеті. А., 1995. 288 б.
13. Катанаев П.Е. Краткий исторический обзор службы сибирского казачьего войска с 1582 по 1908 г. – СПб. 1908. 17 с.
14. ПутинцевА. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения Западно-сибирских казаков на занимаемой ими ныне территории.-Омск, 1891. -С.256.
15. Большой С. Записки о приключениях в плену у киргиз-кайсаков. 1804 –1822. - С.169 – 174 .
16. Вяткин М. Очерки по истории КазССР. Т.1. М., 1941. - С. 234 – 235.
17. Андриевич В.К. Исторический очерк Сибири. СПб., 1887. – С. 765 –338.
18. Тоғжанов Е.Ұ. Отаршылдық осылайша дендеген.//Заң. 1995. 10 маусым,- 13 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада патша үкіметінің Қазақстандағы отарлау саясаты баяндалады. Мерзімді басылым беттеріндегі және орыс шенеуніктерінің күнделік жазба деректеріндегі мәліметтер пайдаланылған. Осы мәселелерге байланысты дәстүрлі басқару жүйесінің Ресейдің отарлық саясатына қаншалықты бөгет болғандығы тарихи дәйектілікпен көрсетіледі

РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются политические цели захватнической политики царской России в Казахстане, делается анализ материалов периодической печати того времени и воспоминаний русских чиновников, подробно освещаются вопросы казахского ханства и проблемы, создаваемые ханством для проведения колониальной политики царской России.

АЛАШОРДА ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ КӨЗҚАРАСЫ

Нұрпейіс Кеңес (Алматы қ., ҚР ҰҒА)

Алаш немесе Алашорда қозғалысы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өмірге келді. Бұл қозғалыстың өзегі өзінің бастау көздерін 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы әкелген өзгерістерден алған, ал саяси ұйым ретінде 1917 жылғы жазда (шілде) құрылған Алаш партиясы болды. Осы жалпыұлттық саяси ұйымды құру үшін ХІХ және ХХ ғасырлар тоғысында қалыптасқан ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының жұрт таныған жетекшілері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жағанша Досмұхамедов, Әлихан Ермеков, Жақып Ақбаев, Халел Ғаббасов, т.б. ондаған қайраткерлер 12 жыл (1905-1917 жылдар аралығында) қажырлы еңбек етті.

Бұл қозғалыстың Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан жетекшілері өздерінің саяси күреске араласа бастаған кезден аса маңызды үш ұлттық мақсат-мүддені, атап айтқанда: тарихи жаңа кезеңде ұлттық мемлекетті қайтадан қалпына келтіруді, оның шатырының астына халқымыздың ата-қонысын (этникалық территориясын) біріктіруді, сол арқылы қазақ халқын отарлық езгіден құтқаруды және реформа жолымен қазақ қауымын өркениетті елдер қатарына жеткізуді басты нысана етіп белгіледі.

Көптеген жылдар бойы патшалық Ресейдің отарына айналу барысында қазақ халқы өзінің хандық түріндегі мемлекетінен айрылып, ал оның ата-қонысы бөлшектеніп, метрополияның әртүрлі губернияларына бағындырылған еді. Халқымыз отарлық және әлеуметтік езгіге қарсы сан рет қарулы көтеріліске шықты. Олардың көпшілігі аймақтық сипатқа ие болса, Кеңесары Қасымұлы басқарған көтеріліс (1837-1847 жж.) пен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс бүкілқазақстандық көлемде болды. Алайда ол көтерілістерді отаршылар аяусыз басып-жаншып отырды.

Осының бәрі ұлттық тәуелсіздік жолындағы көп жағдайға стихиялық түрде орын алған қарулы көтерілістердің күнінің өткендігінің айқын көрінісі еді. Сондықтан ХХ-шы ғасыр басында қалыптасқан жағдайда отарлыққа қарсы күрес тәсілдері мен түрлерін өзгерту қажеттігі туындады. Мұндай жағдайда Алаш қозғалысының жетекшілері азаттық күрестің саяси түрін таңдады. Күрестің жаңа түрінің мақсат-міндеттерін айқындау, нақтылау үшін Әлихан Бөкейханов пен оның серіктері 1905 жылдан 1917 жылдың жазына дейін табандылықпен әрі мақсаткерлікпен еңбектенді. Олар ең алдымен халқымызды саяси тұрғыдан ояту және сол арқылы қалың бұқара арасында отаршылдыққа қарсы хал-ахуал қалыптастыруға көп күш салды. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы» (1909 ж.), Ахмет Байтұрсынұвтың «Масасы» (1911 ж.), 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газеті, 1917 жылғы шілдеде қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының құрылуы отаршылдыққа қарсы саяси күрестің жарқын көріністері болды.

Осы бағыттағы күрестің басты мақсат-міндеттері «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21-ші қарашадағы санында жарияланған «Алаш партиясы программасының жобасында» айқындалды. Әрі қысқа, әрі нұсқа небәрі он баптан тұратын осы құжатта ең алдымен ХХ ғасырдың басындағы геосаяси жағдайда қазақтың ұлттық мемлекетін қалпына келтірудің теориялық мәселелері және оны өмір шындығына айналдырудың әдістері мен жолдары, саяси, экономикалық және рухани отарсыздандудың нақтылы ұстанымдары (принциптері) анықталды. Осы құжаттың баптарының тақырыптарының өздері көп нәрсені аңғартады. Бірінші бап «Мемлекет қалпы», аталса, екінші бап «Жергілікті бостандық» деп тақырыпталған, ал қалған баптар «Негізгі құқық», «Дін ісі», «Билік нәм сот», «Салық», «Ғылым-білім үйрену», «Жұмысшылар» және «Жер мәселесі» деп аталған.

Бірінші бапта Алаш партиясы мемлекеттік құрылыс мәселесінде Россияның терезесі тең (құжатта «құрдас») мемлекеттердің федеративтік одағы болуын талап етсе, екінші бапта Россия федерациясының құрамында болуға тиіс қазақ автономиясы бүкіл қазақ мекендеген жерге иелік етеді және оған нұқсан келген жағдайда өз алдына мемлекет болып бөлініп шығады; екінші - өзінің нақты саяси қызметінде Алаш партиясы жалпы азаматтық игіліктерді басшылыққа алып, «әділеттікке жақ, зорлыққа қас болады» делінді. Үшінші бапта мемлекет азаматтарының «дінге, қанға қарамай, еркек, әйел демей кең құқылы болуы» талап етілді. «Жиналыс жасауға, қауым ашуға еркіндік... сот сұрамай, билік айтылмай тұтқын қылмаушылық» адам азаттығын қамтамасыз ететін факторлар ретінде айқындалды. Партия бағдарламасы жобасының басқа баптары да ұлттық мүдделерді қорғауға бағытталумен бірге өркениетті өмір салты үрдістерімен үйлесім тапты.

Халқымыздың жеті арысы – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдұлхамит Жүндібаев және Ғазімбек Бірімжанов – дайындаған осы жобада Қазақстанның келешекте Тәуелсіз мемлекет ретінде қайта түлеп, қалыптасып-нығаюының тұғырнамалық ұстанымдары айқындалған еді. Бұл құжатта 1917 жылғы көктем айларында өткен облыстық қазақ сиездерінде, сол сияқты 1917 жылғы шілдеде өткен бірінші жалпықазақ сиезінде айтылған ұсыныстар мен пікірлердің көпшілігі ескерілді. Бұлардың қатарына 1917 жылғы сәуір айында болған Жетісу қазақтарының облыстық сиезінің келешектегі қазақ мемлекеті халқымыздың біртұтас ата-қонысы негізінде құрылсын деген, сол кезде өткен Торғай облыстық қазақ сиезінің әрбір қазақ баласы бастауыш білімді міндетті түрде ана тілінде алсын деген, басқа облыстық сиездердің қарар-шешімдерінде жер сатылмасын, ол халық қазынасы болып жариялансын деген ұсыныстар Алаш партиясы бағдарламасы жобасынан өз көріністерін тапты. Демек, бұл құжат оған қол қойған жеті адамның ғана пікірлері емес, сол кездегі қазақ қауымының саяси және рухани элитасының ел мен жер тағдырына байланысты ой-пікірлерінің жиынтығы болып табылады.

1917 жылғы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ сиезінің күн тәртібі жоғарыда әңгіме болған партия бағдарламасының талаптарынан және сол кезде қалыптасқан саяси өзгерістерден туындады. Сиездің күн тәртібіне енгізілген он мәселенің ең маңыздылары қазақ мемлекеттілігін – Алаш автономиясын – құру, оның үкіметі – Алашорданы – сайлау және осы мемлекеттің қарулы күштерінің негізі болуға тиісті «халық милициясын» жасақтауға байланысты болды.

Съезд шешіміне сәйкес Қазақстан халқымыздың ата-қонысын (этникалық территориясын) түгел қамтитын ұлттық-территориялық мемлекет болып жарияланды. Оның ресми аты Алаш автономиясы, ал үкіметі Алашорда (Алаштың Ордасы) болсын делінді. Уақытша астана ретінде Семей қаласы белгіленді.

Қазақтар арасындағы басқа ұлт өкілдеріне (диаспораға) қазақтармен тең құқық берілегін болды және олар билік жүйесінде өздерінің санына қарай орын алатындығы айтылды.

Алашорда үкіметінің құрамы 25 адамнан тұратын болды да, оның 15-і қазақтарға, ал қалған 10 орын Қазақстанды мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне берілетін болды. Бұл шешім сол кездің өзінде-ақ, көпұлтты өңір болған Қазақ мемлекетігінде (Алаш автономиясында), қазіргі тілмен айтқанда, саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтау мүдделерінен туындаған еді. Алашорданың қазақтардан сайланған 15 мүшесі былай бөлінді: 7 орын Алаш автономиясына кіретін жеті облыстың халық таныған өкілдеріне, ал қалған 8 орын облыстардан тыс бүкіл Қазақстанға белгілі қайраткерлерге тиесілі болды.

Алашордаға мүше болған 15 адамның қатарында Жетісу облысынан Садық Аманжолов, Базарбай Мәметов (Мамытов), Мұхаметжан Тынышбаевтар болды. Алашордаға мүше болған 15 адамның басым көпшілігі жоғарғы университеттік немесе академиялық білімді болды. Олардың қатарында Петербург, Москва, Қазан университеттері мен жекелеген институттарды бітірген алты заңгер, бір инженер, бір дәрігер, бір экономист болды. Қалғандары арнаулы орта білімді және аяқталмаған

жоғарғы білімді азаматтар еді. Ғалым-экономист Әлихан Бөкейханов төрағалық еткен Алашорда үкіметі нағыз профессионалдар мен халық мүддесін ойлайтын шын мәніндегі қайраткерлерден тұрды.

Үкімет құрамын қалыптастыруда жерлестікке, туыскандыққа, топтық және таптық мүдделерге жол берілген жоқ.

Екінші жалпықазақ съезінің делегаттары ұлттық-территориялық автономияны құруда бірауыздылық танытқанымен, оны ресми түрде жариялау мәселесінде алауыздыққа жол берді. Бұл жағдай, мемлекеттік құрылым ретінде жаңадан қалыптаса бастаған автономия үшін қатерлі еді, өйткені оны ресми түрде жарияламайынша оған қазақ халқын, өлкені мекендеген басқа жұрт өкілдерін сендіру, Алашорда үкіметін мойындату қиын болатын еді. Съезде автономияны жариялау мерзімі туралы қызу айтыстар бірнеше күнге созылды. Бұл мәселе бойынша екі пікір қалыптасты: Ә.Бөкейханов пен оны жақтаушылар съезде өкілдері болмаған Қазақстанды мекендейтін орыстардың және әкімшілік жағынан Түркістан өлкесіне қарайтын қазақтардың еркін білмейінше автономияны жариялауды кідірте тұру қажет деді. Ал Ж.Досмұхамедов пен оның жақтаушылары автономияны дереу жариялау қажеттігін дәлелдеуге тырысты. Дегенмен де, ұлттық, халықтық мүдделерді жеке бастарының саяси ұпай жинауынан жоғары қойған Әлихан Бөкейханов пен Жағанша Досмұхамедов басқарған Орал облысы мен Бөкей Ордасының өкілдері Алаш автономиясын жариялау мерзіміне байланысты ортақ, ымыралы (компромисті) келісімге келді. Екі жақтың көзқарастарын жақындатуға алғашқыда бүкіл қазақ жерін Түркістан автономиясының құрамына енуін жақтаған Мұстафа Шоқай соңынан бұл пікірінен бас тартып, дауласуды шешуде оңды роль атқарды.

Екінші жалпы қазақ съезінің Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін құру туралы «халықтық милиция» атты әскери күштерді жасақтау жөніндегі, т.б. шешімдері Алаш партиясының бағдарламалық міндеттерін жүзеге асырудағы бастапқы әрі маңызды қадамдары болды.

Алашорда Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық-тұтастық және халықтық-бірлік үрдістеріне сүйенді. Мұндай ұстанымдар, әлбетте, аталған мәселелерді шешуде таптық көзқарастар мен «пролетариат диктатурасын» басшылыққа алған большевиктер партиясы жетекшілік еткен Кеңес өкіметінің саясатына қарсы келді. Сондықтан да, Алашорда 1917 жылғы Қазан революциясының ұрандарын, Кеңес өкіметінің іс-әрекеттерін «бүлікшілік көріністері» деп бағалап, оларға қарсы шықты.

Азамат соғысында жеңіліске ұшыраған антикеңестік күштер, олардың қатарындағы Алашорда да, жаңа өкіметті мойындауға мәжбүр болды. Сондықтан да 1919 жылғы шілдеде Лениндік декретке сәйкес Қазақ өлкесін басқару жөніндегі кеңестік әскери-азаматтық орган – Қазақ революциялық комитеті (Казревком) құрылған жағдайда Алашорда белгілі деңгейде онымен ымыраға (компромиске) барды. Сондықтанда Казревкомның алғашқы құрамында Ә.Жангелдин, С.Мендешев, Б.Қаратаев сияқты белсенді Кеңес қызметкерлерімен қатар Ахмет Байтұрсынов, Байқадам Қаралдин, Ғұбайдулла Әлібеков сынды Алаш қозғалысының қайраткерлері болды. Мұның үстіне А.Байтұрсынов Казревком төрағасының орынбасары болып та тағайындалса, Байқадам Қаралдин ондағы шешуші қызметтің бірі – Казревкомның хатшысы міндетін атқарды.

Казревком Қазақстан кеңестерінің құрылтай съезін шақыруға және келешекте құрылуға тиісті Республиканың шекараларын анықтауға байланысты аса күрделі дайындық жұмыстарын жүргізді. Осы шиеленісі көп қиын мәселелерді шешуге Казревкомның жанынан құрылған және Ахмет Байтұрсынов басқарған Қазақ Республикасының шекараларын анықтау жөніндегі комиссия үлкен үлес қосты.

Халықтың этникалық территориясы негізінде Қазақ Кеңес автономиясын құру ісі толассыз күрес барысында, ең алдымен ұлыдержавашыл шовинистерге қарсы күрес нәтижесінде жүзеге асырылды. Құрылуға тиісті Қазақ АКСР-ының құрамына Орал, Семей, Ақмола, Торғай облыстарының айтарлықтай аймақтарын кіргізу мәселесі үлкен айтыстар туғызды. Мұндай айтыстар Сырдария мен Жетісу облыстарын Түркістан

АКСР-ы құрамынан Қазақстанға қайтару мәселесі бойынша да орын алды. Солтүстік-шығыс облыстары мәселесі 1921-1922 жылдар оң шешімін тапса, оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарға байланысты даулы мәселелер 1924 жылы Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелеуді жүзеге асыру нәтижесінде өз шешімін тауып, ол өңірлер де Қазақ Республикасына қосылды.

Реті келгенде, тарихи шындық үшін осы жерде мынаны баса айту қажет: Қазақ Республикасының шекараларына байланысты Сібір өлкесінің және тағы да басқа аймақтардың басшыларымен болған территориялық айтыс-тартыста Орталық Кеңес үкіметінің басшысы В.И.Ленин қазақ халқының жағында болды. Маңызы аса зор осы істе Алашорда басшылары мен Кеңестік пиғылда болған қазақтың саяси элита өкілдері жалпы алғанда ауыз бірлік таныта білді.

Алаш қозғалысының, Алашорда жетекшілері мен қатардағы мүшелері 1920-1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің құрбандары болды. Осыған қарамастан олардың ХХ ғасыр басында қазақ мемлекеттігін қалпына келтіру үшін және оны өркениет биіктеріне жеткізу жолдарын анықтауға арналған іс-қимылдары халқымыздың жадында жатталып, олардың төл шығармаларында хатталып қалды.

Ұлттық мемлекет мәселесіне байланысты Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі жинақтаған тәжірибе мен қалдырған мұра бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін аса құнды.

ХХ ғасыр басындағы қазақ мемлекеттігі болған Алаш автономиясы мен сол ғасыр соңында дүниеге келген және таяуда ғана 14 жылдығы тойланған Егеменді Қазақстан Республикасы – бір-бірімен сабақтас және көптеген ортақ ұқсастықтары бар мемлекеттік құрылымдар. Тәуелсіз Қазақстанды өркениетті, іргелі елге айналдыру барысында Алаш автономиясының қысқа да қасіретті тарихынан алар сабағымыз аз емес.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі жетекшілерінің ұлттық тәуелсіз мемлекет құру барысындағы саяси қадамдары, олардың көзқарастары баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются политические взгляды деятелей партии Алашорда.

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ – АСА КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Нұрпейіс Кеңес (Алматы қ., ҚР ҰҒА)

Бұл күндері Тұрар Рысқұловты білмейтін көзі ашық, көңілі ояу қазақ жоқ деседе болғандай. Оны тек қана қазақтар ғана емес, Қазақстанды мекендейтін басқа халықтардың өкілдері мен Орта Азия тұрғындарының көпшілігі біледі. Тұрар есімін халыққа кеңінен танытуда ол туралы романдар тізбегі мен «Сталинге хат» атты драмалық шығарма жазған Шерхан Мұртаза жазушылық және азаматтық ерлік жасады.

Тұрартануға және оны жұртқа танытуға С.Бейсембаев, С.Көлбаев, В.Устинов, В.Григорьев, О.Қоңыратбаев, М.Қойгельдиев, Ж.Сүлейменов, М.Серікбаев, т.б.ғалымдар белгілі дәрежеде өз үлестерін қосты. 1997-1998 жылдары Ұлттық Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен ҚР Президентінің архиві Тұрар Рысқұловтың үш томдық шығармалар жинағын жариялады.

Туған Республикамыздың егеменді ел болып тарихи аренаға өз атымен қайта шығуы халқымыздың Тұрар Рысқұлов сияқты кезінде «халық жауы» аталып кеткен біртуар перзенттерінің өмірін, қоғамдық-саяси қызметін және шығармашылық мұрасын идеологиялық құрсаудан ада, тарихи шындыққа сай зерттеу үшін қолайлы жағдайлар туғызды.

Бұрынғы Кеңестік тарихнама мен саяси әдебиетте ел билігіне араласқан, коммунистік партия мен Кеңес өкіметі жүйелерінде ұзақ жылдар бойы жоғарғы

лауызымды қызметтер атқарған адамдарға «көрнекті» немесе «аса көрнекті» мемлекет және партия қайраткері, т.с.с. марапаттау сөздер айтыла беретін. Осы сөздердің көпшілігі жалған айтылатын, өйткені ол сөздер арналған адамдардың атқарған іс-әрекеттері дәл солай мадақтауға тұрмайтын. Сондықтан да осы мадақтау сөздер арналған адамдар өмірден озған немесе қызметтен түскен күннің ертеңінде-ақ олардың есімдері халық зердесінен өше бастап, біраз уақыттан кейін түгелдей ұмыт болған.

Ал ондайларға қарама-қарсы тағдыр иелері де біздің халқымыздың сан ғасырлық тарихында аз болмаған. Тарихымыздың кеңестік кезеңіндегі осындай бірегей халық перзенті – Тұрар Рысқұлов.

Сталиншіл әкімшілік-әміршілдік жүйе Тұрар Рысқұловқа көзі тірісінде «пантүрікшіл», «панисламшыл», «ұлтшыл ауытқушы», «ұлтшыл» деген айыптар тағып, ұзақ жылдар моральдық және саяси соққыға ұшыратты да, 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен түрмеге жауып, 1938 жылы оққа ұшырды. Содан кейін өткен ондаған жылдар бойы оның есімі мен еліне жасаған қызметін атауға ресми түрде қатал тыйым салынды.

Тек 60-шы жылдардан бері қарай Т.Рысқұловқа тағылған айыптар жалған екендігі жөнінде және оның сан қырлы қызметі туралы мерзімді баспасөзде жекелеген мақалалар жариялана басталды. Солардың алғашқысы өзі де «халық жауы» аталып түрмелер мен концлагерлердің «тұз-дәмін» барынша татып келген байырғы журналист Рахмалы аға Байжарасовтың мақаласы еді.

1984 жылдың соңында Тұрар Рысқұловтың 90 жылдық мерей тойы республика көлемінде ресми түрде аталды, ол туралы бірнеше зерттеу еңбектер жарияланды және оның төл шығармаларының бір томдығы жарық көрді.

Тұрар Рысқұлов – халқымыздың ұлтжанды біртуар перзенті, ХХ-шы ғасырдың 20-30-шы жылдары шын мәніндегі қайраткер дәрежесіне жеткен тұлға, үлкен саясаткер, ұшқыр қаламды көсемсөз шебері, салиқалы тарихшы, шебер полемист-шешен, бір сөзбен айтқанда – сегіз қырлы, бір сырлы тума талант. Егер ол қысқа ғұмырының саналы кезеңінің басым көпшілігін (тіпті түгелге дерлік деседі бозалды) мемлекеттік-саяси қызметке арнамаса, одан қоғамдық ғылымдардың бірнеше саласы бойынша (тарих, экономика, социология) ғұлама зерттеуші қалыптасуы әбден мүмкін еді ...

Тұрар Рысқұлов адам ретінде де, қоғамдық және саяси қайраткер ретінде де ерте есейіп, жиырма жастан асар-аспас кезінде жұрт аузына ілініп, оның есімі халыққа танымал болды.

1894 жылғы 26 желтоқсанда Жетісу облысы Верный уезіне қарасты Шығыс Талғар болысында (қазіргі Алматы облысы, Талғар ауданы Тұрар Рысқұлов атындағы ауыл) дүниеге келген Тұрар шешеден де, әкеден де ерте айырылып, жетімдіктің ауыртпалығын қаршадайынан көрді. Оның әкесі қайсар да турашыл Рысқұл Жылқыайдарұлы 1905 жылы облыс әскери губернаторының досы әрі Шығыс Талғар облысының билеушісі Саймасай Үшкөмпіровты халыққа және тікелей өз басына жасаған қиянаты үшін атып өлтірген және сол айыбы үшін 1906 жылы 10 жылдық мерзімге алыстағы Сахалин аралына жер аударуға кесілген. Әкесі тергеуде болған бірнеше ай бойы 11 жастағы бала Тұрар онымен бірге түрмеде болып, оның ауласындағы әртүрлі жұмыстарды атқарған, түрме бастығының атқосшысы болған. Сөйтіп жүріп хат таныған, орыс тілін біршама дәрежеде меңгерген. Әкесі Сахалинге жер аударылған соң Тұрар Әулиеата уезіндегі туыстарын паналап, Қырғызбаев деген фамилияға ие боп үш жылдық орыс-қазақ мектебінде оқып, одан соң Пішпектегі (Бішкек) ауыл шаруашылық мектебін бітірген. 1915 жылы Ташкенттегі педагогикалық институтқа түсіп, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты ол оқуын жалғастыруға мүмкіндігі болмаған. 1916 жылдан бастап 20 жастан жаңадан асқан Тұрар қоғамдық-саяси өмірге қызу араласып кетті: ол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің Әулиеата – Меркі ошағына идеялық тұрғыдан басшылық жасап, 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін осы өңірдің қазақ, қырғыз оқушы жастарын елдің қоғамдық-саяси өміріне араластыруға мұрындық болды. 1917 жылғы қыркүйекте «әлеуметтік әділеттілік», «ұлттар теңдігі», «барлық материалдық игілік – соны өндірушілерге» деген ұрандарға кәміл сеніп, оларды жақтаған Тұрар Коммунистік

партияға мүше болады, ал 1918 жылғы сәуірде ол Әулиеата советтерінің (Кеңестерінің) уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланады. Бұл кезде Тұрар 1916 жылғы көтеріліс жеңіліс тапқан соң Қытай ауып кеткен босқындарды ата мекендеріне қайтару және оларға қажетті көмек көрсету ісін ұйымдастырды.

Осы кезден бастап Т.Рысқұлов Түркістан мен Қазақстанның көрнекті мемлекет және саяси қайраткерлері ретінде аса тез қарқынмен қалыптасып, толысты. Табиғат берген дарын, жан-жақты ұйымдастырушылық қабілет, қажымас қайрат пен жанкешті еңбекқорлық оны аз уақыт ішінде алғыр да парасатты қайраткерлер санатына қосты.

1918 жылғы күзде Тұрар Рысқұлов Советтердің Түркістан Орталық Атқару комитетіне (Тұратком) қызметке шақырылып, Ташкентке ауысты. Мұнда ол бір мезгілде дерлік Түркістан АССР-і денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалып, Тұратком төрағасының орынбасары және РКП(б)-нің өлкелік мұсылман бюросының төрағасы болып сайланды. Халық комиссары ретінде Т.Рысқұлов республикада халықтың денсаулығын сақтау жүйесін құрып, ашаршылықпен күресу жұмыстары-мен айналысса, мұсылман бюросы (мұсбюро) төрағасы ретінде Түркістан коммунистік партиясының барлық комитеттерінде мұсылман фракцияларын құру және жергілікті халықтар арасында саяси-ағарту істерімен шұғылданып, олардың өкілдерін республиканы басқару ісіне көптеп тарту үшін күрессе, Тұратком төрағасының орынбасары ретінде өлкенің халық шаруашылығын қалпына келтірудің және көпұлтты Түркістанда ұлтаралық ымыра мен татулық орнату жолдарын іздестірді.

Сонымен қатар, 1919 жылы Тұрар Рысқұловтың Ферғанада орын алған басмашылар қозғалысының кейбір жетекшілерімен (құрбашылар) келіссөздер жүргізу нәтижесінде соғыс әрекеттерінің көлемін азайтуға қол жеткізу көпшілікті тандандырған батыл әрекет болды.

Тұрардың қайраткерлік беделі мен абыройы күннен күнге өсе түсті. Жас жағынан бозбаланың ауылдан әлі алыстай қоймаған Тұрар 1920-шы жылғы қаңтарда 25-ке жаңа толған шағында сол кезде құрамында қазіргі күнгі Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Қазақстанның оңтүстік облыстары (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Талдықорған, Алматы) болған Түркістан Орталық Аткомының төрағасы болып сайланды. Осы жауапты қызметте сол жылдың күзіне дейін болғанына қарамастан, Т.Рысқұлов Түркістан халықтарының шын мәніндегі саяси, экономикалық және рухани егемендігі үшін қажырлықпен күресіп, бұл бағытта қолынан келгеннің бәрін істеді. Оған ең алдымен Түркістан Компартиясы мен ТүркАССР үкіметі құрамындағы ұлы державашыл шовинистермен аяусыз күрес жүргізіп, көп жағдайда оларға қолдау жасап отырған Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен РКП(б) Орталық Комитетінің құрамында В.Куйбышев, М.Фрунзе, Ф.Голощекин, т.б. бар. Түркістан істері жөніндегі комиссия (Түрккомиссия) мүшелерімен жиі-жиі өткір айтысуға тура келді. Бұл шиеленістер негізінен ұлт мәселесі төңірегінде өрістеді.

Қазақстан мен Орта Азия халықтарының толыққанды егемендігін жүзеге асыру үшін ол дәл осы кезде кеңестік негіздегі «Түрік идеясын» қалыптастырып, оны нақтылы түрде жүзеге асырудың жолын анықтауға көп тер төкті. 1920 жылғы 20-25 қаңтарда өткен Түркістан компартиясының V-ші конференциясының мұсылман секциясында Тұрар Рысқұлов ұлттардың өзін өзі билеу құқы туралы партиялық ұранды жүзеге асыру жөніндегі мәселені батыл қойып, Түркістан АКСР-ін Түрк республикасы деп жариялады, ал Түркістан компартиясының мұсылмандар секциялары негізінде Түрік компартиясын құруды талап етті. Т.Рысқұловтың бұл ұсыныстары конференция делегаттарының көпшілігі тарапынан қолдау тапқанымен, РКП(б) Орталық Комитетінің Түрккомиссиясы тарапынан қатты қарсылыққа кездесті.

Түрккомиссия мен Түркстандағы шовинистік пиғылдағы әсіреқызыл (ультра) революционерлер Тұрардың соңына күндіз шырақ алып түсті. Оған партияның сара жолынан ауытқушы, пантүрікшіл деген саяси айыптар жаппай тағыла басталды. «Түрк идеясы» мен «Түрк мәселесінен» туындаған Тұрардың әрекеттері мен көзқарасына олар «рысқұловшылдық» деген айдар тақты.

Осындай «қауіпті» адамды Түркістанда қалдыруға болмайды деп шешілді. 1920 жылғы күзде Т.Рысқұлов Түркатком төрағасы қызметінен босатылып, Мәскеуге ауыстырылды да РСФСР ұлт істері жөніндегі халық комиссарының, яғни И.Сталиннің екінші орынбасары болып тағайындалды. Осы кезден бастап келешектегі құрбандық (Т.Рысқұлов) пен жендеттің (И.Сталин) 17 жылға созылған арбасуы басталды.

Бұл жұмыста да Тұрарды көп тұрақтатпады, ол 1920 жылдың соңынан Әзербайжандағы осы комиссариаттың өкілі болып ауыстырылды.

Түркістандағы саяси хал-ахуалдың күрделенуі, басмашылар қозғалысының кең етек жаюы, өлкедегі экономикалық дағдарыстың өрши түсуі РКП(б) Орталық комитетін Тұрар Рысқұлов сияқты өлкені жақсы білетін және оны тығырықтан шығара алатын қайраткерді Түркістан АССР-індегі басшылық жұмысқа қайтадан әкелуге мәжбүр етті. 1922 жылдың күзінде Т.Рысқұлов Түркістан АКСР-і халық комиссарлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. Өкімет билігінің тізгінін өз қолына алған 28 жасар Тұрар жаңа экономикалық саясат негізінде өлке халық шаруашылығын түлету, мәдени өмірді жергілікті халықтардың әдет-ғұрпы мен ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып қайта құру бағытында кең көлемді, терең мазмұнды шараларды жүзеге асыруға басшылық жасай білді. Т.Рысқұлов халыққа білім беру ісіне бірінші кезекті маңыз берді. Талантты да талапты жастарға жоғарғы білім алуларына ол үкімет басшысы ретінде нақтылы көмек көрсетті. КСРО-ның орталық аудандарындағы жоғарғы оқу орындарымен қатар шетелдік университеттер мен институттарға, ең алдымен Германия оқу орындарына, 20-шы жылдардың басында ондаған қазақ, өзбек, тәжік жастары мемлекет есебінен жіберілді.

Тұрар Рысқұлов Түркістан АССР үкімет басшысы ретінде 1920-шы жылы тарих сахынасынан кеткен Алашорда қозғалысының жетекшілері мен белсенді мүшелеріне қолынан келген мүмкіндігіне сай қамқорлық жасады. Тұрар республика үкіметін басқарған тұста А.Байтұрсыновтың, Халел Досмұхамедовтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Мұхаметжан Тынышбаевтың, т.б. аса көрнекті қазақ зиялыларының Ташкент пен Қазақстанның оңтүстік өңірін паналап, ғылыми, педагогикалық және шығармашылық жұмыспен айналысуға мүмкіндік алулары Тұрар шапағатының нәтижесі екендігі күмән тудырмайды.

Тұрар Рысқұлов 20-шы жылдардың басында Орта Азияның көптеген аудандарын қамтыған басмашылар қозғалысын көп қантөгіссіз ыдыратуға үлкен үлес қосты. Бұл жолда ол діни басшылармен, ірі саудагерлермен, ру, тайпа көсемдерімен, беделді ақсақалдармен, тіпті ымыраға келуге бейім жекелеген құрбашылармен бетпесте жолығып, келіссөздер жүргізуге дейін барды.

Тұрар Рысқұлов бүкіл саналы өмір бойы мемлекеттік және партиялық саясаттағы ұлыдержавалық шовинизмнің көріністеріне батыл күрес жүргізді, ол жергілікті ұлтшылдық көп жағдайда ұлыдержавалық шовинизмге жауап ретінде бой көрсететіндігін дәлелдеумен болды. Ол өзінің осы мәселелер төңірегіндегі ойларын РКП(б)-ның XII-ші съезіндегі сөзінде, әсіресе 1923 жылғы 9-12 маусымда РКП(б) Орталық Комитетінде өткен ұлт республикалары жауапты қызметкерлерінің ІҮ-ші мәжілісінде ешбір бүкпесіз айтқан болатын. Бұл мәселеде ол партия мен мемлекеттегі билікті сол кездің өзінде өз қолына шоғырландыра бастаған И.Сталинге қарсы келе беретін. Екеуінің арасындағы алғашқы ашық қақтығыс жоғарыда айтылған ұлт республикалары қызметкерлерінің ІҮ-ші мәжілісінде орын алды. Осы мәжілісте Сталин Тұрарды «татар ұлтшылы» Сұлтанғалиевпен пікірлессің, өзің де Сұлтанғалиев сияқты партия жолынан ауытқып жүрсің деп айыптағанда, ол олардан үзілді-кесілді бас тартып, «... Сталин жолдастың мәлімдемесі дұрыс емес. Сталин қателесіп отыр», - деп батылдықпен тұра жауап берген. Озіне осындай ашық түрде қарсы келуді күтпеген Сталин Тұрарға деген кешірмейтін кегін оны қайтарудың уақыты жеткенше ішінде сақтап қалған ...

Тұрар Рысқұлов сияқты беделді де қайсар қайраткерді КСРО шығысындағы ірі автономия – Түркістан АКСР-іне басшы етіп ұстау империялық саясат жүргізіп отырған орталық үшін күн өткен сайын қауіпті бола бастады. Әсіресе 1924 жылдың соңына қарай жүзеге асырылуы белгіленген Орта Азияны ұлттық-территориялық

тұрғыдан межелеуден оны шеттету орталыққа аса қажет болды. 1924 жылы 14-ші сәуірде РКП(б) саяси бюросының ұсынысымен Т.Рысқұлов Коминтерннің атқару комитетінің орталық-шығыс бөліміне жұмысқа алынды да сол жылғы жазда Коминтерннің Монғолиядағы өкілі етін жіберілді. Одан елге қайта оралған Тұрар 1926 жылғы көктемде бірнеше ай ғана Қазақстанға келіп «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егеменді Қазақстан») газетінің жауапты редакторы қызметін атқарды.

1926 жылғы мамыр айында Тұрар Рысқұлов РСФСР Халық Комиссарлар Советі төрағасының орынбасары болып тағайындалып, осы бір жауапты қызметті табаны күректей 11 жыл (1937 жылғы 15 мамырға дейін) абыроймен атқарады.

Осы қызметпен қатар Т.Рысқұлов КСРО Халық Комиссарлар Советі жанындағы мақта жөніндегі тұрақты мәжілістің, Түрксиб темір жолы құрылысына жәрдем беру комитетінің төрағалығына, коммунальдық шаруашылығы бас басқармасының жетекшілігіне, Россиялық экономикалық кеңестің бірнеше комитеттерінің төрағалығына тағайындалды.

Жер шарындағы осы ірі елдің сан қилы мемлекеттік шаруашылық және мәдени құрылысына тікелей байланысты мәселелерін шешу барысында Т.Рысқұлов аса ірі мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілді және Кеңес Одағының қоғамдық-саяси және экономикалық өмірін жете зерттеді.

Тарихшылардың есебі бойынша Т.Рысқұлов тек қана 1931-1937 жылдары Россияның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірінің әртүрлі мәселелеріне байланысты РСФСР Халық Комиссарлар Комитетінің 2070 қаулысына қол қойыпты.

Түрекең жалпыроссиялық, бүкілодақтық мәселелерді шеше жүріп туған Қазақстанның, қайраткер ретінде қанатын бекіткен аяулы Түркістанын бір күнде ойдан шығарған емес. Ол Қазақстан мен Орта Азияның экономикасы мен мәдениетін дамытуға зор үлес қосты, Түрксибтің белгіленген мерзімнен әлдеқайда ерте аяқталып, іске қосылуын қамтамасыз етуде үлкен қажыр-қайрат көрсетті. Ол сталиндік-сталиншілік «Кіші октябрь» бағытын жүзеге асыру нәтижесінде жаппай ашаршылыққа ұшыраған өз халқына ара түсіп шырылдады, Сталинге хаттар жазды «ұлы көсеммен» сөзге келіп, айтысқа түсті, оның диктаторлық ел билеу тәртібіне қарсы шықты. Нәтижесінде 1937-1938 жылдарда бүкіл ел көлемінде орын алған үлкен террордың құрбаны болып кете барды.

Ол 1937 жылғы 15 мамырда (кейбір мәліметтер бойынша 21 мамырда) Кисловодскіде демалып жатқан жерінде тұтқындалып, Москваға жедел жеткізілді де Ішкі істер халық комиссариатының тергеушілері капитан Глебов пен кіші лейтенант Лейманның алдынан бір-ақ шықты.

Тергеушілер Тұрар Рысқұловқа 1919-шы жылдың өзінде алдына Түркістанды Кеңес Одағынан бөліп әкетуді көздеген және оның территориясында буржуазиялық мемлекет құруды мақсат еткен антикеңестік «Иттияхат-ва-тарраки» ұйымына қосылған, контрреволюцияшыл бухариншыл – рывковшыл орталықпен байланысқан деген, т.с.с. жалған айыптар тақты. Содан кейін оның «ісі» сотқа берілді. НКВД-нің белгілі жендеті Ульрихтың төрағалығымен 1938 жылғы 8 ақпанда өткен сот үкімімен Тұрар Рысқұлов ату жазасына кесілді. Бұл әділетсіз үкім екі күннен кейін – 10-шы ақпан күні орындалды.

Халқымыздың біртуар ұлы, аса көрнекті мемлекет қайраткері, ірі саясаткер, ғалым, көсемсөз шебері Тұрар Рысқұловтың өмір жолы осындай қасіретпен аяқталды.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала белгілі қоғам, мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың саяси көзқарастарына арналған. Т.Рысқұловтың еңбек жолдарын қамти отырып, 1920-1930 жылдардағы атқарған мемлекеттік, қоғамдық қызметтері туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются политические взгляды общественного и государственного деятеля Т.Рыскулова в 20-30 годы 20 столетия.

ОБ ОБЪЕКТИВНЫХ УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ РЫНОЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Ташенев М.Ж.(г.Алматы, КазНУ им. Аль-Фараби)

В настоящее время особую значимость в экономике Республики Казахстан приобрели вопросы углубления и дальнейшего развития рыночных отношений, а также признание обществом необходимости решения вопросов, касающихся принципов социальной справедливости. Сейчас, оглядываясь в не столь далекое прошлое, приходится констатировать, что, добившись независимости и суверенности, наше молодое государство оказалось тогда в тяжелом экономическом положении, впрочем, как и все республики бывшего СССР. Но долгосрочная комплексная Программа развития до 2030 года положила начало перехода общества на совсем иные экономико-политические рельсы и, следует отметить, что принципиальную роль в создании этой Программы сыграл первый Президент РК.

Перевод проблемы "социального прогресса", которым административно-командная система пыталась провести общество на новый, более высокий уровень, кончился провалом. С большим трудом, ибо это предполагало выработку концепции будущего, требовавшей иных критериев, непривычных подходов, а главное, роли и способов продвижения вперед, наше государство начало делать первые шаги по переходу экономики на рыночные рельсы. Пришлось признать, что капитализм эпохи НТР ("энтээрковский капитализм") оказался способным утилизировать целый ряд возможностей социального прогресса, которые исторически возникли в ходе составительного процесса двух основных моделей экономики.

Тем самым капитализм колоссально раздвинул свое историческое основание. "Лестница", ведущая вверх к капитализму, стала неизмеримо шире. Историческая миссия социализма полностью исчерпана была социализацией всех средств производства – отрицанием: частной собственности и созданием собственности социалистической. Но вопреки предсказаниям, этот строй не стал ступенью и дорогой к обещанному "полному коммунизму": об этом убедительно свидетельствовала безуспешность тогдашних попыток совершенствования социализма на собственной основе, т.е. на базе господства социалистической собственности. Поэтому единственно справедливым и исторически наступившим способом разрешения назревшей необходимости ликвидации так называемой "социалистической собственности" стала ее всеобщая, полная и бесплатная индивидуализация по принципу равного права каждого гражданина на одинаковую долю от всей десоциализируемой собственности. Преобразование собственности "всех вместе" в частную собственность каждого в отдельности ознаменовало собой переход к исторически проверенному пути развития, пути, по которому идет все цивилизованное человечество. Полное отделение государства от узурпированной "социалистической" собственности явилось необходимым условием для создания свободных собственников и свободного рынка, настоящих экономических и правовых отношений. Надо сказать, что наблюдавшееся в ряде стран соединение в одних руках политической власти и частной собственности, и в целом политизированности отношений собственности являлось и является типологически характерной чертой феодальной стадии развития, когда до появления свободной собственности, свободного рынка и т.д. еще очень далеко. При этом следует сказать, что не демократия порождает частную собственность, а частная собственность, развивавшаяся до всеобщего условия жизни большинства населения, приводит к демократии.

Как мы уже подчеркнули, развал бывшего СССР и создание СНГ поставили перед молодыми независимыми государствами глубокие экономические и политические проблемы. Разрыв производственных отношений, приведший к прекращению взаимных поставок готовой продукции и полуфабрикатов, необязательность выполнения своих экономических и производственных обязательств, переход на бартерные принципы взаиморасчетов между предприятиями - вот далеко не

полный список новых взаимоотношений, которые в большинстве случаев приводили к уменьшению выпуска продукции, а то и вовсе к приостановке деятельности целых производственных комплексов, цехов и участков. Результатом всего этого стал глубокий комплексный кризис, в первую очередь, ударивший по занятости трудоспособного населения, поскольку в республике не было частных капиталов, которые наряду с государственным сектором экономики были способны обеспечить работой основную его (населения) массу. Так, например, общее число безработных в Казахстане в 1992 г. составляло 33681 человек, в 1993 г. – 40514, а в 1994 г. - достигла 70078 специалистов [1/, 57].

Соответственно общей депрессии, в производстве промышленной продукции и сфере услуг наступил резкий разрыв между потенциальными возможностями различных отраслей индустрии и объемом производимой продукции. Например, по отношению к 1985 году (100%) общий объем продукции промышленности составлял в 1992 г. – 99,1%, в 1993 г. – 84,3%, а в 1994 г. равнялся 60,6% [1 /, 180].

Кризис начала девяностых годов в значительной степени коснулся также и сельского хозяйства. Например, валовой сбор зерна в республике составлял в 1990 году 28488 тыс. тонн, в дальнейшем (если брать 1992, 1993, 1994 гг.) этот показатель составил соответственно 29 772 тыс. тонн, 21 631, и 16 454 тыс. тонн [1 С.212/.] Кризис сельского хозяйства Казахстана отразил те проблемы, которые также возникли в результате общих социально-экономических недугов стран бывшего СССР, хотя и в меньшей степени благодаря тому, что в республике была сосредоточена огромная площадь для ведения зернового хозяйства.

Неблагополучная ситуация в рассматриваемые годы сложилась и в животноводстве республики. Так, если в 1986 году поголовье овец и коз составляло 35485 тыс. голов, то в дальнейшие годы оно понизилось, составив в 1995 г. 25132,1 тыс. голов [1/, 218]. Такая ситуация не в последнюю очередь была связана с тяжелым материальным положением в сфере животноводства в республике и казахский аул переживал при этом кризис. Шло разрушение базисных основ сельского хозяйства: снижение плодородия почвы, технической оснащенности крестьянских хозяйств, социально-экономическая депрофессионализация сельского населения. Системный кризис, охвативший народное хозяйство республики в начале 90-х годов, явственно показал, что симптомом и, одновременно, ферментом углубления противоречий являлся резкий, если можно так выразиться, переход (рывок) от умершей командно-административной системы к основам рыночных отношений. Перед руководством республики со всей глубиной встал вопрос: что же делать? Ответ, видимо, был один: необходимо, несмотря на усиление и нарастание напряженности в обществе, твердо и последовательно переходить к основным методам экономической политики, которые успешно реализовываются в развитых государствах Запада и Востока. Возникла ситуация, при которой самым первым шагом должна была быть свобода собственников и свобода рынка. Полное отделение государства от узурпированной социалистической собственности явилось бы основой настоящих экономических и правовых отношений и формирования на такой основе правового государства.

Следует сказать, что свободы рынка в чистом виде нет нигде; правительства всегда устанавливают для экономических отношений - и внутри страны, и между странами – определенные рамки. При этом полностью "свободный рынок" в средних по зажиточности странах означал бы не только отказ от правительств, которые устанавливают границы экономических прав, главным образом, в соответствии с частными и групповыми интересами – но также отказ от возможности сделать основные права человека определяющим фактором в установлении и изменении любых экономических отношений.

В ходе проведения в Республике Казахстан экономических реформ стало совершенно ясно, что именно появление рыночных, частнопредпринимательских форм хозяйства и политика "хирургии без наркоза" могут и должны стать основным способом решения главных проблем народного хозяйства. И здесь опыт показал, что выбор способа осуществления приватизации чрезвычайно важен для ее конечного

результата. Ключевыми факторами являлись прозрачность процесса, создание широкого круга собственников и реализация соответствующей реформы в области регулирования. Поэтому новая экономика, шедшая на смену социалистической, была не просто иная (рыночная вместо централизованно-плановой), но и более сложной по сравнению с социализмом системой, способной воспринять новую структуру собственности с ее высоким энергетическим потенциалом. Частное предпринимательство как саморазвивающийся социальный институт и экономический уклад, как классический пример частнохозяйственной инициативы были представлены в начале реформ, в первую очередь, малым и средним предпринимательством. Однако оно сталкивалось в начале этого процесса с серьезными трудностями, среди которых надо, прежде всего, назвать незавершенность тогдашней правовой базы, агрессивный налоговый климат, отсутствие первоначального капитала и оборотных средств, банковских кредитов и т.д. Однако рост числа малых и средних предприятий в Казахстане продолжал идти, и в качестве одного из примеров можно взять начало девяностых годов, когда основные показатели существования их (предприятий) выглядели следующим образом: в 1992, 1993, и 1994 годах число малых предприятий составляло соответственно 12,7 тыс., 16,1 тыс. и 12,2 тыс. Кроме того, численность занятых на этих индустриальных объектах колебалась от 220,2 тыс. в 1992 г. до 148,8 тыс. в 1994 г. [1/, 168]. Выручка от реализации продукции (работ, услуг) составляла (в млн. тенге) в 1992, 1993, 1994 годах соответственно 67 576,8; 1 124,3 и 11 049,1 [1/, 168].

В ходе ускорения процесса приватизации и ее положительных итогов Казахстан занял ведущие позиции не только в центрально-азиатском регионе, но и среди других республик бывшего СССР. Хотя количество приватизированных предприятий в РК в конце 90-х годов и колебалось, составив 2318 объектов (1999 г.), в 2000 году – 1852, а в 2001 году оно равнялось 2205 единицам, оно не умалило положительных тенденций в экономике РК. При этом поступление денежных средств от приватизации государственного имущества достигло в 1999, 2000 и 2001 годах соответственно 36631,9 млн. тенге, 22048,0 млн. и 16583,1 млн. тенге [2/, 217-218].

Успешные результаты приватизации привели к тому, что в 2005 году 85 процентов объема промышленной продукции в республике были произведены частным сектором, где трудилось свыше 60 процентов занятого населения. Развивается малый и средний бизнес. Формируется средний класс, без которого процесс модернизации попросту невозможен. Поэтому одним из главных вопросов является обеспечение необратимого и стабильного развития среднего класса, который обладал бы собственностью и осознавал свои конструктивные социальные интересы [3/]. Перевод этих проблем на новый, более высокий социальный уровень дался нашему обществу непросто, ибо предполагал выработку концепции будущего, требующей иных критериев, а главное роли и способов продвижения вперед. Одним из факторов реализации рыночных отношений, как мы уже отмечали, является существование и ускоренное развитие малого и среднего бизнеса.

Проследим это на конкретном примере. По данным статистики, в пределах последних пяти лет, количество малых предприятий в народном хозяйстве республики выражалось в следующих показателях: если в 2000 году их было 45124 объекта, то уже в 2003 г. – 68708. За этот же период объем продукции (товаров, услуг) составлял соответственно в млн. тенге: 578463,5 и 1278357,9 [4/, 219, 221]. Все эти положительные показатели экономических реформ в республике свидетельствуют об окончательном и бесповоротном решении таких фундаментальных вопросов, как укрепление института частной собственности и гарантий контрактных отношений в Казахстане, которые являются ключом к ускорению всесторонней модернизации Казахстана [5/]. Кроме того, в перспективе в развитие упомянутых процессов, Президент Республики Казахстан в своем Послании народу Казахстана, касаясь малого и среднего бизнеса, подчеркнул, что Фонд развития малого предпринимательства должен стать своего рода "финансовым супермаркетом". На эти цели в 2005 году из республиканского бюджета было выделено дополнительно 10 миллиардов тенге, а

возможности кредитования субъектов малого бизнеса возросли до 25 миллиардов тенге [6/, 15].

В заключение отметим, что именно общественное согласие и политическая стабильность в республике, предполагавшие создание механизма социального партнерства, согласование экономических и политических интересов различных слоев населения, обеспечили понимание и активное отношение к стратегии и разработанному на ее основе экономическому курсу реформ в Казахстане.

ЛИТЕРАТУРА

1. Статистический ежегодник Казахстана за 1994 г. - А., 1995.
2. Статистический ежегодник Казахстана за 2003 г. - А., 2003. - С. 217-218.
3. Казахстанская правда. 2005. 2 сентября.
4. Статистический ежегодник Казахстана за 2004 г. - А., 2004. - С. 219, 221.
5. Казахстанская правда. 2005. 2 сентября.
6. Послание Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. - Астана, 2005. - С.15.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе большого фактического материала показаны характер и меры по реализации программы развития в Казахстане рыночных отношений, раскрываются условия для возникновения института частной собственности, отчетов малого и среднего бизнеса, законодательной базы для стабильного развития среднего класса. Рассмотрены также основные отличительные признаки и пути поощрения рыночных перспектив казахстанской экономики.

ТҮЙІНДЕМЕ

Үсынылып отырған мақалада көптеген материалдардың негізінде Қазақстандағы нарықтық қатынастардың даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралардың сипаты көрсетілген. Жеке меншік институтының, шағын және орта кәсіпкерліктің, орта топтың тұрақты дамуы үшін заңнамалық негіздің пайда болу жағдайларының мәні ашылып көрсетілген. Сондай-ақ Қазақстандық экономиканың нарықтық жоспарларының негізгі ерекше белгілері мен ынталандыру жолдары қарастырылған.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН КЕҢЕСТІК ҚАЙТА ҚҰРУҒА КӨЗҚАРАСТАРЫ

Тленова Т.Т. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

XX ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысы Қазақстанда дамудың өзіндік жолдары іздестірілген кезең болды. Бұл Қазан төңкерісінің нәтижесінде жаңа қоғам құрылып, әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістерге байланысты туындаған қажеттілік еді. Осыған сәйкес, мемлекет қайраткерлері арасында алға дамудың түрлі жолдары жөнінде түрлі пікірлер қалыптасты. Әсіресе Қазақстанға бірінші басшы болып Ф.И. Голощекин келгеннен кейін қоғамды социалистік жолға біржолата түсіру жолға қойылды. Мұндай, таптық партиялық принципке негізделген Кеңестік үкіметтің құрып отырған социалистік қоғамының қазақ халқына берерінен залалының көп боларын зерделеген қазақ зиялылары осы үкіметтің қоғамдық қайта құруларды қазақ халқының мүддесіне сай жүргізу үшін көптеген батыл қимылдар жүргізді. Олар Қазақстанның экономикасын, мәдениетін шын мәнінде жоғары деңгейге көтеру үшін, қоғамдық қайта құруларды қазақ халқына қолайлы жолдармен іске асыруға ұмтылды.

1925ж. Ф.И.Голощекин Қазақстанға бірінші басшы болып келгеннен кейін Қазақстанда Кеңес өкіметі болмаған, коммунистік партия ұйымы мұнда жоқ деген

қорытынды жасап, бұл “мәселені” шешуді өз қолына алады. Ол, қоғамды қайта құру үшін әлеуметтік-экономикалық, мәдени және билік саласында реформалар жүргізуді жолға қояды. 1927 жылы “Казахстан на Октябрьском смотре” және “10 лет Советской власти” деген кітаптарын шығарып, онда “қазақ ауылы Октябрь лебін сезген емес” деген тұжырымға келіп, “ауылда тап тартысы байқалмайды, кедейлер комитеті де, кулактардың мал – мүлкін ортаға салу болған емес, тіпті ауылда коммунистер атымен жоқ /1/”, – дегенді айтады. Қазақстан өлкелік комитетінің екінші хатшысы І.Құрамысов Голощекинді қостап, өзінің “Национальная политика партий в Казахстане” (Алматы, 1932) атты “еңбегінде”, “Қазан дауылы қазақ ауылын сәл ғана желпіп өтті /2/”, – деп көрсеткен. Сонымен қатар Голощекиннің пиғылы О.Жандосовтың, О.Исаев, А.Мусин сияқты қайраткерлердің қолдауына ие болды. Мәселен, Мусин: “Қазақстан үстімен, қан төгусіз, Октябрьмен жүріп өту керек, – деп Голощекиннің пікірін қайталады /3/.

Сонымен Ф.И. Голощекин енді жаңа қоғам құру үшін ауылда “Кіші Қазан” өткізу қажет, ол үшін шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу арқылы адамдарды әлеуметтік жағынан теңестіру керек деп шешеді. Голощекиннің мұндай жаңсақ саясатына республиканың саяси және шаруашылық салаларын басқарып отырған саналы азаматтар наразылық білдіре бастаған. Ф.Голощекиннің “Кіші Қазан” идеясына басты қарсы шығушы Бюро мүшелігіне кандидат, Оқу ағарту Халкомы, “Еңбекші Қазақ” газетінің редакторы С.Сәдуақасов: “Меніңше қазақ ауылы үстімен дауылдатып өтпей-ақ тап ісін жүргізуге болады. Егер коммунистік партия билікті алғанша мемлекетті қиратуға ұмтылса, енді билікті алған соң оны қалпына келтіруге ұмтылмақ. Қазақ шаруашылығын күйретін біз өз саясатымызды жүргізе алмаймыз /4/”, – деп социалистік жолдың болмай қоймайтын бұл әрекетін неғұрлым бейбіт, зияны аз жолмен жүргізуді қолдады. Мұнымен қатар, Голощекин мен оны жақтаушыларды сынға ала отырып, егіншілік халкомы Ө.Әлібеков: “Жандосовтың ұсынысы бойынша біз ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі төмендемейтіндей және оған нұқсан келмейтіндей етін “азамат соғысын” ашып, ауыл үстімен жүріп өтуіміз керек. Ал егер бұл шараны іске асыру – ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің төмендеуіне соқтырмай қоймайды”/5/ – деп өз көзқарастарын білдірді. Бұған қарамастан Қазақстан өкіметі 1926 жылдың 20-мамырында “Жерге орналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша қайта бөлу туралы” заң қабылдады. Шабындық және егістік жерлерді бөлу жұмысының өзі 1926 жылы маусым және шілде айларында Қазақстанның көптеген уездерінде қолға алынды. Бұл реформаны қорыта келе Голощекин IV Бүкілқазақтық партконференцияда: “Біз маңызын әлі өзіміз де ұға қоймаған орасан зор науқанды өткердік – бұл жайылымдық және егістік жерлерді қайта бөлу. Жайылымдық жерлерді қайта бөлу дегеніміз не? Бұл дегенің Кіші Қазан болып табылады. Бұл II-ші пленумда Сәдуақасов қарсы айқай көтерген нәрсе, бұл Кіші Қазанның дәл өзі. Біз шын мәнінде, іс жүзінде жерге мүдделілік негізінде кедейді байдың жерін тартып алуына көмектесе келе, кедейді баймен қақтығыстырдық. Бұл ауылдағы тап күресінің нақ өзі. Мұндайда біз қол жеткізген табысты тым төмендетіп көрсету қиын болар, бұл жерде біз ауылдағы барлық негізгі шаруалар бұқарасын қолға алдық және оны өз соңымыздан ертіп кеттік /6/” – деп мақтанған болатын. Шын мәнінде жағдай басқаша еді. Кедейдің өзіне бөлінген жайылымға жаятын малы да, бөлінген егістік жерді өңдейтін күш-көлігі де шамалы болғандықтан, уәкілдер ауылдан кетісімен-ақ, көптеген жерлер, жайылымдар бұрынғы ауылдық-рулық меншік аясына қайтарылып, бұрынғысынша ағайын арасында пайдаланыла берді. Жалпы алғанда бұл реформа аяқталмаған әлсіз, қоғамға өзгеріс әкеле алмағын шаралардың бірі ғана болып қалды. Өзінің Қазақстанда “Кіші қазан өткізу” идеясын жүзеге асырғанмен, оның мардымды нәтиже бермегенін, яғни шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу реформасының сәтсіз аяқталғанын мойындай келе Голощекин: – “Енді алда олар не істер екен деп? Олардың мұрты да қисаймағандай. Бұл жерде бір кілтипан бар, жолдастар. Әрине, біздің жерді алып қойғанымыз жақсы: бірақ, сірә, біз бәрін де толық байқай қоймаған тәріздіміз. Бай үшін тағы бір тұйықтан шығар жол бар: міне, осы жолды, жолдастар, біздер тауып олардың алдын алуға тиіспіз /7/, – деген болатын. Яғни

ол ірі мал иелерінен жерді де, малды да тартып алмай кедейді өз жақтарына шығара алмасын түсіпген ол, 1928 жылы “Кіші Қазанның” екінші сатысы деп айтуға болатын ірі мал иелерін тәркелеуді күн тәртібіне қойды. Ал бұл дәстүрлі шаруашылықты бүтіндей қирату бағыты болатын.

1926 – 1927 жылы яғни байларды тап ретінде жою шарасына көшу қарсаңында мәселені революциялық зорлау әдісімен шешуді жақтаушылар қазақ коммунистері арасында да біразға жетіп қалған еді. Мәселен, 1926 жылы Өлкелік партия комитетінің III-пленумында О.Жандосов: “...кедейлерге жерді бөлін берумен мәселе шешілді деу қате. Бұл жерді кедейлер толығымен шаруашылықтық тұрғыдан шешулері үшін қазақ ауылының ең басты шынжыр балақ, шұбар төс езуші тобының құрал саймандарын, дүние-мүліктерін тартып алу, экспроприациялау қажет .../8/”, – деген еді. Оның түсінігі бойынша бұл шара қазақ қоғамын байлардың зорлығынан ғана емес, сондай-ақ феодалдық рулық қатынастардың қалдығынан да құтқару үшін керек еді.

1926 – 1927 жылдары байлар меншігін тәркілеуде бейбіт әдістерді кеңірек қолдануды жақтаушылардың қатары да біраз еді. Мәселен, 1926 жылы қарашадағы өлкелік партия комитетінің пленумында “Ауылда Советтерді құру” деген тақырыпқа баяндама жасаған ХКК-нің төрағасы Н.Нұрмақов былай деп көрсетті: “...Біреулер ойлайды: ауылда қалыптасқан бұл тығырықтан шығатын жол жоқ, егер болса ол бірсу-ақ, яғни қазақ кедейін экономикалық тәуелділіктен құтқару үшін бай шаруашылығын экспроприациялау керек. Менің пікірімше, Қазақстандағы Совет билігінің тоғыз жылдық өмірінен кейін, қолымызда пролетарлық мемлекеттің барлық билігін ұстай отырып, біздің ауылдағы байға партия Қазан революциясынан кейінгі алғашқы күндері қолданған әдістерден басқа да әдістермен ықпал ете аларлық күшіміз бар”, – дей келе, ол өзіндік жолды ұсынады. Яғни ол: “...өлкелік комитеттің II пленумы байға салық саясаты арқылы ықпал етуді ұсынды. Биылғы жылы біз бұл әдісті қолданып байқамақпыз. Шамамен, кедей қожалықтарының 30-дан 40-қа дейін, ал қайсы бір аудандарда 60 процентке дейін салықтан босатылады, сөйтіп ауыл шаруашылық салығының бар салмағы ауылдың ауқатты бөлігіне түседі. Менің пікірімше, біз алда да байларға салық салу жүйесін күшейту, оның есесіне кедейлерді мүмкіндігінше одан босату, орташалардың төлейтін үлесін жеңілдете түсу бағытын ұстануға міндеттіміз. Бұдан басқа, жергілікті бюджеттерде қазақ кедейлеріне көмек беретін мәдени-шаруашылық қорларын ұйымдастыру үшін ірі бай шаруашылықтарына ерекше салық салу көзделініп отыр. ...Салық саясаты арқылы ықпал етуден басқа да біздің мүмкіншіліктеріміз жеткілікті. Ауыл шаруашылық кредитін алыңыз, кооперацияны алыңыз. Ауыл шаруашылық кредитін дұрыс пайдалана отырып, біз кедей шаруашылығын тезірек көтеруге жағдай жасай аламыз деп ойлаймын”, – деген болатын [3/, 59,60].

Ф.И. Голощекин мен оның серіктері ойлағандай мұндай “оңшыл” бағытты ұстағандардың бірі сол кезеңдегі егіншілік халкомы Ә.Әлібеков те осыған ұқсас пікірді айтты: “Біз кедейлерге кредитпен, ауыл шаруашылық өндіріс құралдарымен және мектеп құрылысымен көмек беруде шарасыздық танытып отырмыз, – деді ол. – Ал мұндай жағдайда кедейдің байларсыз да өз бетінше өмір сүре алатындығына көзі жетпей отыр... Жандосов ауылда кедей байды соншалық қатты жек көреді дейді, ол бекер, егер солай болса совет ұйымдарын құру мұндай қиындыққа түспес еді /9/”. Өмір шындығын ашып көрсеткен осындай пікірлермен санаспак түгілі Қазақстан басшылығы оларға осыра қарады.

Қазақ байларын тәркілеу туралы декрет 1928 жылы тамыздың 27-сінде қабылданды. Бұл науқанның күн тәртібіне қойылуына қазақ зиялылары қарсы болды. Осыған байланысты 1928 жылы Мәскеуде отырған ұлықтар алдында ертеден беделі бар Ә.Бөкейхановқа Қазақстандағы асыра сілтеушілікті бөгейтіндей ықпал жасауын өтінген. Ал, Ә.Ермековтың пікірін жазған хатынан көруге болады. Ол онда: “...Мал мүлікті тәркілеу теріс іс деп білдім. Бүгін байлардың малын сыпырып алсақ, ертен мұның теріс әсері күллі қазақ еліне тиеді. Бірте-бірте малды адамдардың бәрі де қара тізімге ілігеді. Сонан кейін малдарының арасында күн көріп отырған егіншілік кәсібі жоқ көшпелі халық ашаршылыққа душар болады, азып – тозады, бет – бетімен ыдырап

кетеді /10/,” – деген пікірді айтқанымен де, бәрібір бұндай саясат өз жалғасын тапқан болатын. Шаруаларды ұжымдастыруда олардың еріктілігі сақталмады. Жалған белсенділер әкімшілік әдістерімен ғажайып шеберлік көрсетті. Қазақ Өлкелік партия комитетінің II-ші хатшысы О.Исаев VI-шы пленумдағы баяндамасында келтірген Торғай төрелерінің: “Асыра сілтеу болмасын аша тұяқ қалмасын!” деген ұранын жалған белсенділер оны қағып әкетіп саяси ұранға айналдырып жіберді.

1927 жылы 19 желтоқсанда БК(б)П ХҮ-ші съезінде ұжымдастыру мәселесі бекітіліп, бүкіл Кеңестер Одағында жаппай ұжымдастыру үрдісі басталған кезде-ақ көшпелі және жартылай көшпелі шаруалар қожалықтарын жаппай отырықшыландыру қажеттігі айтыла бастаған болатын. Жаңадан ұйымдастырылатын ірі ұжымшарлар көшпелі және жартылай көшпелі бола алмайтын еді. Осылайша Қазақстандағы шаруаларды жаппай ұжымдастыру саясаты көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру түрінде болды. Қазақ Өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылы 6 қарашада “Қазақ халқын отырықшыландыру туралы”, онан соң 1930 жылы 19 қаңтарда “Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру туралы” қаулыларын қабылдады. Ғасырлар бойы көшіп үйренген қазақты жерге зорлықпен жылдамдата қоныстандыруға күш салды. Профессор С.П.Швецов: “Қазақстандағы көшпелі тұрмысты жойып жіберу тек далалық мал шаруашылығын және қазақтар қожалықтарын күйретіп жіберу ғана болып қоймай, сондай-ақ сусыз даланы адамсыз шөл далаға айналдырады /11/” – деп қазақ халқы үшін көшпелі тұрмыстың өмірлік маңызын көрсетіп береді. Алайда ғалымның мұндай дәлелді пікіріне басшылық өкілдері назарын да салмады. Голощекин Өлкелік комитетінің V-пленумында баяндама жасап, көшпеліліктің отырықшылыққа айналдыру ісін жедел түрде жүзеге асыруды талап етті. Партия органдары алғашқы күннен бастап-ақ отырықшыландыру ісіне таптық сипат беруге күш салды. Ал, Голощекиннің сыбайласы екінші басшысы І.Құрамысов: “Астықты шаруашылықтарды ұжымдастыру әзделген күрделі, әрі қиындау екендігі әбден мүмкін болмай отырып, бұл салада да қиындау қарқынын “бәсеңдетуге келіспей” деген пікірін білдірді. Ф.И. Голощекиннің көптеген пікірін қолдаушы О.Жандосов қазақ ауылын отырықшыландыру мәселесін жылдам, әрі тез шешуге болмайтындығын түсініп, орыс деревнясындағы жұмыс істерінің қазақ ауылына жарамсыз екенін дұрыс көрсете білді. Сондықтан да ол Қазақстанның ішінде әр аудандарының табиғи-экономикалық жағдайын есепке алуды талап етті [12/, 87]. Осыдан, О.Жандосовтың Ф.И.Голощекиннің қостаушысы ғана емес, бұл жолда халық мүддесін көздеген өзіндік көзқарас ұстана білгенін көруге болады. Әрине, О.Жандосов социалистік қоғамның қазақ халқын теңдік пен жетістіктерге жеткізетініне нық сене отырып, осы жолда аян бай еңбек еткен қайраткер еді. Орыс еңбекшілерімен бірлесе отырып халықты еркіндік пен теңдікке жеткізуге үміттенгендіктен ұлт мүддесі үшін күрескен зиялы қауыммен қақтығыстарға барып отырған.

Жалпы қазақ басшылары жаппай отырықшыландыруға едеуір сақтықпен қарады. Олардың бірі құрылысты барлық кеңшарларда жүргізу мүмкін еместігін айтса, ал екіншісі отырықшыландыру үшін 3 – 4 алқапты ғана таңдап алуды ұсынды, ал үшіншісі алғашқы жылы қазақтарға үлгі боларлық поселкелерде ғана салуды жөн санады. Тіптен осы мәселеден негізінен Ф.Голощекинмен пікірлес болған О.Исаевтың өзі де отырықшыландыруды “кең майданда” жүргізуді ұсына тұрса да отырықшыландыратын аудандардағы қожалықтарының жалпы санының алғашқы жылы 25–30 мыңнан аспағанын қалады. ОГПУ-ге берген жауабында М.Тынышбаев былай деген: “Біздер ұйым мүшелері мен, Ермеков және Досмұхамедов үшеуіміз өзара пікір алыстық. Алайда ұжымшарларды ұйымдастыру науқанына тосқауыл қоя алмайтын болғандықтан, қазақ ауылдарындағы ұжымшарларды шағындап қана рулық жүйемен құру керек деген тұжырымға келдік. Мұның басты себебі қазақ қоғамындағы рулық құрылым әлі де күшті сақталып қалғандықтан да бар мүлікті жеке меншік иелерінің қолында сақтай отырып, шағын, жарым-жартылай ортақтастырылған шаруашылықтарды ұйымдастыру қазақ үшін қолайлы деп есептедік. Біз кедейлердің басы бірікпейді, олар өздеріне рулас байлардың ықпалынан шыққысы келмейді,

өйткені рулық туыскандық сезімі әлі де қазақ арасында күшті деп есептедік /13/” – деген болатын. Әрине, мұндай тергеу орындарының материалдарын сараптамай, сол күйінде қабылдауға болмайтыны белгілі. Дегенмен де, бұл сол кездегі қазақ қоғамына сай тиімді жолдардың бірі болған деуге болатын еді. Сондықтан да Голощекиншілдер ондай рулық-ұжымшарларға қарсы белсенді күрестер жүргізді. Мысалға алатын болсақ, бұл жөнінде республикалық отырықшыландыру комитетінің төрағасы болған Ұ.Құлымбетов 1931 жылы: “отырықшыланып жатқан қазақ ұжымшарларының таптық тазалығы үшін күрестің жеткіліксіздігі осы ұжымшарларда өздерінің қаскүнемдік білдіру әрекеттерін жүргізетін байлардың және тағы басқа кеңес өкіметіне жау элементтердің жекелеген ұжымшарларға еніп кетуіне алып келді. Отырықшыланатын ұжымшарларды ұйымдастыру, оларды жерге орластыру көп жағдайда рулық белгілер бойынша жүргізілді және мұндай ұжымшарлардағы байлардың-кулактардың үгіті отырықшыландыру нүктелерін анықтауға бригадалар ұйымдастыруды бүркемелеп ұжымшарларды бөлшектеу бағытында көрінді. Мұндай, шын мәнінде рубасылары өкілдері және бай басқарды /14/” – деген болатын.

Осылайша, XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қазақ ұлттық мемлекетін құру жолындағы күресіне қарамай, большевиктер күшпен Қазақстанда Кеңес Үкіметін орнатса, XX ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысы жана қоғамды құруды тағы да күштеу арқылы жүргізіп, ұлт мүддесін көздеген зиялы қауымның өзін де қудалауға ұшыратты. Қазақ қоғамын кенестік жүйе негізінде құруда дәстүрлі қазақ шаруашылығын күйзеліске ұпыратпайтын бейбіт жолдармен жүргізуді ұсынған С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақов, Ә.Әлібековтар, М.Тынышбаев т. б-лардың мұндай пікірлерін Голощекин, О.Жандосов, О.Исаев, А.Мусин сияқты қайраткерлер қаралап, сондарына түседі. Ұлты еврей Ф.Голощекин таптық жүйеге негізделген социалистік қоғам орнатуды күштеу жолымен жүзеге асыруды қолдамай және оған балама жолдар іздестіргендерді “оңшыл оппортунистер” десе, ал қазақ қайраткерлері ондайларды ашықтан-ашық “ұлтшылдар” деп айыптады /15/. Орталыққа сүйенген Голощекин бастаған топ таптық күрес идеясымен ауқаттыларды кедейлердің жауына айналдырып, оларды тап ретінде жою идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алған еді. Ал С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақов, Ә.Әлібеков сынды ұлтымыздың, еліміздің қамын жеген екінші топқа “ат қойып айдар тағып” біртіндеп биліктен ығыстырды. Бұлардың пікірлерінің дұрыстығын, қоғамдағы өзгерістерді ауыр зардаптарға соқтырмайтын тиімді жолдармен жүргізуге болатындығы туралы саликалы ой айтқандарын, ал Голощекин бастаған топтың пікірлерінің қате, ұлттың, халықтың мүддесін қоздомей жалаң ұранмен жүргізгенін бүгінгі зерттеулер дәлелдеп отыр. Қандай қоғам болмасын халықтың, ұлттың мүддесін қорғаған азаматтардың еңбегі қашанда ел арасында еленіп, өзінің әділ бағасын табатыны ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Голощекин Ф.И. Партийное строительство в Казахстане. Сборник речей и статей. - Алма-Ата, 1930. – 72 б.
2. Курамысов И. Национальная политика партии в Казахстане. А., 1932. – 54 б.
3. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? А., 1993. - 56 б.
4. Сәдуақасұлы Смағұл. Таңдамалы. 2-т. А., 1993. 63 б.
5. Махат Д.А. Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде “оңшылдыққа” және ұлтшылдыққа айыптау: тарихы және салдарлары (1925-1933 жж.) Тарих ғыл. канд.дисс. А., 2000.
6. Голощекин Ф.И. Отчет Краевого комитета VI Всеказахстанской партконференции. Кзыл-Орда, 1928. - 74-75 бб.
7. Отчет Краевого комитета VI Всеказахской партконференции. Кзыл-Орда, 1928. 75 б.
8. Нұрпейісов К. Қазақстанның шаруалар советтері. 1917-1929 ж. - А., 1972.
9. Жакишева С.А. Конфискация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20-30 годов XX в. М., 1997, - 259 б.
10. Бектүров Ж. Үш әлекең // Орталық Қазақстан. 1989. 2-10 қыркүйек.

11. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. - А., 2001. 131б.
12. Нұрымбетова Г.Р. Ораз Қықымұлы Жандосовтың қоғамдық-мемлекеттік қызметі (1916-1938 жж.) Тарих ғыл. канд. дисс. А., 1994.
13. Жүгенбаева Г.С., М.Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938 жж.) А., 2000. 156-158 б.
14. Кулумбетов У.Д. Переход на оседлость в Казахстане. // Вопросы оседания кочевников. - М., 1982. 52-б.
15. Садвакасов С.О. О национальностях и националах. // Большевик. 1928. №1.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XX ғасырдың 20-ші жылдарының екінші жартысындағы Қазақстандағы қоғамдық өзгерістерге байланысты мемлекет қайраткерлерінің көзқарастары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются мировоззрения и позиции казахстанских государственных деятелей по отношению к общественной и политической жизни Казахстана во второй половине 20-х годов XX века.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (1926-1939ж.ж.)

Телекова М. К. (Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Егемен Қазақстан Республикасы өзінің алғашқы күнінен бастап елімізде өмір сүріп жатқан ұлттарға ерекше көңіл бөлетіндігін білдіріп келеді. Иқбасшымыз елдің біржарықты дамуының негізінің өзі Қазақстанда өмір сүріп жатқан 100 ден аса ұлт өкілдерінің бірлігі мен ынтымақтастығының негізі екендігін баса айтуда. Қазақстан Республикасының жыл сайынғы Халыққа Жолдауындағы басты мәселенің бірі осы этникалық ұлт өкілдерінің негізгі этнос қазақтармен бірдей дамуы, тату-тәтті өмір сүріп ортақ Отаны Қазақстанды дамытуда бірігіп еңбек етуінде деп көрсетуінің мәні ерекше. Әр этностың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрі мен ұлттық ерекшелігін сақтауына мүмкіндіктер беру ол ел ішіндегі берекелік пен ынтымақтастыққа, ғасырларға созылып келе жатқан бір-біріне деген сыйластыққа әкелетіні сөзсіз. Қазақстандағы этникалық ұлт өкілдерінің құрамындағы өзгерістер қоғамның дамуымен қатар болып отыратын тарихи құбылыс.

Қазақстан жерінде тұратын халықтардың құрамындағы өзгерістер негізінен халық санақтарының қорытындылары мен жыл сайын жүргізілетін статистикалық есептер арқылы алынып отырылады. Ең алғаш рет халық санағы 1897 жылы болса, одан кейінгі 1926 жылғы санақ болды. Ал үшінші санақ Қазақстанда келесі тұрғындардың санағын алу 1937-жылы болды. Бірақ оның ұйымдастырылуы дұрыс болған жоқ деген сылтаумен оның қорытындысы жарияланған жоқ. Санақ қорытындысы қате, үкіметке қарсы ұйымдастырылған деп оған қатысқандар сотталып жер аударылды. Оның нақты қорытындысы тек 30 жылдан соң ғана жарық көрді. Ойдан шығарған және нақты халық санағының арасындағы айырмашылық КСРО бойынша 6 млн. адам болды. «Ойдан шығарылған» себебі И.Сталиннің «есебі» бойынша КСРО халқы 1937-жылы 170 млн. адам болуы керек еді. Қазір ешкімде 30-жылғы аштық пен репрессия жылдарында қанша адамның қайтыс болғаны туралы нақты айта алмайды. Тек бір-ақ шындық, халық санының күрт кеміп кеткені Қазақстан халқына да қатысты. Осы 1937-жылғы санақ тарихқа «Қатерлі» санақ деген атпен енген.

1939-жылғы жүргізілген екінші халық санағы отандық статистикалық ғылымның дамуы мен практикалық қолдануды дамытқан ірі жетістік болды, ол санақта

жаңа методологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды. Халықтың нақты саны мен оны қамту жолдарын қолдануда, алынған материалдарды тез арада реттеу тәсілдері пайдаланылды. Бірінші рет халық санағына байланысты тексеру үшін бақылау бланкісін және санақтан өткендігі туралы анықтама енгізді, ол кейін санақ біткен соң қайта тексерілді. 1920,1926-жылдардағы халық санағына қарағанда 1939-жылғы халық санағында сол кездегі нақты халықпен қоса тұрақты тұратындардың барлығының саны алынды. Бірінші рет біздің елде счетчиктер өздерінің бөлінген территорияларын алдын ала бір рет тексеріп өтті. Тізімдік санақ қағазы үйде толтырылды, ал үйден тыс жерде семья бойынша толтырылды.

1939-жылғы халық санағының бағдарламасы 16 сұрақтан тұрды. Бұл алдыңғы санақтарға қарағанда аз болды, ол республика бойынша аймақтық, қалалық және селолық статистикалық орталықтардың жақсы ұйымдастырылған жұмыстарына байланысты болды. Сонымен қатар мемлекеттік статистика мекемелері өнеркәсіптер мен мекемелерден оларда жұмыс істейтін адамдар туралы демографиялық, білімі кәсібі,миграция және басқа да қажетті деректер туралы мәліметтер алды.

1939-жылғы санақта оған дейінгі халық санақтарының деректері қолданылды. Жұмыссыздық және дене кемшілігі туралы сұрақтар алынып тасталды. Бұл санақтағы жаңалықтың бірі барлық тұрақты халыққа арналып бақылау бланкісі енгізілді, онда тұрақты тіркелгендер мен қатар сол кезде тіркелмеген, бірақ тіркеуге жататын мекемеде жұмыс істеп жатқандар және санақ кезінде басқа жерде жүрген халықты да есенке алды. Ал уақытша тұрып жатқандар мен кетуге даярланып жүргендер үшін санақтан өткендігін білдіретін анықтама берді. Жаңа санақ алдында Гурьев, Қызылорда, Павлодар,ал 1939-жылы Ақмола, Жамбыл, Семей облыстары құрылды.

1939-жылғы халық санағының қорытындысы қызметкерлерге қолдану үшін берілді. 1939-жылғы халық санағы большевиктер басшыларының қайта қарауынан соң «таптық сипаттағы» санақ қорытындысы болды. 1939-жылғы санақтың жартылай материалдары жарық көрді. Саясаттандыру және идеологияға сәйкестендіру санақтың әдіс-тәсілі мен методикалық деңгейін төмендетті. Статистикалық мекемелер 1926-1939-жылғы санақ қорытындыларын облыстық-территориялық аймақтар бойынша қайта есептеді. Оны төмендегі кестеден көруге болады. 1926-1939 -жылғы санақ бойынша Қазақстандағы халықтардың этникалық құрамы (1).

| | 1926 жыл | | 1939 жыл | |
|--------------|----------|-------|----------|-------|
| | Абсол. | % | Абсол. | % |
| Барлық халық | 6198467 | 100,0 | 6093507 | 100,0 |
| Қазақтар | 3627612 | 58,5 | 2313674 | 38,0 |
| Орыстар | 1275055 | 20,6 | 2449128 | 40,2 |
| Украиндар | 860201 | 13,9 | 656676 | 10,8 |
| Немістер | 51094 | 0,8 | 92379 | 1,5 |
| Татарлар | 79758 | 1,3 | 106943 | 1,8 |
| өзбектер | 129399 | 2,1 | 103240 | 1,7 |
| Беларустар | 25584 | 0,4 | 31309 | 0,5 |
| Ұйғұрлар | 63432 | 1,0 | 35354 | 0,6 |
| Корейлер | 42 | 0,0 | 95903 | 1,6 |
| Басқа ұлттар | 86290 | 1,4 | 208902 | 3,3 |

1937-1939 жылы Қазақстан халқы 966 мың адамға өсті (19%). 1937-1939-жылы ең тез өскен халық ол орыстар-531 мың (28 %), қазақтар-132 мың (6,1%), украиндықтар-106,8мың (19,4 %), немістер-118 мың(14%), татарлар-148 мың (16%), өзбектер - 6,7 мың адамға кеміді (2).

1926-1928-жылдары миграциялық процесс бірқалыпты жүрді. Халық санының бірқалыпты өсуі көрініс алды. Ол кезеңде КСРО мен Қазақстандағы демографиялық жағдай бір жағынан, өнеркәсібі дамыған аудандарда туу азайса, ал Қазақстанда туу ары қарай өсті. Қазақстандағы орыс және украин халықтарындағы туу да кеміген жоқ. Негізгі этностар Қазақстандағы 1926 жылы төмендегідей болды: қазақтар - 3627612,

орыстар - 75056, украиндықтар - 860201, немістер - 51094, татарлар - 79758, өзбектер - 129399, беларустар - 25584, ұйғұрлар - 63432, корейлер - 42 адам және басқа халық өкілдері - 86290 адам болды. Сонымен 1926-жылғы халық санағы бойынша республика территориясында 6 198 467 адам тұрды.

1931-1933-жылдары Қазақстанда аштық болды, ол күшпен ұжымдастыру және көшпелі халықты қолдан жасаған қалаларға орналастырып, оларды зорлықпен отырықшылыққа айналдыру нәтижесінде жүрді. Аштық Қазақстанның барлық халықтарын қамтыды, мыңдаған орыстар, украиндықтар, ұйғұрлар және басқа ұлт өкілдері өлді, ең көп өлген ол қазақтар болды. Халық шаруашылығы есебі басқармасының есебі бойынша Қазақстандағы 1 маусымдағы әр жылғы есеп бойынша халықтың өсу динамикасы төмендегідей болды: 1930-5873,0 мың; 1931-5114,0; 1932-3227,0; 1933-2493,5; 1934-2681,8; 1935-2926,0; 1936-3287,9. Қазақстаннан КСРО-ның басқа жерлеріне қоныс аударғандар 1930-1932 жж.-1,3 млн. адам /3/.

Біздің есебіміз бойынша 1928-1934 жылдары 1610 мың қазақ өлді, 135 мыңдай адам 1935-1938 жж. әлеуметтік-саяси репрессия кезінде қайтыс болды. М.Қ. Қозыбаев, Ж.Абылғожин, М.Татимов есебі бойынша 1745 адамға кеміген /4/. Аштықтан өлгендер тіркелмеді, қалаларда тыныс жолдарының туберкулезі, пневмония, дизентерия, қызылша деп тіркелді /5/.

Сонымен қатар республикаға басқа ұлт өкілдерінің келуі тоқтаған жоқ. Мысалы, орыстардың республикадағы пайызы 12-ге, татарлар-30ға, беларустар 22-пайызға өсті. Абсолюттық есеп бойынша 1174 мың-27 мың, 6 мың адамға көбейді. 20-жылдардың ортасына дейін созылған стихиялы түрде қоныс аудару енді ұйымдасқан, жоспарлы түрде өте бастады.

Елдің орталық өнеркәсіпті аудандарында жұмыссыздардың саны толық емес дерек бойынша 1,3 млн. адамға жетті /6/. Ондаған мың адамдар жұмыс пен нан үшін Қазақстанға Түрксібті салуға, Қарағанды көмір бассейніне, Балхаш және басқа ірі өнеркәсіп орындарына ағылып келе бастады. Бұдан басқа, ұйымдасқан түрде арнайы шақыру арқылы Қазақстанға КСРО-ның басқа аудандарынан 1931-1940 жылдары 500 мың адам келді /7/. Осы жұмысшылар мен жұмысқа орналасқан жұмыссыздар өнеркәсіп орталықтары мен темір жолдар құрылысы аяқ-талған соң тұрақты жұмыстарға ауысып сол жерлерде тұрып қалды.

Ауылшаруашылығында да қоныс аудару жүріп жатты. 20-жылдардың аяғында-30-жылдардың басында Қазақстан территориясына байлығынан айрылған шаруалар – арнайы қоныс аударылғандар Ресейден, Украинадан және басқа армиядан қайтқандар мен шаруалар келе бастады, олар келіп қоныстанған жерлеріне коммуналар мен артелдер ашып отырықшылыққа көшті. 1928-1930 жылдар аралығында Қазақстанға совхоздарға КСРО-ның әртүрлі аудандарынан жұмыс істеу үшін 65 мың жанұя көшіп келді. 1940 жылы ұйымдасқан түрде Украинадан, РСФСР аудандарынан, Мордовия мен Чуваштан, Татариядан және басқа да автономиялардың жері аз жерлеріннен өз еркімен қоныс аударған-шаруалар келді. Осының нәтижесінде Қазақстанға 24,2 мың жанұя келіп республиканың солтүстік аудандарына тың жерлерді игеріп егін салу үшін қоныстандырылды.

20-жылдың аяғында көптеген этностарды күшпен қоныс аудару басталды. Соның жартысы Қазақстанға келді. 1937-жылы қыркүйек-қараша айларында Қиыр Шығыстан Қазақстанға 110 мың корейлер қоныс аударылды /8/. Осы уақытта НКВД Азербайджан мен Армениядан 2,5 мың семья ирандықтар, азербайджан-дықтарды, курттар мен армяндарды күшпен Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарына қоныс аударды. Соғыс алдында Батыс Украина, Батыс Беларуссия, сонымен қатар Балтық бойы республикаларынан поляктарды жер аудару бастады /9/.

Бұл жылдары қоныс аударып келгендердің көбісі орыстар, сосын украиндықтар мен татарлар болды. Бұл республикадағы тұрғындардың этникалық құрамының өзгеруіне алып келді. Мысалы, Түрксібті - 30 этникалық топ өкілдері салды, Қарағандыны - 5, Балқашты - 45, Ақмола-Карталы темір жол линиясын 50 этникалық топ өкілдері салды. Осыған байланысты және де 1932-1933 жылдардағы аштықтың салдарынан Қазақстанда қиын этнодемографиялық жағдай қалыптасты, нәтижесінде

жергілікті ұлт өкілдері мен қоныс аударып келген этникалық топтар арасындағы саны мен өсу пайызы жарты ғасыр бойы әр түрлі болып қалды.

Келесі халық санағы 1937 жылы қаңтарда болды. Халық санағына даярлық алдында 22 ақпан 1930-жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша Қазстатбасқармасы жойылып оны Госпланға (мемлекеттік жоспарлау комитетіне) қосты. Осындай қайта құрудан кейін республикадағы тұрғындардың санын есептеу және статистикалық жұмыстар Қазақ АССР Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің құрамына өтті. Оның халықшаруашылық есеп жөніндегі бөлімі айналысты, ол 1931 жылы Қаз АССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанынан халық шаруашылығы есеп Басқармасы (УНХУ) болып қайта құрылды. Жергілікті статмекемелер жергілікті жоспарлау комиссияларымен қосылды, аудандарда эксперттік комиссиялар құрылды, ауылдық советтерде (кеңестерде) - статистикалық бөлімдер ашты.

1932-жылы ақпанда Қазақстанда жана территориялық-басқару жүйесінің енгізуіне байланысты бұрынғы аймақтық есептеу мекемелерінің орнына 6 облыстық халықшаруашылық есеп басқармасы енгізілді - Алматы, Ақтөбе, Шығыс-Қазақстан, Қарағанды, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облысында. Сол жылы қалада және аудандарда халықшаруашылық есеп инспектурасы құрылды, ал 1934 жылдан бастап аймақтық инспекторлар олар 1955 жылға дейін келді. 1933 жылдан бастап Қаз АССР Мемлекеттік Жоспарлау мекемелерінің бірінен Қаз АССР Мемлекеттік Жоспарлау мекемесіне айналады, сөйтіп енді статистикалық мекемелер Мемлекеттік Жоспарлауға тікелей бағындырылды.

1935-жылы желтоқсанда Қаз АССР одақтас республиканың біріне айналуына байланысты жаңа Конституция бойынша Қаз ССР халықшаруашылығы есеп Басқармасына айналады. Осы Басқарманың кезінде атақты 1937-жылғы халық санағы өтті. Көптеген ұйымдастырушылық жұмыстарға, кеткен үлкен шығынға қарамастан санақ қорытындысы дұрыс емес деп табылып оған қатысқандардың көбісі атылды. Бұл санақтан бағдарламасы, негізінен оның ойдан шықпаған қорытындысы И.В.Сталин мен оның айналасындағыларды қанағаттандырмады. Санақтың материалдары өңделмей, баспасөзге жарияланбай, архивте қалып қойды. Тоталитарлық-репрессиялық аппараттың өсуімен қатар жаңадан халық санағына даярлану басталды, ол алдыңғы екі бесжылдықтың табысын көрсетуге тиісті болды және большевиктердің үгіт насихат жұмысының негізіне айналуы қажет еді.

1937-жылғы Жалпыодақтық халық санағы бір күнде ғана болды, Қаңтардың 5-нен 6-на қараған күні. Бұл жалғыз ғана болған бір күндік санақ болды (10). Бұл санақты 1932-жылы жүргізбек болған. 1932-жылы Тула жерінде пилотная (пробная) санақ болды. Санақты ұйымдастыру және жүргізу үшін 1 млн. 250 мың счетчиктер қатысты. Санаққа 5 жыл бойы даярланды. Бұл санақта ерекше қызмет көрсеткендер О.А.Квиткина, Л.С.Брандгендлер, М.В.Курман, И.А.Кроваль. Санақ бюросын О.А.Квиткин басқарды. Ол 1926-жылғы санақты ұйымдастырушылардың бірі, математик және дәрігер Париждегі Сорбонды бітірген, МГУ-дың медицина факультетінде оқитын, Берлиндегі халық санағын өткізу тарихымен танысқан, неміс, ағылшын, француз тілдерінде сөйлеген. 1936 жылғы көкектен бастап санаққа даярлануды күшейтті. Халыққа арнайы түсіндірілді, оның халық шаруашылығы үшін маңыздылығы айтылып, санақтан өту әрбір адамның парызы делінді. Санаққа кедергі болған идеологиялық бағыт болды, оның сұрақтары қатарында әлеуметтік тегі, діні, семьялық жағдайы туралы сұрақтар болды, оған тұрғындар ашық жауап бермеді. Сұрақты бұлайша қою тұрғындар арасында түсінбеушілік пен қорқыныш тудырды. 24 қаңтар 1937-жылы И.А.Кроваль Сталин мен Молотовқа санақтың алғашқы қорытындысы туралы айтты (НКВД арнайы құрамы мен армия жеке тіркелінді). Тұрғындарды қамту жағынан санақ қанағаттанарлық болды. Санақтан кейін қалып қойғандар жоқ па деген мақсатта ауылдық жерлерде қайта санап фамилия бойынша қайтадан тексерді. Санаққа еңбей қалғандар пайызы өте аз еді. Санақ оған дейінгі есептерде көтерме санның берілгенін көрсетті, ЗАГС-те, туу мен өлуді тіркеуде дұрыс есеп алынбағаны көрінді. Бұл санақ тұрақты халыпен негізінен тұрып жатқандарды да толық есепке алу қажеттігін көрсетті. 1-2 күнге басқа жерге уақытша кеткендер санаққа

еңбей қалды. Нұсқау нақты түсінікті болмады. Сөздік жасауда қателіктер жіберілді. Кейін бұл санаққа тұрғындардың 1,3% еңбей қалды делінген.

1937-жылғы санақтың қорытындысы қатал құпия сақталды. Аз ғана материалдарды жоғалтқаны үшін өңдеушілер сотқа берілді.

1937-жылғы санақ бойынша Қазақстан халқының ұлттық құрамы:

| Ұлттар | Этнос саны | % |
|------------------------------|------------|-------|
| Барлық халық, Оның ішінде | 5126676 | 100,0 |
| Қазақтар | 2181520 | 42,6 |
| Орыстар | 1917673 | 37,4 |
| Украиндықтар | 549859 | 10,7 |
| өзбектер | 109978 | 2,2 |
| Татарлар | 92096 | 1,8 |
| Немістер | 80568 | 1,6 |
| Ұйғұрлар | 32982 | 0,7 |
| Мордвиндар | 21511 | 0,4 |
| Дүнгендер | 7007 | 0,1 |
| Қырғыздар | 5024 | 0,1 |
| Басқалар | 128458 | 2,5 |

КСРОның басқа жерлеріндегі қазақтардың саны 1937-жылы 2862458 болды, оның ішінде РСФСР-да 292099, ҚазССР-2181520, Өзбек ССР-287214, Түркмен ССР - 60035, ТәжікССР-12396, Қырғыз ССР-25541 [2/65-79].

Халықшаруашылығы есебі басқармасы тұйыққа тірелді. Қазақстандағы халық санының күрт азайып кетуінің себебін аштықты ауызға алмай түсіндіру қажет болды. Құндылығы есеп дұрыс жолға қойылған жоқ.

Қазақстан тұрғындарының өсу динамикасы (1930-1936жж.).

| Жылдар | Абсолют. Саны | Жылдық абсолют. өсу |
|--------|---------------|---------------------|
| 1930 | 5 873,0 | -759,0 |
| 1931 | 5 114,0 | -1 887,0 |
| 1932 | 3 227,0 | -734,0 |
| 1933 | 2 493,5 | +188,3 |
| 1934 | 2 681,8 | +244,2 |
| 1935 | 2 926,0 | +361,9 |
| 1936 | 3 287,9 | |

Халық санының азаюы КСРО-ның шекарасынан көшіп кету деп түсіндірді. Көшіп кеткендер 1,3 млн. адамға жетті, қайта көшіп келгендерді санағанда сальдо 2 млн. адамды құрады [2/65-79]. Жоғарыда атап өткен кемшіліктерге байланысты барлық 1937-жылғы халық санағының қорытындысы жарамсыз деп табылып, қайтадан халық санағы өткізілді.

1926-1939 жылдар аралығында 12 жыл ішінде республикадағы этностық жағдай өте күрделі өзгеріске ұшырады. Республиканың тұрғындары бұл жылдары 105 мың адамға немесе 1,7 пайызға кеміді. Аштықтан өлу және басқа жаққа қоныс аударудан қазақтар саны көп кеміді, 1926 жылмен салыстырғанда қазақтар саны 1314 мыңға кеміп, 36,2 пайызға кеміді, украиндар саны-203 мың, өзбектер-26 мыңға, ұйғұрлар 28 мыңға кеміді. Бірақ 1926-1939 жылдар аралығында басқа этностардың саны өсті. Әсіресе орыстар 1174 мыңға (92 пайызға), татарлар-7 мыңға (34 пайызға), беларустар-6 мыңға (22 пайызға) т. б. Осылайша 1939-жылы Қазақстанда этностық құрамы әртүрлі халықтар пайда болды. Оның негізі Ресей империясының кезінде патшаның отарлау саясатында басталған еді. Миграциялық процесс өте тез қарқынмен жүрді. Қазақтардың өсуі 1939-жылы 1926 жылмен салыстырғанда - 20,5 пайызға төмендеп кетті, сөйтіп 38 пайыз ғана болып қалды, украиндықтар - 3,9-дан 10,8-ге, өзбектер - 2,1-ден 1,7ге, ұйғұрлар - 1,0-

ден 0,6 пайызға кеміді. Өрыстар енді Қазақстандағы үлкен этностық топты құрады, ол 40,2 пайызды құрды. 1939 жылы немістер - 1,5 пайызға, корейлер - 1,6 пайызға, татарлар - 1,7 пайызға, беларустар - 0,5 пайызға өсті.

1935-1936-жылдардағы халықтың табиғи өсуі турлы деректер [5/14-15].

| Жыл | Туған дар | Егіздер | | | Өлі туғандарды қоспағанда | | | Өлі туғандар: | | |
|------|-----------|---------|------|----------|------------------------------|-------|--------|---------------|------|-------|
| | | екеу | үшеу | көпшілік | ер | әйел | екеуі | ер | әйел | екеуі |
| 1935 | 152710 | 1309 | 18 | - | 80548 | 73084 | 153632 | 253 | 170 | 423 |
| 1936 | 197852 | 2148 | 27 | - | 103818 | 95615 | 199433 | 365 | 256 | 621 |

| Барлық өлгендер | | | Өлген балалар 1жасқа дейін | | | Неке саны | Айрылыс қандар саны |
|-----------------|---------|-------|----------------------------|-------|-------|-----------|---------------------|
| Ерлер | Әйелдер | Екеуі | Ербала | Қыз | Екеуі | | |
| 35732 | 30771 | 65503 | 9114 | 7315 | 13429 | 35924 | 8423 |
| 50722 | 45026 | 95748 | 16456 | 13338 | 29794 | 41768 | 6079 |

Азаматтық тіркеу актісінің ең алғашқы жолға қойылған жылы 1935-жыл болды. Сол жылы алғаш рет жалпы туу туралы, өлгендер саны мен алғаш рет 1 жасқа дейінгі балалардың өлімі, неке мен айырылысу туралы деректерді топтастырылды. Бұл талдау оның кемшіліктеріне қарамастан ҚазУНХУ-дың тарихы болды. 1935-1936-жылдардағы ең негізгі деректің бірі ауылшаруашылық санағы болды. Шаруашылықтың 10 пайызы мәлімет алынып, тұрғындардың екі жынысы есептеліп, сұрақ-жауап арқылы туғандар мен өлгендер есебі алынды. 1926-жылы Қазақстанда 57162 шаруашылық есепке алынып онда 269890 адам екі жынысты қоса алғанда тұрған, 1000 адамға шаққанда туу 37,8, өлім 19,4 болған, осыған қарап қазақтардың табиғи өсуі 1,84% болғанын көре аламыз. 1925 жылы осындай жолмен қазақтардың табиғи өсу коэффициенті есептелген. Ол 2,07% болды. Қалалық жерлердегі жағдайда сондай болды. Онда есепке алу үшін ірі қалалар алынды, оның өзі аяғына дейін жүргізілмеді. Ол туралы архив құжаттары мен арнайы шыққан баспасөз деректерінен көре аламыз.

1936-жылы ҚазССР Халықшаруашылығының есептеу Басқармасының Халық және Денсаулық болімі азаматтарды тіркеуді ай сайын жүргізе бастады. Алғашқы екі кварталда ескі басқару әкімшілік территориясы бойынша жүргізілді де, ал 1936-жылдың аяғында қайта есептеді. Осылайша жалпы халықтың саны жыл сайынғы статистикалық мәліметтер және халық санақтарының қорытындылары арқылы анықталып отырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). -А., 1991.-187б.; Всесоюзная перепись 1926 г.-М., 1926. Т.8. С.15-16, 45.
2. Вестник статистики. 1990.- С.79.
3. Поляков Ю.А., Жиромская В.Б., Киселев И.Н. Полвека молчания (Всесоюзная перепись 1937г.) // Социологические исследования. 1990. №6. -С.21-23.
4. Вопросы истории. 1989. №7. С.53-71. Заря. 1989. №11.- С.12-13.
5. ҚРОММ. Қор. 698. Т.14. Іс. 188. Байлам. 21. 126-128 б.
6. Рогачевская Л.С. Ликвидация безработницы в СССР: 1917-1930 гг. М., 1973.- С.88.
7. Сонин М.Я. Воспроизводство рабочей силы в СССР и баланс труда. М., 1959.- С.182.
8. Ким Г. Н. Корейцы в братской семье народов Казахстана. -Алма-Ата. 1988.- С-4. Ким Ен Чун. Документы свидетельствуют // Коре. 1992. 4 январь.
9. Земсков В.Н. Заключение, спец. переселенцы, ссыльнопоселенцы, высланные (статистико-географический аспект) // История СССР. 1991. №5.- С. 162.

10. Поляков Ю.А., Жиромская В.Б., Киселев И.Н. Полвека молчания (Всесоюзная перепись населения 1937 г. //оциологические исследования. 1990. №6.3-256.№7.50-70 б. Из архивов Госкомстата СССР. Итоги Всесоюзной переписи населения 1937г.//Вестник статистики. 1990. №7. - С.65-79.
11. Тольц М. Репрессированная перепись // Родина.1989.№11.- С.56-61.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются изменения в этническом составе населения. Статья написана на основе статистических материалов и данных переписи населения 1926, 1939гг. Проанализированы изменения, имевшие место в количественном и структурном составе населения, половозрастной состав населения, динамика рождаемости и смертности, влияние социально-экономических и демографических изменений на тенденцию рождаемости, смертности, анализируется уровень многодетности.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада 1926, 1939 жылдардағы халық санақтарының мәліметтерінің негізінде республика халқының құрамындағы әлеуметтік, демографиялық, миграциялық өзгерістер талданған.

Г.Н.ПОТАНИН КӨРНЕКТІ ТҮРКІ ТАЛУШЫ

Тортаев С.Ә. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақ халқының этнографиясын, фольклорын зерттеу тарихын тереңдете түсуге Ш.Уәлихановпен қатар оның адал досы, саяхатшы, Сібірді, Мәнғолия мен Орталық Азияны зерттеуші, публицист әрі қоғам қайраткері Григорий Николаевич Потанин де зор үлес қосты. Потанин 1835 жылы 4 қазанда Ақмола облысына қарасты Павлодар қаласының маңындағы Ямышево поселкесінде қазақ офицерінің отбасында дүниеге келді. Он жасында Омбыдағы кадет корпусына оқуға түсіп, оны 1852 жылы бітірген. Бұл оқу орнынан ол тек білім негізін ғана терең меңгеріп қоймай, жоғары дәрежедегі адамгершілік сезімдерін де қалыптастырып шықты. Осы оқу орнында оқып жүрген кезінде қазақтың болашақ ұлы ғалымы, тарихшы, ориенталист, этнограф, географ, фольклорист, ағартушы, демократ Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановпен танысып, достасады. Бұл достастық Шоқанның өмірінің аяғына дейін созылып, Г.Потаниннің қазақ халқының салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, аңыз-әңгімелері мен ертегілеріне деген қызығушылығын арттыра түсті.

Потанин өзінің адал досы туралы өмір бойы мақтаныш сезіммен, сүйіспеншілікпен еске алып отырды. Ол Шоқан қайтыс болған соң оның еңбектерінің бірінші басылымын дайындауға көп күш-қайрат жұмсап, ақыры өз редакциясымен бастырып шығарды. Шоқанның көлемді өмірбаянын жазып, оған он шақты естеліктерін арнады.

Григорий Николаевич Шоқан Уәлихановпен кадет корпусына оқуға түскеннен бастап, оның өмірінің соңғы күндеріне дейінгі адал досы болды. Жазғы демалысын Шоқанмен бірге оның ауылында өткізіп, Шыңғыстың көшімен бірге көшіп-қонып жүрген. Түйедей жасты құрдас балаларды табиғи талант пен алыс елдерге деген қызығушылық, оларға саяхат жасау туралы ортақ арман жақындастырып еді. Олар кітапханадан П.Паллас пен П.Рычковтың саяхаттарының күнделіктері мен әңгімелерін құмарта оқитын.

Осы кадет корпусындағы оқу кезінде жас достардың болашақта өздерінің өмірін Азия құрлығының адам аяғы баспаған, белгісіз жерлерін зерттеуге арнауға деген армандары қалыптасты. Бірақ бұл арманның жүзеге асуы оңай болмады.

Оқуларын бітірген соң достардың ажырасуына тура келді. Ш.Уәлиханов Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың адъютанты болып тағайындалды да, Г.Потанин

полктағы әскери қызметке жіберілді. 19 жасар офицер әскери отрядпен бірге 1854 жылы Верный қамалын салуға қатысты. Шоқанның, сондай-ақ ол таныстырған айдаудағы петрашевшіл Сергей Федорович Дуровтың ықпалымен Потаниннің көзқарасында зор төңкеріс болды. Жас офицер қоршаған ортадағы зұлымдықтарды: күштілердің зорлығын, әлсіздердің қаналуын, шенеуніктердің паракорлығын, көпестердің есерсоқтығын, сансыз надандық пен көргенсіздікті бұрын да көріп, байқап жүретін. Жас офицер бұл зұлымдықтармен патша өкіметі күрескісі келеді, оның бұл күресіне көмектесе болды деп ойлайтын. Енді оның көзі ашылып, өкімет пен патша үшін бұл қалыптасқан тәртіптің пайдалы екенін, оны өзгертуге мүдделі емес екендігін анық түсінді.

Уәлиханов пен Потанин нағыз білікті саяхатшы-зерттеуші болу үшін университеттік ілім алу керек деп санады. Бірақ олар әскери қызметпен тұсаулы еді. 1858 ж. осы уақытқа дейін Семей мен Омбыда әскери қызмет атқарған Г.Потанин көрнекті географ П.П.Семеновтың көмегімен міндетті әскери қызметтен босанып шығады. Семенов Потаниннің университетке түсуіне кеңес беріп, Қашғарға құпия тапсырмамен жіберілетін басты адамның Шоқан болуын ұсынады.

1858 жылы Потанин Петербург университетінің физика-математика факультетіне оқуға түседі. Онда Григорий Николаевич Сібірді, және оның қоғамдық саяси өмірін зерттеу мақсатымен құрылған Сібір студенттерінің үйірмесін ұйымдастыруға қатысады. 1861 жылғы студенттердің патша өкіметіне қарсы бас көтеруіне қатысқаны үшін 1862 жылы қамауға алынады. Босап шыққаннан кейін ол Омбыға кетіп, сонда 1864 жылы Шоқан досымен соңғы рет кездеседі. 1863-1864 ж.ж. Потанин астроном К.В.Струве басқарған Орыс географиялық қоғамының Зайсан көлі мен Тарбағатай жотасын зерттеу экспедициясына қатысады. Томск статистикалық комитетінде қызмет атқара жүріп, Сібірдегі ең алғашқы “Томские Губернские ведомости” деген газеттің шығып тұруына ат салысады.

1864 жылы “Тәуелсіз Сібір қоғамы” ұйымына қатысып, сепаратистік пиғылды насихаттағаны үшін басқа да “облысшылармен” (Сібірдің Ресейден бөлінуін жақтаушылар – С.Т.) бірге бес жылға сотталып, каторгаға айдалды. Ол мерзімі біткенде жер аударылып, 1874 жылға дейін Вологда губерниясының Никольск қаласында қалып қойды. Осы жерде ол “Томск губерниясында түркі және фин тайпаларының 17-19ғ. басында таралуына шолу” деген еңбегін жазып шықты. 1874 жылы Г.Н.Потанинге Моңғолияға шығатын экспедицияға шығу үшін Петербургте тұруға рұқсат берілді. 1876-1877ж.ж. ол Ресей географиялық қоғамының тапсырмасымен Солтүстік Моңғолияға бірінші рет саяхат жасап, өте мол материал жинап қайтты. М.В.Певцовпен бірге Батыс Моңғолиядағы Үлкен Көлдер шұңқырын ашты.

1879 жылы Тува мен Моңғолияға екінші рет барып қайтты. Нәтижесінде “Солтүстік Батыс Моңғолия” деген төрт томдық шығармасы жазылып, 1881-1883ж.ж. Петербургте жарық көрді. 1883-1886ж.ж. Григорий Николаевич Қытайдың солтүстік провинциялары арқылы Солтүстік Тибетке үшінші рет экспедицияға барды. Оның нәтижесі 1893 жылы Санкт-Петербургте басылып шыққан “Қытайдың Тангут-Тибеттік жиегі және Орталық Моңғолия” деген еңбегінде жарияланды. 1886 жылы Григорий Николаевичті география саласындағы үздік еңбегі үшін Орыс географиялық қоғамы Константин медалімен марапаттады. Г.Потаниннің құрметіне Тянь-шань бірі және Алтайдағы Табын-Богдо-Ола таулы торабындағы ең ірі мұздығы соның атымен аталды. 1892 жылы Г.Потанин Моңғолия мен Пекин арқылы Тибеттің шығыс беткейіне, Сычуанға төртінші экспедиция жасады. Бірақ экспедиция мүшесі, әрі жазушы, әрі ғылыми қызметкер, жұбайы Александра Викторовнаның (1843-1893) ауыруы, көп отпей қайтыс болуы Г.Потаниннің 1893 жылы Ресейге қайта оралуына себеп болды. Енді ол Петербургке қоныс теуіп, өзінің фольклор бойынша жинаған материалдарын өңдеумен айналысты. Ол 1899 жылы “Восточные основы русского былинного эпоса” (“Орыстың тұрмыстық дастанының шығыстық негізі”), “Восточные мотивы в средневековом европейском эпосе” (“Ортағасырлық еуропалық дастанның шығыстық сарыны”) деген екі үлкен еңбектерін басып шығарды. Соңғы жұмысын басып шығару үшін Г.Потанин бір қысты Парижде өткізіп, ескі басылымдар мен қолжазбаларды қарап шықты.

Фольклор саласында Г.Потанин көне замандарда Орталық Азияда күнге табыну кең орын алды, соның төңірегінде жарқын да сан алуан дастандар өмірге келді деген қорытынды жасап, алмасып, ауысып отыру туралы соны теорияның авторы болды. Күнге табынудың жекелеген тақырыптары мен бірнеше нәзіктері қоныс аударушы халықтардың толқынымен еуропалық және азиялық дастандардың негізіне алынды.

Саяхаттардың ара-арасында Сібірдің түрлі қалаларында тұрып, Г.Н.Потанин қоғамдық және ғылыми жұмыстармен айналысты. Иркутскіде Орыс географиялық қоғамының Шығыс Сібір бөлімінің ісін басқарушы болса, Красноярскіде Орыс географиялық қоғамының бөлімшесін ұйымдастыруға қатысты; Томскіде өмірінің соңына дейін Сібірдің ақпарат құралдарына: “Сібір”, “Восточное обозрение”, “Сибирская жизнь” газеттері мен “Сибирские записки” журналына белсене араласты. Сөйте жүріп жергілікті ғылыми және қоғамдық қызметкерлердің үйірмесін құрды. 1913 ж. бастап Потанин “Сибирская жизнь” газетінде өз естеліктерін жариялады. Жұбайы В.А.Потанинамен де өте құнды этнографиялық материалдар жинады.

Белгілі ғалым-фольклорист және саяхатшы бола тұрып, Григорий Николаевич сонымен қатар революцияға дейінгі Сібірдегі қоғамдық өмірдің де жарық жұлдызы болды. Ол бостандық үшін күрескер ретінде ерекше атақ-даңққа ие болды. Өзінің ұзақ уақыттық қоғамдық-публицистикалық қызметінің барысында ол отарларды өмірдің барлық салаларында метрополиядан теңестіруді талап етіп отырды, әрі Сібір буржуазиясы мен бақуатты шаруаларының мүддесін қорғады. Кеңестер мен Қазан төңкерісіне Григорий Николаевич қарсылық білдіріп, қоғамның эволюциялық жолмен дамуын қолдады. Осы көзқарасын жүзеге асыру мақсатымен қартайған шағында социал-революционерлер мен меньшевиктер құрған Сібірдің Уақытша облыстық Кеңесін басқарып, большевиктердің тоталитарлық билігіне қарсы күрес жүргізді. Тарих Потаниннің ұстанған бағытының дұрыс болғандығын дәлелдеп шықты.

Г.Н.Потанин орыстың классик-географтарының қатарына жатады. Өз еңбектерімен ол арғыттық және әлемдік географияға құнды үлес қосты. Басқа саяхатшылардың ешқайсысы да азиялық халықтардың этнографиясы мен фольклорын зерттеуге Потаниннен артық көңіл бөлген жоқ. Оның еңбектеріне географиялық, биологиялық, этнографиялық материалдармен қатар екі жүзден астам аңыз-ертегілері, әңгімелері мен шежірелері енген. “Осы материалдардың ішінде Потаниннің Баянауылдағы Мұса Шормановтың ауылында жазып алған текстері мен Ш.Уәлихановтың Сырымбеттегі ауылына барып қайтқан сапарында “Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері” (1916) атты жинақ және “Қазақтың соңғы ханзадасының үйінде” (1896) атты мақала бастырып шығарды”. Сөйтіп, Григорий Николаевич өзінің адал досы Ш.Уәлихановтың еңбектерін, қазақ халқының аңыз-әңгімелері мен ертегілерін кейінгі ұрпаққа жеткізуге зор еңбек сіңірді. Сол себепті де Г.Н.Потаниннің есімі қазақ халқына досы Шоқан Уәлихановтың есіміндей қымбат. Г.Потаниннің Шоқан досын өте жоғары бағалағандығына мысал ретінде оның “В юрте последнего киргизского царевича” деген мақаласынан қысқаша үзінділер келтіре кетейік. Онда ол былай деп жазған: “Особенно же влиятеленъ былъ для степи примеръ Чокана Валиханова. Это былъ небывалый феноменъ – киргизскій юноша, офицеръ, принадлежавшій къ свите генераль- губернатора, принятый въ высшемъ кругу въ местной столице Омске, мало того, пользовавшійся въ местномъ русскомъ обществе репутаціей человека съ блестящими умственными способностями и съ благороднымъ направлениемъ мыслей. Чоканъ придавалъ такой блескъ имени Валихановыхъ, что другіе валиханиды, не называвшіеся Валихановыми, получившіе свои фамильныя прозвища не по имени хана Вали, а по именамъ его сыновей, стали потомъ добиваться замены ихъ негромкихъ фамилій славнымъ именемъ Валихановыхъ. Въ среде ближайшихъ родственниковъ Чокана память о немъ хранится, какъ о добромъ семейномъ геніи. И теперь еще чувствуется духовное наследство, оставленное Чоканомъ въ родной семье; онъ показавъ имъ, какого тонкаго судью человеческихъ поступковъ вырабатываетъ европейская культура. Чоканъ былъ киргизскій патриотъ, но въ то же время это былъ и патриотъ русскій, и если бы изъ киргизскаго народа было вызвано поболее Чокановъ, связи той части киргизскаго народа, которая заправляетъ

киргизскою жизнью, съ русскимъ обществомъ были бы прочнее. Если въ среде киргизовъ и найдутся лица, которыя могутъ быть поставлены, по ихъ заслугамъ русской жизни, рядомъ съ старшими членами семейства Валихановыхъ, съ султаномъ Чингисомъ или Мусой Чормановымъ, то не найдется ни одного, за которымъ возможно было бы признать значеніе, равное съ Чоканомъ. Число образованныхъ киргизъ, кончившихъ курсъ въ высшихъ учебныхъ заведеніяхъ, съ каждымъ годомъ увеличивается; къ сожаленію, по окончаніи курса молодые люди не образуютъ живущей въ одномъ месте колоніи, а рассыпаются по обширной киргизской территоріи или, что еще не выгоднее для киргизскаго народа, остаются служить въ европейской Россіи, на Кавказе, въ Одессе и т.п. Нетъ пока у киргизъ умственнаго центра, где могла бы завязаться духовная жизнь киргизской интеллигенціи, где бы ея члены могли работать сообща, другъ другу помогая примеромъ и советомъ, где бы киргизъ юристъ или киргизъ докторъ могъ встречаться съ киргизомъ художникомъ, киргизомъ литераторомъ или съ киргизомъ ученымъ. Правда, между молодыми киргизами нетъ ни одного, котораго можно было бы поставить въ уровеньъ съ покойнымъ Чоканомъ Валихановымъ; Чоканъ съ либеральнымъ образомъ мыслей и съ свободомысліемъ въ религіозныхъ вопросахъ соединялъ искреннюю любовь къ своему народу и мечталъ о служеніи ему. Но, уступая Чокану въ воодушевленіи народными интересами и въ умственныхъ способностяхъ, молодые люди, если бы собрались въ кучку, могли бы, можетъ быть, еще больше сделать, чемъ одинъ человекъ. Некому только сплотить ихъ; нетъ протектората просветительнымъ стремленіямъ киргизской интеллигенціи” /2/.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. –А., 1976. - Т. 9. -322 б.
2. Потанин Г. В юрте последнего киргизского царевича. // Русское богатство. - 1896. - №8. - С. 78-79, 82.
3. Попов И.И. К 80-летию Г.Н.Потанина. “Голос минувшего”. – М., 1915.
4. Обручев В.А. Григорий Николаевич Потанин. – М.-Л., 1947.
5. Масанов Э.А. Труды Г.Н.Потанина – важный источник по этнографии казахского народа. // Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары. Вып.3(14).А., 1960. -С.70-79.
6. Сборник к 80-летию дня рождения Г.Н.Потанина. Избранные статьи и биографический очерк. –Томск, 1915.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о дружбе Г.Н.Потанина с выдающимся казахским ученым, историком, ориенталистом, этнографом, географом, фольклористом, просветителем, демократом Ч.Ч.Валихановым. Особо подчеркиваются демократические взгляды на общественное развитие, полностью совпадающие со взглядами Ч.Ч.Валиханова.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Сібірді, Монғолияны, Орталық Азияны зерттеуші, саяхатшы, қоғам қайраткері Г.Н.Потаниннің қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, агартушы-демократ, тарихшы Ш.Ш.Уәлихановпен достығы жайлы айтылған. Қоғамдық дамуға байланысты екеуінің көзқарастарының сәйкестігі атап көрсетілген.

УДК 323.11 (573)

МЕТОДИКА ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ ЛЕКЦИИ-ДИСПУТА

Туменова Р.Н. (г.Алматы, Военный институт радиоэлектроники и связи)

Студенты приходят на лекцию, чтобы проделать с помощью лектора и под его руководством умственную работу, овладеть определенной суммой знаний. При этом аудитория надеется, что искусство лектора поможет сделать «известную истину более

убедительной, возможно нагляднее и тверже запечатляемой». Чтобы достичь такого результата лектор готовит сознание студентов к восприятию материала данной лекции вступлением, в котором он пытается решить двойную задачу – овладеть вниманием слушателей и установить прочную логическую связь между теми знаниями, которые есть у студентов. Изложение лекции требует мастерства, логического развития темы с учетом особенностей аудитории. Если студент улавливает логическую схему рассуждения, ему становится легче следить за основной мыслью лектора и усваивать излагаемое.

В заключение лекции делается обобщение полученных результатов в процессе изложения, оценивается познавательная ситуация, намечаются задачи для дальнейшей работы студентов и указываются проблемы, побуждающие студентов к действию.

Учебный процесс – это постоянно развивающаяся сложная система, требующая непрерывного к себе внимания. Непрерывно меняется содержание изучаемых дисциплин, формы и методы их изучения. Совершенствование организации учебного процесса требует установления наиболее благоприятных отношений между студентами и преподавателями в их учебной и обучающей деятельности, обеспечения максимального успеха этой деятельности в решении задачи по подготовке высококвалифицированных специалистов. Перед преподавателями высшей школы соответственно ставится задача поиска новых, наиболее результативных форм и методов деятельности с обоснованием применяемых активных форм обучения.

В обучающей деятельности преподавателей, при применении новых средств и методов обучения, необходимым является выявление возможностей повышения эффективности обучения и постоянная борьба с потерями учебного и обучающего времени из-за недостаточно подготовленной организации учебного процесса и необоснованного применения новых средств и методов.

Нами в порядке эксперимента проводятся лекции-диспуты. Лекции проводятся со студентами разных курсов и разных специальностей. Например, тема лекции-диспута: «Нашествие монголо-татар на территорию Казахстана». Практика работы со студентами показывает, что диспуты проходят всегда оживленно, интересно. Тема по истории Казахстана является наиболее интересной для студентов всех специальностей и согласно рабочей программы рассчитана на 2 часа лекции и 2 часа семинара.

Подготовка к лекции-диспуту проводится заранее. За 3 недели до ее чтения студентам раздается 7 основных вопросов темы, рабочая программа, основная и дополнительная литература. Через неделю студенты называют вопросы, по которым они желали бы выступить на лекции-диспуте. На этом этапе мы назначаем по каждому вопросу студента-дублера (на случай отсутствия основного докладчика), а также с целью выявления иного мнения. Затем, студенты показывают написанные тексты выступлений, подготовленные или отдельные примеры, консультируются об использовании новой литературы.

Процесс лекции-диспута организован следующим образом: очень кратко преподавателем раскрывается каждый вопрос темы, после чего выступает заранее подготовленные студенты, чаще всего по 2 человека по каждому вопросу темы. Оживленная дискуссия разворачивается обычно по двум вопросам темы: «Какую роль сыграло нашествие монголо-татар» и «Последствия деятельности Чингиз-хана». Как выяснилось позже, эти вопросы были наиболее знакомыми для выступающих, тогда как 5 остальных вопросов были знакомы тем студентам, которые к ним готовились. Лекция-диспут, как и намечалось, проводилась через неделю. Выступающих по каждому вопросу было так много, что пришлось ограничить время выступлений до 6-7 минут и не более 6-7 человек на каждый вопрос. Если не успеваем разобрать все вопросы необходимо оставить на семинар остальное. Знания, полученные в ходе диспута-лекции, более разносторонние, это даже подтверждается на экзамене.

Однако делать из этого определенные выводы пока преждевременно, необходимо эксперимент расширить. Можно только твердо сказать, что к проведению подобных экспериментов нужно готовиться всем студентам, так как при подготовке всей аудитории лекция становится интересной, доходчивой, сравнимой; студенты более

активно выступают с дополнениями и даже опровержениями. Хотя проведенные опросы студентов показывают, что полученные ими знания по лекции-диспута более глубокие, прочные, но ведь и время на подготовку к ней затрачено гораздо больше. Как сравнить, полностью ли оправдано затраченное время полученным багажом знаний, нами пока достаточно не выявлено.

ЛИТЕРАТУРА

1. Маркс К. Роль труда в процессе превращения обезьяны в человека. - М., 1975. Т.21,С.45.
2. Вагин М.Я. Методика обучения истории. -М., Просвещение, 1989.
3. Запорожец К.И. Методика преподавания истории в школе. - М., 1999 .
4. Лейбенгруб В.И. Методика преподавания истории в средней школе. - М., 1995.
5. Турлыгулов Т. Методика преподавания истории в школе. - А., Наука, 1995.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена методике организации и проведению лекции-диспута в вузах, делается попытка ввода в учебный процесс новых технологий проведения лекций. На данном этапе перестройки учебного процесса в новом мышлении это необходимо.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақала жоғары оқу орындарында дәріс-диспутты ұйымдастыру және өткізу әдістемесіне арналған. Автор оқу үрдісіне дәріс-диспутты енгізу талпынысын жасады. Оқу үрдісін жаңа ой-өрісте қайта құру кезеңінде мұндай тәжірибелер аса қажет.

ӘОК 930.2 (92)

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ)

Абжаппарова Б.Ж..(Павлодар қ., Павлодар мемлекеттік пединституты)

Қазақстан тарихнамасында ұзақ жылдар бойы өндірістік-техникалық интеллигенция тарихы тек мәдени құрылыс тарихымен байланысты зерттелді. Оның арнайы саяси көзқарастары жөнінде әңгіме болуы да мүмкін емес еді. Ол еңбекшілерді, жұмысшыларды идеялық-саяси жағынан тәрбиелеуде, шығармашылықпен жұмыс істеуіне басшылық жасауда партияның көмекшісіне айналды. Тек саяси атқаратын қызметі мен өмірлік бағыты осымен анықталды, басқаша жолы болуы мүмкін де емес еді. Себебі сол кезеңдегі мемлекеттің саясаты соны талап етті.

1917 жылғы төңкерістен кейін билік басына өзіндік ерекшеліктері бар батыстық бағыт ұстанған большевиктік интеллигенция билік басына келді. Догмаланған марксизм идеологиялық доктринаның жоғарғы сатысына дейін көтеріліп, жаңа дүниетанымдық ұстанымдар барлық адамдар үшін міндеттілікке айналды.

Төңкеріске дейінгі интеллигенцияның кейбір өкілдері большевиктердің көзқарастарымен келісіп, белсенді түрде саяси күрес жүргізбегендіктен, саяси жүйені бұзып, идеологиялық монополияға кедергі келтіреді деп олардан қауіптенді.

Сондықтан большевиктік партияның құжаттарында «интеллигенция» термині негативті бағаланып, «іріп-шіріген», «буржуазиялық» эпитеттерімен қоса қолданылды. XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы кеңестік лексиконда «буржуазиялық» деген анықтама таптық жағынан қарама-қарсы бұрынғы ерекше пұрсатты тап өкілдерінің қалдықтары мен нәпмандар, коммунистік емес пиғылдағы интеллигенция өкілдері деп анықтама берілді. Марксизмнің доктриналық ережелеріне сәйкес, сол кезеңдегі саясаттың негізі бойынша, таптар мен топтардың революциялық қоғамдағы әлеуметтік рейтингі социалистік құрылыс қатынастарына байланысты анықталды.

Бұрынғы қазақ интеллигенциясы жаңа өкімет үшін сенімсіз, құбылмалы ескі қанаушы тап өкілдерімен тығыз байланысты әлеуметтік топ өкілдері ретінде қарастырылды. Алайда елді қалыпқа келтіру, азамат соғысы жылдарында оның

бірқалыпты өмір сүруін ұстап отыру, әрі жаңа мемлекеттің ғылымын, техникасын өркендетін және дамытып, өнеркәсіп пен халық шарушылығын көтеру үшін жан-жақты маманданған қызметкердерді талап етті.

Қазақстандағы мемлекеттік саясат пен өндірістік-техникалық интеллигенциясы тарихнамасына келсек, коммунистік партия мен Кеңес мемлекетінің оған ұстанған саясаты егемендік алғанға дейін, тоталитарлық жүйенің жарқын көріністерінің бірі ретінде қарастырылып, арнайы нысана ретінде зерттелген жоқ.

Мәселе мемлекеттің өндірістік-техникалық интеллигенцияға қатысты ұстанған экономикалық, әлеуметтік саясатының объектісі ретінде ғана қарастырылды.

Біз қарастырып отырған мәселеге байланысты XX ғ. бірінші ширегінде теориялық және тарихи зерттеу еңбектер көп жазылды деп айта алмаймыз. Мақала авторлары күнделікті тіршіліктің зәру мәселелерін көтеріп, еңбектер тек практикалық және саяси мәнде ғана жазылды. Бірақ публицистикалық тұрғыда жазылған еңбектер болғандығына қарамастан, кейде терең философиялық, теориялық жағынан пайымдалған ой-пікірлерімен де ерекшеленді. Ең алдымен тарихнамада В.И. Ленин мен оның төңірегіндегі әріптестерінің еңбектері маңызды теориялық - методологиялық негізін құрады. Кейінірек олар интеллигенцияның марксистік-лениндік концепциясының негізін қалаушы кеңестік қоғамтанушы-ғалымдарды өмірге әкелді.

Пролетариат диктатурасы жеңіске жеткен мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі – тез арада кеңестік интеллигенцияны құру болса, соның ішінде - өндірістік-техникалық интеллигенцияны қалыптастыру алдыңғы қатарда тұрды. Оларды жұмысшылар мен шаруалар қатарынан алмаса, арнайы білімі бар мамандарға сенімсіздікпен қарап, оларды буржуазиялық мамандар есебінде санады.

Тарихнамадағы құнды мәліметтерді бізге деректік негіз ретінде съездер мен конференциялардың шешімдері, партия қарарлары, қаулылары береді. Сондықтан мемлекеттік саясат пен өндірістік-техникалық интеллигенция мәселесін зерттегенде, ол құжаттар бір-н-бір дерек көзі ретінде саналады. РКП(б) пен IX съезіндегі қарарларында (1920ж. 29 наурыз – 5 сәуір): «а) әкім - директор берік жігерлік, шыдамдылық және атап айтқанда, мамандарды, техниктерді, инженерлерді жұмысқа тартуда қабілеттілік көрсеткен маман жұмысшылардан қойылады; оның жанында, техника жағынан жәрдемші ретінде инженері болады; б) кәсіпорынның іс жүзіндегі басшысы ретінде қажетті мағлұматы бар маман-инженер болады, оның жанында мол праволары бар және істің барлық егжей-тегжейіне төселуге міндеттенген маман-жұмысшылардан комиссар қойылады»- деп жазылған [1/, 162] Қаулыдан аңғарып отырғанымыздай, партияның жұмысшыларға зор сенім артып, оларды жетекші күшке айналдырып, онан кейінгі орын инженерге берілген. Жұмысшыларды жақсы еңбек еткендігі үшін инженер-техниктік қызметтерге жоғарылату институттары пайдаланылды. Жұмысшылар мен шаруалар қатарынан шыққан мамандардың жоғарғы мәдениетті, саяси білімді болуы, ұсақ буржуазиялық сенімі қалыптасқан ескі интеллигенцияны ығыстырады, -деп түсіндірді В.И.Ленин. Ол социалистік интеллигенцияны қалыптастырудың басты бағыты пролетарлық мемлекет жағына ескі мамандарды капитализмнен социализмге өту кезеңіндегі таптық күрестің бір түрі деп түсіндірді [2/, 264]. В.И. Ленин «ұйымдасқан шығармашылық еңбек қана, буржуазиялық мамандарды ығыстырып, олардың қарсыласқанына, күрескеніне қарамастан пролетариатпен бірдей деңгейде жүруіне әкеледі деп,- есептеді [2/, 143]. Коммунистік қоғамның негізгі белгілерінің бірін Ленин – жалпы буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық нанымдағы ескі интеллигенцияны жұмысшылар мен шаруалар қатарынан шыққан жоғары мәдениетті және саяси сауатты мамандармен ығыстырудан корді. 1919 жылдың өзінде В.И. Ленин. большевиктер саясатының алғашқы жетістіктерін «Жұмысшылар мен шаруалардың интеллектуалдық күштері мен оның жақтастары интеллигенттермен буржуазия, ұлттың ақыл-ойы болып есептелетін капиталдың лакейлерімен арадағы күресте өсіп, нығайды...» деп атап көрсетеді [2/, 48].

1922 жылы 6 қазанда өткен РКП(б) он екінші съезінің қарарларында «партия мен кәсіподақтар заводтар мен фабрикаларды қызыл директорлардың тиісті кадрларымен қамтамасыз етуді өзіне кезек күттірмейтін міндет етіп қоя отырып, шаруашылық

басшылықтың барлық сатыларындағы өнеркәсіпті басқару органдарында жұмысшы – шаруашылық қызметкерлерінің кадрларын, әсіресе коммунистерді көбейту ісіне аса ерекше көңіл аударуға тиіс» деп пайымдалды [3/, 453]. Маманданған инженер-техникалық кадрлар жеткіліксіз болғандығына қарамастан, ескі мамандарды кеңестік құрылысқа тартуға да жете мән берілуі қажет еді

1922 жылы 31 қазанда Орынборда өткен РКП(б) Қазақ облыстық комитетінің пленумында Қызыл керуеннің жұмысы туралы баяндаманы талқылап, қарар қабылданды. Онда «Алашорданың қарекетіне ерекше назар аударылсын және орталықта да жергілікті жерлерде де белсенді алашордашыларға қарсы тікелей күрес жүргізу, сол сияқты қазақ интеллигенциясы арасындағы, ең алдымен жастар арасындағы жұмысты күшейту жөнінде пәрменді шаралар қолданылсын деген қарар қабылданды [4/,78]. Қазақ интеллигенциясын партияның міндеттерімен, мақсаттарымен және кеңес құрылысының негізгі ережелерімен таныстыру тұрғысында жұмыс жасалды. Өкімет тарапынан интеллигенцияның арасына жік салып, алашордашыларға қарсы айдап салу әрекетті ашық көрініс тауып отырғандығын аңғарамыз. 1923 жылғы 11-15 қазанда Орынборда өткен РКП(б) Қазақ облыстық Комитеттінің кеңейтілген пленумында: «ә) Қазақ ұсақ буржуазиялық интеллигенцияның аз ғана тобы іс жүзінде әлеуметтік тұрғыдан берік элементтердің мүдделерін білдіреді, кедейлердің таптық сана-сезімінің және қазақ халқының әлеуметтік қайшылықтарының өсуін тежеп, халықтың бірлігін уағыздайды және қоғамдық өмірдің құбылыстарын ұлтшылдық тұрғыдан түсінуін көлденең тартады. Кезінде Алаш партиясы осы негізде құрылған болатын, ол ұйымдық тұрғыдан ыдырап кетсе де, коммунизмге дұшпан идеялық ағым ретінде сақталған және жас ұрпақты ұлтшылдық пен шовинизм рухында тәрбиелеуге тырысады. Сөйтіп ұлтшылдық қазақ кедейлеріне коммунистік ықпалдың өсуіне өте күшті кедергі болып отыр» [4/, 89-90], деп зерделенген. Ескі интеллигенцияны ұлтшылдықпен айыптап, қазақ кедейлеріне кедергі болып отыр деген түсініктің болуы дұрыс емес. БКП(б) Қазақ өлкелік комитеттінің 1926 жылы 30 сәуір мен 3 мамыр аралығында өткен пленумында бұқаралық ұйымдардың жұмыстарын жандандыру арқылы кәсіподақтардың қазақ өлкелік советі фракциясының есебін тыңдап, өлкелік комитеттің пленумы фракцияның қызметін мақұлдады және бірқатар жетістіктерді (одақтар санының артуын, қазақтар санының көбеюін, облыстық құрылысты, ұлттық жағдайларды реттеп, шешуді) атап көрсетіп, таяудағы кезеңге мынадай міндеттер белгілейді: 1) өркендеп келе жатқан өнеркәсіптегі жұмысшылар құрамының тұрақтамаушылығына қарсы күресу, тұрақты, орныққан кадрлар жасауды көздеу. Кәсіпорындардағы жұмысты күшейту, өнеркәсіпті аудандарды білімді партия қызметкерлерімен қамтамасыз ету..., 3) өнеркәсіпті өркендету негізінде қазақтандыру және бұл шараны ұзақ уақыт түсіндіру..., 6) кәсіподақ аппаратын одан әрі қазақтандыру, әсіресе төменгі буындарда қазақ қызметкерлері кадрларын көбейту. Қызметкерлерді төменнен жоғарылатып отыру және олардың теориялық дәрежесі мен практикалық білімін көтеру. Аппараттарда қызметкерлерді дұрыс орналастырып, дұрыс пайдалану, олардың аппаратқа кәсіподақ демократиясы тәртібімен өтуін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды [4/, 280-281]. Үкімет шығарған қаулыларда жұмысшы табының ролін арттыруға көбірек мән беріліп, инженер-техникалық мамандар жайлы көп айтыла қоймайды. Мамандардың құндылығына, адам факторына көңіл бөлінбеді. Тек мемлекет пен өкіметтің қаулы, қарарларын орындауға арналған нұсқаулар көптеп берілді.

Қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерінің бірі – М. Шоқай отанынан жырақта жүрсе де елде болып жатқан жаңалықтармен хабардар болып, «Туркестан под властью советов» деп алатын еңбегінде қазақ пролетариатының санының өте аз екендігін ескерте отырып, өнеркәсіп пролетариатының басым бөлігі Қазақстанның Эмба-Нефть, Қарсақпай, Риддер сияқты пункттері мен жаңа құрылысы басталған Түркістан-Сібір темір жолында шоғырланғанын жазады. Онда кеңес өкіметінің қазақ халқына ұстанып отырған саясатына тоқталады. Риддер заводының бұрын 1918 жылға дейін Уркварттың ағылшын компаниясына қарағандығын, қазір шетелдік техникамен қайта жабдықталғандығына тоқталады. Қазақтардың тығыз орналасқан орталығында

орналасып, ерекше өнеркәсіптік құндылығы бар болса да, Кеңестер Одағының орталық органына бағынышты екендігін ашық айтады. Риддер заводында мыс, қорғасын, қалайы өндіріледі. Соңғы уақытта завод аумағында алтын да табылды. Заводтағы барлық жұмысшылар мен қызметкерлердің барлығы 2.800 адамды құраса, оның ішінде 370 қазақтар. Тек бір жұмысшы-қазақ маманданғандардың санатында, сонда барлық қалғандары жай жұмысшылар немесе дәлірек айтқанда - қара жұмыскерлер. Завод жанында маманданған жұмысшылар дайындайтын фабрика - завод мектептері болғанымен, онда қазақ тілін білетін оқытушылардың жоқ болуына байланысты, қазақтарға рұқсат етілуі қиын. Заводқа жіберілген қазақ жастары фабрика-завод мектептерін аяқтағаннан кейін, қара жұмыскерлер қатарына қабылданады. Бірдей маманданған орыс және қазақ жұмысшылары бірдей жалақы алмайды: орыстар көп, қазақтар аз алады» деп қазақ мамандарына деген жанашырлық сезімін білдіреді М.Шоқай. Қазақтар елді басқаруға кеңінен қатысуда деген өтірікке ашынады [5/, 370-373].

Қысқа мерзім ішінде кеңестік техникалық интеллигенцияны жасап алу күрделі міндеті алға қойылды. Мемлекет кадрлар дайындау ісіне батыл кірісті. XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы жаңа кеңестік интеллигенцияның ерекше белгісі патриотизм деп саналды. Бұл концепт интеллигенцияның саяси мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде О.Ю. Олейниктің ғылыми еңбегінде зерттелді [16/, 103, 107]. Автордың тұжырымы бойынша 30-шы жылдары кеңестік патриотизмнің феномені қалыптасып, ол идеологиялық, саяси процестерде маңызды рөл атқарды. Билік басындағылар патриотизмді жеке адамды басу, қоғамдық сананы милитаризациялау, жаппай репрессияны ақтау үшін қолданды. Өндірістік-техникалық интеллигенция өкілдері де сталиндік жүйенің мықты идеологиялық күші ретінде оның теориясы мен практикасын негізге алып, жүзеге асырды. Кейбір көзге көрінген алдыңғы қатарлы өкілдері билік басына келін, «билік төңірегіндегі» интеллигенцияға айналды. Жаңа интеллигенция қоғамдық өмірге белсене араласқандықтан, марксистік-лениндік рухта тәрбиеленгендіктен, демократия мен шығармашылық еркіндікті аса қажет ете қоймады. Кеңестік интеллигенция бұрынғысынша халық бұқарасының сенімсіздеу, құбылмалы тобы күйінде қала берді. Жаңа партиялық, коммунистік, кеңестік интеллигенция билік пен репрессияның қатаң бақылауында болды. Жаңа интеллигенцияны Ленин қолдағанымен, оларды өзінің әлеуметтік тірегі деп есептемеді.

1930-шы жылдардың басында инженер-техникалық мамандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілген қамқорлықты 1932 жылғы 30 қаңтар мен 4 ақпан аралығында өткен ВКП(б)-ның он жетінші конференциясы қабылдаған қарарлардан аңғаруға болады: «инженер-техник персоналға ескі мектептен шықса да, жаңа буыннан шықса да барынша қамқорлық жасап, көңіл бөліп, техниктер мен инженерлерге тапсырылған жұмыстың жауапты басшылары деген лайықты орын беру керек, жаңа өндірістерді жолға қою ісіндегі, материалдарды үнемдеу жөнінде және өнімнің сапасын жақсарту жөнінде тиімді шараларды іздеп тауып, жүзеге асыру ісіндегі, өндірісті ұйымдастыруды жақсарту ісіндегі, т.с. жөніндегі олардың бастамаларын көтермелей отыру керек» [7/, 300]

1930-шы жылдардың ортасында Сталин «кадрлар бәрін шешеді», «бастысы осында», «оларсыз екі аяғымыздан ақсаймыз» деген жаңа ұрандарды ұсынады. Социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының қауырт өсуі, техниканы меңгерудің қажеттігі, басшылықты қайта құру, шаруашылық және мәдени құқылыстың басшылығына жұмысшылар мен колхозшылардың жаңа тобын тарту – кадрларды даярлау мен жаңа кадрларды, әсіресе, жергілікті халық өкілдерінен жоғарылату міндетін ерекше шұғыл алға қояды (1939 жылғы наурыз айында өткен партияның XVIII съезінде жасаған есепті баяндамасында: «...у нас сложилась многочисленная новая, советская, интеллигенция, вышедшая из рядов рабочего класса, крестьянства, советских служащих, плоть от плоти и кровь от крови нашего народа...» деп атап көрсетін, «жаңа, халықтық, социалистік интеллигенция» біздің еліміздегі мәдени революцияның ең маңызды қорытындыларының бірі екендігін жариялады» [8/, 314].

Кеңес мемлекеті жоғары маманданған, білімді өндірістік-техникалық интеллигенцияны қалыптастыру үшін, социалистік құрылыс орнату жолында кадрлар мәселесін шешуге зор көңіл бөлді. Алайда әкімшілік-шаруашылық жағдайды білетін мамандар тапшы болғандықтан, толық қамтамасыз ете алмағандықтан мамандармен толықтырудың жаңа жолдарын іздеді. Соның бірі өндірістік-техникалық интеллигенция қатарын жоғарылату арқылы әкімшілік, шаруашылық, инженер мамандармен толықтыру арқылы жүргізілді. Жоғарылату институты ой еңбегімен айналысатын жұмысшылар мен шаруалардың үлестік салмағын арттырып, маңызды әлеуметтік міндет атқарды.

Неғұрлым даярланған жұмысшылар мен шаруаларды партия, кеңес, кәсіподақ, әкімшілік-шаруашылық жұмыстарына жоғарылатуда, сол кездегі саяси жағдайға байланысты, оның білімділігі мәселесіне маңыз беріле қоймады. Жоғарылатудың басты талаптары: таптық негізінің болуы, социализм ісіне берілгендігі, адамдармен жұмыс істей білу қабілеттілігінде болды. Жоғарылытылғандардың басым бөлігін жұмысшылар табы берді.

РКП(б) Қазақстан облыстық бірінші конференциясының қарарларында: «патша өкіметі шикізат беріп отырушы ретінде қанап келген қазақ ұлтының өнеркәсіптік пролетариаты жоқ, сондықтан өнеркәсіпті жасау, фабрикаларды шикізат көздеріне жақындату біздің кезекті міндетіміз болуға тиіс», - деп атап көрсетіліп, Қазақстанды жоғары экономикалық формаларға бірте-бірте көшіруге тиіс екендігі айтылады.

Белгіленіп жатқан ұлан-ғайыр жұмыстар үшін ең алдымен саны аз пролетариат, жартылай пролетариат және қазақ интеллигенциясының бір бөлігін дәйекті түрде пайдалануға тиістілігі де көрсетілді. Мемлекет жүргізіп отырған саясатта ең алдымен пролетариаттың ықпалын сақтап нығайтуға, оны мемлекеттік кәсіпорынның төңірегіне жинап, материалдық жағдайын жақсартуға көңіл болініп, өндірістік-техникалық интеллигенция мамандарына сонан кейінгі ретте ғана мән берілгендігін партия құжаттары растайды.

Кадрларды іріктеп алу Қазақстандағы партиялық жұмыстың бірінші кезектегі міндетіне айналды. Коммунистік құрылысты идеологиялық жағынан қамтамасыз етуде кеңестік дәуірде коммунистік партия құжаттарында кеңестік қоғам тарихын зерттеуге мән берілді. Компартияның XX съезінен кейін ғалымдардың үштен екі бөлігі партия тарихы немесе Кеңестер Одағы тарихын зеттеумен айналысты [9,183]. Барлық партия құжаттары мен тарихшылар еңбектерінде Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының басшылық рөліне көбірек көңіл бөлінді. Себебі, бұл тарихи зерттеулердің теориялық-методологиялық негізін марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері мен партия құжаттары құрады. Тоталитаризм жылдары партиялық басшылықтың мемлекеттік саясаты үстемдік еткендіктен, жарық көріп жатқан еңбектердің барлығы қатаң цензурадан өтті.

Сол кезеңдегі саяси жағдайға қарамастан ұлттық интеллигенцияның рөлі жөніндегі мәселе тереңнен талданды. Пікір-таластың басталуына Москвада оқитын қазақ жастарының ашық хаты себепші болды [10]. Хат авторлары көрнекті қазақ коммунистеріне өз ойларын ұсына отырып, ескі қазақ интеллигенциясының революциядағы рөліне дұрыс баға беруге, жаңа Қазақстан интеллигенциясының қалыптасуының қиындықтары мен ерекшеліктері неде екендігін, Кеңес үкіметі жағдайында қазақ ұлттық мәдениетінің онан әрі дамуы қалай болады, бұл мәдениетті пролетариат мәдениеті деуге бола ма, осындай мәселелерді түсіндіруді талап етті. Бұл сұрақтарға жауапты Т.Рысқұловтың «Жастар хатына жауап» [11], «Ауыл, интеллигенция, Компартия және мәдениет жайлы» мақалаларында нақты жауап берілді [12]. Т.Рысқұлов интеллигенция мәселесі жөнінде қызықты және дұрыс ой тұжырымын және ескертпелерін береді. Ескі кадрларға дифференциалды түрде қарап, олады қайта тәрбиелеу және пайдалануға жағдай туғызу қажеттігі жайлы айтады.

XX ғасырдың 20-30 жж. ғылыми кадрлардың жетіспеуіне байланысты, көлемді ғылыми зерттеулер аз болды. Қазақстандық тарихшылардың өндірістік-техникалық интеллигенцияға ұстанған мемлекеттің саясаты жайлы жазылған зерттеулер де жеткіліксіз еді. Сондықтан өз деңгейінде ғылыми баға беру бізге қиынға соқты. Тек

баспасөз, насихат материалдарында мамандар даярлау, халыққа білім беру, мектептерді жергіліктендіру жөнінде брошюралар, мақалалар, шағын кітапшалар түрінде ғана жарияланды. Авторлардың көршілігі идеология, мәдениет саласының қызметкерлері болғандықтан, ғылыми тұрғыда жазылған тарихи еңбектер жазбаса да, сол кезеңдегі мәдениет, ғылым, ағарту істері жөнінде талдау жасап, мәдени артта қалушылықты өлкеде жою жолдары, соған байланысты істелетін жұмыс шаралары жайлы жазды [13/].

Г. Береза халық шаруашылығын қайта қалыпқа келтіру кезеңінде кадр мәселесі ең күрделі міндетке айналып отырғандығын айта келіп, Қазақстанда бұл мәселенің тіптен сын көтермейтіндігін айтады. Оны шешудің нақты жолдарын көрсете отырып, пролетариат қатарынан шыққан жаңа мамандарды даярлауға, әсіресе жергілікті халықтан шыққан маманданған жұмысшыны инженерге дейін көтеру керек деген ұсыныс айтады [14/, 5-7]. Г.Береза «Кадрлар үшін күрес – таптық күрес» деп аталатын бөлімінде кадрлар мәселесінің шешілуі социалистік құрылыстың жетістігіне байланысты. Социалистік құрылыс үшін жаңа мамандарды дайындауда партия мен пролетариаттың күресінің таптық мәні айқындалады. Тап жауларымыз қандай да болмасын жолмен кадр мәселесін шешуге кедергі келтіруде. Буржуазиялық мамандар біздің мамандарға деген сұранысымызды көре тұрып, оған кедергі келтіруде. Сол арқылы социалистік құрылыстың екпінін тежеп, кадрлармен жаңартуды төмендеткісі келеді.

Буржуазиялық мамандармен бірге партияның оңшыл уклонындағылар кадрлар үшін күрестің таптық мәнін, қажеттігін түсінбей отырғандығын айтады. Қазақстан қызметкерлерінің арасында кадрлар мәселесі төңірегінде скептикалық ойлайтын ерекше «теорияның» пайда болғандығын, теорияның негізі – Қазақстанда білімді адамдар аз, сондықтан жоғары оқу орындары мен техникумдар мен басқа оқу орындарына резервтерді қайдан аламыз. Сондықтан, олардың санын да арттырмау керек, оқу орындарын да қазақтандыруға күш салмау керек деп отырғандығын айтады. «Уайымшылардың» екінші теориясы партияның оңшылдар тобы мен орыс шовинистерінен тұратындығын айта келе, Қазақстанда қазақ пролетариатының аздығына және кедейлер мен батрақтардың шала сауаттығына байланысты таптық жағынан сәйкес келетін арнайы оқу орындары мен курстарды толықтыра алмаймыз. Мұнан шығатын қорытынды: оқу орындарын қазақтандырмау, пролетариаттандырмау керек, керісінше, интеллигенттердің басым бөлігін, олардың балалары мен, ауқатты адамдардың балаларын алсақ, маманданған мамандардың өнімін тез берер еді деген пікірді қолдайтындықтан, бұл теорияның өміршең емес екендігін айтады [14/, 8-11]. Г.Березаның көп ойларымен келісуге болмайды, кадрлар үшін күрес қандай таптық күреске айналуы мүмкін. Кадр мәселесін шешуге еңбекте таптық, саяси мән берілгендігін аңғарамыз.

Социалистік қайта құру жылдарында ұлттық саясаттың маңызды мәселелерінің бірі – жергіліктендіру болды.

Ұлт мәселесінде партияның саясатында пролетариат табының идеологиясына қарсы екі негізгі уклон бар: ұлыдержавалық шовинизм және жергілікті ұлтшылдық деп атап көрсетілді. Жергіліктендірудің мәні социалистік құрылысқа артта қалған ұлттарды тартуда, сондықтан бұл мәселе тез, жылдам түрде шешілу қажеттігі айтылды.

Социалистік құрылыс халық бұқарасы үшін құрылыс емес, бұл халық бұқарасының өз ішіндегі құрылысы болып саналады. Жергіліктендіру – қазақтандыру емес, бұл «национализациялау». Социалистік құрылысқа идеологиясы марксистік болмаса да, ұлтшылдықпен уланғандарды өз жағымызға тартпасақ қате болған болар еді. Біз олардың білімін артта қалған ұлттардың мәдени және шаруашылық деңгейін көтеру үшін пайдаланып, олардың өзін қайта тәбиелеуіміз керек. Жергіліктендіруді кадрларсыз шешуге болмайтындығы жайлы айта келіп, сол кезеңдегі өлке басшысы Голощекин оны шешу үшін үлкен күш жұмсау қажеттегін еске салады. Партия ішіндегі уклоншыдармен күресу қажеттігін көрсетеді [15/, 215-234]. Партия арасынан жік тугызып, жау іздеу Голощекинге тән қасиет еді. Дегенмен жергіліктендірудің өндірістік-техникалық интеллигенция мамандарын қалыптастыруға тигізген зор ықпалы болды.

О.А.Сафро, С.Меңдешов еңбектерінде Қазақстанда халыққа білім берудің, ұлттық мамандарды даярлау қажеттігі жайлы айтқанымен, ұлттық мамандардың әлеуметтік құрылымы, көзқарастарының қалыптасуы жайлы жазылмаған. Ш.Әлжанов, Т. Дейнега еңбектерінде қазақ жастарын мектептерге және республиканың жоғарғы оқу орындарына тартуға көңіл бөлген, әрі осы оқу орындарының дамуының алғашқы қадамдары, орта арнаулы оқу орындарын қайта құру мәселелері қарастырылған. І.Қабыловтың еңбектерінде де республикадағы ұлттық мәдени құрылыстың күрделі мәселелерін тереңнен талданған.

Репрессия жылдарында өндірістік-техникалық интеллигенцияға да сенімсіздік көрсетіліп, олардың қатарынан жау іздестірілді. Л.Мирзоян ҚК(б) П бірінші съезінде жасаған есепті баяндамасында: «Біздің өнеркәсіпте тек бірыңғай жетістіктер болды деп ойласақ, дұрыс болмас еді. Біздің өнеркәсіп жұмысында көптеген кемшіліктер мен көптеген артта қалушылық та бар. Бәрінен бұрын, атап өтуіміз керек, біздің кәсіпорын, партия ұйымдарының басшылары немқұрайдылық танытып, зиянкестік жұмыстарды дер кезінде байқағанда, біздің өнеркәсіп саласындағы жетістіктеріміз бұрынғыдан көп болар еді. Жапон-герман-троцкист агенттері Риддер, Шымкент, Ащысай, Қарағанды, Балқаш кеніштерінде өздерінің зиянкестік әрекеттерімен аз зиян келтіріп отырған жоқ. Кельмансон – Шымкентте, Вебер – Риддерде, Дрей – Қарағандыда, Горский – Балқашта – біздің адамдарымыздың арасында, партия ұйымдарының алдында ұзақ уақыт бойы біздің кәсіпорындарымызды бүлдіріп, бұзып, зиянкестік келтірген.

Кәсіпорындардағы зиянкестік қалдықтарын аяғына дейін қазып, тез арада шешу міндеттерін көрсете отырып, Л. Мирзоян шаруашылық кадрларының партиялық-саяси деңгейін көтеруге мән беру керек» деп есептейді [16/, 32,33]. Мемлекет басшысы Л. Мирзоян өндірістік-техникалық интеллигенция қатарынан халық жауларын көруі сол кезең үшін таңданарлық көрініс емес. Барлық зиялылардың басына түскен ауыртпалық өндірістік-техникалық интеллигенцияны да шарпыды. Қаншама жазықсыз инженерлеріміз мен техниктеріміз зұлмат құрбандығына айналды. Жоспар орындалмаса жау саналды. Шолақ белсенділер кәсіпорын басшылары мен директорларын большевиктік қырағылық көрсете алмай отыр деп айыптады. П.Анискиннің «Большевик Казахстана» журналында жазған мақаласында да Балқаш комбинаты құрылысында командирлер мен инженер-техникалық қызметкерлер арасында халық жаулары стахановтық қозғалысты бұзып, жауапсыздық танытып отыр деп айыптады. Троцкистер бұрынғы Балқаш горком хатшысы Назаренко, КП(б)К Қарағанды обком хатшысы Пинхасик, Балқаш горком партиясы мен оның хатшылары Лаптев пен Юровскийлер Балқаш құрылысындағы зиянкестік әрекеттерді жоюға большевиктік түрде кіріспей отырғандығын сынады [17/, 19-24]. XX ғасырдың 30-шы жылдары Кеңестер Одағындағы көптеген халықтардың интеллигенциясының басым бөлігін тоталитаризм жойса, қазақ халқында қазан төңкерісіне дейін қалыптасқан, классикалық интеллигенттілік пен интеллигенттік сана-сезімнің жаршысы болып саналатын, интеллектуалдық элитаның барлығы дерлік жойылды. Қазақ ұлттық зиялыларының ішінде шоқтығы биікте тұратын тұлғаларының бірі - Ә. Бөкейханов. Мамандығы бойынша инженер-техник XIX ғасырдың 80-ші жылдары Омбы қаласында техникалық училищеде білім алып, кейін Санкт-Петербургтегі орман-техникалық институтын аяқтайды. XX ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысында қазақтарға берілетін жер нормасына байланысты алаштық интеллигенция мен отаршыл күштер арасында бітіспес күрес шырқау шегі өрбіді [18/, 68]. Бұл күреске белсенді түрде қатысқандардың қатарында, алаш қозғалысының белсенді мүшелері сол тұстағы жер Комиссариатының басшы қызметкерлері Мырзағазы Есболов, Тел Жаманмұратов, Сәлімгерей Қаратлеуов сияқты қайтаркерлер болса, Әлихан Бөкейханов та Қазақстандағы отырықшылыққа көшіру, қазақ шаруаларына тиесілі жер көлемін анықтау мақсатында КСРО Ғылым Академиясы жанынан құрылған экспедицияны (төрағасы С.П. Швецов) ұйымдастыру идеясының авторы болумен қатар өзі де соның құрамына еніп, зерттеу жұмысына ат салысты. Ә. Бөкейханов 1929 жылы мамыр айында ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «менің жер саясатына қатысты көзқарасым мынаған саяды: жер үлесіне байланысты орыстар(қоныс аударушы) мен

қазақтарды теңгеруге болмайды, өйткені орыстар мәдениеттірек, сондықтан да олар әрқашанда егіншілікте үстемділік көрсетіп, қазақтарды кіріптар етеді. Жер мәселесінде менің «ұлтшылдығым» осы», - деп атап көрсетеді [18/69].

Репрессияға ұшырағандардың қатарында Қаржы халық комиссарлары: Мұхамед-Хафиз Мұрзағалиев, Мұқаш Орымбаев, Ілияс Молдажановтар болды. Өндірістік-техникалық интеллигенцияның қатарына орын алатын тұлғалардың бірі - Мұхамед-Хафиз Мұрзағалиев 1926 жылы Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының Қаржы халық комиссары етіп тағайындалды. Бірақ бұл орында ұзақ отырмады. Экономика саласында қызмет ете отырып, ол Қазақстандағы жер өнімі мен мал шаруашылығы өсімінің өзіндік ерекшеліктері туралы батыл байламдар жасайды. Ол бюджет саласының білгірі еді. Қаржы халық комиссары болған тұста орталық аппарат қызметкерлерін қысқартып, ұлттық кадрларға көп көңіл бөлді.

1937 жылы құрбан болғандардың бірі – Мұқаш Орымбаев. 1930 жылы Қаржы халық комиссары болып бекітіліп, 1933 жылға дейін осы қызметте тұрақты істеді. Бұл кезең қазақ халқының басына түскен ауыр, ашаршылық, трагедия кезеңі М. Орымбаевқа оңайға тиген жоқ. Ол ауыр уақыт, сын кезеңде еліміздің қаржы саласында еңбек етті. М. Орымбаев та 1937 жылдың зобалаңынан аман қалмады.

Халық жауы атанғандардың қатарында Ілияс Молдажановқа таққан айыпта «ол контрреволюциялық ұлттық топ құрып, антисоветтік қызмет атқарды, троцкистік ұйыммен бірлесіп, Қазақ буржуазиялық мемлекетін құруға атсалысты». Тіптем БКП(б) мен Кеңес мемлекеті басшыларына қарсы террористік акт әзірлеп, сол топ өкілдерімен бірге ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, қаржы саласында зиянкестік әрекеттерді ұйымдастыруға қатысты деп ауыр айып тағылған /19/. Қуғын-сүргін жылдары өндірістік-техникалық интеллигенцияға да ауыртпалығын әкелді.

Мемлекеттік саясат пен өндірістік-техникалық интеллигенцияның 1917-1940 жылдар арасындағы тарихнамасына тән ерекшелік – ғылыми зерттеулердің тереңнен зерттелмеуі, жетістіктер мен табыстарды асыра бағалаушылық, шешілмеген мәселелер мен қиындықтар кемшіліктер жайлы үндемеу. Одан басқаша ойлауы мүмкін емес те еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. КПСС създерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері. Т.2. (1917-1927). А., 1972. 163-бет.
2. Ленин В.И. Полн Собр. Соч. Т. 14.
3. КПСС създерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері.Т. 5.(1917-1927). А., 1972.
4. Қазақстан Коммунистік партиясы създерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері. Т.1. А., 1987.
5. Шоқай М. Таңдамалы. Т.2.А., 1999.
6. Олейник О.Ю. Политическая культура интеллигенции и патриотизм в 1930-е годы: (К постановке проблемы) // Интеллигенция России: уроки истории и современность: межвуз. Ст. науч. тр. Иваново, 1996.
7. Қазақстан Коммунистік партиясы създерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері. Т. 2. А., . 1972.
8. Сталин И.В. Соч. Т. 4.
9. Советская историография. Под. ред.Ю.К. Афанасьева. М.,1995. С. 183.
10. Еңбекші қазақ, 1925, 17 қараша.
11. Еңбекші қазақ, 1926, 9 шілде.
12. Қызыл Қазақстан, 1927, №5-7.
13. Сафро О.А. Всеобуч в рабочих районах Казахстана.// Народное хозяйство Казахстана. 1931,№4; Мендешов С. Состояние и задачи подготовки национальных кадров.// Народное хозяйство Казахстана. 1933, №3; Дейнега Т. Коренизация школы – важнейшая задача осуществления ленинской национальной политики.// Большевик Казахстана. 1932, №1; Кабулов И. За решительное развертывание культурного строительства.// Большевик Казахстана. 1933. №8-9.

14. Береза Г. Проблема кадров в Казахстане. Алма-Ата, 1931. С.5-7.
15. Голощекин И. Коренизация – важнейшее звено национальной политики. Доклад на V пленуме Крайкома ВКП(б). 1929 г. Культурное строительство Казахстана в период социалистической реконструкции. Алма-Ата, 1962.
16. Речь товарища Л.И. Мирзояна. // Большевик Казахстана. 1936. №1-2.
17. Анискин П. Балханийский комбинат должен строить весь Казахстан. // Большевик Казахстана, 1938. №9.
18. Қойгелдиев М. Алаштың Әлихан. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. А., 1993. 68-бет.
19. Алтай Асқар. Бұрқак өмір, бұлқак тағдыр. // Егемен Қазақстан. 5 ақпан, 1997.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются историографические проблемы производственно-технической интеллигенции в свете государственной политики.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала мемлекеттің өндірістік-техникалық интеллигенцияға байланысты саясатына арналған. Автор бұл мәселенің тарихнамалық жағын қарастырған.

ӘОК 930.2:811.34

ТАРИХИ МҰРА: АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІ ТУЫНДЫЛАРЫ XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА

Айтбаева Р.Т. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

XVIII ғасырда қазақтардың негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болғандығы жайында орыс саяхатшыларының, зерттеушілері мен шенеуіктерінің еңбектерінде айтылған [1/,123]. Қазақстанның географиялық жағдайының өзі мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы екендігі туралы олардың еңбектерінде дәлелденген [2/.

Осы кезеңге байланысты қарастырған ауызша тарих айту дәстүрі туындылары: тарихи жыр, дастандардың мазмұнымен танысқанда да қазақтарды негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандығын анық көреміз. Бұл туындыларда жалпы қазақ жері, елі туралы айтылғанда, үнемі мал өсіру, мал жайылымы, мал өнімдері туралы айтылады. Мысалы, қазақ елі, жері туралы «Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында былай делінеді:

Қысы жоқ, майдай шуақ Сырдың бойы.

Бұйратта, тау ішінде жылқы, қойы.

Ортада жауын жайқап қазақ жатты.

Сары қымыз, ағып майы, айт пен тойы [3/, 265].

Ал, «Төле бидің тарихы» дастанында:

Алатау Ұлы жүздің қонысы еді,

Жамағаты төрт түлікке тегіс еді.

Ыңғайлы қарлы-қарсыз бауыры салқын,

Төрт түлік малға лайық өріс еді. –делінген [4/,333].

XVIII ғасырда қазақ жерінде болған И.Георгий мен С.Паллас өз еңбектерінде қазақтардың төрт түлік мал өсіріп, олардың өнімдерін негізгі азық ретінде пайдаланғандығын айтады [1/, 125, 132].

Тарихи жыр мен дастанда келтірілген мәліметтер бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдейді. «Төле бидің тарихы» дастанында, «ақтабан шұбырынды» кезінде Төле бидің халыққа айтқаны деп мынадай жолдар келтірілген:

Жүруші едік көшпенді халық болып,

Қымыз ішіп айранмен,

Ірімшік пен етті жеп [4/, 319].

Бұдан әрі дастанда «ақтабан шұбырынды» кезінде көшіп бара жатқан елдің туған жері жайлы: Сырбаз ат, сары қымыз ішіп күнде,

Тамаша сауық-сайран құрған жері – деп айтылады [4/, 320].

Шақшақ ұлы ер Жәнібек жырында «ақтабан шұбырындының» алдындағы қазақ елі туралы: Бағлан етін қойдырған,

Қысырдан тайды сойдырған,

Мында болса тойдырған,

Сапырып қымыз құйдырған... – делінген [3/, 283].

Міне бұл мысалдардан, қазақтардың негізгі тағамдары төрт түлік малдың етінен, сусындары сүтнен эзірленгендігін көреміз. Қазақтардың төрт түлік малдың ішінен көп қастерлегені, жаугершілік заманда үлкен қызмет атқарғаны жылқы малы еді.

Тарихи жырда шаруашылық туралы аз айтылғанымен, жылқы малына байланысты бірқатар эпизодтар кездеседі. Мысалы, «Өтеген батыр» жырында:

Аралаушы еді жылқыны

Көңіліне жағар ат іздеп,

Қоя берді еркіне

Үндеместен ер Өтеп,

«Атын өзі тапсын»-

деп Өтеген батырдың ағасы Өтептің жылқысының ішінен жақсы ат іздеп таңдағандығы айтылады [5/].

«Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында Жәнібектің нағашы ағасы

Бектасқа он екі мың жылқы біткен

Қойының есебі жоқ, онан да өткен

– деп ол кісінің байлығы сипатталады. Сол көп жылқының ішінен атасы Жәнібекке құрық тимеген асау тұлпарды сыйға тартады [3/, 252].

«Олжабай батырдың» жырында Олжабайдың әкесі

Толыбайдың жастайынан мініп жүрген

Бар екен тай күреңдей жүйрік аты

Бәйгесін орта жүздің алып жүрген

Бір түнде бұл тай күрең жауға түсіп,

Толыбай қалған екен жабырқанып,

- деп, одан әрі Олжабайды сол атты ізеп шығып қырғыз елінен тауып қайтқандығы баяндалған [6/, 300, 301].

Тарихи жырдан келтірілген бұл мысалдардан, қазақтар өмірінде жылқы малының зор рөл атқарғандығын көреміз. Жылқы ең алдымен көлік, батырлардың серігі болған. Сондықтан болар, тарихи жырлардың барлығында дерлік батырлардың атын сипаттауға көп көңіл бөлінген. Сонымен қатар, қазақ қоғамында мал, оның ішінде жылқы малы байлықтың негізгі көрсеткіші болған. Паллас «Қырғыздардың байлығы малдан тұрады, оның ішінде жылқы мен қойы көп» - деп көрсеткен еді [7/, 581].

Сыйлыққа жылқы малын беру зор құрметті көрсеткен. Жылқы сән-салтанаттың белгісі болған. Бәйгеге шабатын жүйрік ат өте жоғары бағаланған. Жылқы барымтаға түсіп, әр түрлі дау- жанжалдардың да себепкері болған. Сондықтан болар, қазақтар «ақтабан шұбырынды» кезінде Жиделі байсынға ауғанда ол жақтың халқы жылқының

Төрт аяғы болат екен

Бұл өзі жылқы деген мал екен

Жүрген жері жаугершілік

Болатұғын бәле екен – деп аттырып тастағаны.

Бұл мәлімет «Төле бидің тарихында» келтірілген [4/, 317].

Қазақтар жылқы, қоймен қатар түйе, ешкі, ірі қара мал ұстаған. С. Паллас түйе мен сиырдың саны жылқы, қойға қарағанда әлдеқайда аз болғандығын, себебі оларды қыстан сақтау қиынға соққандығын айтады. Ал ешкіні сүті мен терісі үшін ұстаған [7/, 584].

Бұл пікір негізінен дұрыс болса керек. Себебі ауызша тарих айту туындыларында да түйе, ешкі, ірі қара мал туралы мәліметтер аздау. Мәселен, «Төле бидің тарихында»:

Жас күнінде Төлеге

Әлібек түйе бақтырды

– делінсе, «Абылайхан жырында» Абылайдың Сабалақ деген атпен Төле бидің үйінде жүргенінде

Сабалақ түйе бақты, жылқы бақты,

Төлеге қалай айтса, әбден жақты – делінген. Қазақтардың ешкі малын ұстағандығын «Төле бидің тарихында» Төле бидің әкесі Әлібектің тұрмысы туралы

Қара үй тігіп, аз ғана ешкі сауып,

Отан етті оңаша бір жотаны – деген мысалдан көреміз [4/, 260].

«Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында жоңғар шапқыншылығы кезеңінде, күйзелген елге, аман қалғандары көмектесіп, жылу жинап

Байына толық қара, кеміне қой – берлігендігі айтылады.

Көшпелі мал шаруашылығы табиғат жағдайына тәуелді шаруашылықтардың бірі. Төрт түлік малды ұстау үшін тек табиғи жайылымдар пайдаланылды. Сондықтан да малды қыстан аман алып шығу көшпелі мал шаруашылығының басты мәселесі болған. Қазақтар қысқа қарай малға қолайлы, соққан бораннан, желден сақтайтын қыстауға орналасқан. Жылқылар алыс жайылымдарға жіберіліп, қой басқа да малдар қыстау маңында ұсталған [8/. Қарлы боранды күндері жайылымға ең алдымен жылқылар жіберілді, себебі олар қатты тұяқтарымен қарды теуіп, жерді босатып, қар астындағы шөпті тауып жей алған. Сөйтіп, басқа малдарға да жайылуға жол ашқан [7/,582]. Қазақтардың жылқы мен қойды көп ұстауы, олардың суыққа төзімді, қысты күні өздеріне азық тауып жей алатын мүмкіндігіне байланысты еді.

Кей жылдары ауа-райының қолайсыздығынан жұт болып, бұл көшпелі шаруашылыққа зор зиянын тигізген. Жұт дегеніміз қардың қалыңдығынан немесе қар аралас жаңбыр жауып, жердің бетін қатты мұздақ жапқаннан малдың азық тауып жей алмай, аштан қырылуы еді. «Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында «ақтабан шұбырындының» алдында қазақ елін жайлаған мәлімет келтірілген.

...Қалың қыс қарлы жаңбыр боран соқты

Жондағы қалың жылқы жонмен ықты

Күйзелді қолға қарап қой мен тоқты

Ел састы сиғыза алмай қара малды

Бұл боран бейбіт елге ылаң салды – делінген [3/, 268].

Бұл мысалдан көшпелі мал шаруашылығының тек табиғи жайылымға негізделгенін айқын көреміз. Қарлы боранның арқасында барлық мал қыстаудан ұзап жайылымға кете алмай, қолға қараған. Ал, елде оларға беретін дайын азық жоқ. Жырда одан әрі

...Он бес күн мұзды жаңбыр жауды тынбай,

...Бір тал шөп желден жылқы жей алмайды.

Сырғанап жүре алмады мал мен адам

Тырқиып жығылады басса қадам – делінген [3/, 269].

Ғылыми әдебиетте қазақтардың қыстың күні қой малы үшін қыстауға жақын жерде қора салғандығы айтылады. Қораны тастан, ағаштан, қамыстан, т.б. материалдардан соққан. Оны түнге қарай қойды қамау үшін пайдаланған [9/.

Жырда бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін мәлімет бар. Жұт кезінде,

Қорада қамалумен қой да жатты

... Бірінің жүнін жұлып бытырлатып,

Қой жүндеп, бірін-бірі өңіретті – делінген [3/, 269].

Көшпелі мал шаруашылығының табиғат жағдайынан тәуелділігін «Бөгенбай батыр» жырының бір нұсқасынан мынадай үзінді келтіру арқылы да көруге болады:

...Бір жылда жаңбыр жаумай жер шөл болып.

Сарқылды арнасынан аққан көлі

Суырып жер тамырын тозаң ұшып,

Күйзеліп мал баға алмай Қанжыға елі [10/, 1].

Бұл мысалдан малдың азық таппай қиналуы тек қыс мезгілінде ғана емес, ауа-райының қолайсыздығына байланысты жылдың басқа мезгілдерінде де болып тұрғандығын байқаймыз.

XVIII ғасырда қазақтардың мал шаруашылығы жаңа қиыншылықтарға тап болды. Ауа-райының қолайсыздығымен қатар, жиі болып тұрған жоңғар шапқыншылығы бұрынғы жайылымдарды пайдалану мүмкіндігін жойды. Сондықтан да малға қолайлы, жаңа жайылым, қоныс іздеу қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы азаматтарының негізгі міндеттерінің біріне айналды. Олай дейтініміз, бір қатар тарихи жырда батырлардың, атап айтқанда, Өтеген мен Олжабайдың жаңа жайылым, қоныс ізегендіктері айтылады. Мысалы, «Олжабай батыр» жырында:

Аралап ер Олжабай бәрін көрді

Тауына Баянауыл тағы келді

Бетегеден ат жүрмес, сондай шүйгін

Бұл жерді талай жерден тәуір көрді – делінген [6/, 345].

«Бөгенбай батыр» жырында батырдың жігіттерінің Бөгенбайдың сан мың малын ауа-райының құрғақшылық жағдайынан аман алып қалу үшін, жаңа жайылым іздегендігі көрсетілген.

... Жылқының кетті ерлер жолдарында

Жүз он бес жігіт болып аттаныпты – дей келіп, сан мың жылқыны айдап аттанған жігіттердің қырық бес күн жүріп, малға жайлы жаңа жайылым тапқандығы айтылады.

Жер екен шөбі шүйгін малға дәрі

Бір айдай осы арада жатты жайлап,

Желіні қайта құрды бие байлап

Семірді барлық жылқы ақша майлап [10/, 5].

Бұл мысалдардан қазақтардың ауа-райының қолайсыз жағдайына қарамастан мал басын сақтап қалу үшін барлық әрекетті жасап, шаруашылықтарын онан әрі жүргізгендігін көреміз.

XVIII ғасырда қазақтардың арасында мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де айналысқандары болған. Алайда, егіншілікті мал шаруашылығына қосалқы шаруашылық ретінде қолданған. Егіншілік қазақ даласының барлық жерінде дамыған жоқ.. «Қазақтар туралы» еңбегінде Георги ұлы жүз қазақтарының бір бөлігінің егіншілікпен басқаларға қарағанда зор ыждағаттылықпен айналысқандығы туралы жазды [1/,120,121].

«Төле бидің тарихында» Ұлы жүз қазақтарының арық қазып, егіншілікке бет бұрғандығы туралы аз да болса мәлімет кездестіреміз. Ұлы жүзден шыққан атақты Төле би көшпелі мал шаруашылығының тиімсіз жағын көріп-біліп, халықты отырықшылыққа шақырып, былай деген екен:

... Аяқты малға сенбегін

Бір борандық деген сөз

.Шығарсам арық қазып Сырдан бойлап.

Ел болсақ отырысты болар еді-ау,

Балдардың түбіндегі қамын ойлап.

Төле бидің өзі Жырағаш деген жерден жеті арық қаздырған екен. Басқалар да оның жолын қуып,

-Мақұл деп арық қазды қалың елі.

Төле бидің сол қазған арығынан,

Жұртына азын-аулақ ырыс келді – делінген дастанда [4/, 331-360].

Шығыс Қазақстан аймағын мекендеген қазақтардың да егіншілікпен айналысқандығы туралы И.Г. Андреев өз еңбегінде жазған болатын [11/].

Ал, «Арқалық батыр» жырында Арқалық батырдың егін салғандығы туралы былай сипатталады:

Сармаса ала жаздай егін салдым

Бір сиыр, бір байтал бар барлық малым

Тары пісіп, келі түйіп ішкеннен соң,

Тоғайып соныменен әл жинадым /12/.

Бұл үзіндіден біріншіден, қазақтардың егін салғандығын, оның ішінде тары өсіргендігін көреміз. XV-XVIII ғғ. қазақтардың шаруашылығы туралы жазған Т. Сұлтанов шығыс деректерінің мәліметіне сүйеніп, Дешт-Қыпшақтың көшпенділерінде тары дәстүрлі дақыл екендігі, қазақтардың да негізінен оны өсіргендігін көрсеткен. /13/ Жырдағы мәліметтен бұл дәстүрдің XVIII ғасырда да жалғасқандығын байқаймыз. Екіншіден, егінді малы аз адамдар күн көру үшін салған. Ғылыми әдебиетте де көшпенділердің бір бөлігінің егіншілікпен айналысуы мал басының азайып, кедейленуімен байланысты екендігі айтылған. «Арқалық батыр» жырындағы оқиғалар Алтай өңірін, Шығыс Қазақстан аймағын мекендеген қазақтар жайлы. Ендеше жазба деректерде айтылғандар жырдағы мәліметпен сәйкес келіп тұр.

Сонымен XVIII ғасырда қазақтардың негізгі кәсібі жайлы ауызша тарих айту дәстүрі туындыларынан да мәлімет алуымызға болады. Бұл туындыларды қазақтардың өз тарихы жайлы негізгі дерек көзі ретінде толық пайдалануымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Георгии.Ф. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. -Ч.II. СПб. 1799.
2. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. -Ч.III.- 1832.
3. Шақшақұлы ер Жәнібек. ӨҒК., қолжазба қоры 53Д.
4. Төле бидің тарихы. ОҒК., қолжазба қоры.
5. Өтеген батыр. ОҒК. Қолжазба қоры. 833.
6. Олжабай батыр. ОҒК. Қолжазба қоры. 53Д.
7. Паллас П.С. Путешествие по разным государствам провинциям Российкого государства. - Ч.I. СПб.
8. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. А., 1958.
9. Масанов Н.Э. Проблемы социально-экономической истории Казахстана на рубеже XVIII-XIX веков. - А., 1984. - С. 59.
10. Бөгенбей батыр. ӘОИ, қолжазба қоры. 356.
11. Андреев И.Г. Описание средней орды киргиз-кайсаков // Новые ежемесячные сочинения, 1796. - С. 76,81.
12. Арқалық батыр. II-том. - А., 1961. -215б.
13. Сұлтанов Т. Кочевые племена Приаралье в XV-XVII вв. - М., 1982. - С. 59.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XVIII ғасырдағы қазақтардың шаруашылығы жазба деректердің және ауызша тарих айту дәстүрі туындыларындағы мәліметтердің негізінде, салыстырыла отырып сипатталған.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе сравнительного анализа данных письменных источников и произведений устной исторической традиции народа описывается хозяйство казахов XVIII в.

ӘОК 930. 2 (092)

З.В.ТОҒАННЫҢ ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

Қырқымбекова А.Т. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Заки Валиди Тоғанның шығармаларындағы тарих методологиясын сөз етпес бұрын тарих сахнасында болған өзгерістерге тоқталып кету қажет. 1991 жылы Кеңес өкіметі тарағаннан кейін Орта Азия, Шығыс Еуропа, Алдыңғы Азия, Кіші Азия территорияларында орналасқан түркі халықтарының рухани топтасу процесіне кең жол

ашылды. Соның нәтижесінде ХХ ғасырдың бас кезінде саяси қуғынға ұшыраған түрікшіл ғалымдардың еңбектерін зерттеуге мүмкіндік туды. 1917-1919 жылдары ұлт-азаттық қозғалыстарда Кеңес өкіметінің қысымына ұшыраған эмигрант ғалымдардың түрік халықтарының тарихын зерттеудегі соңына қалдырған мұрасы аса қомақты әрі маңызы да жоғары еді.

Шығыс елдерінің негізгі методологиялық тарихынан идеологиялық үрдіс жағынан Батыс елдері үлгі алғандығы анық /1/.

Қазіргі кезде Батыс Еуропаның тарихы капиталистік қатынастардың қалыптасу заңдылықтарына ешкім күмән келтірмейді. Егеменді Қазақстанға өтпелі кезеңнің тұсында қателіктерді аз жіберу үшін өткен тарихтан сабақ алу аса маңызды. Ал мұндай үлгіні Батыс Еуропаның тарихи тәжірибелері бере алады. Бұл әрине жеке елдер мен аймақтардың дамуындағы өзіндік ерекшеліктерді ескерудің қажеттілігін жоққа шығару деген сөз емес. Бірақ методология тұрғысынан капиталистік қатынастардың қалыптасуының жалпы заңдылықтарын, қосымша фактормен асқындырылмаған, біршама “таза” мысалда зерттеу аса маңызды /2/. Феодализмнен капитализмге өту мәселесі тарихнамада үнемі қызу талас-тартыс объектісі болды. Қазіргі кезде тарих ғылымының зерттеу тәсілдерінің жетілуіне байланысты, бұл мәселенің барлық көрінісін, салыстырмалылық негізінде сұрыптауға мүмкіндік бар. Салыстырмалы сұрыптаулар жасай отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады. Маркстік көзқарас адамзат қоғамының бүкіл тарихын формациялық қоғамдардың ауысуы ретінде түсіндіреді. Әрбір қоғамдық формация әлеуметтік революциямен бітеді. Қоғамдық экономикалық формацияның дамуы, сол қоғамның өндіргіш күштерінің дамуына оны қолданушы адамдардың тәсілін жетілдіруге тікелей бағынышты. Формация көшпелі елдер арасында болмағандығын З.В.Тоғанның еңбектері көрсете білген. 1920-шы жылдары модернизация процесі немесе өркениетке жол ашатын жаңа үрдіс теориясы жайлы оның бір қатар еңбектерінде көрініс тапқан.

Жаңа үрдіс моделі шығыс пен батыс үлгілерін салыстыра отырып, әртүрлі талдаулар жасап отырды.

З.В.Тоған тұжырымы, қазіргі заманға қарсылық білдірген тәрізді болып көрінеді. Осы концепция маңайында әлеуметтік, экономикалық, саяси антропологиялық және тарихи жоспарлар жұмысы пайда болды. Осындай тәсілдің маңында қоғамның ішкі динамикасын қазіргі кездегі дифференциаланған саяси және экономикалық комплекстерінің өзіндік дамуы аясында түсіндіру қиын. Заки Валиди Тоған жұмыстары көбінесе дәстүрлі қоғамның әртүрлілігінен бөлініп шығуына мүмкіндік береді. Ол саяси мәдени және әлеуметтік құрылымдарға кедергі келтіреді деп қарастырған. Олардың қазіргі заман ағымына сай алға жылжуына көмектеседі. Модернизация ретінде қоғамда әлеуметтік және құрылымдық қалыптасқан жағдай дезинтеграция қарсылығын туғызатындығы З.В.Тоғанның еңбегінің маңызды тақырыбы болды. Өркениет қарама-қайшылықтарының бөлініп шығуы көп мөлшерлі үлгідегі негізінің қалануына себеп болды. Ол жаңа үрдістің даму процесі кереғар және ол қазіргі замандағы батыс жетістіктерінің қисыны келмейтін процесс екенін атап өтті. Олар: бірқалыптылыққа қарсы үзіліс, рационалды жаңа тәртіпке қарсы әдеби жетістіктер, авторитаризмге қарсы еркін сөз бостандығы. Осы қарама-қайшылықтарды шешудегі қиындықтар дезорганизацияға әлеуметтік қарсылықтар реформа жасаудағы кедергілерге әкеп соқты. Жаңа үрдіс принципі талдауының мағынасына А.З.Валиди дәстүрлі түрде қарайды. Бірақ олардың диктотондық жалпы қоғам жоспарының басы біріншіден басқа өркениет жүйесімен байланысында. Екіншіден спецификациялық қазіргі заманға қарсы ағымында. Заки Валиди Тоғанның негізгі бағыты, шетел тарихшылары сияқты кең тараған Компартиялық жүйеге, жалпы концепциясына қарсылығы. Заки Валиди Тоғанның осы зерттеулерге көп еңбегі сінді. Дәл осы өркениет жолындағы копаративистикалық жүйелі талдауға жол ашуға мүмкіндік береді. Қоғамдағы қалыптасу ерекшеліктерімен санаса отырып, батыстан алған ықпалдылықты осы қозғалыс спецификасы ретінде қабылдау. Кейінгі қоғамдағы конвергенция ретінде жаңа үрдістің алғашқы үлгісінің “Қазіргі заманғы индустриялау”

бірте-бірте басқаша тұрақталды. Ерекше сыныптандыру және рухани құрылымындағы ең бірінші өркениетті спецификацияны сақтауды ұсынған.

Заки Валиди Тоған анықтап көрсеткендей қоғамдағы қозғалыс пен төңкерістердегі жағдайлар бірнеше көлемді әлеуметтік теория жүйелерін қамтыды: мәдени жүйелердің өзара қарым-қатынастары, сыныптандыру және саяси құрылымдар; әлеуметтік әрекет өкілдері, қазіргі кездегі төңкерістер туралы талдауы. “Қазіргі заманғы” төңкерістерге Батыстағы және шығыстағы сонымен қатар Америкадағы төңкерістерді жатқызады. Бұған Европадағы төңкеріс (1848), Париж коммунасын (1870-1871) әсіресе 1917-1918 жылдарындағы орыс, Қытайдағы 1911-1948 жылдары төңкерістерін, сонымен қатар Түркиядағы төңкерістерімен қоса, З.В.Тоған методологиялық тұрғыда бұл төңкерістердің маңызды ерекшеліктеріне тоқталады: 1) әртүрлі қозғалыстағы ереуілдің өзара байланысы, 2) олардың орталықтағы саяси күреске әсер етуі, 3) негізгі ойдың қалыптасуы, 4) өзіндік құрылымдық ұйымдардың пайда болуы.

Заки Валиди “Tarih'te Usul” атты шығармасында тарихи материализмді маркстік социализмнің негізі деп білетін материалистердің пікіріне талдау жасайды. К.Маркс, Ф.Энгельс және В.И.Лениннің салып кеткен материалистік сыныптандыру жүйесі бойынша Пайғамбарымыз бен Шыңғыс хан буржуазиялық аристократ табынан, олардың қарсыластары Мусейлеме мен Жамұқа шешен кедей табынан шыққан дейді. Ислам діні мен Мұсылман мемлекеті де, Моңғол империясы да тапқа бөлініп күрес жүргізу нәтижесінде пайда болғандығына қарсы шығып, Закидің пікірінше қоғамдағы құбылыстарды және тарихи оқиғаларды материалистік тұрғыда қарастыруға болмайтындығын түсіндіреді /3/. Ол шығыс халықтарының тарихына өзіндік көзқарасын білдірген.

“Жалпы түрік тарихына кіріспе” атты еңбегінде А.З.Валиди түрік тарихының ішкі диалектикасымен айналысты. Ол еңбегінде Исламнан бұрынғы кезең және Исламнан кейінгі кезең деп екіге бөліп алғаннан кейін түрік тарихының тарауларына тоқталады:

1. Атамекендегі кезең;
2. Жаңа қоныс іздеу: а) Жаулап алу; б) Халықтың көбеюі; в) Бөлісу, ұлыс жүйесі; г) Хандар, бектер күресі;
3. Қайта өрлеу дәуірі ХҮІ-ХҮІІ ғасырдан кейін, жалпы түрік тарихына кіріспе, Рашид-ад-диннің “Жами-ат тауарихынан”, екінші жалғасында Батыс тарихшыларынан “Түрік елі Түркістан тарихы” Қашқарлық тарихшы Хайдар мырза Дулатидің шығармасы “Тарихи Рашиди” және Хиуа ханы Әбулғазы Бахадыр ханның “Шежіре-и Түрік” /4/.

Ал бұл кезеңде кеңестік тарихнамада Л.Гумилевтің пікірінше түріктердің, Көктүріктер мен Ұйғырлардың тарихын кезең-кезеңге бөлу аспектісі нәтижесінде пайда болған тұтас дүние ретінде бірыңғай процестік құбылысты бүкіл әлемдік тарих арнасына түсіру тұжырымын қарастыруда болатын /5/. Көшпелілерді тануға бәрінен де жақын барған Н.Я.Бичурин, В.В.Григорьев, Н.А.Аристов, Г.Е.Грум-Гржимайло, К.А.Иностранцев т.б. Орта Азия, Орталық Азия, Манжурия және Шығыс Түркістан, Оңтүстік Сібір және Орта Шығыс және оларға көршілес жатқан Ауғанстан, Иран, Кіші Азия және Солтүстік Индия халықтарының тарихы жөнінде аса құнды материалдар жинақтаған. Түрік халықтарының географиялық орналасуы дала мен таулы аймақтардың арасындағы Қашқар мен Түркістанға; Памирдің батысында Әмудария мен Сырдария аумағындағы территориялар; Арал мен Каспий теңіздері арасын және Сібірден Оралға дейін жылжи отырып Алтай тауларын асып Енисейге дейінгі аймақты қамтыған /6/. Орта Азияға саяси тұрғыдан орыс ғалымдары ағарту саласы арқылы отарлау саясатын астыртын бастаған.

Ол ХҮІ ғасырдан бұрынғы “Жалпы Түрік тарихына” байланысты деректерді зерттеген ғалымдардың арасында Н.Я.Бичуриннің Түрік қауымдарының көне дәуірден 12 ғасырға дейінгі тарихы туралы қытай деректерінен жасаған аудармасын транскрипциялық және есімдерден кеткен қателеріне қарамастан ең бай жинақ ретінде бағалады [/3/, 179].

Қазақстан тарихы отандық және шетелдік ғалымдардың күні бүгінге дейін назарын аударып келді. Оның зерттелу тарихы XVII ғасырдан басталады. З.В.Тоған өзінің зерттеулерінде Орта Азия тарихында өз маңызын жоймаған. Шыңғысхан және оның ұрпақтары, Алтын Орда тарихына үлкен мән берген /8/. Қазіргі кезде оның бұл құнды зерттеулері Европада В.Г.Тейзенгаузенмен бірдей бағалануда. В.Г.Тейзенгаузеннің анықтаған материалдары Шығыс Дешті Қыпшақтың моңғолдардан бұрынғы және моңғолдардан кейінгі тарихы жөніндегі ақпараттың аса құнды деректемесі болып табылады. З.В.Тоғанның ол еңбектері Түрік тарихы тарихнамасына қосқан үлесі деп білеміз /9/.

Балқан, Түркия, Иран, Кавказ, Еділ, Орал, Батыс Түркістан, Шығыс Түркістан территориясында түрік тектес халықтар өмір сүруде. Орта Азия стратегиялық нүкте ретінде белгілі. Түрік елдерінің қазіргі таңдағы негізгі мәселелері: географиялық, тарихи, мәдени, тіл ортақтығына байланысты рухани бірігуді көздеуде /10/.

Түрік тарихы тарихнамасын зерттеудің әдісі жалпы ғылыми әдістің сипаттарына ие, философиялық ойлар мен әлеуметтік мәселе тарихшыларға құнды теориялық негіз жасауға көмектеседі. Тарихи әдістің негізінде уақыт, кеңістік әрекет сияқты фундаменталды философиялық категориялармен байланысты тарихшылдық қағидасы жатыр [/11/, 31,32]. Тарихтың әдістемесіне дерекнамалық сілтеме зерттеу тақырыбы бойынша тарихнаманы зерттеуге жатады, ол жаңа ізденудің бағытын анықтауға көмектеседі, сол немесе басқа қалыптасқан концепцияны қолдайды. Қазіргі таңда 1991 жылдан кейінгі тарихты зерттеу әдістерін қайта қалыптастыру және жүйелеу қарастырылуда.

З.В.Тоған тарихи сынның әдістемелік қағидаларының дәйектерін жақсы көрсеткен. Оның құрамында екі кезең бар. Біріншіден барлық фактілердің құнсыздығын мойындау, ол қолдағы деректерде көрінеді. “тарихи фактіні бөлек элементтер ретінде белгілеп, оны мынадай формуламен көрсеткен, ал одан соң мысалы, кейбір қосындылар жайлы ешқандай мәлімет жоқ деп санап, ал кейбіреулері жайлы үздік-үздік мәліметтер бар. Сонда ол факты жайлы формулада көрсете алады: әрине бұл дерек толық болып есептелінбейді. Ол кемшілігі бар дерек деген сөз, бұл кемшіліктерді тарихшы-суретші немесе тарихшы-романист өзінің қиялының нәтижесімен толықтырады, ал тарихшы ғалым оны логикалық ойлаулар жолымен толықтырады”.

Екіншіден, З.В.Тоған осының өзінде өткенді объективті ғылыми тұрғыда мүмкіндігін алғы шарт ретінде қоймаған. Оны В.Ф.Коломицевтің пікірімен салыстырар болсақ сәйкес келетіндігіне көзіміз жетеді. “Тарихшы ешқашан болмаған оқиға жайлы жаза алмайды, ал өзінің әңгімесіне ондай бір нәрсе қосқан жағдайда да, өзінің бір ғылыми шығармалардан жасаған логикалық тұжырымдары ретінде енгізеді” [/11/, 44]. Осыған орай, бұл мәселедегі ерекшелік, Батыс Еуропа тарихшыларының тарих методологиясы жөніндегі пікірлері мен Ресей тарихшыларының және Түрік тарихшыларының арасындағы пікір айырмашылықтары Заки Валиди салыстыра отырып, қарастырған. Тоғанның еңбектеріндегі тарихи методология осынысымен ерекшеленеді. Қазір егемендігімізді алғаннан кейінгі Қазақстан тарихшыларының тарих методологиясы жөніндегі мәселелерге байланысты кейбір түйінді пікірлері Закидің пікірлерімен сәйкесетіндігін көруге болады. Кезінде ол Қазақстан тарихына Заки Валиди ерекше мән берген. Сондықтан оны ашып көрсету біздің парызымыз. Үшіншіден, Кеңес Одағы тұсында тарихты К.Маркс пен Ф.Энгельстің салып кеткен жолы бойынша теориялық тарих методологиясын іс жүзінде асыруға тырыстық. Кеңестік тарих методологиясының материялық көзқараста жазылған тарихи еңбектері де Заки Валидиде сын көзбен зерттелген. Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі болғандықтан, Кеңестік методология мен Заки еңбектері салыстырыла отырып сын көзбен қарау керек. Үшіншіден, Заки Валиди Тоғанның еңбектеріндегі Қазақстан тарихы мәселелерін талдап, оның тарихты зерттеу методын ашып көрсетеміз және төртіншіден, Түрік халықтары тарихының мәселелеріне берген дәйекті тұжырымдарының құндылығына баға беріп ашып көрсетуіміз шарт.

Заки Валиди Тоған Жалпы Түрік халықтары тарихына арналған еңбектеріндегі негізгі тарихты зерттеу методологиясы, олардың тарихын Еуропа тарихшылары және

шығыстанушылар сияқты бөліп қарастырмай бір тұтастықта қарастырған, оның негізгі ерекшелігі де осында. Б.з.д. кезеңдерді түрік тарихының көне дәуірлері деп бір тарау етіп талдаған...Орта Азия әсіресе Батыс және Шығыс Түркістан, әлем мәдениеті тарихынан маңызды орын алған географиялық аймақ. Бірақ бұл мәдениеттің тұтас болуына және бірегей өмір сүруіне түріктердің әсері жөніндегі мәселе күні бүгінге дейін шешуін таппағанын, б.з.б. 4500 жылға дейінгі Анав археологиялық қазбалардың маңызына тоқталған. Анав мәдениетінің б.з.б. 4500 жылдан 900 жылға дейін барғандығын “алғашқы арий мәдениеті” көзқарасына қарсы шығып, бұл қате пікірді Түріктердің тарихи кезеңдер тарихын және этнографиясын білмейтін тарихшы ғалымдар жазғандығын дәлелдеген. VIII-XII ғасырлар арасындағы өмір сүрген Түрік шығармалары және Махмұд Қашқаридің еңбегі Түрік қағандығы мен Ұйғыр жазбаларында барлығын Г.Е.Грум-Гржимайлоны мысалға келтіре отырып, осы территорияда қазір өмір сүрін жатқан түріктердің тілі Шыңғыс және оның ұрпақтары кезінде Мауреннахр мен Хорасаннан келген Ирандық тәжіктердің тілін қолданған деп, б.з.б. кезеңдерде “абориген” болып өмір сүрген Қаратеңізден солтүстік Қытайдың ішкі аймағына дейін билік құрған Арийлердің мәдениеті деп қараған. Бұл тұжырымды Заки Валиди тарих ғылымына жасаған қиянат ретінде қарастырады. Швециялық ғалым Г.Е.Грум-Гржимайлодан Орта және Шығыс Азиядағы түрік халықтарына мәдениетті ақсүйек Арийлердің үйретуінде дегендей бейім аңғарылады. Закидің негізгі астарлап жеткізген ойы батыс көзқарастарының кейбір жаңсақ пікірлерін қайта зерттеуге тура келетіндігі.

Зұлқарнай Алдамжардың атап өткеніндей “жаңаша бастаудың алғы шарты-дәуірлеу мәселесінде де бұрынғы таптық методология шырмауынан арылу” [12/, 110] арқылы қазіргі жаңаша көзқарасты тарихымыз талап етуде. Грум Гржимайло өз кезеңінде тарихты бұрмалауға тырысқандығын аңғарған З.Валиди, Түрік халықтарының тарихын дәуірлерге бөлу мәселесін қозғап, оның негізін қалаған.

Заки Валиди, көне түрік тарихы үшін өте маңызды орын алатын салалар парқына бармаған ғалымдардың бірі түрколог В.Банг деп білген. Ол “түріктер-текин, жабғы, буила және тарқан т.б. атақтардың мемлекетті басқару жүйесінің ең ұсақ баспалдақтарына дейін негіз жасаған үлкен бір мемлекет құрушы ұлттан” екендігін көрсетті. Мемлекет және әскери құрылымдар Ахеменидтер мен гректер келмей тұрып болған. Алтайлық түріктерге, басқа ұлттардың үйреткендігі жөнінде мәліметтің болмағандығы жеткілікті.

Дерек көздерін пайдалану тұсында оқиғалар мен әртүрлі аңыз әңгімелерді тыңдай отырып дерек ретінде салыстыра отырып қарастырады [3/,36]. Әсіресе Орта Азияға байланысты қырғыз-қазақ сұлтаны Шоқан Уалихановтың ол, Үнді саяхатнамашысы Мир Изатулланың еңбектеріне қарағанда кең көлемде жазған. Әрбір тарихшы өзінің өмір сүрген тұсында сол кезең оқиғаларының куәгерлері ретінде қағазға түсіреді, көне тәсілде жазған жергілікті тарихшылар болса басқалар үшін маңызды оқиғаларға мән бермеуі, сондықтан оқиғалардың көпшілігін айтпай кейбір мәліметтер ауыздан ауызға жеткізіле отырып көптеген өзгерістерге ұшырайды, кейде дерек көзі ретінде пайдалану мүмкіншілігіне ие бола алмай қалады. Заки Валиди бұл жағдайда тарихты ретімен зерттеу үшін төмендегідей тарауларға бөледі: 1. Бал-бал тастардағы жазулар және оның түрлері; 2. Шежірелер; 3. Тарихшылардың еңбектері; 4. Аудармалар; 5. Автобиография және естеліктер; 6. Саяхатнамашылар; 7. Газет және әртүрлі баспадан шыққан мәліметтер; 8. Сурет, хабар және карталар [3/,60]. Осылайша тарихты зерттеу және оқыту әдісін қатар алып жүрген. Ол I-ші және II-ші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Азиядағы саяси құрылымның ерекшеліктерін 1962 жылдары көзқарастарын ашық жазған. Түркістан, Қазақстан, Башқұртстан елдері мемлекет құруға әрекет жасағанымен оларға орыстар және орыс казактары көп кедергілерін тигізді [13/,24,159,143]. 1918 жылдың тамыз айының соңында бұл елдердің өкілдері Самараға жиналып, үш мемлекетті біріктіру мақсатында Ресей Кеңестік үкіметіне ұсыныс жасалды. Бұл ұсыныс алғашында қабылданды. Бірақ Түркістан автономиялық үкіметі 1918 жылдың ақпан айында ыдырап, жеті ай бойы олардан қарсы әрекет шықпады. Олар сол тұста Қазақстан мен Башқұртстан бірігіп армия құруды көздеді. Бірақ бұған Казактар мен

Сібірдегі одақтастар кедергі жасады /14/. Дениссон Росстың “Шығыс бізден техника мен әдісті үйренеді... шығыстықтардың латын алфавитін қабылдауы тек қана техника ғана емес рухани батыстың қолбаласы болуына мүмкіндік жасайды. Европа түсінігі және методы Европалықтар үшін пайда” деген пікіріне қарсы шығады. Латын алфавитіне өту, Дениссон Росстың ойлағанындай болмайтындығын, тек Европалықтармен тең дәрежеге жету екендігін, сонымен қатар Ф.Гренард, Ж.Пиреннің көзқарастарына қарсы дәлелді пікірлерін алға тартады. Тарих және тіл білімдері қосымша ғылымдармен толықтырылып зерттеледі. Тарих саласы бойынша түріктерден қаншама ілім адамдары шықты. Бірақ Алишер Новаий, Катип Челеби, Али және Жевдет Паша сияқты саусақпен санарлық ғалымдар өз ана тілінде жазып, ұлттық мәдениетімізді қалыптастырды. Ұлы ғалым Абу Райхан Бируни өз ана тілінде ілімді жазғанымен басқалары мойындамайтындықтан, парсы және араб тілдерінде жазды. Бірақ еңбек, басқа тілде жазылған жағдайда тайғақ жерде тұрған түйенің жағдайынан да мүшкіл екендігін ескерткен. Шоқан мен Абай сияқты түріктердің негізінен шыққан түрколог Н.Катанов пен А.Диваев еңбектерін орыс тілінде жазып, сусындаған ілімдерінің методымен Ресейге қызмет етті. Қазақ Барлыбек Сыртланұлы Петербург университетінің шығыс факультетінде тамаша бір ғылыми зерттеулермен айналысты және оның негізгі мақсаты, ғылыми методпен ана тілінде жазып, ұлттық мәдениетті қалыптастыру болды. Алайда Ресей оған жол бермеді. Сол себептен ол іш құсалықпен ауруға ұшырап ерте дүниеден қайтты. Бұл жағдайларды З.В.Тоған әр уақытта олармен замандас болғандықтан ескеріп, бақылап отырды.

З.В.Тоғанның “Түркі ұлттарының негізгі мәселелеріне” арналған зерттеулерінде, Қазақстан тарихына байланысты тың пікірлерді Түркиялық тарихшы ретінде көрсете отырып, Кеңес Одағы жасаған мәңгүрттіктен өркениетті элеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына бағыт алған. Қазақстан тарихын ұлттық тұрғыдан, таптық бөлушіліктің ықпалын жете зерттеп жазған. Бұл тарих Ресей басқыншылығынан бұрын “Шыңғыс және Темір сияқты билеушілер шапқыншылығы және ру басылардың “қарапайым ру басшылар” қазақтың хан-сұлтандарының кезеңдеріне толық тоқталған. Кеңестік Одақтың Орта Азияны қарақшылықтан құтқарып, бақытты дәуірге қол жеткізгендігін сынаған. Чуваш, өзбек, қазақ, қырғыз, түркмен, башқұрт, татар, якуттардың тарихын коммунистік орталық бюросы жаңа жоспар бойынша тарих кітаптарына этногендік көзқарастарды бұра тартып жазған /15/.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Severcan Şefaettin. İdeoloji Kısacasından Bilimsel Zemine “Şeyh Bedreddin olayı”, *Türkler Ansikopedisi*, 9 c. -Ankara: Yeni Türkiye Yayınları, 2002. -259s.
2. Мырзабекова Р.С., А.Н.Чизвонов зерттеулеріндегі Европадағы капитализм генезисінің мәселелері, кандидат. диссертация, А., 1999.
3. Togan Z. V. Tarih'te Usul. -İstanbul: Enderun yayınları 9, IV. baskı, 1985. -350s.
4. Togan Z.V. Umumi Türk tarihi'ne Giriş. (En Eski Devirlerden 16. asra kadar) -İstanbul: cild I, Enderun Kitabevi, 3. baskı, 1981. -537s.
5. Вопросы историографии Казахстана. /под. ред. Б.А.Толепбаева. Алма-Ата, 1983. С.256
6. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах обитавших в средней Азии в древние времена АН СССР институт этнографии имени Н.Н.Миклухо-Маклая. II том. М.- Л., 1950, -С.489.
7. Левтеева Л.Г. Присоединение Средней Азии к России в мемуарных источниках. УзССР. –Ташкент, 1986. 141с.
8. Togan Z.V. Moğollar, Çingiz ve Türkler. - İstanbul: Arkadaş matbaası, T.D.K. kitaplığı N74031941.; A.Z.Validi, On yedi kumaltı Sehri ve Sadri Maksudi Bey, İstanbul; Burhacddin Matbaası, T.D.K. Kitaplığı, 1399. 1934.
9. Қазақтан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). I том. А., 1996. -544б
10. Doğuştan günümüze Büyük İslam Tarihi. Nadir Devlet. Çağdaş Türkiler, 15 c. Konya: Kombassan A. Ş, 1994, 19-21s.

11. Коломийцев В.Ф. Методология истории (От источника к исследованию). М., “Российская политическая энциклопедия” (РОССПЭН), 2001.191с.
12. Алдамжар Зұлқарнай, Тарих: пайым мен тағылым.А., 2002. 282б.
13. Юлдашбаев А.М. Историк Вошедшей в Историю (политическая и научная деятельность профессора Стамбульского Университета А.З.В.Тоған). Уфа,1992. Кульшарипов М. М. З. Валидов и образование Башкирской Автономной Советской Республики (1917-1920г. г) .Уфа, 1992; Юлдашбаев А.М.Судьба и наследие башкирских ученых-эмигрантов Валиев Д. Ж. , Мадияри А., Ураксин З. Г., Уфа, 1995.
14. Zaki Validi Togan, 1962-1963 kış sömestresi Umumi Türk Tarihi notları. –Ankara.: Milli Kütüphane, -s.10.; E. Denisson Ross and Mavlavi Abulmutadir. Catalogue of Arabik and Persian manuscripts in the Oriental Public Library Bankipore II 1908-1999.-С.23.
15. Togan Zaki Validi. Türklüğün mukadderatı üzerine. -İstanbul: Kayı yayınevi, 1970. -240s.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются труды Заки Валиди Тогана – методы методологических исследований истории Тюркских народов и Казахстана. В основе современных исторических исследований, какие предметные или хронологические рамки не брались бы лежит концептуальный подход, строящийся на различиях, как принципов постижения, так и объяснения исторических процессов.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Заки Вали Тоганның еңбектері түрік халықтарының және Қазақстанның тарихын методологиялық зерттеудегі әдістердің бірі ретінде қарастырылады.

УДК 83.3

ОСОБЕННОСТИ ЭТНИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ

Аширбекова Ж.Б. (г.Алматы, КазГосЖенПИ)

Казахская традиционная культура сложилась, впитав в себя характерные особенности кочевого образа жизни. Кочевники сохранили свой образ жизни и быт с сакских времен до начала XX в. Являясь предметом потребления, в то же время любая вещь с эстетической точки зрения украшала среду обитания – это было выработано многовековой традицией.

Основной отраслью хозяйства казахов являлось скотоводство. Природно-климатические условия способствовали развитию кочевого образа жизни. Существовало несколько типов кочеваний – меридианальное, вертикальное (основное), широтное и радиальное. При меридианальном - кочевали с южных районов в северные и обратно. Вертикальное было распространено в предгорных районах, когда кочевали на лето в горы, на зиму в прилегающие к горам местности. Радиальное кочевье было распространено в пустынях, кочевка производилась вокруг колодцев, а широтное кочевье - в северных районах. Пастбища разделялись на четыре типа – зимние (қыстау), весенние (көктеу), летние (жайлау), осенние (күздеу).

Кочевники разводили овец, лошадей, крупный рогатый скот и верблюдов. Продукты скотоводства использовались казахами как пища, из шерсти изготавливался войлок, шерсть пряли, ткали ковры, ткани. Сам скот и продукты скотоводства продавались или обменивались на необходимые товары. Лошади и верблюды использовались и как транспортное средство.

В южных районах, где имелись водные источники, существовало орошаемое земледелие еще с эпохи неолита. На основе орошаемого земледелия возникли города и городская культура, ремесленничество, развивалась торговля, улучшалось само

ирригационное земледелие. В основном выращивали зерновые и крупяные культуры (просо, пшеница, ячмень). На юге выращивали также бахчевые культуры и фрукты.

С середины XVIII в. под влиянием различных политико-экономических причин во многих районах Казахстана начинается процесс оседлости и развитие земледелия, но скотоводство продолжает играть ведущую роль. Используемые орудия были просты в конструкции и изготавливались часто самими земледельцами. Посев производился вручную. Обмолачивали колосья при помощи животных или даже выколачивали зерно палками.

На заре человечества основным способом добывания пищи являлась охота, которая у казахов стала подсобным промыслом. Охота с борзыми собаками и с ловчими птицами стала в основном делом состоятельных людей, представляя для них развлечение. Существовало несколько видов охоты, отлавливали, ставя капканы, силки, отстреливали из луков и ружей. На зайцев, лис, волков спускали собак, ловчих птиц. Особой популярностью пользовалась охота с беркутом /2/.

Главное место в жизни казахов занимает юрта, как символ традиционной казахской культуры. Юрта - основной вид жилища обитателей степей. Она наиболее полно и удобно соответствует кочевому образу жизни. Внутреннее пространство юрты распределялось следующим образом: напротив входа располагалось почетное место, вдоль стен опоясывающих юрту, ставили сундуки деревянные и кожаные, мебель. Мужская половина находилась справа, где ближе к порогу ставили седла и вешали на кереге предметы конского снаряжения и хозяйственного значения. Левая сторона юрты – это женская половина, здесь находились сундуки, где хранились продукты, посуда, утварь. Выше к центру стояла кровать и если был грудной ребенок, то колыбель. Интерьер юрты и ее использование отличались веками отработанной простотой и целесообразностью /3/.

Используемая казахами в быту утварь, посуда приспособлены к кочевому образу жизни – они легки, изготавливались из небьющихся и прочных материалов – деревянные чаши (малые и большие), блюда, ведра для доения и др. Изготавливались они также из кожи.

Казахское декоративно-прикладное искусство своими корнями уходит в далекую древность, к искусству племен населявших в то время просторы Казахстана. На него оказали влияние кочевой характер казахского общества, социально-экономическая ситуация, национальное мироощущение и процесс исторического развития. Целостность этнокультурной модели казахского народа подтверждается используемой орнаментикой, в которой воплощено мировоззрение, символично-эстетические понятия. В ремесленном производстве изготовление изделий кустарных промыслов имело известное разделение труда, они подразделялись на кузнецов и ювелиров, мастеров по обработке дерева, кожи, кости, камня, шерсти, мастериц по вышивке, ковроткачеству, плетению чиевых циновок и др.

Мастера по дереву – «ағаш шебері» не только изготавливали изделия, они украшали их узорами. Например, налитый в большую чашу кумыс надо взбить и затем разлить в пиалы и используемые для этой цели деревянные половники – «ожау» с длинной рукоятью, украшались разными узорами, у некоторых были крючки, у других концы ручек украшались конской головой. Каковы бы не были типы половников они отличались разнообразием форм и тщательностью отделки. Радуют глаз изготовленные из дерева, украшенные разноцветными узорами и резным орнаментом футляры для пиал – «кесекап».

Инкрустация изделий из дерева костью – давняя традиция казахов. Таких мастеров называли «суйекши» или «шебер». Костью украшали бытовые предметы, мебель, седла, конское снаряжение, музыкальные инструменты.

Во второй половине XIX – начале XX вв. в повседневной жизни казахского народа получают широкое распространение в качестве неизменного атрибута интерьера изготовленные из дерева кровати. При кочевом образе жизни очень удобны были предметы быта, посуда, утварь, изготовленные из кожи, они не бились, обладали прочностью и легкостью. Кожей оббивали деревянные сундуки, что придавало им

нарядность. Использовалась кожа из шкур домашних и диких животных. Из кожи домашних животных делали различные ведра, подойники, емкости для воды, молока, кумыса и пр. При нанесении на кожу узоров использовалось тиснение.

Особое внимание уделялось седлам и вообще конскому снаряжению. Лошадь являлась одним из основных видов транспортных средств. Седельщики чаще работали у себя дома, но могли работать и у заказчика. Вместе с седлом мастер изготавливал полностью конское снаряжение – узду, недоуздок, нагрудник, подхвостник, подпруги и др. Он же наносил тиснением на кожу узоры, серебрил железные детали снаряжения.

Обработкой шерсти, валянием войлочных изделий, пошивом, вышивкой, ковроткачеством, плетением циновки занимались женщины и девушки, вышивка – один из видов прикладного искусства издавна практикуемый казахскими женщинами (вышивка по ткани, коже, накладывание узоров на войлок, украшение позументом, пристегивание разных узоров к войлочной основе). Вызывают восхищение ковры, паласы, плетеные циновки, узорчатые войлоки, войлочные ковры – сырмаки, как уникальные предметы декоративно-прикладного искусства.

При вышивке широко использовались шнуровая вязь и тамбурный шов. Производили вышивку, считая пряжи и свободно вышивая по нанесенному рисунку. При вышивании использовались шерстяные, шелковые нити, в качестве декора изделия применялись позумент, жемчуг, стекло, кораллы и др.

В истории национальной культуры особое место занимает казахское ювелирное искусство, своими корнями уходящее в глубокую древность. Казахские ювелиры – зергеры (происходит от персидского слова «зер», «зар», что означает золото) секреты своего ремесла передавали из поколения в поколение. Изготовленные из серебра казахскими зергерами украшения поражают изяществом и красотой. Большинство ювелирных изделий составляют женские украшения. Ювелиры изготавливали из серебра тонкую проволоку, при обработке металла применяли чеканку, литье, украшали узорами, декорировали драгоценными камнями. Основная обязанность зергеров – удовлетворить запросы на ювелирные изделия представителей всех социальных слоев общества. Это исходило не только из эстетических запросов, но и из религиозно-идеологических, традиционных бытовых потребностей /4/.

Перстни, похожие по форме, на птичий клюв, как полагали, могли помочь воинам, отправляющимся на войну, вернуться живыми и здоровыми. Стилизованные изображения птиц, птичьего клюва довольно часто встречаются в орнаментике декоративно-прикладного искусства. Птица издревле - символ свободы, счастья, сил добра; «перстни сватьи» означают родственную связь двух родов, долгую, счастливую жизнь молодых. Этот перстень мать невесты дарила своей сватье, чтобы она хорошо относилась к своей снохе.

Существовало издавна поверье, что ювелирные украшения охраняют их владельцев от сглаза, порчи, заговора. Одними из них являлись серьги. Филигранные серьги поражали высоким мастерством изготовления и особым изяществом. Благодаря старинным поверьям широко распространены были в прошлом и настоящем серьги по форме напоминающие полумесяц, что объясняется бытовавшим в среде казахов очень древних космогонических представлений их предков.

Среди ювелирных украшений большой интерес представляют нагрудные украшения, они наряду с эстетическими задачами выполняли сугубо прикладные цели – охранно-магические, как обереги от сглаза, порчи, заговора. К ним в первую очередь относились амулетницы. В амулетницы помещали, написанные на небольших листах бумаги изречения из Корана, перья филина, завитки шерсти овец и верблюдов, которые, как верили казахи, содержат очистительно-охранную силу.

Особое внимание привлекает к себе еще один вид нагрудных украшений – оныржиеки. Одним из основных в женских украшениях являются накосные украшения – шолпы, шашбау. Шашбау представляла собой ленту с прикрепленными к ней драгоценными камнями, серебряными монетами, в середине крепился в розетке сердолик и подвешивался к девичьей косе. Прикрепленные к косе серебряные подвески при ходьбе издавали мелодичный звон, который охранял ее обладательницу от

нечистой силы. По народным поверьям половина души человека обитает в его волосах. У казахов, также как и у других народов Восточной и Средней Азии считается, что звон колокольчика отпугивает злые силы.

Вставки из драгоценных камней казахи называют «көз», т.е. глаз. Это название, по поверьям произошло из того, что драгоценные камни-глаза все видят, заключенная в них таинственная сила охраняет владельца.

Браслеты часто носили на одной руке, иногда и на двух, они делились на II типа – простые и шарнирные. Браслеты, с прикрепленными к нему на цепочках кольцами, называли «бес білезік». Застежки состояли из двух частей и имели овальную форму. Зергеры изготавливали их в форме цветка, листьев. Застежки использовались в качестве пуговиц на женских камзолах.

Саукеле – самый дорогой, сделанный как можно изящнее головной убор невесты. По пошито му саукеле судили об опыте, таланте, мастерстве зергера. Такие головные уборы украшались вышивкой, драгоценными камнями, обрамлялись жемчугом и кораллами, обшивались дорогими мехами. Саукеле одевали не только во время свадебных церемоний, его носили до рождения первенца, а также при приеме важных гостей и при перекочевках.

Казахской национальной одежде присуща особенность фасона, в ее украшениях выразились эстетические склонности народа, духовные особенности, образ жизни, социальное положение. Особенности социально-экономических факторов, географическая среда и народные традиции отражались на верхней одежде казахов. По использованию одежда делится на повседневную и праздничную, а также сезонную /5/.

По традиции кочевников каждый мужчина считался воином и у него должно было быть оружие и боевой конь. Вооружение по-казахски – «қару-жарақ», в этом термине, состоящем из двух слов «қару» – означает оружие, а «жарақ» – средство защиты воина от вражеского оружия. Вооружение казахов, в связи с кочевым образом жизни, когда войны должны были быть готовы в любое время нападать или защищаться, обменивалось на скот или захватывалось во время войн. Оружейники взаимодействовали детали для усовершенствования оружия и воинских доспехов казахов. По способу применения оружие делилось на 3 типа: рубящее, колющее и ударное (боевые топоры, копье, пика, сабля, палаш, меч, кинжал, дубинка, боевая нагайка); стрелковое оружие (лук, ружье и его разновидности), воинские доспехи (кольчуга, шлем, щит). Оружие часто служило для оплаты куна, калыма, оно было необходимо при охоте. Ни один казах безоружным не являлся на народное собрание. Воин без оружия не имел права голоса /6/.

Во всех торжествах, празднествах казахов видное место занимали сал-серы (поэты, музыканты, певцы – все в одном лице), впитавшие в себя богатство традиционной духовной культуры и пользовавшиеся в казахском обществе большим почетом и уважением. Они, являясь и певцами, и музыкантами, и акынами, распространяли по всему Казахстану шедевры устного народного творчества. Их обычно сопровождали музыканты, борцы, акыны и приезд их на какое-нибудь торжество и их представления были похожи на хороший спектакль, привносящий в монотонную жизнь аула яркий всплеск, источником которого являлись сал-серы и его спутники /7/.

Народные игры и их формирование и развитие были необходимы не только детям, они помогали более старшим поколениям скоротать свой досуг, способствовали поддержанию физической формы и поднимали настроение. Самой любимой игрой мальчиков являлась игра в «альчики». Игра в альчики имела несколько вариантов: Альчик, Стрелять по хану, Омып, Котерыспек или Атбакыл.

Большой популярностью у взрослого населения пользовалась игра «тоғыз құмалақ», требовавшая вдумчивости, находчивости, умения считать. Для игры выкапывали 18 лунок в два ряда, по девять в каждой, лунки назывались «отау». Между рядами делали еще две лунки больших размеров, именовавшихся «казанами». У каждого игрока имелось по 81 шарыку, и он ложил в каждую лунку – отау по 9

шариков, выигранные шарики игроки складывали в свой казан-лунку. Выигрывал тот, у кого в казане набиралось больше шариков /8/.

Для того, чтобы дети были грамотными и получали основы знаний, казахи отдавали детей в мусульманскую школу на обучение мулле. Даже бедные старались обучать детей азбуке. Аулы были малочисленными и, поэтому мулла собирал детей из нескольких аулов. Зачастую помещением для обучения служила юрта.

Музыкальные инструменты издревле сопровождали казахов в жизни и пользовались большой популярностью. В течение веков из поколения в поколение их хранили как бесценное наследие. Все что происходило в жизни народа, он передавал в песнях и других музыкальных произведениях. В кюях ярко отображены события жизни и быта, обычаи и традиции, надежды и чаяния, любовь к родным местам.

Музыкальные инструменты изготавливались из высушенной древесины березы, ели, дуба, а также из тростника, глины, кожи, костей, рогов и волоса животных.

Казахские музыкальные инструменты подразделяются на духовые – дудка, адырна, свирель, уран, керней; струнные – жетыген, щертер, домбра, кобыз; ударные – бубен, барабан, асатаяк. Особое место занимал очень древний самозвучающий язычковый музыкальный инструмент – «шан-кобыз» или «шықауыз» -

Одним из элементов, способствующих стабильности общества является духовность, которая базируется на религиозности, являющейся наиболее сильным выражением веры. Пропаганда и распространение в Казахстане ислама началось в конце VIII в. и уже в 960г. мусульманство было официально признано государственной религией Караханидской империи Богра-ханом. В начале, распространение ислама было связано с представителями суфийского духовенства, впоследствии его возглавили ишаны.

Тенгрианство – древняя религия казахов. Она объединила разрозненные представления – обожествление природы, представление о том, что основными в изменениях в окружающем мире являются жизнь и смерть, аруахи и святые. Шаман-баксы, обладающий особыми способностями являлся как бы связующим звеном между богом на небесах и людьми живущими на земле, баксы охранял людей от сил зла, излечивал от болезней и приравнивался к духам, исцеляющим от болезней. Он исцелял, предсказывал будущее и в трудных случаях приглашал духов предков и джинов, проводил зикр, т.е. радение, исполнял разнообразные танцевальные движения.

Наряду с этим у казахов сохранилось почитание святынь – гор, родников, деревьев и др.; космических и природных явлений (Луна, Солнце, звезды, огонь, вода); святых предков. Это основные установления тенгрианства, которые, смешавшись с правилами и нормами ислама прочно закрепились в сознании и обычаях народа.

Суфизм в исламе явление сложное и многоплановое. Он возник в VIII в. среди некоторых арабских народов и в Иране, как одно из учений мусульманства. Суфизм придерживался наиболее мистических и религиозно-философских положений ислама, его представители утверждали, что возможно прямое духовное общение бога и человека путем специального психологического состояния. Это происходит во время доведения себя до экстаза или же при помощи света, ниспосланного Аллахом человеку.

В XII-XV вв. образовались разные по происхождению, обрядам и религиозным особенностям суфийские ордена – сухравар-дийа, иасауййа, накшбандийа, курбийа, кардийа и др. Последователи суфизма имели своего духовного наставника, себя они называли его мюридами.

Среднеазиатский суфизм постепенно видоизменился в учение ишанов, они получили духовное образование и знания у известных мусульманских теологов в медресе Самарканда, Бухары. Обычно одежда духовных лиц состояла из длинной рубахи со стоячим воротом и с разрезом ниже подбородка. Ее шили из белой мягкой ткани, полы ее спускались ниже колен. Для народов Средней Азии характерно одевать поверх рубахи стеганный халат. Это олицетворяло справедливость, добро, взаимопомощь, характерные для религиозных молений /9/.

Казахи ведшего кочевой и полукочевой образ жизни хорошо знали разные стороны жизни. Накопленные веками знания, практика, способы ведения хозяйства — результат положительного и рационального народного опыта.

ЛИТЕРАТУРА

1. Поляков С.П. Историческая этнография Средней Азии и Казахстана. М., 1992, С.44-53.
2. Охота у киргиз. // Киргизская степная газета. 1895. №2-3.
3. Муканов М.С. Жилище в системе культуры жизнеобеспечения этноса. // Известия НАН РК. 1994. №1. – С. 3-11.
4. Казахи: историко- этнографическое исследование. –А., 1995.
5. Тоқтабаева Ш. Қазақтың дәстүрлі ұлттық киімдері. // ҚР ҰҒА-ның Хабаршысы. 1994. №1. 11-20 бб.
6. Ахметжан Х. Жараған темір кигендер. А., 1998.
7. Диваев А. Киргизский сал. // Туркестанские ведомости. 1916. №222
8. Төтенасв Б. Қазақтың ұлттық ойындары . А., 1994.
9. Маллицкий И. Ишаны и суфизм. – Ташкент. 1898.; Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – НАЧ. ХХ вв) – А-А. 1991.; Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование) – А., 2000.

РЕЗЮМЕ

В статье описываются основные черты традиционного казахского общества и особенности традиционной культуры казахского народа.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамына тән белгілері және қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің ерекшеліктері қамтылған.

ӘОК 39 (574.5)

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕҒІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАСПАНАСЫ – КИІЗ ҮЙ

Исаева Ә.И. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақтардың алып жүруге қолайлы тұрғын үйінің негізі түрі - киіз үй. Әбден жетілдірілгенге дейін күрделі де ұзақ жолдан өтті. Көптеген ғалымдардың пікірінше, оны Еуразияның түрік көшпелілері ойлап тапқан, ол даму мен жетілуінің ұзақ та күрделі жолынан өтіп, негізгі конструкциялық шешімдерін бір мыңжылдықтың орта шенінде тапқан /1/.

Орта ғасырлардағы көптеген саяхатшыларды көшпелі түрік тайпаларының киіз үйлері қайран қалдырған. Ибн Фадлан X ғасырда қазіргі Батыс Қазақстан аумағынан (Жем өзені) өтіп бара жатып, түріктерден көрген киізден жасалған күмбез тәрізді үйлер туралы айтады /2/. "Худуд әл-аламның" ("Әлем шекаралары", Хг.) беймәлім авторы Ертіс бойын мекендеген кимектер туралы хабарлай келіп: "Адамдар жазда да, қыста да киіз үйде тұрады, жайылым мен су іздеп көшіп жүреді" - деп атап өткен /3/. Әл-Якуби (ХІғ.) түріктердің киізбен жабылған қабырғалары, шатырлары туралы таңдана жазған /4/. Ақырында, соған дейін киіз үй (шатырларды) ешқашан көрмеген Рузбихан ХVІ ғасырда "... қыпшақ даласының даңқты хандарының қолбасшылары мен әскербасылары... біздің құдіретіміздің тостағынан кек кәусарын... жұтуын мақсат еткен Шайбани ханның соғыс жорықтарының біріне қатыса жүріп, мол олжаны мүлкімен қоса қазақтардың он мыңға жуық киіз үйлерін қолға түсіргеніне куә болған..." /5/.

Осындай құнды деректерді кейінгі ғасырларда Ресей ғалымдарынан да кездестіреміз. Мысалы, И.Г.Андреев "Қолөнердегі басты және негізгісі өздеріне баспанасын құрастыруы" деп көшпелі қазақ халқының өмірі мен материалдық мәдениетінде баспананың маңыздылығын көрсетеді /6/. Мұндай пікірді С.Большой еңбегінен де "киіз үй жаз мезгілінде шығысқа, ал қыста оңтүстікке көшетін көшпелі қазақ халқының өмірінде елеулі рөл атқарады" деп келтіреді /7/.

Н.Н.Харузин өз еңбегінде "киіз үй күркеден пайда болды, ал модернизациялық процеске сай болуы үшін, ұзақ жолдан өтуі тиіс болды, яғни бүгінгі күнгі түріне дейін дамуынан бұрын" /8/ деген пікір келтіреді.

Еліміздің мәдениеті мен қоғамдық ой-пікірінің тарихында қазақтың тұңғыш ғалымы аса көрнекті демократ - ағартушы Ш.Ш.Уәлиханов біз зерттеп отырған мәселе бойынша: "қырғыз-қайсақтардың баспанасы, көшпелі тұрмысына өте қолайлы" деген пікірін келтіреді /9/.

Ал энциклопедист ғалым академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан ғылыми еңбектерінде тек көне дәуірдің архитектуралық құрылыс жүйелеріне жан-жақты тоқталып қоймай, олардың ішінде қоныс-жайларды салудың тәсілдеріне, олардың әлпеттерінің өзгеруіне талдау жасайды /10/. Тұрақты үй-жайлардың құрылыс жүйелерінің сонау жаңа тас дәуірінен басталып ХІХ ғасырдағы қазақ халқының құрылыс жүйелеріне дейінгі аралықта болған эволюциялық даму барысына тоқталған /11/. Бұл ғылыми еңбектегі ерекше назар аударатын басты екі мәселе: біріншіден, қола дәуірінен темір дәуіріне дейінгі өтпелі кезде жылжымалы мал шаруашылығының дамуына байланысты киіз үйлердің пайда болғандығын көрсетеді. Оған дәлел есебінде Қарасу мәдениетінің кезіндегі тұрғын үй жобаларын келтіреді. Оны тасқа салынған үлкен және кіші Боярлар үйлерінің суреттерімен салыстырады. Шын мәнінде, Қазақстандағы сақ тайпаларының обалары 8-10-12 қанатты киіз үйлерінің жобасынан айнымайды. Ал кішілері ғалымның айтуы бойынша, қазақтардың дың, шошала тәрізді т.б. тұрақты тұрғын жайларына ұқсас. Оған ешбір шек келтіруге болмайды. Оны А.М.Оразбаевтың "Шағалалы қонысын" зерттегенде ашылған үйлердің әлпеттерін, ғалымның қазақтардың шошаласымен /12/ салыстыруынан да байқаймыз. Әлкей Хақанұлының қоныс жайларды салудағы, екінші бір байқағаны, қазақтардың киіз үйлерді тіккенде бір шеңбердің бойымен "алқа қотан" етіп тігулері. Үй-жайды алқа қотан етіп тігудің мұндай түрі- ертеден келе жатқан түр дейді. Алқа қотан етіп тігудің басты себебі, мал басын жаудан немесе ит-құстан (қасқыр) сақтау болған. Мұндай құрылыс жүйесінің біртіндеп феодализмнің дамуы, отырықшылықтың өсуі барысында "қотан" тәрізді бекініспен салынатын қыстақ, кенттердің келбеттерінің көбейе түскенін сөз етеді.

Көшпелі мал шаруашылығына тез құрастырылуының, тез жиналатын, алып жүруге жеңіл тұрғын үй қажет болды. Соған байланысты олар әлемдік мәдениеттің бағалы жетістігі ретінде –киіз үй ойлап тапқан, ол өзінің функционалдық белгілері көшпелілер тұрмысына үйлесімді келеді, ал көркемдігі жағынан, яғни ою-өрнегіне сай келер еш нәрсе жоқ. Этнография ғылымының көшбасы Марат Сәбитұлы Мұқанов зерттеулерінен осындай көзқарасты көреміз /13/.

Алып жүруге қолайлы тұрғын үйдің ең жетілдірілген түрі ретінде киіз үй қазақтардың тұрмыс салтына бәрінен де гөрі сәйкес келеді, ол адамның табиғатпен өзара байланысының, оның қоршаған ортаға сіңісуінің нәтижесі. Ғалым: "Материалдық мәдениет және оны құрайтын баспана адамның қызметінің жемісі іспеттес. Оны географиялық ортамен тығыз байланыста қарастырылуы керек" /14/ деген көзқараста болды. Сонымен қатар, тұрғын үйдің болуына ресурстық орта және адамның еңбегімен жасалатын, оның тұрғын үйі тұрғызылатын компоненттер зор ықпал етеді.

Марат Сәбитұлы шалаш-киіз үй даму тарихының алғашқы сатысы іспеттес екеніне еш күмән келтірмейді. Ғалым оның кейбір халықтар тұрмысында сақталғанын және кеңінен қолданатынын тамырын тереңнен тартып көрсетеді. Жалпы, қазақ халқы ертедегі көшпелі мәдениеттің ең негізгі дәстүрін өзіне мұра етумен бірге, оны ары қарай дамытып және байытты. Міне сондай мәдени дәстүрдің белгісінің бірі-көшпелі өмірге ыңғайлы киіз үй болды [14/, 116б.].

Ғалымның егіні жиналып алынған аңыздан дән терген торғайдай, ғұмыр бойы Қазақстанның түпкі-түпкі аймақтарын аралап жинаған материалдары және көптеген ғалымдардың келтірген деректеріне сүйене отырып жасаған қорытындысы өте маңызды.

Қазіргі Өзбекстанның Андижан және Самарқанд облыстары территориясындағы көшпелілер, яғни өзбек халқының құрамына енген қыпшақтар күні кешегіге дейін киіз үймен қатар шалаш қапаны қолданған. Оның ағаш құрылысы ұзындығы 3 метрге дейінгі 6-8 (және көбірек) ағаш жердейден құралды. Оларды дөңгелете қойып, жоғарғы ұштарын байлады. Бұл ағаштардың төменгі және жоғарғы ұштарын жіңішке қамыспен айналдыра байлаған, сонымен қатар барлығын айқастыра жіңішке арқанмен байлаған. Осы ағаштың қаңқасын қамыстан тығыздалып тоқылған бұйыммен жабылған. Кейбір ауқатты жанұялар баспанасын киізбен жапса, кедейлері саман соғатын сазбен сылаған. Есікті қамыстан тоқылған бұйыммен жапқан /15/.

Бұл келтірілген тұжырымға Марат Сәбитұлы келісе отырып: "ешқандай күмәнсіз, мұндай тасымалды баспананың түрі-ескіден қалған, көне дәуірге тәнділігі. Өның құрылысын өзгерте отырып, адам өзінің мақсатын өзгертпеді" деген қорытынды жасайды [/14/, 117]. Ғалым, сонымен қатар қазақтың немесе қазақ халқының құрамындағы қыпшақтардың тұрмысына қапаның сақталмауының себебіне тоқталады. Яғни, қазақ халқы күні кешегіге дейін құрылысы жағынан қыпшақтардың қапасына ұқсас шалаш күркені қолданды. Бірақ олардың көлемі кішірек, негізінен оны жаз мезгілінде қойшылар және кедейленген малсыз отырықшы жатақтар қолданды. Барлық мәселе, қыпшақ қапасында ошақтың болмауы, яғни баспананы өрттеп алудан сескеніп от жақпаған және де түтіндігі де болмаған. Суық мезгілде баспананы тұтқалы табадағы шіріген көмір арқылы жылытқан. Орта Азия ауа райының қолайлығы және жақын қашықтыққа көшуде мұндай жылылық жеткілікті еді. Қазақтарда мүлдем өзгеше: континенттік ауа райы, қыстау мен жайлаудың бір-бірінен қашықтығы көп уақытты талап етеді және ортаазиялық қыпшақтар секілді баспанадан тыс ошақ бұл қазақ көшпелілері үшін өте қолайсыз еді. Марат Сәбитұлының жасаған бұл тұжырымы қазақ халқының ұлттық баспанасы - киіз үй тарихын зерттеуде қосқан үлесі деген пікірдеміз.

Қазақ киіз үйлері негізінен "қыпшақ үлгісі", "қалмақ үлгісі" деп екіге бөлінеді.

Н.Харузин еңбегінде: "сыртқы түрінде ешқандай айырмашылық болмаса да киіз үй екі түрге бөлінген: қалмақ және қырғыздық (қыпшақ), бұлай аталуы негізінен қолданылатын жеріне байланыстылығы. Сонымен қатар баса назар аударалық жағдай, қалмақ үлгісіндегі киіз үй монғол халықтарынан, қырғыз үлгісіндегіні - түріктерден көре аламыз, яғни аталмыш атауды қалмақ-қырғыздықты монғол-түріктік деп ауыстыруға болады. Көңіл аударалық жайт, түрік халықтарында монғол үлгісіндегі киіз үйді кездестіруге болады және де керісінше. Олардың бір-бірінен айырмашылығы, қыпшақ үлгісіндегі - иығы шығыңқы, мінсіз дөңгелекте, қалмақ үлгісіндегі еңсесіз шошақ үй. Мұндай айырмашылықты, қалмақ киіз үй уықтары - иінсіз, ал қырғыздардің уықтары-иіндірек, шаңырағы көлемділеу болады да, үй төбесі күмбез тәрізді жалпақтау келеді" [/14/, 24-256].

Қазақстанның оңтүстігі мен орталық аймағындағы өзінің айқын дөңгеленген сфералық күмбезділігімен ерекшеленетін қыпшақ үлгісіндегі киіз үйлер басым. Солай болғанымен Жетісу аймағында конусты, күмбезденіп келген, өзінің шығу тегі жағынан тым көне, қалмақ үлгісіндегі киіз үйлер сақталғандығын Х.Арғынбаев және Ә.Тәжімұратов өз зерттеулерінде атап өткен /16/.

Түрік және монғол киіз үйлері арасындағы айырмашылық тек уықтары ғана емес және басқа да көптеген элементтеріне байланыстылығын алға тартады. Яғни, монғол халықтарының киіз үйлері әдетте төрт қанаттан тұрса, ал қазақ халқында алты қанат киіз үйлер кеңінен тараған. Сонымен қатар, ғалым айырмашылықты киіз үйдің ағаш бөліктері, киіз жабындысы, ішкі жиһаздары, сықырлауығында болатындығына тоқталады. Мәселен, монғол халықтарының киіз үйлерінің есігі бір жаққа ашылса, қазақтардың сықырлауығы екі жаққа ашылады /17/.

Академик Ә.Х.Марғұлан еңбегінде қазақ киіз үйлерінің екі, үш қанаттан бастап, он екі, он сегіз, отыз қанатқа жететін үлкен түрлері болғандығын, бір үйдің кереге

басы жетпіс-сексеннен бастап үш жүз алпысқа дейін болғандығын айтады [11/, 36.]. Соған орай қазақтың киіз үйлері өзінің мәдени тұрмыстық, шаруашылық жағдайына байланысты негізінен үш түрге бөлінген: 1) қазақ халқының жазды күні тұруына арналған киіз үй; 2) мереке-жиын кезінде немесе қадірлі қонақты күтіп алатын киіз үй; 3) жорық кезінде тігетін киіз үй. Бұдан басқа негізгі үйден бөлек асханаға, қоймаға, сарайға арналған да киіз үй түрлері болған. Олардың өздеріне тән атаулары бар. Мысалы, бұрынғы хан-сұлтандар мен атақты байлардың үйлері алты қанаттан бастап отыз қанатқа дейін баратын үлкен және өте бай жиһазды, әшекейлі болып келген. Бұларды ақ ала орда, ақ орда, ақ шаңқан, алтын орда, алтын үзік деп атаған. Ал орташа шаруа мен кедей шаруаларға тән киіз үйлерді алты қанат ақ үй, боз үй, қоңыр үй, қара үй, қара лашық, қалмақ үй, лашық, көтерме туырлықты, кепе, ұранқай, күрке, отау, жапа т.б. деп атаған.

Жолаушылар мен жорықшыларға тән үйлерді абылайша, ақ қос, қаңқа (арбаның үстіне тігілетін киіз үй), жоламай (жол амалы), жорық үй, жұлым үй (түзу уықтарға туырлық жаба салатын үй) деп, ас үйлерді: асхана, бойра, кібіт (түбірі татарша-кибіт), кілет үй деген.

Назар аударларлық жайт, жоғарыда келтірілген киіз үйлердің түрлерінің атауына қатысты ғылыми еңбектерде көптеген пікірлер, ғылыми тұжырымдар келтірілген. Мәселен, жолым үйге қатысты А.Б.Қалыш зерттеуінде ғылыми маңыздылығы зор мәлімет кездестіреміз, яғни жолым үйдің тарихына тоқтала отырып, ғалым оны кіші жүз табын руының бір тармағы Жолыймен байланыстырады.

Айтайын бір әңгіме ұзын сонар,
Табындар бірге көшін, бірге қонар.
Қазақтың бар байлығы мал болғасын
Сам менен Жемнің бойы малға толар.
Табында Қарақойлы Жолый болған
Тіктіріп жол үстіне үйді қойған.
Жолаушыны жібермей күтіп алып,
Қонақ етін қондырып, малын сойған.
Сондықтан аты шыққан “Жолдағы үй” деп
Күтуші адамы бар, тамағы тоқ.
Бара-бара “жол үйін” Жолый болды
Жолый болып атағы тарады көп –

деп келтіреді /18/.

Айта кететін жайт, аталмыш баспаналардың барлығының киіз үй қаңқасынан жасалған. Мысалы, жоғарыда келтірілгендердің ішіндегі ең қарапайымы шалаш (күрке, итарқа), ол екі кереге және оны жабатын киізден тұрады.

Жалпы осы киіз үйлердің атауларына қатысты М.С. Мұқанов өзіндік пікірін келтіреді. Ғалымның пікірінше, *киіз үй* : киіз үй, кигіз үй, ақ боз үй, қара үй деп аталуына қатысты өзіндік түйін жасайды, мұнда халық әндерінде ақ боз үй, боз үй атағандығын дерек көзі ретінде пайдаланған. Назар аударалық жайт, Марат Сәбитұлы Шығыс Қазақстан этнографиялық экспедиция кезіндегі материалдарын сараптай келе киіз үйдің байырғы атауы – кереге деген ғылыми түйін жасады. Бұлай аталуын ғалым киіз үйдің құрылысындағы басты бөлігі – керегемен байланыстырады.

“Болжалды кітаптағы” А.Стейннің лондондық коллекциясындағы орхоненесейлік ескерткіш хаттарында ежелгі түркі “keragu” термині кездеседі, ол киіз үй деген мағынаны білдіретіндігін Марат Сәбитұлы басшылыққа ала отырып, мынадай қорытынды жасайды: “көне түрік ортасында пайда болған киіз үй оның негізгі нышаны – жиналмалы-жайылма тор – кереге терминімен аталады. Ол өзінен бұрынғы тасымал баспанасынан ерекшелігіне қатысты аталған. Сонымен қатар ғалым бұл терминдердің Шығыс Қазақстан жерінде болуын аймақтың этносаяси тарихымен байланыстырады: яғни, Шыңғысханның шабуылынан кейін Шығыс Монғолиядан керей мен наймандардың нақ осы жерге қашып келгендігі. Ғасырлар бойымен бұл термин Шығыс Қазақстан халқында сақталған [14/, 126б.]. Ғалымның келтірген бұл

түйіні қазақ халқының материалдық мәдениеті, оның ішінде киіз үй тарихына қосқан ғылыми маңыздылығы зор мәлімет.

Ғылыми зерттеулерде келтірген ғалымдардың пікірлерін сараптай келе, киіз үй атауына қатысты қазақ үйі, ағаш үйі, қара үйі деп үшке бөлінетіндігіне тоқталамыз. Оның себебі, батысы мен шығысы, түстігі мен терістігі мыңдаған километрге созылған қазақ жері көптеген туысқан халықтар, республикалар мен өлкелерге шектесетіндіктен республикамыздың осындай географиялық жағдайы киіз үйдің сырт формасы, істелу технологиясына да аздаған өзгешіліктер енгізген сияқты. Оны киіз үйдің әр жерде әртүрлі аталуынан байқауға болады. Мысалы, оңтүстік облыстарда оны киіз үйі деп атаса, батыс облыстарда ағаш үйі, киіз үйі деп қатар айтылады. Ал солтүстік облыстар мен ТМД-ға шектес облыстар мен аудандарда қазақ үйі деп аталатындығын байқауға болады. Негізінде, нағыз термин ретінде мұның киіз үйі аталуы дұрыс деген пікірдеміз. Ғалымның жоғарыда келтірілген ақбоз үйі, кигіз үйі, қара үйі бұл тек киіз үйдің түрлері ғана.

Халқымызды этнографиялық тұрғыда зерттеуде көптеген көрнекті ғалымдар өнімді еңбек етті. Олар қазақ халқының баспанасы киіз үйді жан-жақты зерделей, оған қатысты теңіз түбінен маржан тергендей талмай еңбектенген қазақ сахарасының сан тарабында көнекөз қариялар мен білікті жандардың жүрегінде сақталған құнды мәліметтер жинады. Жинаған этнографиялық материалдары қазақ халқының қолөнеріне, соның ішінде киіз үйі тұрмыстық жиһаздар-мүліктеріне, жүннен және ағаштан жасалатын бұйымдарын, оларға салынатын ою-өрнектеріне қатысты негізгі және бұрынғының түсініксіз беттерін ашуға көп мүмкіншілік берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Вайнштейн С.И. Проблемы истории жилища степных кочевников Евразии. //Советская этнография. 1976. №4. С.46-56.
2. Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу. Перевод и комментарии под редакцией академика И.Ю.Крачковского. М.-Л.,1939. С.65.
3. Материалы по истории туркмен и Тукмении. Т.1. М.-Л.,1939.
4. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб.1. А., 1935. С.29.
5. Фаззаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-ий Бухара (Записки бухарского гостя). М., 1976. С.133, 138.
6. Андреев С.И. Описание средней орды киргиз-кайсаков. //Новые ежемесячные сочинения. СПб.,1796. С.54.
7. Замечание о киргизах. Из записок доктора С.Большого. //Сын Отечества,1822. С.50-51.
8. Харузин Н.Н. История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России. //Этнографическое обозрение. 1896. №1.
9. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. Т.III. Алма-Ата, 1985. С.26-29.
10. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. А.,1950; Соныкі Бегазы Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. А., 1979.
11. Маргулан А.Х. Казахская юрта и её убранство. М.,1964. –С.3.
12. Оразбаев А.М. Поселение Чаглинка (Шагалы) некоторые Формы и типы жилищ. //По следам древних культур Казахстана. Алма-Ата,1970. С.143. Рис.8.
13. Муканов М.С. Казахская юрта. А., 1981. С.15.
14. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерк теории и истории А., 1998. –С.111.
15. Шаниязов К.Ш. К этнической истории узбекского народа (историко-этнографическое исследование на материалах кипчакского компонента) Ташкент, 1974. С.235.
16. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. А., 1987. 13б.; Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. А., 1977. 23 б.
17. Казахи. Историко-этнографическое исследование. А., 1995. С.138.
- 18.Қалыш А.Б. Сүйеубайдың асы. А., 2002. 27-28 б

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада көне деректерден бастауын алған және бүгінгі таңдағы көрнекті ғалымдардың киіз үйге қатысты жасаған ғылыми түйіндері жан-жақты зерделенген. Ғалымдардың киіз үйдің тарихына, құрылысына және атауына қатысты келтірген тұжырымдары қамтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье автор исследовал данные исторических источников и выводы ученых современности о роли и значении казахской юрты. Особо подчеркнул историю создания юрты, его строение, убранство и назначение.

УДК 39 (574.5)

**СЕМЕЙНАЯ ОБРЯДНОСТЬ КАЗАХОВ В ИССЛЕДОВАНИЯХ
Ф.А.ФИЕЛЬСТРУПА В 20-Х ГОДАХ XX ВЕКА**

Калыш А.Б. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Ф.А.Фиельструп (1889-1933) – один из крупнейших специалистов в области этнографического изучения тюркских этносов, особенно в области материальной культуры, хозяйства и семейно-брачных отношений.

Федор Артурович Фиельструп родился в Петербурге в семье датского инженера-электрика, принявшего Российское подданство. В 1908-1916 годы он учился на романо-германском отделении историко-филологического факультета Петербургского университета. После окончания университета он работал в Музее антропологии и этнографии (МАЭ), с 1918 года - внештатным, а с 1921 года по 1933 год – штатным сотрудником, созданной при Российской Академии Наук Комиссии по изучению племенного состава населения России (с 1925 года - СССР) и сопредельных стран (КИПС), преобразованной в 1930 году в Институт по изучению народов СССР (ИПИИ). Основной целью названного научного учреждения являлось составление этнографической карты и сбор широкого круга материалов по изучению этнического состава и расселения народов Алтая, Кавказа, Крыма, Приуралья и Средней Азии, для проведения национального размежевания в составе СССР. Был незаконно репрессирован в 1933 году и реабилитирован посмертно в 1958 году.

В ходе этнографических экспедиций Ф.А.Фиельструпом был собран значительный историко-этнографический и сравнительно-сопоставительный материал по кыргызам, казахам, туркменам, крымским татарам, ногайцам, хакасам, теленгитам, шорцам и другим тюркским народам. Приобретенные им разнообразные предметы материальной культуры и прикладного искусства пополнили коллекции МАЭ (Санкт-Петербург), Главного Среднеазиатского музея (Ташкент) и Центрального музея г. Бишкека /1/.

Это позволило ему опубликовать ряд ценных публикаций по казахам /2/, в том числе «Свадебные жилища турецких народностей» /3/. Вместе с тем, к сожалению, значительная часть этнографических материалов автора по кыргызам и казахам, в силу указанных трагических обстоятельств, оказалось неопубликованной. Его личный архив, представленный дневниками, тетрадями, рукописными отчетами о его полевых этнографических исследованиях 1924-1929 годов, был передан в архив Института этнологии и антропологии им. Н.Н.Миклухо-Маклая РАН вдовой ученого, крупнейшим специалистом по этнографии Таджикистана и Узбекистана Е.М.Пещеровой.

Часть из них, посвященная семейным, хозяйственным, общественно-бытовым обычаям и обрядам кыргызов, казахов и других тюркских народов, была систематизирована и обработана к изданию докторами исторических наук указанного Института Б.Х.Кармышевой и С.С.Губаевой, опубликована под названием «Из обрядовой жизни киргизов начала XX века» в 2002 году /4/. Им же принадлежит

вступительная статья, комментарии, словарь местных терминов, указатели этнических и географических названий.

Безусловно, из четырех глав монографии, особый интерес для нас представляет первая, посвященная семейным или обрядам жизненного цикла /4, 14-181/, состоящая в свою очередь из трех параграфов: свадебной, детской и погребально-поминальной обрядностей.

Первые два параграфа полностью построены на материалах о кыргызах центрального Тянь-Шаня, а также Таласа и приферганской территории Кыргызстана. Однако, в них есть много общих и сопоставительных данных, которые встречаются и среди казахов. Например, параграф, затрагивающий свадебные обряды /4, 14-64/, имеет прямое отношение к добрачным отношениям у молодежи, формам брака (посредством умыкания невесты или официального сватовства), калыму и приданому, свадебным торжествам в доме отца невесты и в ауле жениха, обрядам бракосочетания с их составными элементами и среди казахов.

Так же взаимосвязь и общность можно проследить во втором параграфе [/4/, 65-97], где исследованы обряды, связанные с рождением и воспитанием ребенка. Здесь мы имеем в виду приемы родов, роль женщины-повитухи, купание ребенка и положение его в колыбель, выхаживание недоношенного младенца, меры по сохранению жизни детей в семьях, где они подвержены летальным исходам, имянаречение, стрижка и прическа детей, символическое перерезание пут, когда дети начинают ходить, первую посадку на лошадь мальчиков 3-4-х лет, обрезание мальчиков, детские игры.

Как мы отмечали ранее, заключительный и самый насыщенный параграф, затрагивающий погребально-поминальные обряды [/4/, 98-181], имеет материалы не только по кыргызам, но и по казахам практически всех трех жузов – Старшего, Среднего и Младшего с указанием их родоплеменной принадлежности. Они основаны как на собственных полевых этнографических данных, так и на основе использования специальной литературы. Как и в предыдущих параграфах, здесь Ф.А.Фиельструп проявил доскональное знание предмета и вопросов исследования, зафиксировав все составные части этой специфической обрядности, где наиболее полно представлены как нормы шариата и адата, так и доисламские представления. Автором последовательно и логично показаны действия, совершаемые близкими, родственниками, друзьями и аульчанами в случаях ожидаемой или внезапной смерти, в отношении завещания умершего. Это же относится к поклонению его праху, помощи семье покойника, чтению молитвы Корана, омовению и одянию покойника, особенностям укладывания его в юрте. В отношении срока похорон верно отмечено, что он бывает разный: короткий (в день смерти или на следующий день) и продолжительный (до трех дней). Мы знаем, что первый срок похорон больше характерен для казахов Южного Казахстана, а второй для других регионов республики. С ними перекликаются приводимые автором примеры двойного захоронения: временное погребение покойника (аманат) в силу различных обстоятельств, в чужой земле и вторичное погребение в родных местах, на родовом кладбище. При этом, «все помертвые обряды совершаются на месте смерти, а на месте похорон - все связанные с погребением» [/4/, 109]. Также подробно показаны обстоятельства, связанные с обязательной перевозкой умершего домой верхом на лошади или с использованием транспорта (арбы, сани).

При этом подробно изложены следующие характерные для кыргызов и казахов атрибуты: путь на кладбище, погребение, устройство могилы и положение тела в ней, обратный путь от могилы. Относительно поминального плача автором показаны отличительные черты как женского плача, причитания (жоктау), так и мужского (даус). Не остались в стороне особенности траурной процедуры вдовы, траурной одежды вдовы и других женщин в разных регионах Казахстана.

Относительно обязательных поминок в честь памяти усопшего сообщается, что то они устраивались у казахов на седьмой, сороковой, сотый дни и в годовщину смерти. Однако предпоследние поминки соблюдались не везде. Ссылаясь на данные Н.И.Гродекова по казахам Сырдарьинской области, Федор Артурович такую

поминальную обрядность объясняет тем, что по их представлениям "душа умершего возвращается домой на седьмой день, на 40-й день, через один год, три года, 10 лет и, наконец, в последний раз через 30 лет" [4/, 136].

Значительное место в данном параграфе уделено рассмотрению тризны – ас /4, 139-168/, устраиваемой в годовщину в честь знатных и известных аксакалов, которые пользовались уважением и почетом при жизни, не только среди сородичей, но и далеко за пределами волости, уезда и области. Поэтому организация такого «аса» выходила за рамки чисто семейного мероприятия, перерастая в общественное. В связи с этим к его проведению подходили очень серьезно, созывая специальное совещание (кенес) старейшин, на котором решались многие организационные вопросы: «кого приглашать, какой будет расход, сколько голов какого скота будет зарезано на угощение, сколько кибиток нужно поставить для гостей, кто будет принимать и обслуживать гостей», назначается день начала тризны, договариваются об общем числе скота на призы, намечают место для ее проведения, «и с этого момента указанная площадь является запретной для кочевания» [4/, 139].

Например, у казахов Младшего жуза из рода адай «на назначенном месте к сроку около аула поминаемого ставят 450-500 кибиток (смотря по положению и зажиточности семьи покойного), куда приезжает четыре-пять тысяч людей. Для них режут 700-1000 баранов» [4/, 148].

Продолжительность аса колебалась от нескольких дней до одной недели, т.к. каждый из дней был строго расписан по своей насыщенности. «Первый день – ошак (ошак казу) – копают очаги; второй день – сойс (мал сойар кун) – режут скот; третий день – лӧс (ет асар кун) – варка и дележ мяса; четвертый день – табак тарту – угощение и день съезда» [4/, 153-154] и т.д. Заключительный день аса сопровождался скачками, другими конно-спортивными состязаниями, борьбой и т.п., победителей которых ждали ценные призы, доходившие от 10 до 30 голов скота.

После проведения годовщины (жылын беру) или аса и по согласованию с аксакалами «вдова снимает траур, вновь приобретает прежний внешний вид (это касается одежды, волос) и выходит замуж» [4/, 169] по закону амангерства за старшего брата покойного или другого близкого его родственника.

Таким образом, краткий обзор трудов Ф.А.Фиельструпа показывает, что им проделан значительный вклад в разработку семейно-брачной обрядности казахов, кыргызов и других родственных тюркских этносов. Ценность его исследований заключается в том, что собранные им собственные полевые этнографические материалы на протяжении 1924-1929 годов, логически взаимосвязаны и подкрепляют данные дореволюционных источников по названной проблеме.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кармышева Б.Х. Этнографическое изучение народов Средней Азии и Казахстана в 1920-е гг. (Полевые исследования Ф.А.Фиельструпа) // Очерки истории русской этнографии, фольклористики и антропологии. М., 1988. Вып. 10; Она же. От тропических лесов Амазонки до центральноазиатских степей: жизненный путь Ф.А.Фиельструпа // Репрессированные этнографы. М., 1999.
2. Фиельструп Ф.А. Скотоводство и кочевание в части степей Западного Казахстана // Казаки: -Антропологические очерки. Материалы Особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Вып. II. Л., 1927, С.78-107; Он же. Молочные продукты турков-кочевников. // Казаки: Сб. статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции АН СССР. Исследование 1927г. (Материалы Комиссии экспедиционных исследований. Вып. 15). М., 1930, С.263-301.
3. Фиельструп Ф.А. Свадебные жилища турецких народностей. // Материалы по этнографии. Л., 1926. Вып. I. Т. III, С.117-138.
4. Фиельструп Ф.А. Из обрядовой жизни кыргызов начала XX века. [Отв. ред. Б.Х.Кармышева, С.С.Губаева]; Ин-т этнологии и антропологии им. Н.Н.Миклухо-Маклая. М.: Наука, 2002. –300с.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается вклад одного из видных исследователей этнографии тюркских народов Ф.А.Фиельструпта в разработку семейно-брачной обрядности казахов в 20-х годах XX века.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада түркі халықтарын этнографиялық тұрғыда зерттеушілердің ішінде ерекше орын алатын Ф.А.Фиельструптың XX ғ. 20-жылдарындағы қазақ халқының отбасылық әдет-ғұрыптарын зерттеуге қосқан үлесі қарастырылған.

УДК 39. 091

АҢШЫЛЫҚ ПЕН САЯТШЫЛЫҚ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Картаева Т.Е. (Алматы қ., ҚазҚызМемПИ)
 Өмірбекова Ж. (Алматы қ., Әл-Фараби атындағы ҚМҰУ)

Аңшылық пен саятшылық кәсібі қазақ жерінде өте ежелден мал шаруашылығынан бұрын қалыптасқан. Аң құс аулаудың тәсілдері мен құрал-саймандары, ғасырлар бойы ел даланы еркін мекендеп, түз тағыларының тіршілік тәсілдері мен өмір сүру заңдылықтарын бақылаған халық тәжірибесінен туындады.

Археологиялық, палеозоологиялық деректерге сүйенсек, Қазақстан территориясында аң аулау дәстүрімен ежелгі палеолит дәуірінен айналысқан. Соңғы палеолит дәуірінде де аң аулау дәстүрі адам тіршілігінің басты негізі болды. Мысалы, Қаратау қаласының солтүстік-батыс жағында орналасқан Үшбұлақ қойнауында мустье дәуірінде өмір сүрген аңшылардың шағын топтарының ізі сақталған. Б.з.д. VII-VI ғғ. Сақ дәуіріне жататын Арпаөзен қойнауынан аң аулайтын екі доңғалақты, аңшылық күймелерінің сирек кездесетін көрінісі табылған /1/.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың жартастағы суреттерінде ұшырасқан күймелер мен жүк арбаларының көптеген бейнелері кейінгі андроновтық тайпалар мен сақ тайпаларында осындай көлік түрлерінің таралғанын көрсетеді /2/. Яғни, аң аулау дәстүрінің сол кезеңде сақ тайпасының қосалқы кәсіпшілігі ретінде болғандығын көреміз. Ал, жартастағы суреттер аңды қаумалап аулау әдісін көрсетеді. Таулы Алтайдың Пазырық обаларынан аң терілерінен жасалған аяқ қаптардың, тері ыдыстардың табылуы да осыған дәлел бола алады /3/.

Қазақстан территориясында жаппай тараған кейбір петроглифтер сақтардың бейнелеу өнерінің ескерткіштері болып келеді. Мысалы, Тамғалы аңғарының (Алматы облысы), Қойбағар, Арпаөзен атыраптарының (Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы) жартастарында сақ тайпаларының бейнелері, ал Қойбағар сайында 3045, Арпаөзенде 2765 таңбалы тас бар. Олар тұяқтарының ұшымен тұрған және аяқтарын бүгіп жатқан кейіпте салынған бұғылардың суреттері, жабайы қабандардың суреттері, және басқа да жыртқыштардың бейнелері, сонымен бірге, жартастағы суреттердің арасында адамның аң аулап жүрген кезінің көріністері бар. Суреттер көшпелі тайпалардың діни түсініктері мен ырымдарын, әдет-ғұрпын білдіреді. Түрлі кескін көріністердің ішінде аңшылық көріністері (таутеке аулау, ит қосу, садақпен аңға шығу, құс аулау) басты орын алған. Бұл жартастағы суреттерден байқайтынымыз сақ дәуірінде аңшылық дәстүрінің кәсіпшілікпен қоса қолданбалы өнер болғандығын айта аламыз /4/.

Аңшылық ерліктері қаһармандық эпостар желісіне сюжет болып, сақ заманында-ақ қалыптасқан эпостардың кейбір бейнелері мен сюжеттері өзгерген күйінде біздің заманымызға дейін жетті /5/. Осы эпостардағы кейбір аңшылық тақырыптары Петр I Сібір коллекциясындағы сақтардың алтын тоғаларында бейнеленген /6/.

Савромат-сармат кезеңінде де қолданбалы өнердің андық стилі дамыды. Бүркіттің текені жұлмалап жатқан кезі, жүгірген қасқыр бейнесі, дала бүркітінің мүсіні немесе құмайдың бастары сияқты басқа да суреттер кең тараған. Аңдар мен құстардың бірнеше мүсіндерімен жасалған композициялар да аз кездеспейді. Мысалы, сүйек бұйымдар жиынтығында сабы зооморфтық стильде жасалған қасықтардың сабында бірнеше мүсін бар. Атап айтсақ, қасқыр мүсіні және бүркіт мүсіні бейнеленген.

Үйсіндер шаруашылығында темір, мыс және асыл металдарды қазып алу, корыту және өңдеу маңызды орын алды. Бұлардан неше түрлі зергерлік бұйымдарды жасаған. Соның ішінде сырғалар, қола түйреуіштер болып келеді. Көбінесе олардың бір шетіне құстың бейнесі салынады. Мұның өзі адамның қоғамдық дәрежесін көрсетеді. Ерекше бір көз тартатын нәрсе – Қарғалыдан табылған тәті. Тәтінің ішкі бетінде аңдардың құстардың бейнелері кездеседі. Атап айтып кетсек, маралдың, ұшқан құстың, тау текенің, аюдың бейнелері /7/.

Түрік заманындағы VI-X ғғ. Қазақстан территориясында тастан жасалған тұлғалар кең тараған аймақ болып табылады /8/. Мысалы, Жетісуды мекендеген түрік тайпаларының қасиетті жайлауларында, Мерке ғибадатханасының тас мүсінді монументалдық ескерткіштері әлі күнге дейін сақталған. Осы ескерткіштердің арасында қолында құс ұстаған бейнелер де кездеседі. Бұл ескерткіштердегі сюжеттерге иконографиялық талдау жасау күрделі, себебі, қолында құсы бар ескерткіш әйелге де, ер адамға да арналған мүсіндерге тән. Түріктердің ашина және ашидэ тайпаларының таңбасында қарғаның, оғыздар тайпасында қаршығаның, сұңқардың болуы, петроглифтерде кездесетін қолында құсы бар әскер-аңшылардың бейнесі көшпенділерге ержүрек батыр образының болғандығын айқындайды.

Түркі халқының дүниетанымында құс бейнесін аспан құдайының рухы ретінде, көк аспанды білдіретін құдірет ретінде қабылдаған. Ежелгі түріктердің дінінің негізі көкке сиынғандықтан көкте самғап ұшып жүрген қыран құсты қалайша қадірлемес.

Өнер ескерткіштерінде құс бейнесі бара келе рәміздік белгіге, түрік жоғары табының рулық таңбасына айналды. Орта ғасырлық түрік халықтарындағы саятшылық дәстүрі туралы сол кезеңде өмір сүрген Рашид-ад-Дин, Әбілғазы сияқты тарихшылардың еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы, Рашид-ад-Диннің Шыңғыс ханға байланысты дерегінде былай жазылған: «Однажды Чингиз-хан спросил у Боорчинойна, бывшего главою эмиров, в чем заключается высшая радость и наслаждение для мужа. Боорчи сказал: В том, чтобы мужчина взял своего сизога сокола, остававшегося на привези и потерявшего за зиму свое операние и оперившегося, сел на доброго мерина которого он содержал в теле и стал охотиться в (пору) весенней зелени на сизоголовых птиц и чтобы он носил добрые одежды».

Чингиз-хан сказал Борагулу: «Ты тоже скажи!». Борагул сказал: «Для мужчины (величайшее) наслаждение заключается в том, чтобы выпускать ловчих птиц, вроде кречета (сонкур), на бурых журавлей, с тем чтобы они ударами когтей сбивали тех в воздухе и хватали». Затем Чингиз-хан спросил у сыновей Кубилая. Они сказали: «Наслаждение человека в охоте и в пускании ловчих птиц» [/9/,165]. Бұл деректерден Шыңғыс ханның заманында аңға шығып, құс салу өнерін, яғни салтшылықты сән-салтанаттың белгісі, беделі деп санағаны байқалады.

Жалпы қазақ халқында қырандар тобы былайша жіктелінеді: бүркіт, тұйғын, қаршыға, сұңқар, лашын, ителгі, бидайық, тұрымтай, жағалтай секілді алғыр құстар. Осы қырандар тобындағы кейбір құстар Рашид-ад-Диннің еңбегіндегі оғыз тайпаларының тотемдерінде кездеседі:

1. Кайи тайпасының тотемі – ақ сұңқар.
2. Баят тайпасының тотемі – ақ сұңқар.
3. Ал-караули тайпасының тотемі – ақ сұңқар.
4. Кара уйли тайпасының тотемі – ақ сұңқар.
5. Язер тайпасының тотемі – бүркіт.
6. Дукер тайпасының тотемі – бүркіт.
7. Баяндур тайпасының тотемі – сұңқар.

Ал, кейбір түркі халықтарының бірден-бір тотемі – бүркіт болып келеді. Сақалардың әрбір руларының өздерінің табынушылары, қорғаушылары болған, бұлардың ішінде қыран кездескен. Мысалы, қыран-сақа халқының жерлерінің тотемі болған. Бүркіттің тотемдік рөлі ерте түркмен оғыздарда және жаңа түркмендер мен өзбектерде сақталған [9/88].

Аңшылық дәстүрі туралы XVIII ғасырдағы Паллас, Георги, Фальктің мәліметтерінен де кездестіреміз. Палластың мәліметі бойынша сол кезеңде өмір сүріп жатқан қазақтар (қырғыздар) аң аулау үшін, бапталған, үйретілген бүркіттерді қолданған [10/].

Қырғыз (қазақ) даласында қасқыр, түлкі, борсық, киік, суыр және т.б. аң түрлерінің өте көп екендігін және оларды тазы итпен, бүркітпен аулайтындықтары жөнінде Георгидің мәліметінен көреміз. Тіпті, бүркіт пен тазы итті өте қымбат бағамен Орынбордан сатып алып отырған. Бұл дерек жыртқыш құсты қолға ұстап қадірлеп, баптаудың, яғни, саятшылық дәстүрінің кәсіптен гөрі, серуен сөйілге жақын екендігін көрсетеді.

Фальктің жазған мәліметі бойынша қырғыз (қазақ) аңшылары қасқыр, түлкі, қарсақ сияқты аңдарды аулаған. Оздеріне көмекке тазы итін бірге ертіп жүрген. Фальктің айтуынша, аң аулауға мылтықты сирек пайдаланды, тіпті қолданбады десе де болады. Аң аулайтын қақпандарды Орынбордан сатып алып отырған. Бірақ, бәрінен де ерекшесі бүркітпен аң аулау болғандығын айта кеткен. Бүркітті Орынбордан 6-7 сомға сатып алып отырған. Тіпті, Фальк қырғыздардың (қазақ) бүркітті қалай баптайтындықтары жөнінде мәлімет бере кетеді [11/]. Яғни, қазақ халқының жер бетіндегі ұлт пен ұлыстарының ішінде саятшылық өнерінің туын жықпай бүгінге дейін алып келгенін Паллас, Георги, Фальктің мәліметтерінен көруге болады. XX ғасырдың басында Алтай қазақтарының ауқатты жанұялары аңшылықты ойын-сауық, спорт ретінде қолданса, кейбір жанұялар аңшылықты кәсіп ретінде күнделікті өмір сүрулеріне пайдаланды. Яғни, XX ғасырдың өзінде-ақ аң аулау дәстүрі адамдардың әлеуметтік дәрежесін көрсеткен.

Қазақстан территориясында құстармен аң аулау қай замандарда болса да өз жалғасын тауып отырған [12/]. Бұл әрине аңшылық пен саятшылықтың тамырын тереңнен тартқандығымен байланысты болар. Сондықтан да, саятшылық дәстүрінің үш мыңжылдан аса тарихы бар деуге болады.

Аңшылықтың ең байырғы кең тараған түрі құс салу. Бұл аңшылыққа берілгендікпен қатар, шыдамдылықты қажет ететін еңбек. Сан алуан жыртқыш құстарды ұстап, асырап, баптап аң-құсқа салу «саятшылық» деп аталып, «құсбегі-саятшылар» көк тағысы мен жер тағысын сынаққа салудың білім тәжірибелерін ұрпақтан-ұрпаққа қалдырып отырды.

Құс салудың саятшылар арасында ең көп тараған түрі қаршыға және балапан-сұңқар салу болды. Осы арқылы жабайы қаз, үйрек, дуадақ, қоян, т.б. аң-құстар ауланды. Қаршыға балапан сұңқарға қарағанда ірі, қанаты сұр, сарғыштау реңді, көзі сары-сұр, ұшу жылдамдығы аса жылдам емес, тұйғын, қарақұс, құзғын, күшіген сияқты түрлері бар. Балапан-сұңқар қаршығаға қарағанда кішірек, қанаты ұзын, қара түсті, көзі қара тұнық, өткір, құйрығы ұзын, қозғалысы өте ширақ, өте жылдам ұшады. Сұңқардың Қазақстан территориясында ителгі, бөктергі, тұрымтай, жағалтай, лашын, ақтырмақ, бөктергі, күйкентай атты түрлері бар. Сұңқарлар жемдерін ұшып жүріп аулайды. Әдетте олар ұя жасамайды, мекінені 3-4 теңбіл жұмыртқасын сәуір, мамыр айларында қия жартасқа не басқа құстар ұясына салып 1 ай басады. Сұңқардың жемі құстар (кептер, қарға, үйрек т.б.) ұсақ сүт қоректілер, бауырымен жорғалаушылар, жәндіктер [13/].

Жыртқыш құстарды қолға ұстау үшін қазақтар тор құру әдісін қолданды. Бұталарға тордың шеттерін іліп қояды немесе басқа бір құсты, мысалы, кептерді аяғынан байлап қойып, аңшы бірнеше шақырым жерден өзіне шалаш құрып, жыртқыш құстың келуін күтіп жатады. Жемтікке алданған құс, торға оралып қолға түседі. Торды таудың биік жартасты құзды жеріне, күзде қыркүйек айынан бастап құрады. Қаршығаны қолға үйретіп алғаннан кейін, кейбір құсбегілер қаршығамен балапан-

сұңқар аулауға шығады. Балапан-сұңқар мен қаршыға бір-біріне қас жау. Балапанның шапшандығына қарамастан қаршыға күштілігімен жеңеді [14/, 888].

Қазақтардың саятшылық өнерге деген құштарлығы мен аңшылық тәжіребесі аң-құс баптаудың түрлі әдіс тәсілдерін қалыптастырды. Аңшы құсты, мысалы, **қаршығаның** көзін аттың құйрық қылымен төменгі қабағын жоғары көтеріп, желкеге байлайды да, киіз үйде 5 күн ұстайды. Майдалап кесілген жас етпен қоректендіреді, содан кейін 2 түн көзін ашып шамның жарығында, күндіз жоғарыда айтылған әдіспен көзін жауып ұстайды. Немесе басына арнайы қатты теріден тігілген томаға кигізеді. Осылайша құс жарыққа үйрене бастағаннан кейін 2-3 күн өткен соң көзін ашып ұстайды. Екі-үш аптадай құсты ұзын бау арқылы ұшырады. Құсбегі қолындағы етті көріп, қайта ұшып қолға қонады, әбден бапталғаннан кейін баусыз еркін ұшырады. Қаршыға жемтігін төменнен жоғары қарай ұшып ұстайды. Қаршығаның ұшуы баяу болғандықтан құсбегі жемтікке жақын жерден ұшыруға тырысады, құс жемтігін алмай иесіне қайтп келсе, құсбегі дауылпаз соғып үркітіп, жемтігін іздеуге қайта ұшырады. Дауылпаз қаршығаға бір жағынан жемтігін қайта іздеуге, ұшуға көмектесу үшін соғылады /15/.

Сұңқарға жемтігін алу үшін ешқандай көмектің қажеті де жоқ. Аңшы үйрек, қаз, т.б. құстарды көргенде қолындағы құстың томағасын шешіп қоя береді. Сұңқар құстар тобын түгелімен қырғанша тыным таппайды. Қармағына түскен жемтіктерін жеу үшін жерге оралғанда аңшы аздап тамақтандырып, қайта томаға кигізіп қояды. Қазақтар сондай-ақ аң аулауға сұңқардың лашын, сапсан сияқты түрлерін көп қолданған. Олар Сырдария, Жетісу, Ферғана облыстары тауларында ауланды. Түркістан базарында Башкириядан әкелінген лашын, сапсандар жиі кездесті. Бапталмаған лашын бағасы 10-15 сом, баптап үйретілгені 80-100 сом тұрды. Сұңқар тауығын 2-3 жасқа толғанда алады. 2 жасқа дейінгі сұңқарлар ителгі деп аталады. Ителгі қоян, кекілік, құр, үйрек, қырғауыл сияқты аң құстарды ала береді. Ителгі сияқты кіші құсты көбіне жас балалар ермек үшін алады.

Ал, қаршығаның **тұйғын** деп аталатын түрін де қазақтар қырғауыл, қаз, үйрек сияқты майда құстарға салды. Тұйғынның көп жағдайда аққу сияқты ірі құсқа әлі келмейді. Тұйғын Жетісу тауларында мекендейді. Жақсы үйретіліп бапталған тұйғын базарда 200 сомға дейін бағаланған. Құсбегілер арасында қырғи салу да көп кездесті. Қырғи бөдене сияқты майда құстарды қармаққа тез түсіретін, қимылы өте шапшаң, ширақ құс. Ірі құстарды (аққу, тырна сияқты) алуға қаршығаның **ақ сұңқар** деп аталатын түрі қолданылды. Сондай-ақ қазақтар сұңқардың **бұқам-ана**, **шәулі** деп аталатын түрлерін де аңшылыққа пайдаланды.

Байлар саятшылық құрғанда бүркіт алып шығуға тырысты. Торға түскен бүркітті қолға үйрету үшін әуелі оның басына томаға кигізеді. Көзі ештеңені көрмей қалғасын құс тыпырлауды, қарсыласуды қояды. Сосын құстың аяғына бау тағып, аңшы қолына биялай киіп, құсты қолына қондырып алып, үйге әкеліп, бос керген арқанға, яғни ырғаққа қондырып, оны үздіксіз ырғап қойып, әбден шаршатады. Шаршағасын құсбегі оны өз қолынан тамақтандырып, өзіне үйретеді. Адам оны түлкіге түсуге, мықты бүркітті қасқырға түсуге баулиды. Аңшының көмекшісі түлкінің терісін ұзын жіпке байлап алып сүйреп шабады, қанып бара жатқан түлкі сияқты теріні көрсетіп, аңшы құстың томағасын алып ұшырады. Бүркіт өзінің аңшылық табиғаты бойынша қашып бара жатқан аң ғой деп теріге түседі. Сол кезде аңшының көмекшісі тоқтай қалып, аңшы да келіп, бүркітті мақтап, оған жем береді. Бүркіт өзінің жаңа кәсібін меңгергенше 1-2 ай өтіп қыс та түседі /16/. Бүркітті аңға аштай алып шығады. Ізді кесіп, аң көзге шалынған мезетте бүркіттің томағасын алады да, өзі аңның соңынан қуа береді. Аш, ашулы бүркіт ұзаққа жібермей аңға түседі. Аңшы тезірек жетіп келіп, бүркіт алған аңды олжалайды да тағы із кеседі. Аңшы асықпаса, бүркіт алған аңның етіне тойып алып әрмен қарай аң аулағысы келмей ұшпай қалады. Бүркітті жемдеп аңға салу, бабын тауып пайдалану үлкен өнер. Бүркіт екіден артық жұмыртқаламайды, ұясын биік ағаш басына, тау шыңдарына, жеке құздың етегіне салады. Бұл балапандарының сомдалып, шынығып өсуіне қажет жағдай. Қыран құстарды қазақтар қатты қастерлеген, атақты құстарға көп мал беріп, беделін сатып алатын. 1910 жылғы

«Туркестанские ведомости» газетінің № 247 санында бүркіттің бағасы 200 сом тұратындығы көрсетілсе /17/, Г.Загряжский жақсы бапталған бүркіт 5-6 түйеге, сұңқар, қаршыға 1-2 түйеге бағаланады деп көрсетеді [/18/,118]. Ал, аңшылық тақырыбында мақала жазған авторлардың бірі В.Орлов құсбегілердің қаршығаны Қокан ханына апарып 200 тілладан (1 тілла 3 сом 80 тиынға тең болған - Т.К.) сатқандығын айтады [/14/, 888].

Ертеректе екі қазақ бір-бірімен дос болғысы келсе қылышты қынынан суырып алып кеуделеріне қойып, құшақ айқастырып тамыр болады екен. Егер құдалар тамыр болуға келіссе, жігіт әкесі қыз әкесінің үйіне келіп өз қалауын (жүйрік ат, таз ит, құс т.б.) айтады. Тамыр қалауын ол қандай қимас заты болса да беру керек. Орындамаған жағдайда барымта сияқты дау-жанжалмен аяқталып тынады. Осындай тамыры болуға келіскен қазақтың бірі бай тамыры келе жатыр дегеннен, бүркітін қалауға алатынын сезіп, бүркітін алып көрші ауылға кетіп қалады. Екі рет келіп бос қайтқан тамыр үшінші ретінде ескертпей кездейсоқ келеді. Үй иесі болса, қалайда бүркіттен айрылып қалмаудың қамын ойлап өгірік ауырып, қиқылдап жөтелін, көрпеге оранып жата қалады, тінгі тәуіпке адам жібердім деп те қойды. Досы бір түнеп қонақ болып, үй иесінің ауырғанына қарамастан өз қалауына бүркітті айтады. Үй иесі «мен жақында өлетін шығармын, ауруым күшейіп барады, көзім жұмылғанда бүркітім қасымда болсыншы, егер тәуір бола қалған жағдайда өзім апарып беремін», - деп бүркітті алып қалады. Бай досы тамырының хал-жағдайын білуге және қалауын алып кетуге бірнеше рет жігіттерін жібереді. Досы әртүрлі сылтаумен бүркітін қимай бермей жүреді. Бір күні жігіттер тамырының барымта жасауға, түгін қалдырмай тонауға дайындалып жатқандығы жөнінде хабар жеткізеді, осы хабардан кейін ғана бүркітін тамырына өзі әкеліп беріп, сыйға қымбат ішік киіп, қайтады. Қуанышты қайтқанмен енді ешкіммен тамыр болмауға өз-өзіне уәде берген екен. Осы оқиғаны Ш. Ибрагимов жазған /19/.

Құс салатын аңшы әр ауылда болғанымен, әрбір бес-алты ауылда кездесіп тұрады. Салбурынға саятшылар бас қосып, көмекші алып шығатын. Онда олар қос тігіп, азық-түлігін алып шығып, ұзақ уақыт саятшылық құрды. Саятшылық құс салудан да байырғы түрі ит қосу болды. Адам иттің иісшілдігін, жүйріктігін, күшін, аңшылығын пайдаланды. Қазақтың аңшылыққа қолданатын иті тазы болды. Тазының құмай, тұйғын, қайын қаптал, ауған, орыс, түрікпен т.б. түрлері бар. Тазының күшік кезінен таңдап алып, ұсақ аңдарға салып ауыздандырып, із кесуге үйретеді. Азулы тазылар қасқырға да түседі де аңшының өзі, не иті келгенше жібермей тұрады. Тазы өте шапшаң, ұшқыр ит. Қазақы тазылар тау және дала тазысы болып бөлінеді. Биіктігі 80-85 см-дей. Ит қосу қазақтардың арасында көп кездесетін аңшылық әдісі еді /20/.

Қақпан құру аңшылықтың ең байырғы әдісі. Қақпан – бала қақпан, қазақы қақпан, тісті қақпан болып бөлінеді. Бала қақпан – қарсаққа, суырға, түлкіге т.б. қойылды. Қазақ қақпан мен тісті қақпан скеуін қасқыр, аю, сілеусін, қабылан аулауға пайдаланды. Қақпан темірден жасалады, ортасында шүріппемен жалғастырылған тістері болады. Аңшы қақпанды аңның інінің алдына немесе жүретін жолына құрды. Қақпан құруға үлкен шеберлік керек, себебі иісшіл аң темір иісін сезсе, жоламайды. Қақпанды құрғанда бетін жауып, үстіне, маңына жемтік тастайды. Қасқырдың, түлкінің қақпандары әртүрлі болады. Қақпанмен аң аулайтын аңшы күнде немесе күнара қақпандарын аралап тексеріп жүреді. Аңшы қақпанға түскен аңды атып, құс салып, таякпен ұрып алатын болған.

Қарсақ, суыр, түлкі сияқты майда аңдардың інін тауып, аузын мықтап бекітіп, іннің ішіне **түтін** жіберіп, аңды тұншықтырып өлтіру әдісі де болған [/16/, 67, 68].

Қуалап жүріп аң аулау ертеректе киіктер табынын аулауға қолданылды. Бір табында 200 бас киікке дейін болды. Киік отарын қалың қамысты жерге қарай бірнеше атты аңшылар қуалап апарды да, қамыс арасында адасып, шығуға жол іздеп, тыпыршыған кездерінде қолмен де ұстап сойып ала береді.

Орды көбінесе күздің қара суығында қасқырдың қарны шұрылдап, қатерден қорықпай аула-қораға түсер шағында қыстаудан аулақтау жерден, ал жолбарыс сияқты азулы аңға тоғайлы жерлерден терең етіп қазып, оның үстін әлсіз ғып жабады да, дәл

ортасына лақ сияқты жеңіл малды байлап қояды. Орға түскен жыртқышты ұрып не болмаса атып алады.

Жолбарыс аулауға киіз үйдің керегесі қолданылды. Керегелер керіліп бірібіріне бекітіліп, байланады да, кереге астынан екі ұзын ағашты айқастырып, сол арқылы жалаңаш киіз үйдің ішінен көтеріп аңның ізімен жүріп отырады. Жолбарысқа жақындаған кезде, жолбарысқа қарай мылтық атылады, ашуланған жолбарыс киіз үй ішіндегі адамдарға атылғанда, кереге көздерінен жолбарысты найза, садақ, қылыштар күтіп алады. Бір-екі адам киіз үйді ұстап тұрады жолбарыс не өледі, не болмаса ауыр жарақаттанып қамысқа қарай қашады. Қанды ізбен адамдар қуып жетіп, ұстаған. Аңшының өзі де кей жағдайда жарақат алып отырған. Жыртқыш аңды аулаудың бұл тәсілдерін де Г.Загряжский өз еңбегінде көрсетті [20/, 119].

Садақ – ең көне аңшылық қаруы. Садақ аңшылықта өткен ғасырға дейін кең қолданылғанымен мылтық шыққан соң оның маңызы төмендеп қалды. Мылтықпен ату аңшылар арасында ХІХ ғасырдың ортасынан қолданыла бастады. Мылтықты түлкі, аю, жолбарыс, сілеусін сияқты терісі бағалы аңдарды аулау үшін қолданды, олардың терісінен тымақ, ішік, шапанға жаға тікті. Ірбіт жәрмеңкесінде үлпілдек жүнді терілер сату сауданың бір көзіне айналғандығы жөнінде П. Зенков баяндады. Ірбіт жәрмеңкесіне Тарбағатай мен Шығанақтан жылына 5000 түлкі, ал, Қапал мен Лепсіден 1500 түлкі терісі әкелінді. Түлкі терісінің бағасы сортына қарай І-ші сорты құлжалық тері 2 сом 75 т., 2-ші сорты нарындық тері 2 сом 40т., 3-ші сорты ыстықкөлдiк тері 2 сом 25 т., 4-ші сорты алматылық тері 2 сом, 5-ші сорты қашқарлық тері 1 сом 75 т., 6-шы сорты әулиеаталық тері 1 сом 50 т. болды. Сусар терісі де сапасына қарай әртүрлі бағаланды: құлжалық тері 5 сом, нарындық тері 4 сом 80 т., алматылық тері 4 сом 75 т., қашқарлық тері 3 сом болды. Түркістанда күннің ыстықтығынан, орманның жоқтығынан бұл жерден ұсталған аңның терісінің үлпілдектік сапасы томен болды. Сілеусін терісі жеңіл, жұмсақ, жылы болғандықтан қазақтар бағалы киім тігуге пайдаланды, бағасы 5-7 сом тұрды /25/.

Аю терісін еденге жылылық төсеніш ретінде, ал майын, өтін дәрілікке пайдалануға болатындықтан орыс көпестері жақсы сатып алды. Ал, мәлін терісі 30-40 тиын тұрды. Оның терісін қолғап, кебіс сияқты киімдер тігуге пайдаланды. Қасқыр терісі ауыр, қатты, икемге келуі қиын болғандықтан аса бағаланбады, оларды көбіне көшпелілер малын қорғау үшін аулады /26/.

Бұғы, тау ешкісінің терісі бағалы саналып, олардан шалбар, күрте тікті, мүйізін түрлі бұйымдарды өрнектеуге пайдаланды. Бұғы мүйізін сатып алу үшін қытайлықтар Сібір, Шәуешек арқылы келді, бұғы мүйізі 150 сомға дейін сатып алған. Оларды мылтықпен аулады. 1872 жылдан бастап қытайлықтар киік мүйізін сатып ала бастады.

Аңшы оқ-дәріні орыс көпестерінен және Түркістан шеберханасы ұсталарынан сатып алды /27/.

1892 жылғы аңшылық жөнінде қабылданған заңда және Ташкентте аңшылық қоғамының құрылуы себепті аңдарды рұқсатсыз атуға тыйым салынды /28/.

А.Виноградский «В неравном бою (из жизни степняков)» атты мақаласында Іле Алатауы бойындағы қойшы жайлауына барған сапарында, қасқырларды қойшылардың шоқпармен ұрып алғандығын, тіптен «қасқырға оқты шығын қылма», деп мылтық атуына наразылық білдіргендерін айтады /29/.

Ресейлік зерттеушінің бірі Ф.Жуков қазақтар арасында болып аңшылықтың тор жабу, тұзақ құру, қап салу сияқты әдістерін жазып алып жариялаған. Соның бірі “тұзақ құру”, “тор жабу” әдістері.

Тұзақ – жылқының қылынан жасалған, бір жағы мықтап бекітілген, екінші ұшы түскен аңды тартынған сайын қыса, буындыра түсетін, бұғалық әдісімен жасалған аңшылық құралы. Ол үшін аңшы аулайтын аңының, құсының (қоян, суыр, үйрек, қаз т.б.) мінезін, әдеттерін, өрісін, жүретін жерін жақсы білуі керек те, сол жерге тұзағын құрады. Аңшы сондай жерлерге бірнеше тұзақ құрады да күнде, әрі кетсе күнара аралап тексеріп тұрады. Тұзаққа түскен олжаны алып, тұзақтарды қайта құрып, жөндеп отырады. Мысалы, Сырдария өңіріндегі қамыстардың арасында қатарланып құрылған бірнеше тұзақтар құрылған. Тұзақ жабайы үйректі ұстау үшін су ішіне құрылса, ұзын

жіпті тұзақтар қырғауыл аулау үшін қамыс түбіне құрылды. Бөдене аулау үшін суы тартылған лайлы жерге лай-тұзақ құрылды /30/.

Тор жабу аңшылық әдістерінің ертеден қалыптасқан түрі. Тор егістік алқаптарға қарабауыршыл (орман құсы), жабайы қаз аулау үшін жайылды, қаздар тобымен егістікке кешкілікке қарай келіп қонады да, торға түсіп тобымен ұшқандарымен алысқа ұша алмай жерге қонады, аңшы құс қылғынып арам өлмес үшін тездетіп тордан босатып, үйіне алып келіп көмекші азық етті, не болмаса семіртіп базарға апарып сатты. Сондай-ақ, бөденені тор қаппен де аулайды. Егістікке қонған бөденені итпен үркітіп алып, ұшқан бойда тор қапты жаба қояды. Бұндай әдіспен қазақтар күніне 6-7 бөдене аулайды. Бұл мақалада бөдене аулаудың тағы бір түрі айтылады: аңшы үстіне шапан жамылып, шапан жеңін иығына бекітілген ұзын ағашқа кигізеді де, қолына матралды (тор қапты) алып жоңышқалыққа келеді. Иығындағы ағашты ары-бері сермеп, айналып жүгіреді. Сұңқар сияқты жыртқыш құс ұшып жүр деп қорыққан бөденелер, егістікке жер бауырлап, жоңышқа түбінде жатып қалады екен, аңшы оп-оңай матралды киіп, қапқа салып ала береді /31/.

«Г-ий» деген автордың жоғарыда айтылған «Заметки охотника» атты мақаласы автордың Жайылма, Келес, Сырдария өзендері жағалауы, Кербұлақ көлі, Хай Гужа, Шыназ, Оймақтау, Шардара, Қосарлы елді-мекендеріндегі аңшылық сапарынан және жергілікті халықтардың аңшылық кәсібінен мәліметтер береді. Автордың айтуынша қыр тауығы, қырғауыл, бөдене, үйрек т.б. құстарды **шатырмен аулау** әдісі төмендегідей болды: «Екі ұзын таяқты крест жасап, ортасынан байлайды да төрт басына қызыл не көк түсті мата керемді, үш жерден ояды да, үстіңгі екі ойық көз үшін, ал астыңғы ойық мылтық үшін ойылған. Құс шатырды жақын келгенше байқамайды» /32/.

Л. Берг «Олень из Перовского уезда» атты мақаласында Перовск уезі қазақтарының 1902 жылы қыста қар қалың түскендіктен Сырдария жағалауына келген маралдарды қаумалап, шарбақты тор ретінде құру арқылы аулағандықтарын айтады /33/.

1895 жылы “Дала уалаятының газетасында” жарияланған “Қазақтардың аң аулауы” атты мақала — аңшылық пен саятшылықтың қыр-сырын аша түсетін маңызды деректің бірі. Мақаладағы “Қазақтар аң аулағанды айрықша қызық көріп, аң аулаған мезгілінде әрбір жігіт өзінің батырлығын көрсетеді. Бұл себептен бұрынғы заманда қазақтар аңды күн көру үшін ауламаушы еді. Мұның мәнісі осы уақыттардың әдет рәсімінен байқалады. Көбінесе аңға шыққанда аңшының қасында қаншама кісілер болады. Егерде бір аңды атып алса, өздерінің рәсімдеріне қарай, қасындағы жолдастарының ең үлкеніне байлайды”, “құндыз атып алса жүн-терісін мергеншінің өзі иеленеді, бауыр терісін жолдастары иеленеді”, “аң аулауға алғаш рет шыққан мергенші немесе жаңа мылтық сатып алған, жаңадан бапталған құс, жаңадан үйретілген тазымен шыққан аңшылар алған аңдарын біреуге байламастан, ырым қылып өзі алады” және “қазақтар шарифат бұйырған адал аң-құстарды аулайды”, - деген мәліметтердің айтылуы қазақтар арасында аңшылық кәсіпке қатысты өзіндік әдет-ғұрыптар, ырымдардың болғандығын дәлелдей түседі /34/.

Сонымен қазақтар аңшылықпен мал бағып жүріп, қатар айналысқан. Аңшылық нысанасында таутеке, құлан сияқты аңдар да болды /35/.

Аңшылық қазақтарда өз алдына жеке кәсіп болмағанымен – бұл кәсіп қазақтың қалыптасқан ұлттық салтының, дәстүрінің сақшылығының көрінісі. Бір ғажабы – аңшы аңды алғанда бөгде бір үлкен адам келіп қалса, аңшы табысын сол адамның қанжығасына байлауы. Бұл даладағы аңның көптігінің белгісі емес, қазақтың қолы ашықтығының, жомарттығының бір көрінісі.

Қорыта келгенде, ежелден келе жатқан саятшылық, аңшылық кәсібі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өміршең ата кәсіптің, ежелгі өнердің бірі деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. I. Мариковский П.И. Способы и объекты охоты по мотивам наскальных рисунков гор (Казахская ССР). // Зоологический журнал. Т.XXXII. Вып.6.- 1953. – С. 1064-

- 1073; Смирнов Ю.А. Из историй охоты в Казахстане. // По охотничьим простором Казахстана. Алма-Ата, 1965. С. 6-27.
2. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Каратауские колесницы. // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1973.
 3. Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. М. – Л., 1953. – С. 104-122.
 4. Максимова А.Г. Наскальные изображения ущелья Тамгалы // Вестник АН Каз ССР. – 1958. - №9; Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. Алма-Ата, 1977.
 5. Абаев В.И. Нартовский эпос // Известия Северо-Осетинского научн. – исслед. Института. Т.Х 1945. Вып.1.
 6. Грязнов М.П. Древнейшие памятники героического эпоса // Археологический сборник Л., 1961. Вып.3.
 7. Бернштам А.Н. Золотая диадема из шаманского погребения на р. Каргалинке // КСИИМК. 1940. Вып.3.
 8. Маргулан А.Х. Третий сезон археологических работ в Центральном Казахстане. // Известия АН КазССР. Сер. археологическая. 1951. Вып.3. – С.29-30.
 9. Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. Т.1.М., 1952. – С.165.
 10. Бұл да сонда. – 88 б.
 11. . Прошлое Казахстана в источниках и материалах сборник I (V в.до н.э. – XVIII в.н.э.) под ред. Проф. С.Д.Асфендиярова и проф. П.А.Кунте. Алма-Ата – Москва, 1935. – С.159-160.
 12. Казаки. Сборник статей Антропологического отряда казахстанской экспедиции Академии Наук СССР. Исследование 1972 г. // Руденко С.И. Очерк быта северовосточных казаков. ИАН СССР. – 1930. – С.26.
 13. Сұлтанов Т.И. Кочевые племена Приаралье в XV – XVII (вопросы этнической и социальной историй) – М., 1982. – С.61.
 14. Орехов И. Охота с ловчими птицами у киргиз // Туркестанские ведомости (бұдан әрі - ТВ). 1910. № 67. – с . 2., № 7. с 3., № 68. – С. 2-3.
 15. Орлов В. Сары бие // ТВ.1906. № 137. – С. 888.
 16. Орехов И. Охота с ловчими ... № 66. – С.2., №68. – с.2-3.
 17. Жуков Ф. Охота в Туркестанском крае // ТВ. 1872. № 17. – С . 67-68.
 18. Материалы по переселенческому делу // ТВ. 1910. № 247. – С.3., № 249.
 19. Загряжский Г. Быт кочевого населения долинь Чу и Сырдарья // ТВ. 1874, № 30. – С.118.
 20. Орлов В: Сары бие // ТВ. 1906. № 137. – С.888.
 21. Ибрагимов Ш. Киргизы: этнографический очерк // ТВ. 1872. №. 8. – С. 34-35.
 22. Г-ий. Заметки охотника // ТВ. 1888. № 28. – С. 150; Загряжский Г. Быт кочевого ... № 30. – С.119.; Полферов Я.Я. Охота в Тургайской области. Оренбург. 1896. – С. 18.
 23. Жуков Ф. Охота в Туркестанском крае // ТВ. 1872. № 17. – с. 67-68.
 24. Загряжский Г. Быт кочевого ... № 30. – С.119.
 25. Зенков П. Звериный промысел в Семиречье // ТВ. 1873. № 43.
 26. Загряжский Г. Быт кочевого ... № 32. – С.129-130.
 27. Сонда. – С. 129-130.
 28. По поводу охотничьих законов // ТВ. № 10. – С. 98.
 29. Виноградский А. В неравном бою (из жизни степняков) // ТВ.1910. № 40. – С .2-3.
 30. Жуков Ф. Охота в Туркестанском крае // ТВ. 1872. № 17. – С. 67-68.
 31. Бұл да сонда.
 32. Г-ий. Заметки охотника // ТВ. 1888. № 28. – С. 150;
 33. Берг Л.С. Олень из Перовского уезда // ТВ. 1903. № 87. – С.544.
 34. Қазақтардың аң аулауы //Дала уалаятының газетасы. 1895. №2-3.
 35. Записки о некоторых народах и землях Средней части Азии Филлипа Назарова, Отдельнаго Сибирскаго корпуса переводчика, посланного в Коканд в 1813-1814 годах. СПб. 1821. – С.28..

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан аумағында аңшылықтың дәстүрлі қосалқы кәсіп ретінде қалыптасуы және дамуы археологиялық және этнологиялық деректердің негізінде қарастырылған. Аңшылық пен саясатшылықтың “бүркіт салу”, “сұңқар салу”, “ит қосу”, “жыртқыш аңдарды аулау”, “қапқан құру” т.б. әдіс-тәсілдері қамтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются способы ведения охотничества как подсобное традиционное хозяйство и развитие охоты на территории Казахстана на основе археологических и этнологических источников. Рассматриваются виды охоты как “охота с беркутом”, “соколиная охота”, “охота с борзыми собаками”, “охота на хищных зверей”, “расставление капкана” и т.д.

УДК 94 “15/16” (092)(420)

ГЕНРИХ VII – ОСНОВАТЕЛЬ МОНАРХИИ ТЮДОРОВ

Айтқожаева А.А. (г.Алматы, КазНУ имени аль-Фараби)

Генрих родился в замке Пембрук (близ Пембрука, южный Уэльс) 28 января 1457г. Его дед Оуэн Тюдор был могущественным уэльским аристократом, женившимся на вдове короля Генриха V, дочери французского короля Карла VI, Елизавете. Отец Генриха, Эдмунд Тюдор, граф Ричмонд, умер за два месяца до рождения сына, а его матери Маргарите, урожденной Сомерсет, в это время еще не было и 14 лет (позже она вышла замуж второй раз за лорда Стэнли.)

Воспитание мальчика взял на себя его дядя Джаспер Тюдор. В 1468г. Генриха захватили сторонники Йоркской династии, но выпустили в 1470г. на свободу, когда верховная власть снова перешла на короткое время в руки Генриха VI. Затем он счастливо избег смерти в сражении у Тьюксбери, бежал и, спасаясь морем, оказался в Бретани. Эдуард IV настойчиво добивался его выдачи, но герцог Бретанский взял Генриха под свою защиту. Узурпация трона Ричардом III и связанный с этим раскол в стане Йорков возродили надежду на возможность перемен. Генриху оказала помощь Франция, которую тревожили направленные против нее планы Ричарда. 7 августа 1485г. Генрих с отрядом, составленным из наемников, завербованных отчасти на французские деньги, и эмигрантов высадился в Милфорд-Хевен близ Пембрука. 22 августа при Босворте (20 км к западу от Лестера) его встретила армия Ричарда III. Сторонники Генриха победили, во многом благодаря переходу на их сторону отчима лорда Стэнли, Ричард пал в бою. Генрих был провозглашен королем на поле боя, официальная коронация состоялась 30 октября, а в начале ноября он был признан парламентом. 14 января 1486г. Генрих женился на племяннице Ричарда III и дочери Эдуарда IV Елизавете Йоркской, объявив об объединении прежде враждовавших домов. В качестве эмблемы династии Тюдоров была принята соединенная алая и белая роза. Кроме того, Генрих подчеркивал и уэльское происхождение, используя в официальных документах валлийский вариант своего имени – Harry – и назвав старшего сына Артуром в честь легендарного кельтского короля /1/.

В 1485 году Англия увидела Генриха VII уже взрослым, сложившимся человеком. Но рос молодой Тюдор и складывался его характер намного раньше – более двадцати лет назад.

Конечно, все крутые повороты его судьбы сказывались на характере Генриха VII. Ему были в равной мере присущи упорство и решительность, хитрость и глубина натуры. Это делало его дерзким и бесстрашным в ситуациях, где такие качества незаменимы. Он умел быстро принимать решения, однако ценил тщательно и разумно обдуманную схему любого плана. Если можно не спешить, зачем же рисковать и поступать вопреки здравому смыслу? В воспоминаниях разных людей одна черта

характера Генриха Тюдора выделена особенно: он действительно обладал редким обаянием и умением сходиться с людьми. Чопорность и надменность, в один голос утверждают хронисты, ему не были свойственны. О том, насколько король был образован, мы знаем немного: он говорил на нескольких языках – для него не прошло зря изгнание, хорошо знал военное дело, любил историю, обладал быстрой и крепкой памятью. Испанские купцы в Англии характеризуют Генриха VII так: мудрый, благоразумный, отважный... Духовник леди Маргарет Бифорт Джон Фишер, произнося прощальную речь у гроба Генриха VII в 1509 году, вспоминал о многом: королю легко давались языки, он прекрасно говорил по-французски, а в минуты опасности становился холоден и собран. Священник не забывал о мудрости, остроте и живости ума первого монарха из Тюдоров, его крепкой памяти, энергичности характера.

Как вспоминает Полидор Вергилий, “Он обладал редкой силой духа, мудростью и расчетливостью. Его разум не страшился неведомого, был твердым. Казалось, в самые отчаянные моменты он сохраняет здравомыслие и хладнокровие. Память у короля была мгновенной и прочной. Его образованности и эрудиции можно позавидовать...”

...Его отличали щедрость и доброта. Генрих всегда был внимателен к людям. Гордыня и высокомерие не были свойственны его натуре” /2/.

Его характер, казалось, обещал стране царствование скорее идеалиста-мечтателя, чем государственного человека. Его худощавая фигура, тонкое лицо, живые глаза, загоравшиеся время от времени огнем, говорившие о его кельтской крови, скромность и застенчивость, очень редко нарушаемые порывами веселья или искреннего сарказма – все это указывало на сосредоточенность и энтузиазм его натуры. Действительно, до самого конца царствования настроение Генриха оставалось фантастическим и склонным к приключениям. Он мечтал о крестовом походе, с любовью и наслаждением читал легенды об Артуре. Его вкусы были вкусами литератора и артиста; он приглашал к своему двору ученых иностранцев и назначал их своими секретарями и историографами, детям своим он дал самое лучшее образование, он покровительствовал еще новому тогда искусству книгопечатания и любил книги и искусство. Капелла в Вестминстере, которая до сих пор носит его имя, указывает на его любовь к архитектуре. Но жизнь не дала Генриху времени заниматься мечтаниями и образованием. С самого начала своего царствования, ему пришлось вести борьбу за существование против окружавших его опасностей. Борьба и измена дала ему престол, измена и борьба могли и низвергнуть его /3/. Генрих был государем трудолюбивым и способным. Все его помыслы были направлены к тому, чтобы доставить Англии порядок, а королевской власти – прочность и могущество. Он сурово наказывал непокорных, но по натуре вовсе не был жесток, злопамятен или мстителен. Его можно было даже назвать добрым, но доброта его не отличалась ни горячностью, ни сердечностью.

Генрих был среднего роста, с длинным и худощавым лицом, тонкими губами и умным выражением лица, с маленькими глазами, в которых виднелась насмешливость. По словам Бэкона, он был государь замкнутый и бесконечно подозрительный, печальный, самоуглубленный, полный дум и тайных наблюдений. Он, впрочем, умел быть ласковым и льстивым на слова, когда желал кого-нибудь расположить к себе. Он не был ни хорошим полководцем, ни хитрым политиком, и вообще отличался скорее прилежанием, чем умением. Ему также были свойственны деловитость, опыт и осмотрительность /4/.

“...Своим союзникам за границей он был верен и с ними справедлив, но не откровенен. Скорее, он так усердно выводывал про них, а сам был замкнут; впрочем, между ними не было отчуждения и соблюдалась видимость взаимной осведомленности о делах. Хотя его слава была велика дома, она была намного большей за границей. Ведь иностранцы, не имевшие возможности следить за развитием событий и судившие о них по их итогам, отмечали, что он все время с кем-то сражается и все время побеждает” /5/. Е.Б. Черняк считает, что секретная служба помогла основателю династии Тюдоров завоевать престол, но не в меньшей степени она способствовала тому, чтобы он

удержал его и открыл своим царствованием новую полосу в истории Англии. И дает такую характеристику Генриху VII: “ловкий, беспощадный политик, холодный калькулятор, привыкший хорошо взвешивать последствия любого своего действия, включая и отношение к окружающим на весах “государственного интереса”, под которым он понимал расширение своих прав, укрепление власти, скопление богатств в государственной казне”. Генрих VII поставил цель – иметь самую подробную информацию о своих врагах как внутри страны, так и за рубежом. Чтобы сделать свою службу действительно секретной, он по существу изъял ее из общей системы государственных учреждений, считал своим собственным делом, оплачиваемым из личной казны.

Люди, состоявшие на секретной службе Генриха VII, делились на четыре категории. Во-первых, тайные агенты, которыми обычно были резиденты (английские дипломаты или купцы), занимавшие сравнительно высокое положение в той стране или области, где они проживали. Ко второй категории принадлежали “осведомители” – лица из низших слоев общества, нанимаемые для того, чтобы добыть какие-то определенные сведения. Третью группу составляли “разведчики”, которым поручалось систематически следить за определенными людьми, выявлять их связи, если нужно, организовывать их похищение. К четвертой категории относились профессиональные “шпионы”, обычно прикрывавшиеся какой-либо респектабельной профессией: священника, лекаря, писаря, т.е. такой, которая давала при необходимости предлог для переезда с места на место, чтобы получить нужные сведения /6/. Фрэнсис Бэкон также свидетельствует о наличии секретной службы у короля Генриха VII. “...Он пекся о том, чтобы получать надежные сведения из всех зарубежных краев и щедро за них платил. Для этого он использовал не только свое влияние на постоянных послов чужеземных государей в Англии и на своих пенсионеров при римском дворе и других дворах христианского мира, но также расторопность и бдительность своих послов в иностранных державах. Его инструкции на этот счет всегда были подробными и четкими и содержали гораздо больше статей относительно сбора сведений, нежели ведения переговоров, причем от послов требовалось в каждой отдельной статье дать особый ответ на каждый его вопрос” /7/.

